Қарым-қатынастың аталған үш саласы бірлескен іс-әрекетте оның мақсатқа сәйкес ерекшелеу жеке даралық-тұлғалық доминант, ал танымдық – ақпараттық, тұлғааралықта – эмоциялық доминант болып табылады. Олар бір-бірімен субъект-объекті және субъект-субъекті қатынаспен өзара байланысты. Кез келген іс-әрекет үнемі өзіне тікелей немесе жанама түрде адамдардың өзара қатынасын кіргізеді, ал қарым-қатынас процесі бірлескен іс-әрекет құралымен детерминантталды [6, 136].

Оқытушылардың түрлі эмоциялық тұрақтылықтарына қарым-қатынас процесінің бірін-бірі қабылдауы мен түсінуі барысында олардың өзіндік қызметтерінің маңызы бар. Қарым-қатынас – белгілі бір өзара қатынас қалыптастыру мақсатындағы – мазмұны мен идеялармен, қызығулармен, көзқарастармен, көңіл-күйлермен және т.б. өзара әрекеттермен дамиды. Қарым-қатынас – бұл адамның басқа адамдармен өзіндік өзара әсерлесуі және біріккен іс-әрекетте өзара қатынасының дамуы ретінде көрініс береді [7,216].

Қарым-қатынас адамзат қатынасының күрделі түрі. Кез-келген қарым-қатынас, адамдар арасындағы жай байланыс ғана емес, біріккен іс-әрекет процесінде адамдардың бірін-бірі қабылдауы және ақпарат алмасуы болып табылады. Тұлғаның жеке бас қасиеттері қарым-қатынас процесінде дамиды. Қарым-қатынас оның танымдық іс-әрекетіне, психикалық процестерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Тиімді ұйымдастырылған оқу-білім, еңбек, іс-әрекет немесе жалпы айтқанда психологиялық дамыту іс-шаралары тұлғаны қалыптастырып, оның өмірлік дұрыс бағыт таңдауына және сол мақсатта игілікті қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Головкин С.Ю. Словарь психолога-практика.-Минск:Харвест, А.:АСТ, 2001.-974с.
- 2.Мандыкаева А.Р. Тұлға қабілеттерін дамытудағы қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері. Психология ғыл.доктор. дисс.авторефераты. Алматы, 2009.
- 3.Турдалиева Ш.Т. Тұлғаның танымдық іс-әрекетін қарым-қатынас арқылы дамыту. Психол. ғыл. доктор. дисс.авторефераты. Алматы, 2009.
4. Жакыпов С. Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекет психологиясы. Алматы, 2008.
5. Токсанбаева Н.Қ. Танымдық іс-әрекетке кіріспе. А: Қазақ университеті, 2007.
- 6.Джакупов С.М.Психология познавательной деятельности. Алма-ата.:Изд. КазГУ.1992.
7. Журавлев А.Л. Совместная деятельность: методология, теория, практика. М.,1988.

*Айтуова А.
(№17 бөбекжай, Тараз қ.)*

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУҒА ҮДЕРІСІНДЕ МУЗЫКА ТЕРАПИЯСЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Әрбір қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саналы дамуы сол қоғамдағы азаматтарының білімді, білікті, өз маманының шебері болуы тиіс. Барлық заттың бастамасы жақсы басталғаны дұрыс, ол алдағы болатын жұмысына, болашағына үлкен рөл атқарады. Музыка адам сезімі мен ойын, оның ерік күшін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Музыка арқылы тұлғаның эмоциялық ерекше сезімі, ішкі рухани көркемдік әлемі қалыптасады. Музыка өнеріне баулу, оның ішінде әнді ұжым болып хормен орындау шығарманың ойын ұйымдасқан түрде жеткізуде ең алдымен тұлғаның есте сақтау қабілеті, талғамы, творчестволық шеберлігі, топтық қарым-қатынас үйлесімділігі, танымдық белсенділігі қалыптасады. Олай болса тұлғаның танымдық белсенділігін музыка арқылы дамытудың психологиялық ерекшеліктерін білу маңызды болып табылады. Сондықтан музыкалық білім беру - балаға арнайы музыкалық жүйелі білім, дағдыларды, іс-әрекеттерді қалыптастыруда арнайы ұйымдастырылған психологиялық қолдаудың маңыздылығы ерекше мәнге ие.

Білім берудің жүйесін қайта құру жағдайында, бүгін де ұлттық мәдениетке, халықтық дәстүрге олардың тарихы мен даму жолдарына қайта оралып, өнер мен мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасап отыр. Олай болса дәстүрлі мәдениетті, оның өзіндік әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін тұлғалық даму мен қалыптасуда тиімді пайдалана білу, жеке тұлғаның жан-жақты өсуіне, рухани адамгершілік мәдениетінің қалыптасуына, танымдық-көркемдік белсенділігінің, шығармашылық өнерінің дамуына мүмкіндік береді.

Музыкаға баулу ән өнері арқылы қалыптасады. Ән айтуды бала кішкене кезінен бастап үйренеді. Ән айту арқылы баланың тұлға болып дамуына сондай-ақ музыкалық дамуына керекті эстетикалық тәрбиесі қалыптасады. Бүгінгі таңда ән айтуға тәрбиелеу процесі балалар музыка мектептері, өнер студияларында, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерде жүргізіледі. Қазақстанда білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталуда. Өйткені білім беру парадигмасы өзгерді, жаңаша көз-қарас білім беру саласының мазмұны жаңарып, жаңаша өзгерістер пайда болды.

Олай болса тұлғаның танымдық белсенділігін дамыту, шығармашылық ой-өрісінің дамуына жағдай жасау белсенді көркемдік іс-әрекеттерге деген құштарлық пен ықыластылықты қалыптастыру, оның болашағын, мамандықты меңгеруін, мәдениеттік өнерін дамытудың алғышарттарының бірден бір өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Д.Б. Кабалевскийдің тұжырымынша музыкалық мәдениеттің қалыптасуы атап айтқанда танымдық іс-әрекетке қатынасында, оның ішінде тыңдаушылық қабілеттен айқын көрінетін және тұлғалардың музыкалық іс-әрекеттеріне жетекшілікті жасау процесінде міндетті түрде ескеру қажет [1]. Оны келесі негізгі мақсатты ұстанымдардың аралығы ықпалымен жүзеге асырылады:

- музыкалық білімнің мазмұны бірінші кезекте балалардың адамгершілік, әдептілік дамуына, олардың рухани мәдениетінің аса маңызды әрі ажырамас бөлігі ретінде музыкалық мәдениетінің қалыптасуын көздейтін жағдайда музыкалық ұйымдасқан іс-әрекеттардың балалардың жеке тұлғасының рухани дамуына бағытталуы;

- музыканың қайта жаңартушылық күшіне, шебер әрі, мәнді педагогикалық жетекшілік көмегімен өнердің бірінші кезекте олардың сезімдік-құндылық тұлғалық саласына жағымды әсер етуін жүзеге асыра алатындығына деген сенім;

- бірінші кезекте дағдылар мен ептіліктерді, музыкалық-шығармашылық қабілеттерді, музыкалық-эстетикалық талғамды, сезімдік-тұтастықты, қызығушылықты, танымдық-көркемдік белсенділікті дамытуға бағдарланған айқын білдірілген тәрбиелік бағыт;

- балаларды музыканың көпбейнелі формаларын жанрлары мен стильдерін қамтитын классикалық, халықтық, осы заманда-үлкен музыкалық өнер әлеміне енгізу;

- шетелдік және отандық музыкалық туындылардың «алтын қорына» - аса бай әлемдік музыкалық мұраға сүйену;

- музыканың стильдік, дауыс ырғақтық, жанрлық ерекшеліктерін, оның басқа өнерлермен және өмірмен байланысын мақсатты бағытталған әрі реттілікпен ашылуына мүмкін беретін бағдарламаларды тақырыптық құрастыру;

- музыканы қабылдауды музыкалық іс-әрекеттер мен тұтас алғандағы музыкалық тәрбиенің барлық түрлерінің негізі ретінде түсіну және т.б.

Р.Қ. Дүйсембінованың зерттеулерінде қазақтың халық әндерінің тәрбиелік мәні жан-жақты қарастырылған. Оның пікірінше, өзінің көркемдік танымдарының нәтижелерін ешқашан көрсетпеген мұғалім, күрделі әдістемелік қателіктерге жол беруі мүмкін. Ол «балалардың өздерінің ішкі әлемін ашуды талап ете отырып, өзінің ештеңе өте алмайтын құрыш қаптамасын киген күйі қала береді. Мұндай жағдайда қабылданған көркемдік бейнені сөзбен жеткізу жағдайындағы өтініш күткендей нәтиже бермейді – балалардың мылқаулыққа ұшырағандай болып қалуы табиғи нәрсе [2]. Олай болса музыканы қабылдауы ең алдымен мұғалімнің қандай әдіс арқылы үйрететінінде болып отыр.

Білім беру ұйымында хор жұмысын ұйымдастыру үшін педагог музыкант әрбір балалардың қабілетін тексеру керек. Қабілеті төмен балаларды алдыңғы шекке отырғызу қажет. Осындай балалардың қасына музыкалық қабілеті жоғары, әнді таза айтатындарды отырғызуға болады. Сонда олар жақсы білім алушыларды тыңдап, солардан үйренуге ынталанады.

Музыка пәнінің педагогтарына тағы бір әдісті ұсынуға болады. Бұл әдіс әр баламен жеке жұмыс жасауға бағытталған. Әсіресе, музыкалық қабілеті төмен баламен жұмыс істеуге ыңғайлы. Баланың ыңғайлы қысылмай, оңай алатын дыбысын белгілеу. Осы дыбысқа сөздер қосып әртүрлі ритмде жаттығулар жасауға болады. Содан соң сол дыбысқа II, III дыбыстар қосып мелодияның көлемін ұлғайтуға болады. Осындай жаттығудың нәтижесінде бала өзі байқамастан кең көлемді ән айтуға дағдыланды және баланың сөйлеу дағдысы қалыптасады. Міне осындай әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың сөйлеуін дамыту жұмыстарын ұйымдастырудағы түрлі қиыншылықтарды шешуге болады. Тіпті болмаса өзіндік ізденіс жұмысы арқылы жаңа әдіс-тәсілдерді тауып ашуға болады. Ол үшін музыка педагогтарының ынтасы болуы керек.

Жалпы музыка терапиясында топтасып ән саулы немесе хор айтуда тиімді нәтиже береді. Хор балалардың бір-бірімен қарым-қатынас ерекшеліктерін меңгеруді талап етеді. Ал, қарым-қатынас - адамның психикалық дамуының және мінезінің алғышарты, негізі. Олай болса, хор айтудағы қарым-қатынас - адамның психологиялық дамуының факторы:

- қарым-қатынас үрдісінде басқалардан өзгешілігі қалыптасады, адам тек қана қарым-қатынас арқылы адам болады;

- қарым-қатынас үрдісінде өзге үшін, өзі үшін адамның психологиялық қасиеттері ашылады;

- қарым-қатынас үрдісінде жеке адам жалпыадамдық тәжірибені меңгереді.

Қарым-қатынас қызметтері:

1. Байланыстыру, прагматикалық қызметі. Қарым-қатынас бұл жерде кез-келген біріккен іс-әрекет барысында адамдардың бірігуінің шарты болып табылады.

2. Қалыптастыру, дамыту қызметі. Бұл жерде арақатынас адамның психикалық бейнесінің қалыптасуы мен өзгеруінің алғышарты болып танылады. Кішкентай баланың даму барсында оның мінез-құлқы, іс-әрекеті, өмірге көзқарасы үлкен адамдармен жасаған арақатынасына тәуелді болып келеді. Сыртқы қарым-қатынас нәтижелері ішкі психикалық құбылыстарға және баланың өзіндік сырқы қимылдарына айналады.

Е.Н. Задорина музыкалық мектептердегі әртүрлі топтағы балалардың творчестволық және арнайы дарындылықтарының сәйкестігін көрсету мақсатында алынған мәліметтер бойынша жеке адамның дамуының әртүрлі типін көрсетеді [3]. Ол:

1. Басқа қабілеттерді жаныштап, төмендету арқылы арнайы дарындылықтың жоғары деңгейіне жетеді.

2. Жалпы және арнайы дарындылық бірін-бірі толықтырып, дамыта отырып, дарындылықтың екі түрі де жоғары деңгейге жетеді.

3. Арнайы дарындылық айқын көрінбесе де, іс-әрекеттің творчестволық дарындылықты жеке адамның даму типі.

Мүмкіншіліктер қатарына, әсіресе, потенциалды мүмкіншіліктерге қабілет нышандары да жатуы мүмкін, олардың көрінуін танып білу – күрделі ғылыми мәселе. Оның күрделілігі Б.М. Тепловтың пікірі бойынша қабілет – бір немесе бірнеше іс-әрекеттерді нәтижелі орындауға қатысы бар жеке даралық психологиялық ерекшелік және өзінде бар дағды, ептілік және білімдерге сәйкестенбестен-ақ бұл білім мен дағдыларды жеңіл әрі тез меңгерумен түсіндіруге болады деп жазады [4]. Қабілет бұл дамудың нәтижесі, ал нышан- қабілет дамуының негізінде туа пайда болған анатомиялық-физиологиялық ерекшелік. Қабілетті реалды зерттеуші оны туа және жүре пайда болған «қоспалық» деген түсінік жұмыс істейді және ол үшін де, потенциалды мүмкіншіліктері бар адам үшін де, соңғысы (жүре пайда болған) жасырын болуы мүмкін.

Музыка адамның денсаулығына, санасына, тәртібіне ықпал етеді. Музыкалық дыбыстар адамның ағзалары мен жасушаларына да үлкен әсер етеді. Музыкалық дыбыстар адам ағзасына, жасушаларына үлкен әсер тигізіп, түрлі дыбыстардан адам ағзасында үлкен энергетикалық алаң пайда болады. Яғни, олар айналадағы кеңістіктегі қозғалыстарды тудырады. Ал біз сол энергияны қабылдаймыз және біздің ағзамызға әсер етеді. Музыка біздің өмірімізге қатты әсер ететіні мәлім. Сондықтан, музыка барлық ғасырларда да ерлер мен әйелдерге, діннің түрлі бағытын ұстанушы адамдар мен ұлттардың, түрлі ұлт өкілдеріне түсінікті тіл болып есептелінеді. Музыка адамның интеллектуалдық деңгейіне, табысына, әлеуметтік жағдайына қарамастан кімге болса да, қатысы бар.

Музыка терапиясы адамның жүйке жүйесінің шаршауы мен қажуын, көңіл-күйін ретке келтіру мақсатында қолданатын психотерапиясының бір әдісі. Балаға музыка арқылы жағымды әсер етудің өзіндік әдіс-тәсілдері бар. Бұл әдісті белгілі бір жүйемен қолдана білу аса маңызды. Ол үшін баланың жас ерекшелігі, дәл сол сәттегі жағдайы, психикалық өзгерістері, оның себептері туралы мәліметпен таныс болу шарт, әйтпесе, кез келген жағдайда музыка терапиясын қолдану өз нәтижесін бере бермейді.

Музыка арқылы балаға психологиялық әсер етуде әуенді үш түрлі сипатта қолдану керек:

- тыныштандыратын әуендер;
- жігерлілік тудыратын әуендер;
- босаңсытуға арналған әуендер.

Психологтардың айтуы бойынша, музыканың керемет күші баланың физикалық және психикалық дамуын нығайтуда, әрі жақсы нәтижелерге жеткізуде өзіндік мәні бар. Ал түрлі музыкалық терапияның әдістерін ойынмен байланыстыра отырып және психотерапевтік техникаларды қолданса әсерлері жоғарылайды [5].

Музыкалық терапияны қолданудың төмендегідей әсері бар:

• Психологиялық қорғаныстан өтуге мүмкіндік береді – тыныштандыру немесе жандандыру, қызықтыру немесе көңіл соқтыру.

- Адамдардың шығармашылық және қарымқатынас мүмкіндіктерін дамытуға көмектесу.
- Өзін-өзі кемелдендіру негізінде өзін бағалауды жоғарылатады.
- Сезімдерді әсерлетіп шығаруға септігін тигізеді.
- Эмпатикалық мүмкіндіктерді дамытады.
- Адам арасындағы қарым-қатынастардың орнап, дамуына, психология және басқа адамдармен қарым-қатынастарды нығайтуға жәрдемдеседі.
- Әлеуметтік белсенділігін жоғарылатады.
- Жаңа қарым-қатынасты құрып орнатуды жеңілдетеді.
- Агрессиялық мінез-құлықтан арылуға көмектеседі.
- Адамды білімділікке жетелейді, интеллектуалдық тәрбие береді.

Музыкалық терапия жүргізу барысында таным және ақыл-ой іс-әрекеттері жетіледі. Оқушылар шығарманы тыңдап отырып, көп нәрсені біледі. Дегенмен, олар оның жалпы сипатын, жарқын образдарын қабылдайды. Мұның өзінде, егер баланың алдында беріле тыңдау, айыра білу, салыстыру, мәнерлеу құралдарын бөліп қарау міндеттері қойылатын болса, эмоциялық үн қосу өз мәнін жоғалтпайды. Осындай ақыл-ой іс-әрекеттері олардың сезімдер өрісі мен әсерленуін байыта және кеңейтеді, ойлы мән береді яғни осының нәтижесінде интеллектуалдық тәрбие алады.

Қорыта келе, музыка терапиясы қазіргі кезде музыкалық психологияда және психотерапияда адам ағзасына оң әсер тудыратын ең тиімді әдістердің бірі болып табылады. Музыкалық терапияның адам психикасына әсері жайлы айтылып жүрген көптеген көңіл аударарлық пікірлер бар. Әлеуметтік сала мамандары үшін музыканы қабылдау олардың өздерін тәрбиелеу және түрлі қажетті нәрселерді орындауға ықпалын тигізеді. Жалпы музыкалық терапияның негізгі мақсаты – уайым, қобалжу, түңілу сынды теріс сезімдерді санадан шығарып жіберіп, оның орнын жағымды эмоцияларды ендіру. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін көркем музыкалық шығармалар қолдану тиімді болып табылады.

Әдебиеттер

1. Хрестомития по программе музыки для общеобразовательной школы. 1-7 класс. Д. Кабалецкий. - А.: Жазушы.. 1983.
2. Дүйсембінова Р.Қ. Қазақтың халық әндерінің тәрбиелік мәні//Музыкальное образование в Казахстане / Хрестоматия.- А., 2006. - 55 бет.
3. Задорина Е.Н. Соотношение творческой и специальной одаренности в различных возрастных группах учащихся музыкальной школы. - М. 1985. С. 39-43.
4. Теплов Б.М. Избранные труды. В 2-х томах.- М., 1985
5. Бапаева Г. Музыкалық терапияның адам психикасына жағымды әсерлері. «Жантану мәселелері». – №4 (20).
6. Мелдебекова У.И. Бастауыш сынып оқушыларына музыка арқылы эстетикалық тәрбие беру: дис. пед. ғыл. канд. – Түркістан, 2008. – 32 б.

Болтаев А.Д., Омарова Р.Ж.

(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адамның тұлғалық қалыптасуы мен қоғамның өзгерістеріне сай әлеуметтенуі ең алдымен оның шығармашылық қабілеттерінің дамуымен байланысты. Жалпы шығармашылық қабілет ғылымдардың бағытына байланысты әр түрлі анықтамалармен сипатталған. Философиялық көзқарастар бойынша, шығармашылық – бұл жаңаны табу. Ал педагогтардың пікірінше, тұлғаның шығармашылық қабілеттерін ерте жастан шығармашылық іс-әрекетке бағыттау арқылы дамыту. Шығармашылықтың психологиялық механизмін психологтар зерттеулерінің негізінде, шығармашылық потенциал барлық адамда бар, тек оны дамыту қажеттігі анықталған. Тұлғаның шығармашылық потенциалы, белгілі психология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Жакыповтың пікірінше, мағыналы білім мен қабілеттің біртұтастығы ретінде түсіндіріледі, бірлескен іс-әрекеттің бастапқы формасының талаптарына жатады, индивид қосылып, оны индивидуалды іс-әрекетке өңдеп жалғастырады, осының нәтижесінде бірлескен іс-әрекеттің жаңа түрлері дамиды [1]. Сонымен, шығармашылық – жаңа құндылықтарға бағытталған психикалық процестер жиынтығы, немесе балалар ойынын ауыстыру мен жалғастыру. Ал іс-әрекет, жаңа материалдық және рухани құндылықтарды жасау нәтижесі.

Дұрыс ұйымдастырылған іс-әрекет адамның бойындағы кез келген шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектеп алдында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, олардың рухани қабілет мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік пен салауаттылықтың берік негіздерін қалыптастыру, әрбір баланы даралық қабілеттерін дамыту үшін жағдайлар жасау және мұғалімдердің кәсіби біліктерін жетілдіру міндеттері тұр. Бұл мектепте баланы оқыту мен дамыту жүйесі арқылы ұйымдастырылады. Оқыту мемлекеттік білім стандартын игерту жұмыстары жүргізілді, ал дамытуда жеке тұлғаның әлеуметтік дамуы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша жұмыстар жүргізеді.

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың қарқынды даму кезеңінде оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оның бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына дұрыс бағыт беріп отыру мен мамандыққа бағдарлау жұмыстары отбасы мен мектептің ортақ ісі болып отыр. Өйткені өскелең ұрпақтың интернетке тәуелділік, компьютер ауруына шалдығуы, агрессивті мінез-құлықтың көріністері т.б. денсаулығы мен психикалық күйіне жағымсыз әсер ететін жағдайлардың алдын алу мен жоюдың бірден бір шешімі. Оқушының жеке даралық қабілеттерінің жан-жақты дамуы мен толыққанды тұлға болып өсуі тек қана оның оқу әрекетімен шектелмейді. Ол арнайы танымдық-

шығармашылық бағыттағы қосымша білім беру жұмысы арқылы ұйымдастырылған үйірмелер мен курстар, психологиялық көмек көрсету жұмыстары, тәрбиелік іс-шаралар мен қоғамға пайдалы еңбегі.

Адамзаттың ұлт ретінде қалыптасуы, ұлттың шығармашылық әлеуеті де әр жеке тұлғаның шығармашылық деңгейімен анықталады. Сондықтан зерттеушілер өркениетке жетудің жолын әр адамның шығармашылық қызығушылық деңгейімен, жаңашылдық болмысымен байланыстырады.

Ежелгі дәуір философтары (Аристотель, Демокрит, Платон, Сократ, шығыстың көрнекті ойшылдары Әл-Фараби, Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұн), жаңару кезеңінің ағартушылары (Я.А. Коменский, Дж. Локк, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци т.б.), орыс педагогтары (К.Д. Ушинский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский т.б.), қазақтың ағартушылары (Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов т.б.) еңбектерінде адамның дара мүмкіндіктерін ашу, ішкі рухани күштерін дамыту мәселелеріне ерекше мән берілген.

Қазақ этнопедагогикасының негізінде жеке тұлғаның жан-жақты дамуы теориялық-әдіснамалық тұрғыдан қарастырылуы (Қ.Б. Бөлеев, Қ.Б. Жарықбаев Х. Шалғынбаева, Ә. Табылдиев, С.М. Жақыпов т.б.), жеке тұлғаның креативтілік қабілетін дамыту және көркем өнер шығармашылығын жетілдірудің бағыттары туралы зерттеулерінің маңыздылығы жоғары.

Психологияда, бейнелеу өнері арқылы шығармашылыққа баулудың нәтижесін түрлі көркемдік іс-әрекеттердің сапалы жемісі ретінде қарастырады (А. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, М.С. Каган, Б.М. Теплов т.б.). Ал отандық ғалымдар Қ.Б. Жарықбаев, С.М. Жақыпов, С.Қ. Бердібаева, Ж.Ы. Намазбаева, Қ.Т. Шерязданова т.б. тұлғаның жалпы мен творчествалық қабілеті, олардың көркемдік білім деңгейін көтеруге, олардың шығармашылық ой-өрістерінің қалыптасуына мүмкіндік туғызатын ғылыми әдістемелік мәселелерге бағытталған

Адам қабілеті туралы еңбектерге талдау жасай отырып оны жедел дамыту шарттарының теориялық мәселелеріне сипаттама беру арқылы зерттеу жұмысымыздың қаншалықты өзекті екендігіне көз жеткізуге болады. Тұлғаның творчествалық қабілетін дамыту, шығармашылық ой өрісінің дамуына жағдай жасау, белсенді көркемдік іс-әрекеттерге деген құштарлық пен ықыластылықты қалыптастыру, оның болашағын: мәдениеттік, өнерін, әлеуметтік жағдайын жақсартудың алғы шарттарының бірден-бір өзекті мәселелерінің бірі болып саналады.

Адам әрекетінің барлығы бір мақсатқа, бір мүддеге саналы түрде бағытталып отыратыны анық. Еңбек әрекетінде немесе оқу әрекетінде болсын адам алдына бір мақсат қойып содан бір нәтиже шығаруға ұмтылады. Осындай мақсаттардың бірінде адамның оқу іс - әрекетін алуға болады. Оқу іс - әрекеті барысында адамның жеке дара қасиеті жетекші орынға ие. Соның ішінде адамның күрделі жеке даралығы – қабілеті [2].

Қабілет мәселесі қазіргі таңда өзекті тақырыптардың бірі. Оқу іс - әрекеті барысында жеке тұлғаның маңызды психологиялық сапаларының бірі ретінде, қабілетті дамыту мен қалыптастыру жолдарын анықтау мақсатымен ғалымдардың теорияларымен байланыстырып, зерттеу нәтижесін көрсету көзделіп отыр.

Қабілет деп әр адамның белгілі бір әс -әрекет түріне икемділігін айтады немесе қабілет дегеніміз – мақсатқа бағытталған, тәлім –тәрбие жұмысына байланысты адамның бір іс -әрекетке ұйымдасқан түрде бейімделуі және оны нәтижелі етіп атқаруы [3]

С.Л. Рубинштейн көрсеткендей «Адам қабілеттерінің даму процесі адамның даму процесі б.т. Адамның белгілі бір білімдер мен әрекеттер тәсілдерін игеруі өзінің ішкі шарты ретінде ақыл-ой дамуының белгілі деңгейі – ақыл-ой қабілеттерінің дамуына ие болады» [4]. Бұл ахуал оқу іс-әрекетін түсіндіру үшін аса маңызды. Б.М. Теплов [5] берген неғұрлым кең түрдегі анықтамада қабілеттердің тұлғаның даралық қасиеттері ретіндегі негізгі сипаттамалары келтірілген, олар іс-әрекетті орындаудың табыстылығына қатысты бір адамды екіншісінен ажыратады.

И.П. Павловтың жүйке жүйесінің тиртері туралы ілімі қабілеттердің физиологиялық негізін түсінуде де үлкен орын алады [6]. Әр адамның іс-әрекеттің бір түріне икемді болуы оның сол әрекетті орындауы үстінде, істің нәтижесінен анық байқалады. Қабілеттің табиғи алғышарттары белгілі бір талдағыштардың сыртқы әсерді сезінгіштігінен тұрады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту және бейініне қарай қызығушылығы мен ізденімпаздығын арттыру қосымша білім беру жұмыстарымен қамтылса, ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру олардың олардың белгілі бір ғылым саласында жаңа нәтижелерге жетуіне, болашақ мамандық таңдау мен бейімдеу жұмыстарына бағытталады. Ол пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар, интеллектуалды сайыстардан иеленген жетістіктері дәлел.

Тұлға шығармашылығының жетілу кезеңінде ең алдымен оның іс-әрекетіндегі бағыттылығын анықтау бұл өмірге деген әлеуметтік бағдарын, негізгі өзектілігін құрайды, екіншіден, танымдық белсенділіктің негізгі үстемдігі болып табылуы үшін, үшіншіден тұлғаның шығармашылық потенциалын дамытуға және оның әлеуметтік ортада өзіндік белсендірілуіне әсер етуі қарастырылады.

Шығармашылық – жаңа құндылықтарға бағытталған психикалық процестер жиынтығы, немесе балалар ойынын ауыстыру мен жалғастыру. Ал іс-әрекет, жаңа материалдық және рухани құндылықтарды жасау нәтижесі. Жаңа құндылықтарды жасау шығармашылық қиялмен байланысты. Шығармашылықта қиялмен қатар ойлау іс-әрекетінің қызметі де маңызды орын алады» Шығармашылық - адам іс-әрекетінің жоғары формасы. Кез келген адам шығармашылыққа қабілетті. Шығармашылық бұл процесс. Ол адамның қасиеттері мен қабілеттіліктері. Адамның шығармашылық белсенділігі өзара әрекеттесудің ішкі формасы және олардың сыртқа көріну формасы ретінде байқалады. Оны бір жағына «өзіне» деген ерекше қабілет ретінде сипаттауға болса, екінші жағынан түрлі өзара қатынаста көрінетін қасиет ретінде бағалауға болады. Шығармашылық бір жағынан, оны іс-әрекет өлшемі ретінде процестің өтілу деңгейі және жалпы арақатынасы, екіншіден – субъектілердің өзара әрекеттестікке потенциалды мүмкіндігі. Басқа сөзбен айтқанда, кез-келген өзара әрекетке немесе процестің жүру деңгейіне оның бағасы, сапалық және сандық сипаттамасы, сонымен қатар субъектінің өзара әрекетке потенциалды мүмкіндік бағасы мен қабілеттілігі. Ал қабілет мәселесіне байланысты әдебиеттерге шолу жасау арқылы оның дамуының төмендегідей тарихи кезеңдік сатыларын байқауға болады:

- Қабілетті туа біткен жеке адамның құрылымы ретінде, оның дамуына табиғи және ортаның әсері бар деп қарастырылады;

- Қабілеттің негізгі компоненті ретінде жоғары интеллект және творчество - жеке адамның мүмкіншілігін көрсетуді, өзін-өзі іске асыруды қамтамасыз ететін даму көрсеткіші болып табылады.

- Қабілеттің негізіне шығармашылық потенциал, оның таным мотивацияларының басымдылығымен, психикалық процестердің жылдам дамуымен, творчествоға ынталылығымен, жаңа бейне құра алуға икемділігі;

- Қабілет - адамның өмір сүру барысында іс-әрекетте дамиды, осыған сәйкес қабілеттің дамуына әлеуметтік орта арнайы жағдайлар құру арқылы оның жедел дамуына әсер етуге болады.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың танымдық қабілеті мен белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық потенциалын сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар:

1. Оқушыға өзіндік бағасының жоғарлауына ықпал ететін жағдай жасау, жетістікке жету мотивациясын қалыптастыру, өзінің күші мен қабілетіне сенімділігін арттыру;

2. Оқу-тәрбие үдерісінде жағымдық психологиялық ахуал орнату;

3. Қызығушылық танытқан іс-әрекеті мен берілетін тапсырманы шама-шарқысына және мазмұнына қарай топтастыру;

4. Жеке шығармашылық іс-әрекетінің есебін жасай алуға үйрету (портфолио, жетістік портфелі);

5. Сыни ойлау мен логикалық ойлауын дамытатын тапсырмаларды түрлендіру бағытындағы жұмыс (ситуациядан шыға алу қабілеті, креативтілік, ұшқырлық);

6. Қоғам өзгерістеріне бейімделуге дайындау, дұрыс әлеуметтенуге үйрету.

Шығармашыл адамдарда кездесетін ерекшеліктер: толық ойлау, терең білім, әртүрлі қабілет, дағды мен іскерлігі, мінез құлығы, қоршаған ортаға деген көзқарасының пәктігі.

Оқушыға белгілі бір көлемдегі білім - білік, дағдыларды меңгерте отырып, жаңа педагогикалық технологияларды шебер пайдалана білу арқылы оқыту үрдісін демократияландыру және ізгілендіру, сабақтағы оқушының шығармашылық рөлін арттырып, еркіндігін қамтамасыз ету, сол арқылы оқушылардың даралық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, бейімділіктерін ашу және дамыту қажеттігі туындап отыр.

Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мыналарды жатқызуға болады.

1. Шығармашылық қабілетінің деңгейін анықтау. (топтау, бақылау, қалыптастыру)

2. Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.

3. Оқушы мүмкіндігіне (потенциалына) сай шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындату.

4. Шығармашылық қабілетін тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды есепке алып, зерттеу.

5. Оқушының шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.

6. Шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеу үрдісін тәжірибе негізінде жинақтап, зерттеліп отырған мәселенің өсу динамикасын бақылау.

7. Мұғалім өз ісіне ізденімпаздықпен қарап, сабақты шығармашылықпен өткізу.

Кез – келген адамның екі – үш түрлі іс - әрекетті атқаруға бейімділігі болады. Бұл –адам қабілетінің жалпы түрі, өмір сүруі мен тіршілік етуге деген икемі және әрекетшіл көрінісі. Адам әрекетсіз, еңбексіз ешқандай іс тындыра алмайтын болса, ол өмір сүре алмас еді. Жалпы, қабілет адамның жеке басының әрекетімен байланысты түрде жүзеге асады. Адамның даралық ерекшеліктерінен оның арнаулы қабілеті де аңғарылады. Қабілеттің арнаулы түрі белгілі бір істі үздік орындаудан, оған деген ықылас –ынтадан, дағды мен икемділіктен айқын көрінеді.

Әдебиеттер

1. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.
2. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. - Алматы, 1996.
3. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы, 2002.
4. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М.: Педагогика, 1989.
5. Теплов Б.М. Избранные труды. В 2-х томах. – М., 1985.
6. Павлов И.П. Мозг и психика. – М., 1996.
7. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы. – Алматы, 2012.

*Сейітнұр Ж.С., Жарқын А.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)*

ҚЫТАЙДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Қазақстанмен тарихи көрші мемлекет болып отырған – Қытай еліндегі психология ғылымының қалыптасуы мен даму тарихи еліміздегі ғылыми жұртшылық тарапынан айтарлықтай қызығушылық тудырады. Өйткені, өзге елдердегі психология ғылымының қалай дамып жатқанын салыстырмалы қарастыру отандық психологияға жанама тұрғыдан болса да әсер етеді. Оның үстіне алпауыт көрші елде бұл салада не болып жатқаны, оның қандай бағытта дамып жатқанының біліп отырудың әрі теориялық, әрі практикалық маңызы бар.

Жалпы тарихи-психологиялық зерттеулер қажетті барлық оң, құнды материалдарды іріктеп пайдалануға және зерттеп сақтауға, құптап қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Қазақта «Өнерді үйрен, үйрен де жирен» деген деген даналық сөз бар. Бұл сөздің астарында үлкен мағына жатыр. Кез-келген нәрсені үйренуден қашпауды, сол үйренгендердің ішінен өзіңе қажетісін ғана таңдай білуге итермелейді. Жалпы өзгенің тәжірибесін тиімді пайдалана білудің ұтымды жақтары көп. Өнер-білімді бағалайтын қазақ халқы «Ілім Қытайда болса да алыңдар, үйреніңдер!» (Бәйһаки), «Ғалым болмаған немесе ілім үйренуге тырыспаған адам бізден емес», «Ілімнен бір мәселе үйрену, әлемдегі барлық нәрседен қадірлі» сияқты ғибратты сөздермен сусындаған біздің ата-бабалармыз өзгеден үренуді оғаш көрмеген. Сондай-ақ, жалпы психология тарихы үшін де бұл ғылымының Қытайда даму жағдайы маңызды. Өйткені психология тарихы оқулықтары көбіне еуропалық ойшылдар мен ғалымдар жайлы мағұлматтарды қамтиды. Ал ежелгі тарихы мыңжылдықтарға созылып жатқан қытай өркениетінің рухани өнімдері назардан тыс қалып қояды. Сондықтан бұл ақтаңдақты толтыру қажет. Тарихи деректердің мол болуы психология ғылымының өткені мен бүгінгі жай-күйіне толық объективті баға беріп, оның ары қарай қалай дамитынын болжауға үлкен мүмкіндік береді.

Біз өз зерттеу жұмысымызда Қытайдағы психология ғылымының қалыптасу және даму тарихына зор үлес қосқан жеке ғылымдардың еңбегіне, университеттер мен ғылыми мекемелердің рөліне тоқталамыз. Психологиялық білімдердің табысты дамуы оның тарихи алғышарттарын терең талдаусыз еш мүмкін емес, сондықтан көне қытай ғұламаларының ой-пікірлерін (Конфуций, Мэн-цзы, Сюнь-цзы, Лао-цзы, Мо Ди, Чжу Си және т.б.) де ескеру маңызды. Қытай психология тарихында оның дамуында үлкен рөл алатын ғалымдардың мұрасын зерттеу қажеттілігін ғылыми жұртшылық дұрыс түсінуі керек. Ғылымдағы оң дәстүрлер, тарихи сабақтастық (филиация) үзілмеуі тиіс [1].

Қытай психологиясының тарихы - қытай психологиясының пайда болуы, қалыптасуы мен дамуын зерттейтін тарих; Бұл ежелгі Қытайдың қазіргі заманға дейінгі тарихын ашып, айқындау, талдау және зерттеуді көздейді. Жалпы ол психологиялық ой-пікірі мен психология ғылымның даму фактілері, сипаттамалары және құрылымдық заңдылықтары зерттейтін арнайы сала. Алайда психология ғылым ретінде Қытайда Батыс елдері тарапынан енгізілді. Батыс психологиясының енгізілуіне дейін Қытайда ғылыми психология болмаған, бірақ психологиялық ой-пікірлер болған деп саналады. Бірақ психологиялық өмір практикасы мен теориясы Қытайдың даму тарихында ұзақ уақытқа созылған. Біз «ата-бабаларды сынап, ата-бабаларды ұмыта алмаймыз» [2]. Әдіснамалық-теориялық тұрғыда, бір жағынан, біз немқұрайлылық танытпай, тарихи нигилизмнің қателіктерін қайталамауымыз керек, екінші жағынан, ұлтшылдықтың қателіктеріне жол бермеу үшін осы психологиялық идеялардың теориялық деңгейін көтеруіміз керек. Біз осы екі жағымсыздыққа қарсы тұруымыз маңызды және тарихқа өзінің шынайы түстерін беруге тырысуымыз керек. Бұл әрине қиын. Біз тарихи деректерге сүйеніп, диалектикалық материализмді басшылыққа алуымызға тура келеді. Сонда бұл қателіктерді жібермеуіміз немесе аз қате жіберуіміз мүмкін.

Енді Қытай психологиясының тарихына шолу жасап көрейік. Қытайдағы психологияның даму кезеңдері мен сатыларын ғылым тарихын зерттеушілер түрліше топтастырады [1,2,3, 7,8]. Қытайдағы психология тарихының ғылыми дәуірі негізінен қазіргі заманның (1840-1919), қазіргі жаңа заманның (1919-1949) және жаңа дәуір заманның (1949 жылдан бастап) үш кезеңін қамтиды. Алғашқы екі дәуір марқұм Цин әулеті мен Қытай Республикасы тарихымен байланысты. Бұл Қытай жартылай феодалдық және жартылай полуколониалды аумақтарға жинақталған дәуір. Қытайдағы үлкен өзгеріс кезеңі, сонымен бірге қытай халқының антиимпериализм мен антифеодализмдегі үлкен өзгерістердің, батыстан шындықты іздеудің және қытай мен қытай халықтарының қайта өркендеуін зерттейтін уақыт.

1840 жылғы Апиын соғысы Қытайдың ғасырлар бойы жалғасып келген «ежелгі заманын» аяқтап, «жаңа заман» қоғамының бетін ашты. Бұл негізінен 1840 жылдан 1919 жылғы «4 мамыр» оқиғасына дейінгі тарихты қамтиды. «Жаңа заман» қоғамында қытай еліндегі психология негізінен ежелгі замандағы психологиялық ой-пікірлерге сүйенген. Қытайдың жаңа заман қоғамы жалпы 80 жылға жуық уақытқа жалғасқан, осы кездегі психологияның даму тарихын екі кезеңге бөлінуге болады: алғашқы 60-жылдардағы психология ғылымы негізінен Қытайдың ежелгі психологиялық ой-пікірлері негізінде қалыптасқан, оның басты өкілдері: Лоң Зыжын, Вей Юань, Таң Цыган, Ван Жуан, Жың Фугуан, Лига Чичау болып табылады. Әрине, бұлардың ішінде батыстан арнайы педагогика және психология сабақтарын оқып келген Лига Чичау мен Жың Фугуанның жетістіктерін ерекше атай кетуге болады.

Қытайдың «жаңа заманының» соңғы 20 жылдағы психология ғылымы ежелгі психологиялық ой-пікірлерді негіз ету дәстүрін өзгертіп, біртіндеп батыс психологиясына көше бастады. 1889 жылдан бастап батыстың психология туралы еңбектері ілгерінді- кейінді аударылып, ел ішінде алғаш таралу мүмкіндігіне ие болды. Оқымысты Ян Юонжінның 1989 жылы Қытайда тұңғыш рет американдық Хайвын (миссионер) жазған «Рух философиясы» (қытайша «рух ілімі» деп аударылған) атты еңбегін қытай тіліне аударылды. Қытайдың жаңа заманғы зиялыларының бірі Ван Говый ең алғаш батыс философиясын зерттеумен шұғылдану барысында батыс психологиясын да қоса зерттеген. Ол даниялық ғалым Хоффдингтің (Н. Hoffding) «Психология негіздері» (Outlines of psychology) атты еңбегін аударған, ол 1907 жылы Қытайда жарық көрді. Ваң Но Вый 1910 жылы американдық Лурке жазған, жапониялық Шы Шанпаншон мен Соң Тяншуху аударған «Педагогикалық психология» атты еңбегін жапон тілінен қытай тіліне аударған. Қолдағы деректерге сүйенсек 1900-1918 жылдары 30- дан астам психология ғылымы туралы аударма еңбектер жарық көрген.

Қорыта айтқанда, Қытайдағы психология ғылымы ежелгі замандағы психологиялық ой-пікірлерден тікелей дамып жетілген жок, қытай елінің психологиясы сан ғасырлар бойы ежелгі заман психологиясымен шектеліп келді, 1889 жылғы алғаш рет Батыс психологиясының еңбектері қытай тіліне аударылғанынан бастап қытай елінің психологиясы Батыс психологиясы негізінде қалыптасып дами бастады [8].

Қытай психологиясының тарихын зерттеудің 30 жылдық тарихына көз жүгіртсек, оны «Қытай психологиясының тарихы» оқулығына және оған қатысты университеттердегі жұмыстарға сілтеме жасай отырып үш кезеңге бөлуге болады. Университеттерге арналған гуманитарлық ғылымдар оқулықтары («Қытай психологиясы», Гао Цзуши өңдеген, халықтық білім баспасы шығарған, 1986 ж.) және көлемді «Қытай психологиясы тарихының таңдамалы материалдары» (Ян Гуоцайдың редакторы, халықтық білім беру баспасы) кең танымал еңбектер. Осы екі еңбектің көмегімен таңбалар ретінде оны

алғашқы негіз болып табылатын қытай психологиясы тарихын зерттеудің бірнеше кезеңін бөліп көрсетуге болады.

Бірінші кезең. Бастапқы құрылу кезеңі (1978-1990 ж.);

Екінші кезең. Ізденіс кезеңі (1990-2000);

2000 жылы жарық көрген Ян Синьхуй жазған «Жалпы психология тарихының» редакторы қытай психологиясының тарихын әлемдік психология тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Бұл қытай психологиясының тарихын зерттеудің екінші кезеңі.

Үшінші кезең. Зерттеу кезеңін тереңдету (2000 – осы күнге дейін);

2000 жылдан бастап Қытай психологиясының тарихын зерттеу үшінші кезеңге, тереңдетілген зерттеу фазасына өтті. Бұл кезеңнің негізгі сипаттамасы - алдыңғы сатыдағы зерттеулер негізінде жаңа бағыттарды іздеуді және әр саладағы зерттеу мазмұнын одан әрі тереңдетуді жалғастырды.

Қытай елінің жазба тарихы басталған 1840 жылғы Апиын соғысына дейін өмір сүрген әртүрлі дәрежедегі ойшылдар психология жайлы көптеген ізгі ойлар қалдырды. Алайда, ел ішіндегі психология ғылымы жайлы зерттеулер кейінірек басталғандықтан, ол дербес ғылым ретінде қалыптаспаған еді. Қазіргі зерттеулерге қарағанда Қытайдың ежелгі заман ойшылдарының психологиялық ой-пікірлері, «адам мен әлем», «мінез бен әдет», «тән мен жанның» қатынасы жөніндегі ілімдері ретінде қалыптасты. Осыларға теориялық талдау жасалды [4]. «Адам ең қасиетті»- деп санайтын ілімде он сегіз мың ғаламда адамды ең қасиетті, рөлі ең зор деп қарайды. Яғни, адам - он сегіз мың ғаламның жан жүйесі дегенмен тең. Бұл Қытайдың ежелгі психологиялық идеясында маңызды орын алған. Сондай-ақ, ерте замандағы идеясының қазірге дейін жалғасып келе жатқан бағалы қазынасы болып табылады [5].

Қытайдың ежелгі ойшылдарының барлығы да адам мен хайуанаттар психикасын ажырата білген. Осыдан 2000 жыл бұрын Шүн Чю Жан Го (жауласқан бектіктер) дәуірінде рух пен материя қатынасына ғалымдардың назарын аудартқан. Шүн Зи: «Дене қалыптасқаннан кейін рух қалыптасады», тек адам денесі болғанда ғана рух болады, дене - бірінші, рух - екінші орында тұрады деген көзқараста болған.

«Әлем мен адам» туралы ілімде екі түрлі қарама-қарсы көзқарас болған, оның бірі - әлемде адамдық қасиет бар, ол да адамдар сияқты ерікке, идеяға, сүйіспеншілікке ие, адамзатқа бақ та зиян келтіреді, адамның және мемлекеттің өмірі мен елімін белгілейді деп қарайды. Бұл идеяны феодалдық қоғамдағы патшалардың шабарманы болған оқымыстылар уағыздаған. Қытайдағы патшалық Хан дәуірінің алғашқы кезіндегі оқымыстылардың бірі Доң Шоңшу (179-104) осы идеяның негізгі өкілі еді. Қытай еліндегі идеалистік «әлем мен адам» қатынасы жөніндегі ілімнің ғылыми психологиямен ешқандай байланысты болмаған. Психология тек «әлем мен адам» туралы материалистік ілімге негізделеді. Материалистік ілімде әлем - түрлі жаратылыс заттардан құралған, табиғат пен адам - белгілі ортада өмір сүреді, әрі қарым-қатынаста болады, осы ортадан айырылса өмір сүре алмайды. Яғни, әлем мен адам қатынасының белгілі психологиялық мәні бар екендігі түсіндіріледі. Табиғат болмаса адамзат та болмайды. Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастан тыс психикалық әрекеттің де болуы мүмкін емес деп қаралды. Ерте заманғы Қытай ойшылдарының көбі материалистер болған. Олар әлемді тек қана табиғат деп қараған, сонымен қатар әлем мен адам өмірінің және идеясының қатынасын жинақтай келіп, «Адам әлемді жеңеді» деген көзқарас қалыптасқан.

«Мінез бен әдет» ілімінде адам мінезінің қалыптасуы және дамуы жайлы сөз болған. Ол Кун Фуций (бзд. 501-479) сөздерінде бейнеленген [6]. Оның «Мінез жуық, әдет шалғай» деген тұжырымы Қытайдың ежелгі оқу-ағарту идеясы мен психологиялық идеясына ұзақ уақыт ықпал етіп келген. «Туа біткен мінезін әдетке айналар» деген сөзінің мәні зор. Конфуцийдің психологиялық идеяларынан үйрену процесінде төмендегі сатылар әзірленуден тыс, белгілі психикалық шарттарды дайындау керектігін дәріптегендігі көрсетіледі. Конфуций үйрену процесінің сатыларын анық бөліп көрсетпегенімен оның тәрбиелік сөздері мен практикасынан үйренуді төмендегідей жеті сатыға бөліп қарастырғандығын көре аламыз. Қазіргі педагогикалық психология үйрену процесін мотив, сезімдік таным, ақылдылық таным, бекемдеу сатысы, қолдану сияқты бес сатыға бөлсе, Конфуцийдің үйрену процесін жеті сатыға бөліп түсіндірген. Оны бір-біріне сай келетіндей анығырақ болу үшін кестемен түсіндіре кетейік.

1920-1949 жылдар кезеңі Қытайдағы қазіргі психологияның негізі мен даму кезеңі болды.

Жалпы 1917-1922 жылдар аралығы, яғни бес жылда бес ірі оқиға қытай ғылыми психологиясының негізін қалады:

1917 жылы Пекин университеті Қытайда алғашқы психология зертханасын ашты.
1918 жылы Чэнь Дакидің «Психологияның құрылымы» атты еңбегі Қытайдағы алғашқы университеттік психология кітабы болып табылатын Коммерциялық баспасөзде жарық көрді.
1920 жылы Нанкин жоғарғы қалыпты мектебі (көпұзамай Оңтүстік-шығыс университеті болып өзгертілді) Қытайда алғашқы психологияны құрды.
1921 жылы ең алғашқы Қытай психологиялық қауымдастығы Нанкинде құрылды.
1922 жылы Чжан Яоксианг Қытайдағы алғашқы «Психология» журналын шығарды және шығарды.

Жалпы «Жаңа заман Қытайдың психологиясы» делінетін дәуір 1949 ж. 30 қыркүйектегі ресми Қытай Халық Республикасы (ҚХР) құрылғанға дейінгі уақытты қамтиды. Бүгінгі таңда ресми түрде Қытай унитарлы республика, халықтың демократиялық диктатурасы үстемдік ететін социалистік мемлекет.

Жаңа қытай психологиясы Жаңа Қытай құрылғаннан бері 50 жылдан астам уақытқа созылған психологияның даму кезеңін білдіреді. Жаңа Қытай 1949 жылы құрылды, ескі Қытайдың жартылай феодалдық және жартылай отаршылдық қоғамы аяқталды. Қытайда социалистік құрылыс пен ғылыми бастамалардың дамуымен Қытай тез арада марксистік-лениндік философияны меңгерді және орыс әрі кеңестік ғалым, физиолог, жоғары жүйке қызметі туралы ғылымды жасаушы, физиологиялық мектептің негізін салушы И.П. Павлов ілімін үйрену үшін психологияны оқыту және зерттеу институттарын құрды. Махаббат теориясы мен кеңестік психология ескі психологияны өзгерте бастады. Психологияны оқыту, ғылыми зерттеулер және жаңа күштерді өсіру біртіндеп жүзеге асырылады, бұл Жаңа Қытайда психологияның дамуына негіз қалайды. 1958 жылы «Психологиялық буржуазиялық сыни қозғалыс» пайда болды, оны түзеткеннен кейін көп ұзамай алғашқы өркендеу сахнасы пайда болды. Алайда, «Мәдени төңкерістің» онжылдығында, сол жақтағы ойлау ағымының әсерінен Қытайдың психологиясы құлдырады. Ол «төрт банда» күйрегеннен кейін ғана қайта туды. Қытай Коммунистік партиясының Он бірінші Орталық Комитетінің Үшінші Пленарлық сессиясынан кейін (1978 ж. Желтоқсан) Қытайдың реформасы мен ашылуы 20 жыл ішінде тереңдей түсті, қытай психологиясы бұрын-соңды болмаған даму мен ілгерілеушілікке қол жеткізді [9].

Қытайдың ғылыми психологиясы дамуына үлкен үлес қосқан бірнеше маңызды фигуралар бар. Мәселен, Цай Юаньпэй психология зертханасын құрды, психология факультетін ашты (Наньцзин педагогикалық университетінде, кейінірек Пекин университетінде психология факультетін құрды) және психология Институтын құрды. Психологиядағы бихевиоризмді сынайтын және инстинкт теориясына қарсы шыққан көптеген психологиялық мақалаларды жариялаған Го Рэньюань, оның академиялық көзқарастары американдық психологиялық қоғамдастықты таң қалдырды, ал ол өзі Қытай психологиясына үлкен үлес қосты. Чжан Сяоцян Қытай психологиясының тарихын жан-жақты және жүйелі түрде зерттеді (ежелгі психологияның көбі оның ойларында жинақталған). Ван Цзинси, Қытайда миын зерттеу үшін құралдарды пайдаланған бірінші адам.

Қазіргі психологияда қолданбалы психология және гуманистік психология аса маңызды аспектілер болып табылады. Қытайда балалар психологиясы мен педагогикалық психология өзге салаларға қарағанда өте жақсы дамыған. Гуманистік психология бағытында Лян Шумин мен Сюн Шили есімдері кең танымал.

Жалпы тарихі көрші болып табылатын Қытай елінің психология тарихын зерттеу Қазақстан психология ғылымы дамуы үшін де маңызды деп санаймыз.

Әдебиеттер

1. «Қытай психологиясының тарихы туралы». Ян Лянсунь (2002).
2. «Ежелгі Қытай психологиялық ой-пікірдің құрылымы» Ян Лянсунь (1999).
3. «Қытай психологиясының отыз жылдық зерттеуі». Ян Гуоцай . 1008-2190 (2009) 03-0048-06
4. Қабылғазы, Ж. Қытай елінде психология теориясы мен тарихының ерттелу жағдайы [Текст] / Ж. Қабылғазы // "Қазақстан мен Қырғызстан жас ғалымдарының этнопсихология және этнопедагогика саласындағы ізденістері" : атты II мемлекетаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. - Алматы, 2006. - 131-133б.
5. «Қытайдағы білім беру психологиялық ой-пікірінің тарихы». Ян Гуоцай (2004).
6. Сагикызы А. Проблема гуманизма в философии Конфуция // Актуальные проблемы философии и политологии глазами молодых ученых. – Алматы: Компьютерно-издательский центр ИФИП МОН РК, 2007. – 256 с.
7. «Қытай психологиясының тарихы». Гау Жуефу (2005).
8. «Қытай психологиясының тарихы туралы». Ян Лянсунь (2002).
9. «Қытайдағы психология ғылымының дамуы». Жаң Яошиан.

Сматова К.Б., Орынхан Ә.Ә., Асылбекқызы Г., Сейлханова А.Б.
(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)

ТҰЛҒАНЫҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН ДАМУ ТҮРІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Елбасы білім сапасын көтеру туралы мәселеге баса назар аудара отырып, білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру және оқыту бағдарламаларын білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға бағыттау қажеттігі туралы айтты.

Еліміздің әлеуметтік, экономикалық, саяси өміріндегі өзгерістер болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке бейімдеу және олардың білім сапасын арттыруды талап етіп отыр. Бұл өз кезегінде студенттерді өз бетінше білім алу тәсілдерімен қаруландыра отырып, оқу біліктерін, тұлғалық дамуын қалыптастыруға меңзейді. Оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісіне пайдалана білуге де үйрету керек. Білім шыңына шығатын тұлғаны дайындау үшін, тұлғаны жетілдіру жолдарын қарастыру, тұлғаның дамуын, өзін-өзі белсендіруін, ұйымдастыруын, қалыптастыру және жетістікке жету жолдарын ұйымдастыру қажет.

Қазіргі білім берудің басты міндеті – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын, білім беру кеңістігінде үйлесімді жәнәкәсіби дамыған тұлғаны даярлау болып табылады. Кәсіби маман өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі басқаруға қабілетті болуы қажет. Кәсіби маман болудың басты шарты ретінде психологиялық сауаттылық маңызды рөл атқарады. Адам психикасының негізгі заңдылықтары мен мазмұнын білу әр адамның психологиялық құзыреттілігін өсіруге мүмкіндік береді [1]. Сонымен қатар, психологиялық сауат арқылы адамайналадағы ақиқатқа, ең бастысы, өз-өзіне немқұрайлы емес, белсенді қарайтын болады.

Психика саулығын сақтауда тұлғаның жан-жақты дамуы, денсаулығын үнемі қадағалап отыру, пайда болған өзгерістерге дер кезінде түзетулер енгізу, психикалық ахуалдың қалыпты болуын қамтамасыз ету маңызды. Ғылымда «психикалық саулық» және «психологиялық саулық» түсініктері қатар қолданылады. Біріншісі – медициналық категория, екіншісі – практикалық психологиялық қызметтің мақсаты болып табылады. Психологиялық саулық – ең қолайлы функционалды психологиялық құрылымның, өмірлік қарым-қатынасқа аса қажетті үрдісі. Психологиялық саулық жан саулығы ғана емес, жеке басының денсаулығы. Ал, психика саулығы дегеніміз – адам мен сыртқы дүние арасындағы тепе-теңдік жағдайы, оның әлеуметтік ортаға, физикалық, биологиялық және психикалық ықпалдарға қатысты реакциясының сай болуы, жүйкелік реакция күші мен сыртқы тітіркендіргіштер арасындағы сәйкестігі, адам мен оның айналасындағылар арасындағы үйлесімділік, адамның шынайы объективтілік жайлы пікірінің басқа адамдардың пікірлерімен ұштасуы, өмірдің кез-келген жағдайына сын көзбен қарауы. Психологиялық саулық көрсеткіштері ретінде өзін-өзі сыйлауды, депрессияның болмауын, өмірлік энергияны, өмірмен қанағаттануды айтуымызға болады.

И.В. Дубровинаның тұжырымы бойынша психологиялық саулық тұлғаны толық қамтиды, адам жан дүниесінің жоғары сатыларымен тығыз байланысты, психикалық саулықтың психологиялық аспектісі болып табылады. А. Маслоу психикалық саулықтың екі құрамдас бөліктері туралы айтады: біріншіден, адамдардың өз әлеуетін мүмкіндігінше өзін-өзі өзіктендіру арқылы дамытуға талпынуы; екінші құрамдас бөлігі – гуманистік құндылықтарға талпыну. Психикалық саулық мәселесін адамның негізгі қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы тұрғысынан қарастырады. Осы сипатты тұлғаның дамуы контекстінде психикалық саулық проблемасын шешуге талпынысты көрнекті ғалымдардың (В.Франкл, Ш. Бюллер және т. б.) еңбектерінен көруге болады.

Тұлғаның психологиялық даярлығы өз іс-әрекетін, басқа адамдармен қарым-қатынасын жетілдіруге, дамытуға бағытталған өзіндік әрекеттері арқылы анықталмаған: білім беру арқылы кәсіби іс-әрекетке дағдылану, бейімделу, одан тұлғаның шеберлік деңгейіне көтерілу шарттары ғана қойылады [2]. Шебер психолог, біріншіден, халқымызға тән жастарымыздың бойында бар адамгершілік сипаттағы дүниетанымына, өз мәдениетіне, әдет-ғұрып, салт-санасына, қол өнер мен педагогикасына арқа сүйейтіндігіне және ашық-жарқындығы мен бауырмалдылығына, яғни қазақ ұлтының басқа халықтардың құндылықтарын сіңіре алушылық қабілетіне ерекше назар аударған жөн. Екіншіден, өзінің саласын терең меңгеруге міндетті. Үшіншіден, өздігінен білім алуға ынталы болуы керек. Психологтың жеке басының үлгісі – кәсібилікпен біте қайнасқан қасиет болуы керек. Себебі, кез-келген ұжымдағы қарым-қатынас психологтың жеке басының үлгісімен тығыз байланысты.

Сондай-ақ, психологтардың психологиялық құзыреттілігін жетілдіру маңызды. «Құзіреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н. Хомский болды. Құзыреттілік дегеніміз – жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі. Сонымен, психологтардың психологиялық құзыретін мыналар сипаттайды:

- іс-әрекет, қарым-қатынас, таным мен өзіндік тану, өзіндік даму, өзін-өзі өзектендіру процестеріне қатысты жеке бас мәселелерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін психологиялық құралдарды, әдіс-тәсілдерді белсенді түрде меңгеру және орынды қолдану;
- тәжірибе мен тұрмыстық психологиялық білімге дәлме-дәл талдау жасап, таңдап, әлеуметтік ортаның нормаларын ескере отырып пайдалану;
- кең әлеуметтік ауқымдағы өзінің қарым-қатынасты, мінез-құлықты жетілдіруге бейімділік таныту.

Психолог кәсібилігінің басты назарға алатын үш жағы бар: қызмет түрлерін орындаудағы нәтижелерінің әсерлілігі (білім беретін, дамытушы, тәрбиелеуші, диагностикалық, коррекциялық, өзіндік білім алу, т.б.); оқу үдерісіне қатысушыларымен (қатысушылар, әріптес-педагогтар, әкімшілік) қызметтестікті қамтамсыз етуге бағытталған, толық гуманитарлық бағыттағы қарым-қатынас; психологиялық қызметте кәсіби маңызды сапалар үйлесімділігімен сипатталатын психолог тұлғасының кемелділігі. Креативтілік – тұлғаның өзін-өзі дамытудағы маңызды фактор. Адамның креативтілігі оның тәжірибеге деген ашықтығымен анықталады.

Я не ученый, не философ. Я преподаватель! Я преподаватель системы профессионального образования. Что значит быть преподавателем? Каждый день общаться с ребятами, быть для них интересным собеседником, находить в этом радость и удовлетворение, сопереживать успехам и неудачам – именно в этом и заключается профессиональное кредо педагога. Собираясь на урок, педагог должен преследовать цель: должно быть понятно и интересно. Конечно, путь познания труден и тернист, конечно, нужно прилагать усилия, чтобы чего-то добиться, но перед каждым конкретным обучающимся нужно ставить только преодолимые для него задачи. Он должен постоянно, как говорит замечательный педагог В.Ф.Шаталов, находиться «в состоянии успеха». Обучающийся должен идти вверх и вперед, и каждый раз планка, которую он преодолевает, должна быть чуть выше. Нельзя обманывать в оценке их достижений. Обучающиеся удивительно тонко чувствуют фальшь. Оценка должна быть заслуженной, иначе в следующий раз они не захотят трудиться. Идея гуманизации образования, суть которой заключается в обращении к личности обучающегося. Дух сотрудничества, согласия, гармонии, взаимопонимания должен царить в процессе обучения [1].

В любом педагогическом процессе всегда присутствует взаимодействие, без которого передача знаний, умений и навыков просто не состоится. Отношения участников педагогического процесса (педагогов и обучающихся) складываются в совместной деятельности, в постоянном общении. Далеко не у всех обучающихся проявляется одинаковый интерес ко всем дисциплинам. Творческая активность обучающихся, успехи в учении различны на разных занятиях. Это, в конечном счете, определяет их отношение к данному предмету, к данному уроку и прежде всего к самому педагогу.

Осознание педагогом степени своего мастерства должно служить ориентиром для формирования самостоятельной профессиональной позиции творческого, новаторского характера [4].

Мастерство педагога оказывает огромное влияние на качественное преподавание предмета, поэтому нужно стараться повышать свое профессиональное самообразование, совершенствовать методы и приемы обучения и воспитания, чтобы качественнее преподнести знания обучающимся [2].

Только ставя перед собой такую цель и стараясь достичь наивысших результатов с применением современных технологий, обязательно с любовью к своим воспитанникам, преподаватель добьется лучших результатов, и все положенные усилия будут оправданы, обучающиеся будут помнить своего педагога долго, навсегда в их памяти останутся эти незабываемые моменты студенческой жизни [5] ...

В своей работе педагог должен опираться на следующие педагогические принципы:

- Диалогичность, т.е. сотрудничество с обучающимися.
- Природосообразность, т.е. обучать обучающихся с учетом их физических и психических способностей и особенностей, иначе говоря, обучать в соответствующем темпе, используя, подходящие средства.

- Рефлексивность: итогом занятия становится осознание учащимися полезности занятия, собственного развития.

Иными словами, информатизация учебного процесса:

- Развивает познавательную сферу: мышление, внимание, память, логику, речь.
- Способствует овладению навыками работы с информацией (работа с электронными учебниками, интернет ресурсами).
- Развивает рефлексивные способности, приближают учащихся к адекватной самооценке, что способствует сохранению здоровья учащегося [6].

Развивает навыки культуры общения: умение слушать и слышать другого, не перебивать отвечающего, последовательно развертывать аргументацию своей позиции, т.е. логично рассуждать.

Применение современных педагогических технологий помогает педагогу развивать ключевые компетентности обучающихся в интеллектуальной, гражданской, коммуникационной и информационной сферах.

В настоящее время необходимо строить взаимоотношения с обучающимися с позиции авторитета, мы должны быть гибкими в восприятии жизни, построении учебного процесса, выстраивании системы коммуникации. Нуждаются в переоценке и сама система знаний.

Литература

1. Арнольдов А.М. Введение в культурологию. М., 1994.
2. Ивин А.А. Аксиология. Научное издание. - М.: Высш. шк., 2006. - 228 с.
3. Коротаева Е.В., Матвейчук Е.Н. Профессиональные ценности профессии педагога: понятия и классификации // Философия образования. - 2012. - №3. - С.11.
4. Крюков В.В. Введение в аксиологию: Учебное пособие. Новосибирск, 2002. - 76 с.
5. Леонтьев Д. А. Методика изучения ценностных ориентаций. - М.: "Смысл", 1992. - 17 с.
6. Педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В. А. Сластенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов; Под ред. В.А. Сластенина. - М.: Издательский центр "Академия", 2002.

*Изгүттынова Р.О., Тоқтар Т.Н.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)*

ІЗГІЛІК ПЕДАГОГИКАСЫ – ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ

Кез-келген қоғам өзінің даму деңгейінде, оның алдында тұрған өмірлік міндеттерге байланысты өзінің мектебін, өзінің педагогикасын құрды, оның көмегімен адамды идеал бейнесінде тәрбиелеуге тырысты. Ал біздің заманымыздың идеалы – ізгілік педагогикасы.

Ізгілік педагогикасының негізін қалаушы Ш.А. Амонашвили еңбектерінде рухани білім берудің тұтас тұжырымдамасы философия, психология және педагогика тұрғысынан терең негізделіп, оны жүзеге асыру жолдары көрсетіліп, гуманистік білім беру өнерінің негіздері ашылған. Оның тұжырымдамасының жетекші постулаты жеке тұлғаның қабілетіне сену, оның табиғатын ашу, тұлғаны құрметтеу, оның жақсылыққа, ақиқатқа, сұлулыққа, әділеттілікке қызмет ету жолындағы бағыты болып табылады. Бұл ұғым сонымен қатар материалдық және рухани, рационалды және иррационалды, ғылыми және діни, жердегі және ғарыштық, рухтың мәңгілігі туралы идеяны қамтып, адамды рухтың дамуынсыз және оны жетілдіруге тәрбиелеу мүмкін емес екендігін бағыттайды. Бұл тұжырымдаманың ережелері тұлғаның жаны мен жүрегін жетілдіруге, жақсылық жасаудың қажетті шарты ретінде қарастырылады.

Жалпы ізгілік дегеніміз – бұл өмірді барынша жайлы әрі қауіпсіз етуге бағытталған адам өмірінің барлық материалдық және материалдық емес ресурстарының ең жоғары құндылығы болып табылатын адам қоғамын құру жүйесі, қоғамдағы адамның іс-әрекетін реттеудің негізгі тәсілдерінің бірі.

Жаһандық мағынада, ізгілік – адамға деген құрмет, оның жеке басына деген жанашырлығы мен басқаларға көмектесуге деген шын жүректен тілегінің негізінде тіпті өз мүдделерін құрбан ету, бұл адамдардың рухани сапасы. Ізгілік педагогикасында жеке тұлғаның ойы ең жоғары құндылық болып табылады. Тәжірибе деңгейінде бұл әр нақты тұлғаға ұқыпты қарау.

Ізгілік педагогикасы кез-келген идеологиялық жүйеге балама және дүниетанымдық позиция ретінде тұлғаға барлық өмірдің санасын құндылық ретінде ұсына алуына жағдай жасаумен қатар, басқа да құндылықтар үшін өмір сүруге үйрете алады.

Ізгілік педагогикасының негізгі сипаты:

– жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдығы, адам өмірі мен денсаулығы, тұлғаның еркін дамуы;

– жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ету, оны жүзеге асыру жағдайын жасау;

– азаматтыққа, еңбексүйгіштікке, қоршаған ортаға, Отанға, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;

Ізгілік педагогикасы тұлғаның ішкі жан дүниесін, оның адамгершілік қасиеттерін дамытып, ізгілікті сана мен ізгілікті қатынастарды қалыптастырады. Ізгілікті сана мен ізгілікті қатынастар әлеуметтік формацияда қабылданған жалпыадамзаттық құндылықтардың даму деңгейіне байланысты үнемі өзара әрекеттеседі. Сонымен бірге жеке тұлғаны қалыптастырудың ішкі процесі адамның іс-әрекеті мен тәжірибесін бағалау қатынасын қалыптастыруға әкеледі.

Ш.А.Амонашвили «Сенім және махаббат» атты еңбегінде «Адамдарға күлкі сыйла, олардың бақытты болуларына себепкер бол, сол арқылы адамдар бір-бірі үшін туылғандығын түсінеді, махаббаты ашылады, өмірдің сұлулығын көреді дейді [1].

Сонымен қатар, Ш.А.Амонашвили өзінің «Ізгілік педагогика туралы ойлар» атты еңбегінде «Адамға адам керек, ал адамдар бірін-бірі арқылы дүниеге келеді. Өмірдің өзі, өз заңдарына сүйене отырып, дұрыс адамның дүниеге келуіне себеп болады» дейді [2]. Мұндағы екпін «дұрыс адам» деген сөзге түсіп тұр. «Дұрыс адам» деген кім? Ол ешкімге, ең бастысы өзіне, өзінің тіліне, көзіне, ойына қиянат жасамай дұрыс ойлай білетін тұлға емес пе? Ізгілік педагогикасы арқылы тұлға қоршаған ортаға пайда тигізерлік дұрыс әрекеттер мен жақындарына деген сүйіспеншілік сезімін оятып, ынтымақтастық қарым-қатынастың дамуына үлес қосады.

Ізгілік педагогикасы – адамгершілік тәрбиенің үздіксіз процесі, адамның дүниеге келуінен басталып, өмір бойы жалғасатын рухани құндылықтары мен мінез-құлық ережелерінің нормаларын игеруге бағытталған. Тұлғаның жалпыадамзаттық құндылықтарының қалыптасуы мен дамуын анықтайтын барлық факторларды үш топқа бөлуге болады: табиғи, әлеуметтік және педагогикалық. Қоршаған ортамен мақсатты білім беру әсерімен қарым-қатынаста тұлға әлеуметтенеді, моральдық мінез-құлықтың қажетті тәжірибесін алады.

С.Л.Рубинштейннің пікірі бойынша, ізгілікті қатынастар адамның көзқарасында, эмоционалды тәжірибелерде, мотивтер мен әрекеттерге деген ұмтылыста және өзін-өзі басқаруда көрінеді. «Адамның жүрегі тұлғаның қандай адамгершілік қатынастарға ұмтылатындығымен, басқа адамдармен қалай қарым-қатынас жасай алатындығымен байланысты [3]. Ізгілікті білім – бұл жанды білім.

Бүгінгі таңда жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім беру – тұлғаның әлеуметтенуінің біртұтас процесінің негізгі бағыты мен рухани, отбасылық, эстетикалық қалыптасуы мен дамуын бейнелейді.

Философия, педагогика ғылымдары негізінде қолданылатын «құндылық» ұғымы адамның қажеттілік сферасының аксиологиялық негізі мен оның мүдделері ретінде әрекет етеді. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім берудің жоғары мақсаты – қазіргі әлеуметтік қатынастарда жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға идеалына қол жеткізу. Сондықтан да кез-келген білім педагогикалық мәселе ретінде рухани-адамгершілікті қоғамдық өмірдің жаңаруына әкелетін прогрессивті өзгерістермен үйлесуін ескере отырып құрылуы қажет.

Тұлғаның өмірінде кездесетін көптеген фактілерге, себептерге, жағдайларға байланысты тұлға кейбір құндылықтарды ертерек игереді, басқалары кейінірек, кейбіреулері әлі де қаншалықты құнды екенін түсінбеуі мүмкін. Яғни, жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуі мен тұлға ретінде қабылдауы ұзақ процесс болып табылады. Сондықтан да ізгілік педагогикасы тұлғаның қандай да бір артықшылықтары мен кемшіліктеріне, материалдық игіліктеріне қарамай дамудың үйлесімді тұтастығы мен шығармашылыққа тәуелсіз ұмтылу процесі болып табылады.

Осының негізінде, ізгілік педагогикасы тіршілік жағдайындағы рухани құндылықтарды түсінуді және сәйкесінше танымдық, белсенділік салаларын көбейте отырып, тұлға өзінің ішкі әлеуетін ашуды ынталандырады. Қоғамның рухани жағдайы ізгілік пен имандылыққа айтарлықтай әсер ете отырып, адамгершілік іс-әрекеттің жолдары мен мақсаттары, қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру сипаты мен әлеуметтік болмыстың, дүниетанымының тұтас көрінісінде көрінеді. Қазіргі уақытта

жастар материалдық құндылықтарға бой ұрған кезде, рухани құндылықтарға негізделген адамгершілік қажеттіліктерін қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет.

Ізгілік педагогикасының мәні мен маңызы туралы Ш.А.Амонашвили былай деп жазады: «Адамзаттың ежелден бері келе жатқан ізгілік педагогикалық ойы мен білімі арқылы тұлғаның жеке басын, талантын, бірегейлігін ашады». Жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелей отырып, жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиеттермен (ізгілік, ұлттық, діни) таныстыру, оларға жалпыадамзаттық құндылықтардың жеке мағынасын табуға жағдай жасау мен оларға сәйкес әрекет етуге дайындықтарын қалыптастырады. Ізгілік педагогиканы жүзеге асыру оқытудың тұжырымдамасын теориялық негіз ретінде қабылдай отырып, даму мен оқыту ұғымдарының арасындағы байланыстың мәнін түсінуге әсер етеді.

Ізгілік педагогикасы негізінде жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру ақиқатты мәңгі іздеу мен кез-келген жоғары педагогикалық жетістіктің өзегі ретінде жеке өмірін үнемі жаңартып отыру болып табылады. Оның негізгі міндеті – рухани-адамгершілік құндылықтар мен оған әлеуметтік көзқарастардың байланысы арқылы үйлесімді және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру, оның құндылық-семантикалық саласын дамыту [4]. Ізгілік пен құндылық – бұл негізгі ұғымдар, егер олар білім беру әлеміне айналса, тұлғаның табиғатын жақсартудың үздіксіз процесіне ықпал ете алады. Бұл қиыншылықта тұлғаның тірегі, өмірі мен іс-әрекетін жалпы игілікке бағыттаушы күш. Бұл әр адамның ішкі әлемінің жеке дара жағдайы.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру негізінде рухани өмір жақсарады, тұлға өзінің ішкі әлемінде өткен, қазіргі және болашақта тұтастай өмір сүре алады. Осылайша, тұлғаның жеке басының гүлденуі орын алады, ол ең жақсы нәрсені ашып, әр адамда кездесетін жағымсыздықты жеңеді. Бұл жағдайда әр адамның өзінің дамуында жалпы адамзаттық құндылықтарға сүйенуі өте маңызды. Сонда ғана ол өзінің білімі мен дағдыларын қоғамның игілігі үшін қолдана алады. Шындығында, дұрыс мінез-құлықты, бейбітшілік пен махаббатты көрсететін адам ғана әлемге тұрақтылық пен үйлесімділікті әкелетін білімді адам болады. Сондықтан егер біз әлемнің болашағын жарқын көргіміз келсе, жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған білімді дамытуға қашанда өз үлесімізді қосуымыз қажет.

Мақаламызды қорытындылай келе, жас ұрпақтың құндылық-бағдарлық қызметінің маңызды бағыты – ізгілік, сүйіспеншілік, ақиқат идеаларын негізге алатын жалпы адамзаттық құндылықтарға бағдарды қалыптастыру деп айта аламыз.

Ізгілік педагогикасының жеке маңыздылығы – білімнің қол жетімділігі, ішкі және сыртқы жақсару дәрежесін басшылыққа алу. Бұл өсіп келе жатқан ұрпақтың жарқын болашағына әсер ететін басты құндылық. Ізгілік педагогикасының дамуы тұлға дамуындағы жекелеген салалармен байланысты. Адамзатпен бірге жүретін ізгілік педагогикалық ой Рух пен Жүрек тәрбиесінің өзгермейтіндігін еске түсіріп, сол арқылы адамның жеке басын, ойы мен сезімінің бірегейлігін ашады.

Білімі бар қоғам адамдарға өздерінің табиғатын ашуға, өзін – өзі қалыптастыруға, өзіне жүктелген міндеттерді орындауға көмектесуі қажет. Ал бұл миссияны тек қана жақсылыққа, жасампаздыққа, ізгілікке ғана бағыттауға болады.

Әдебиеттер

1. Амонашвили Ш.А. Вера и любовь. М., 2009. – 4 с.
2. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. М.: Издательский Дом Шалвы Амонашвили, 1995. — 496 с.
3. Рубинштейн С.А. Основы общей психологии. Второе изд.-М.:Учпедгиз.1946. – 700 с.
4. Духовно-нравственное и гражданское воспитание детей дошкольного возраста/ Сост.: Аникина Т.М., Терентьева Н.П.М.:УЦ «Перспектива», 2012.

*Сматова К.Б., Мұхаметқали Н.Б., Әблезқұл А., Ергараева Г.М.
(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)*

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АКМЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Бүгінгі таңда өскелең жас ұрпаққа терең білім мен тәрбие беру ісін одан әрі дамытудың өзектілігі артып отыр. Бұл жөнінде Республикамызда көптеген мемлекеттік дәрежедегі құжаттар жарыққа шықты. Елбасы «... жаңа жағдайларға сай біздің бәрімізді алаңдататын мәселе білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және әлеуметтік адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады» деп атап көрсеткен. Міне, осы тұрғыдан қоғамға жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, креативтілікпен жұмыс істей білетін адам қажет.

Педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетіндегі акмеологиялық қызмет – оқушыларды ақпаратты-индустриялық жаңа қоғам мен жаһандану үрдісіне даярлау. Жаһандану қағидасы әлсіздің жойылып, күштінің қалуымен анықталса, адамзат қауымының күші – позитивті қоғамдық сана мен дербес рухани дамумен сипатталады. Жаңа дәуір талабы «жеке адам – әлеуметтік орта – қоғамдық сана» қатынасын қалыптастырып, озық инновациялар арқылы жастардың рухани-адамгершілік дамуына, дербестігіне, сана-сезімінің заманауи үрдістерге лайық бейімделуіне, ойлау стилінің өзгеруіне, өз-өзіне сенімділігінің артуына, іс-әрекеті мен көңіл-күйінде жағымды қатынастың басымдығына, қоғамдық мінез-құлықтың позитивті жақтарының артуына мүмкіндік береді.

Адами капиталды дамытуға бағытталған қазіргі Қазақстан жағдайында едәуір салмақ білім беру саласына түсері анық. Жаһандану дәуіріндегі заманауи білім беру парадигмасы болашақ ұрпақ бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру, таптаурын болған стереотиптерді өзгерту арқылы планетарлық ой-сананы қалыптастыруды көздейді. Осы стратегиялық бағыт барлық гуманитарлық ғылымдар, оның ішінде педагогика-психология саласына да инновацияларды көптеп тартуда.

Жаңа дәуір тіршіліктің баға жетпес тамаша туындысы – адамды барынша жетілдіруге және кемел етуге бағдарланған инновациялық-психологиялық теорияларды көптеп тудыруда. Олардың қатарында М. Норбековтың ағзаны қуаттандыру арқылы сауықтыру психологиясы, Л. Хейдің «өзіндік таным» концепциясы, В. Синельниковтың «ниет күші» теориясы, Н. Правдинаның жетістік психологиясы, Н. Козловтың өзара қарым-қатынастарды реттеуге бағытталған әлеуметтік практикалық психологиясы, С.Коноваловтың «Адам – ақпараттық-қуаттық жүйе» концепциясы және Крайонның (Ли Кэрролл) метафизикалық ілімі мен дуализм теориясын айтуға болады. Адамзаттың өзіндей көне ақиқат пен табиғи білімдердің замана ерекшелігіне сай өңделіп, тасымалдануын қамтамасыз ететін инновациялардың жаңа дәуір адамын қалыптастыру үрдісіндегі маңызы зор. Педагог-психологтың акмеологиялық қызметті жүзеге асыруы заманауи инновациялық білімдерді тарату траекториясын кеңейтуге әрі қоғамдық ой-санаға жаппай әсер ету тиімділігі мен креативтілік дамуына қол жеткізуге мүмкіндік береді [1]. Инновациялық білімдерді тарату (ғылыми-педагогикалық басылымдар және семинар-басқосулар) әлеуметтік ортадағы адамдармен бетпе-бет жүздесу арқылы олардың кеңістік қағидаларымен танысып, қабылдауына, сол арқылы қоғамдық сананы қалыптастыруға оң ықпал етеді. Осы қызметтердің қай-қайсысы да қойылған мәселені шешуге мүмкіндік туғызады. Мұнда акмеологиялық білімнің маңызы зор. Акмеологиялық білім – тұлғаның белгілі жүйедегі пікірлері, деректері мен ғылыми мәліметінің толығы негізінде өзін-өзі жетілдіруі, өзіндік танымын қалыптастыруы, кәсіби шеберлік шыңына жетуі туралы ұғымдар жиынтығы. Тұлға дамуында шектелу, кедергілер көрініс беретін болса, олифанганизм құбылысы болуы мүмкін. Инфанганизм – (*infantilis* латын тілінен шыққан – балалық) – тұлғалық дамудағы жетілмегендік, дамудың белгілі бір жас кезеңінде шектеліп қалуы. Инфанганизм түрлері: физиологиялық инфанганизм (дене дамуының медициналық, физиологиялық кешеуілдеуі); психологиялық инфанганизм (тұлғалық қалыптасудағы кешеуілдік); әлеуметтік инфанганизм (адамның жаңа міндеттемені сезініп қабылдауының даму, жетілу үдерісінен кешеуілдеуі).

Акмеология мәселесі бойынша көптеген ғалымдар айналысқан. Акмеология ғылымының негізін салушы Н.А. Рыбников, Б.Г. Ананьев, олардың қатарында акмеология ғылымын зерттеуге өз үлестерін қосқан А.А. Деркач, А.А. Бодалев, Н.В. Кузьмин, А.М. Зимичаев, Н.И. Конюхов, В.П. Бранский, С.Д. Пожарский және т.б. Қазақстандық зерттеуші ғалымдар Б.А. Тұрғынбаева, Л.К. Көмекбаева және т.б. ғалымдар бар.

«Акме» кәсіпкерліктің шыңы, жұмыстың жоғары нәтижелерінің тұрақтылығы мен сенімділігі. Алайда, бұл акмеологиялық факторларды іске асыру үшін күшті қозғаушы себептер қажет. Бұл себептер жетістікке жетудің түрткілері (мотивациясы) болуы мүмкін. Осындай себептердің бірі – креативтілікті дамыту болып табылады. Шығармашылық – дамуының көрсеткіші креативтілік болып табылады. Психологиялық зерттеулерде креативтілік ұғымы индивидтің жеке және ақыл-ой ерекшеліктерін, мәселелерді дербес шеше алуға қабілеті бір тума ойлардың туындауы және оларды шеше білу кешенімен түсіндіріледі. Креативтілікті индивидтің тұлғалық ерекшеліктерімен сабақтасқан кешен деп қарастыру қажет. Шығармашылық тапсырмалар тұлғаның креативтілік дамуына, қиялды, образдық – ассоциациялық ойлауды, есті белсендіріп, байқампаздықты, интуицияны тәрбиелеп, адамның ішкі әлемінің қалыптасуына себепші болады. Интеллектуалдық белсенділіктің креативтілік деңгейіндегі адамдар құбылыстардың себептерін түсінуге тырысады, ал бұл өз кезегінде зерттеудің жаңа мақсаттарына айналады, талдау үрдісін тереңдетеді. Болашақ мамандардың интеллектуалдық капиталы осы көрсетілген барлық талаптардан тұрады. Бұл жоғары технологияларды күнделікті қолдану сияқты талаптарға сай болуы керек [2]. Педагогика мен психологияға деген қызығушылық арқылы адамның креативтік қабілетін ашуға, оның шығармашылық ойлауын қалыптастыруға болады.

Тұлғаны креативтілікке жетелейтін мотивтер туралы білімдерді меңгеру аса маңызды. Мотив (лат. moveo – қозғаушы, итермелеуші) – адамды белгілі бір іс-әрекетке бастайтын ішкі субъективті себеп, оның қажеттіліктері мен мүдделерін жетілдіруге бағыттайтын саналы, мақсатқа сай әрекет. Мотивациялау – адамда, белгілі бір мотивтер туғызып, олар адамға іс-әрекет жасататын процесс. Мотивация ережелері: Қызығушылық тудыру; үйренушілерді ұдайы мақтап, қолпаштап қолдап отыру; жүргізуші (мұғалім) өзі де шабыттанып, сол көтеріңкі күйін үйренушілерге көрсету; таңдауды әрдайым үйренушілердің өздері жасаған жөн. Мотивация тудыратын әрекеттер (жігерлілік, адамгершілік, өз сөзінде тұру, ұмтылушылық, бағыттылық, мақсаткерлік, төзімділік, жетістікке жету). Ынталандыру дегеніміз – адамның ішіндегі белгілі ынталарды оята отырып, оны нақты іс-әрекеттерге ұмтылдыру мақсатымен адамға әсер ету үрдісі. Ынталандыру адамды басқарудың негізін құрайды. Ал, сәттілік – жетістікке жетуге кеткен белсенді уақыттың оң нәтижесі. Себебі белсенділік танытылғанда ғана нәтиже болады, ал сол нәтиженің оң болғандығына сәттіліктің тікелей қатысы бар. Белсенділік түрлері: әлеуметтік, ақыл-ой, танымдық болып бөлінеді [3].

Психологтардың пікірінше, өзіндік сана кең ұғым, өзіндік санадан әрқашан өзін-өзі тану шығады. Өзіндік сана мен өзін-өзі танудың бір емес екенін атап айту қажет. Әдетте зерттеушілер өзін-өзі танудың өзара бірлікте қарастырылатын екі негізгі компонентін бөліп көрсетеді: 1) өзін білу; 2) өзіне деген көзқарас. Ал, И.И. Чеснокова өзін-өзі танудың үш компонентін: өзін-өзі тану, өзіне эмоциялық-құндылық қатынастың және тұлғаның мінез-құлқын өзі реттеуінің бірлігінде түсінуді ұсынады. В.Г. Маралов бойынша өзін-өзі тану – өзіндік тәжірибені меңгеру құралы: адам өзін-өзі тануда тұлғалық өсу қабілетін, өзін-өзі жетілдіру және дамыту, өмір қуанышын сезіну, өмір мәнін түсіне алуы.

Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі бәрімізге аян. Қазіргі білім беру бағдарламасына кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға бағытталған арнайы құзіреттіліктерді қалыптастыратын пәндер модулі осы мақсатта енгізілген. Бірлескен іс-әрекеттің тиімділігі, көбіне жеке тұлғалық және топтық мүмкіндіктердің қолайлы жүзеге асуына байланысты. Ұжымдағы қолайлы іс-әрекет тек оның нәтижелерінің өнімділігіне ғана әсер етпейді, сонымен бірге адамды қайта қалыптастырады, оның жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Осыған байланысты өзара әрекеттесудің стилін үйлесімді ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Акмеология ғылымы жеке тұлғаның сәттілікке жету жолдарын да қарастырады. Сәттілік жағдайын келесі түсініктерді басшылыққа алу арқылы қалыптастыруға болады: басты назарды жұмыстың сәтті шыққан жақтарына аударып, өз тәжірибесіне еншілеуге дағдылану; жіберген қателіктерді кемшілік ретінде қабылдамай, оларды үйренудің заңды көрінісі деп түсіну; адамдармен жылы қарым-қатынаста болу; әр адам өзінде жеңімпаз сезімін қалыптастыру [4].

Бүгінгі студент, ертеңгі маман – осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы; жедел шешім қабылдаушы; ерекше ұйымдастырушылық қабілетті болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Осы орайда, «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» – деген Ж. Аймауытовтың сөзін айта кету артық болмас. Болашаққа бағдар жасаған баянды істерді бағындыруда креативтілікпен еңбек ету біз үшін үлкен мақсат. Демек, акмеология ғылымы кәсіби дамуды басқару мәселелерін, оның жас ерекшелігіне әсерін, қызығушылығын арттыратын, өз бетінше жетілдіру, креативтілікті кәсіби қызметтің шарықтау шегіне дейін жеткізетін саланы қамтиды.

Әдебиеттер

- 1 Орбан Л.Э. Акмеологическая концепция нравственного становления личности.— М., 2012.
- 2 Климов Е. А. Психология профессионала. — М.: Воронеж: МПСИ, 2011.
- 3 Фельдштейн Д.И. Психология развивающейся личности. — М.:Воронеж., 2014.
- 4 Төребаева К.Ж., Есенғұлова М.Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика. Алматы, 2015.

Мурзакулова А.Г.

(КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы)

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ СТРУКТУРЫ ОБРАЗА «Я-МАТЬ» СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН

Материнство является темой, количество издаваемой литературы по которой стремительно растет. В зарубежной психологии феномен материнства изучается в рамках разных подходов: психоаналитического (Дж. Боулби, М. Малер, Д. Виникотт, Д. Пайнз); этологического (Р. Докинз, Р. Триверс, Т. Карлайл); концепции социального научения (Р. Сирс, Дж. Гервиц, У. Бронфенбренер). В разработку психологии материнства большой вклад внесли такие психологи и психиатры, как В.И. Брутман, Д.А. Медведев, И.В. Добряков, Г.Г. Филиппова, И.Ю. Хамитова, Овчарова, Эйдемиллер и др. Отдельные аспекты психологии материнства в рамках перинатальной психологии так же изучают Г.И. Брехман, Ж.В. Колесова, Л.В. Наумова, О.В. Баженова, Т.М. Зенкова, Л.Л. Баз. Проблемы бесплодия, аборт, суррогатного материнства изучают Н.В. Шабалин, В.Т. Волков, А.А. Пестрикова. О психологической готовности к материнству пишут такие авторы как В.В. Ивакина, И.А. Аленова, И.П. Каткова, С.Ю. Мещерякова, Ю.Е. Скрамная.

Восприятие себя как матери или образ «я-мать» является частью «я-концепции» женщины. «Я-концепция», согласно Джеймсу, имеет три компонента – когнитивный, эмоциональный и поведенческий компонент. Когнитивный компонент включает в себя представления о своем характере, своих способностях, качествах. Эмоциональный компонент состоит из переживаний человеком своих представлений о себе, самооценки, самоуважения, себялюбия или любви к другим и т.д. Поведенческий компонент представляет собой действия, которые предпринимает человек, исходя из системы представлений о себе, социальные установки в отношении себя и окружающих.

Если говорить о восприятии женщиной себя как матери (образа «я-мать»), здесь можно выделить те же компоненты, только с поправкой на их направленность. Это хорошо отразила Мягкова в своей модели идеального материнства. Согласно Мягковой [1] когнитивный компонент материнства состоит из представлений о материнстве, материнских позиций и установок, материнских ценностей и материнского отношения. Эмоциональный компонент материнства состоит из материнских чувств, материнских переживаний и материнской любви. Поведенческий компонент материнства представляет собой совокупность стиля воспитания, материнской ответственности и материнской роли.

Представления о родительстве в целом и о материнстве в частности формируются на трех уровнях: уровень общества, уровень собственной семьи, индивидуальный уровень [2].

Уровень общества – тип родительской любви и родительского отношения, который считается универсальным и общепризнанным, на самом деле является продуктом специфических исторических условий. Родительское отношение к детям связано с общими ориентациями культуры и собственным прошлым опытом родителей [3].

Уровень собственной семьи – влияние семейных условий на представления об идеальном родителе, особенности коммуникативного опыта, полученного в детстве. Одна из важнейших закономерностей – неосознанная тенденция повторять модель отношений своих родителей в собственной семье. Психологический механизм этого процесса следующий: человек усваивает путем неосознанного подражания поведения значимых для него людей по отношению друг к другу [4]. Если говорить о материнстве, то девочка обучается своей будущей роли, мысленно отождествляя себя со своей матерью [5].

Индивидуальный уровень (уровень личности) — влияние личностного фактора на представления об идеальном родителе.

В целом, достаточно развернуто структуру материнства представила Филиппова [6], выделив пять блоков готовности к материнству. Данные блоки отражают все уровни формирования представлений о материнстве:

1. Личностная готовность — общая личностная зрелость и личностные качества, необходимые для эффективного материнства.
2. Адекватная модель родительства, оптимальные родительские установки, воспитательские стратегии, материнское отношение.
3. Мотивационная готовность – зрелость мотивации рождения ребенка, когда ребенок — не средство полоролевой, возрастной или личностной самореализации женщины, средство удержания партнера или достижения определенного социального статуса.
4. Сформированность материнской компетентности –наличие необходимых знаний о психическом и физическом развитии ребенка, навыки воспитания, обучения, способность к совместной деятельности, способность к адекватному реагированию на проявления ребенка.
5. Сформированность материнской сферы – обеспечение матерью адекватной заботы о потомстве.

Для изучения восприятия образа «я-мать» современных казахстанских женщин использовались следующие методики:

- опросник «Представление об идеальном родителе» Овчаровой
- опросник «Сознательное родительство» Ермихиной
- опросник родительской любви и симпатии Милуковой

В исследовании приняло участие 100 женщин в возрасте от 24 до 63 лет. 65% составили женщины в возрасте от 30 до 40 лет. 74 % состоят в зарегистрированном браке, 6% состоят в гражданском браке, 4% имеют постоянного партнера, но не проживают совместно, 16% респондентов не имеют постоянного партнера на данный момент времени. В исследовании принимали участие женщины с детьми: 24% имеют 1 ребенка, 47% - 2 детей, 21% - 3 детей, 4% - 4 детей и еще 4% респондентов имеют 5 детей.

Респонденты определили, что лучше всего в семье им удастся реализовать роль жены, матери, женщины, хозяйки и семейного менеджера.

«Представление об идеальном родителе». Представление об идеальном родителе, так же как образ «я» и образ «я-мать» имеет три компонента: когнитивный, эмоциональный и поведенческий. Данный опросник позволяет оценить значение каждого компонента в структуре восприятия образа родителя.

Опросник «Представление об идеальном родителе» респонденты заполняли дважды: в первом случае согласно оригинальной инструкции необходимо было выбрать утверждения, которые наиболее подходят идеальному родителю. Во втором случае респондентам необходимо было дать описание себя как родителя. Целью было определение различий между предполагаемым образом идеального родителя и восприятием себя как родителя. Испытуемый может набрать от -54 до +54 баллов (3 компонента, 18 пар качеств в каждом, максимальная оценка каждого качества - 3 балла). В результате были получены шкалы, отражающие значения когнитивного, эмоционального и поведенческого компонентов представлений о родителе. При обработке данных значимых различий между идеальным и реальным родителем в показателях когнитивного и эмоционально компонентов обнаружено не было. Можно предположить, что родители стараются соответствовать имеющемуся внутреннему идеалу. Однако были выявлены существенные различия в поведенческом компоненте. Поведенческий компонент восприятия родителя включает в себя субъективную оценку таких действий как воспитание, опытность родителя, количество проведенного с ребенком времени, готовность жить для ребенка или предпочтение жить для себя, похвала, опека, потакание капризам ребенка, помощь ребенку, степень возможности влияния на ребенка и др. То есть, в результате были обнаружены различия в представлениях о том как должен вести себя родитель в идеале и как он ведет себя в реальности (критерий Вилкоксона -4,748, асимптотическое значение 0,000).

Методика «Сознательное родительство» Ермихиной. Данный опросник реализует системный подход к оценке себя как родителя, родительских установок и ожиданий, отношения, чувств, позиций, ответственности, стиля семейного воспитания; к оценке источников знаний и представлений о родительстве. При индивидуальной диагностике используется для констатации осознанности родительства. Чем выше оценка по конкретной шкале, тем выше уровень осознанности конкретного компонента родительства [7].

Наиболее высокие показатели были выявлены в шкале «родительское отношение», наименьшие показатели были выявлены в шкале «родительские позиции». Шкала «родительское отношение» отражает убеждения относительно искренности отношений с детьми и супругом, доброжелательность, снисходительность, способность признавать свою неправоту в отношениях, согласование своих планов с планами других членов семьи, зависимость счастья ребенка от проявленного родителем интереса к его

делам. Шкала «родительские позиции» отражает отношение родителя к мнению ребенка, сотрудничество с ребенком, умение родителя настоять на своем, а также уважение к статусу родителя.

Опросник родительской любви и симпатии Милюковой. Данная методика состоит из двух частей. Цель первой части методики определить преобладающее у родителя чувство по отношению к ребенку – любовь или симпатия. Среди респондентов преобладает чувство любви по отношению к своему ребенку (среднее значение 35,12, при максимальном значении 40). Вторая часть опросника имеет целью выявления преобладающего компонента родительского отношения [8]. Всего выделено четыре компонента:

- биологический компонент – биологически обусловленная способность любить своего ребенка),
- эмоционально-чувственный компонент – отвечает за налаживание эмоциональных взаимоотношений между родителем и ребенком, включает в себя переживания и предчувствия, эмоции, чувства, отличающиеся отчетливостью и осознанностью, включает переживание или осознаваемое «ощущение родительской любви».
- Когнитивный компонент – представления о том, что такое родительская любовь и способы ее выражения, контроля, регулирования, а также знание интересов, желаний, потребностей, особенностей поведения и личности ребенка.
- Поведенческий компонент – проявление родительской любви в реакциях, действиях и поступках родителя.

В порядке убывания среди испытуемых компоненты проявлены следующим образом: поведенческий компонент (4,79), биологический компонент (4,48), эмоционально-чувственный компонент (4,47), когнитивный компонент (4,05).

Таким образом данная методика выявила, что среди респондентов преобладает чувство любви к своему ребенку, которая в первую очередь проявляется через поведенческий компонент родительского отношения.

Результаты. Образ «я-мать» имеет три компонента – когнитивный, поведенческий, эмоциональный. Выбранные методики позволили оценить каждый из указанных компонентов с разных сторон. В первую очередь необходимо отметить, что в семье женщины воспринимают себя не только в роли матери, но и в роли жены, женщины, хозяйки и семейного менеджера. Исследование представлений женщин относительно образа идеального родителя и реального родителя так же дало возможность качественно и количественно оценить каждый компонент. Было выявлено, что существенные различия имеются только в поведенческом компоненте восприятия образа идеального и реального родителя, тогда как различий в эмоциональном и когнитивном компонентах обнаружено не было. Методика «Сознательное родительство» помогла выявить уровень осознанности родительства. Наиболее высокие показатели были выявлены в шкале «родительское отношение». Методика «Опросник родительской любви и симпатии» выявила, что среди респондентов преобладает чувство любви к своему ребенку, которая в первую очередь проявляется через поведенческий компонент родительского отношения.

Литература

1. Мягкова М.А. Психологические особенности одинокого материнства // Вестник Сургутского государственного педагогического университета. 2011. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-osobennosti-odinokogo-materinstva> (дата обращения: 27.01.2020).
2. Ильин Е.П. Психология взрослости. Питер, 2012 – 544 с.
3. Овчарова, Р.В. Психология родительства: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений [Текст] / Р.В. Овчарова. – М.: Академия, 2005. – 368 с.
4. Радостева А.Г. Влияние семейных отношений на родительские установки. Фундаментальные исследования. – 2013. – № 8 (часть 5) – С. 1238-1242
5. Шутценбергер, А.А. "Синдром предков: Трансгенерационные связи, семейные тайны, синдром годовщины, передача травм и практическое использование геносоциогаммы. Изд-во Института Психотерапии, 2019. – 256 с.
6. Филиппова Г.Г. Психология материнства М.: Изд-во Института психотерапии, 2002. 240 с.
7. Ермихина, М.О. Формирование осознанного родительства на основе субъективно психологических факторов [Текст]: дис. ... канд. психол. наук / М.О. Ермихина. – Казань, 2004. – 168 с.
8. Милюкова Е.В. Формирование когнитивного, эмоционального, поведенческого компонентов родительской любви: автореф. дис. канд. психол. наук / Е.В. Милюкова. – Екатеринбург, 2004. – 27 с. 5..

3-СЕКЦИЯ

Т.Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

ИССЛЕДОВАНИЕ ТВОРЧЕСТВА АБАЯ В ТРУДАХ Т.Т. ТАЖИБАЕВА

Түрікпенұлы Ж.

(КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы)

ТУҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒА (Академик Т. Тәжібаев феномені)

Тәжібаев Төлеген 1910 жылы 23 ақпанда қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс ауданы Сүткент ауылында дүниеге келген. 1917 жылдың аштығы мен індеті Тәжібаевтар жанұясына да оңай тимеді. Жеті жасар Төлеген әке-шешесінен, туған-туысқандарынан айырылып, тұл жетім қалды. Арыс теміржолшысы, ақпейіл, қайырымды жан И.Ф.Кабанов кездеспегенде, оған жарық дүниені көруі екі талай болатын. Үй іргесінде аштықтан әлсіреп жатқан баланың аузына су тамызып, елімнен арашалап, бесінші баласы етіп тәрбиелеу – тек нағыз ізгі жанды адамдардың қолынан ғана келерлік іс.

Төлеген көп кешікпей мектепке барып сауатын ашты, сабақты өте жақсы оқыды. Кейін Арыс қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленді. 1928 ж. Шымкент педтехникумын үздік бітіріп, бірер жыл қызмет істегеннен кейін, Мәскеудің Н.К.Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясына жолдама алады. Төлеген осы оқу орнындағы мектеп бөлімін 1935 жылы үздік бітіріп шығады да, сол жылы психология кафедрасының аспирантурасына қалдырылады. 1939 жылы Ленинградта белгілі кеңес психологы А.В.Веденовтың жетекшілігімен «К.Д.Ушинский – Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Диссертацияның ресми оппоненттері профессорлар Ш.Гакелин мен Б.Ананьев оның еңбегін өте жоғары бағалайды. Кейін КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясының толық мүшесі болған профессор Б.Ананьев Тәжібаевтың сондағы зерттеулері жөнінде былай деп жазған: «Тәжібаев психология тарихында тұңғыш рет Ушинскийдің педагогикалық теориясының психологиялық негіздері жөнінде мәселе көтерген. Ол орыстың ұлы педагог ғалымына шынайы сүйіспеншілікпен қарап, оның мұрасын асқан мұқияттылықпен терең зерттей алған».

Жастайынан қалыптасқан зор ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында оған 40-жылдардың өзінде-ақ аса жауапты қоғамдық – мемлекеттік, дипломатиялық қызметтер атқаруға тура келді. Мәселен, 1940 жылы 30 жасар Төлеген республика Оқу халық комиссарының бірінші орынбасары қызметіне жоғарылатылды. Бір жылдан кейін ол Қазақ КСР Оқу халық комиссары болып тағайындалды. 1941 жылдың күзінде, жас ғалым, іскер азамат, Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасарлығына көтерілді. Осы қызметте Төлеген 1944 жылдың тамызына дейін боды. Мұнан кейін Тәжібаев Қазақ КСР Сыртқы істер министрі болып тағайындалды (1944-1957 жж.). Сонымен қатар 1948-1953 жылдар арасында Қазақ Мемлекеттік университетінің ректоры болып істейді. 1954 жылдың қазанында Төлеген Тәжібаев Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне қайтадан тағайындалды. Т.Тәжібаев біраз жыл дипломатиялық қызметтерде де болды. 1955-1958 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымына кеңес делегациясы басшысының орынбасары,

ал 1956, 1957 жылдары делегация мүшесі ретінде Нью-Йоркке төрт рет барды. 1957-1961 жылдары дипломатиялық қызметке ауыстырылып, КСРО елшісінің кеңесшісі ретінде Үндістанда болды.

Т.Тәжібаев 1938-1964 жылдары арадік үзілістермен ҚазПИ мен ҚазМУ-де ұстаздық етті. Осы жылдар ішінде оның қаламынан бірнеше монографиялар, оқу құралдары, жүзге жуық ғылыми мақалалар жарық көрді. Бұл еңбектерінде психология мен педагогиканың теориясы мен тарихы, мораль, этика мәселелері, Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің даму сатылары туралы сөз болады. Ол 1949 жылы профессор атағын алды, ал 1954 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды.

1939-1940 жылдары «Халық мұғалімі» журналының беттеріндегі үзбей жарияланған мақалаларында сол кездердегі психология ғылымының көптеген теориялық көкейкесті мәселелері, классикалық психологияның тарихы, оның даму, қалыптасу жолдары жан-жақты талдауға алынды.

Оқулық стилімен жазылған бұл мақалалар қазақ мұғалімдерінің психология ғылымы саласында тиянақты да толық білім алуына көп көмегін тигізді. Төл тілімізде психологиялық еңбектер жазу арқылы Тәжібаев бұрын әр жерде шашырап, белгілі жүйеге түспей жүрген қазақша психологиялық терминдерді бір қалыпқа түсіріп, олардың ғылыми жүйеге келуіне үлкен көмегін тигізді. Төлегеннің осы мақалалары психология ғылымының қазақ тобырағында шешек атып, гүл жаруына, қанаты қатайып, бұғанасының беки түсуіне, сөйтіп іргетасының қалануына ерекше ықпал жасады.

Тәжібаев еңбектерінің біразы халқымыздың ғұлама перзенттері Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың психологиялық және педагогикалық көз-қарастарын зерттеуге арналған. Ол, әсіресе, Абайдың психологиялық көзқарастарын көп жылдар бойына сарыла зерттеген еді.

Бұл жөнінде бірнеше еңбектер жазды. Осылардың ішіндегі қомақтысы 1965 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің дамуы» атты монографиясы. Бұл ғылыми еңбегінде Тәжібаев Абайдың әлеуметтік-философиялық көзқарасына жан-жақты талдау жасай келіп, оның психологиялық ойлары мен пайымдауларына тоқталады. Ғалымның тұжырымдауынша, Абай тек асқан ойшыл, кемеңгер ақын ғана емес, ол сонымен бірге қазақтан шыққан ірі философ, халқының психологиялық білімдер жүйесін жасаған ғұлама. Байырғы қазақ тілінің сарқылмас бұлағынан сусындай отырып, Абай ұлттық психологиялық ұғымдардың негізін қалады. Ол қазақтың жазба әдеби тілінің негізін қалаумен ғана шектелмей, сонымен қатар ұлттық философиялық және психологиялық білімдер саласына қатысы бар ұғым түсініктерді саралап, бұлардың ғылыми жағынан пайымдалуы жолында көп тер төккен ойшыл болғандығын дәлелдеді.

Абайдың психологиялық көзқарастары жайлы кезінде Т.Тәжібаев жасаған түйіндер соңғы кездері жүргізілген зерттеулерде одан сайын тереңдетіле, айқындала түсті. Абай еңбектерінде келтірілген психологиялық ұғымдардың көпшілігі өздерінің ғылыми мәні жағынан қазіргі психология ғылымында қолданылып жүрген атаулардан оншама алшақ кетпейді. Т.Тәжібаевтың Абайдың психологиялық мұоалаы жөніндегі болжамдары мен пікірлерінің ғылыми тиянақтылығын кезінде кешегі Кеңес Одағының психологтары жоғары бағалаған еді. Мәселен, көрнекті орыс психологы М.В.Соколов: «Қазақтың әдеби тілінің негізін қалаған Абай Құнанбаевты психологиялық жағынан зерттеу басталды, мұны алғаш қолға алушылардың бірі Тәжібаев болды», -деп жазғанды.

Т.Тәжібаев – ұлттық мінезбен қазақ халқының психологиясына, мәдени мұрасына байланысты да қалам тартқан ғалым. Мамандығы бойынша психолог бола тұра Төкең, әсіресе, халқымыздың педагогикалық ой-пікір тарихын зерттеу ісінде деөзін аясы кең, алымы қарымды, білімі мол ғалым екендігін байқатты. Бұған 1962 жылдың желтоқсанында Ленинград пединститутының ғылыми Кеңесінде қорғаған «ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда халық ағарту ісі, мектеп пен педагогикалық ой-пікірдің дамуы» атты докторлық диссертациясы дәлел бола алады. Ол осы тақырыптың тәңірегінде үш үлкен монография жазып қалдырды.

Ғалымның жарқын бейнесі жайында осындай ой тербете отырып, оның тамаша ұстаздығымен қатар күміс көмей, жез таңдай шешен болғандығын да айта кеткен жөн. Тәжібаев ширек ғасырдай уақыт бойына Алматының жоғары оқу орындарында психология, педагогика пәндерінен дәріс берді деп жоғарыда айттық. Оның лекциялары мазмұны жағынан аса терең, ғылыми өрісі кең, тыңдаушысына өте әсерлі болатын. Тәжібаевтың ойлау, сөйлеу мәдениеті аса жоғары еді. Ол өз лекциясының сырттай жүп – жұмыр болумен қатар оның жинақы, арқауы берік, ауқымы кең, мейлінше мазмұнытерең болуына баса назар аударатын. Оның байсалды, биязы да майда қоңыр даусы тыңдаушыларын тез баурап алып, жұртты әр сөзін ұғып алуға ынтықтырып отыратын. Ғалымның осы

өзгеше қасиеті жайында оның бала кезінен бергі жан жолдасы, профессор Мәулен Балақаев былай дейді: «Үлкен педагог, әрі дипломат, академик Төлеген Тәжібаевтың жүзі қандай жарқын болса, ойы да сондай айқын, сөзі де сондай майда, сыпайы әрісалмақты болатын. Біреумен сөйлесе кеткенде, оның сөзінен білімді, мәдениетті адам екені бірден сезілетін. Алғашқыда әдемі көрінетін кейбіреулермен жақындаса келе, бұл қасиеттер олардың бойына дарымағандығын, әлгі әдептілігінің жасанды, бірде олай, бірде бұлай болатыны аңғарылатын. Төлеген Тәжібаевтың ізеттілігі оның әбден қанына сіңген табиғи қасиеті еді».

Төлеген Тәжібаевтың жетекшілігімен онға жуық адам кандидаттық диссертация қорғады, езі талай диссертанттың ресми опспспснті болды. Республикада 1962-1964 жылдарда өткізілген педагогикалық, психологиялық конференциялардың ойдағыдай өткізілуіне ерекше ат салысты, Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің жанындағы ғылыми-методикалық кеңестің төрағасы болды. Сонымен қатар Т.Тәжібаев көптеген партия кеңес - әртүрлі қоғамдық қызметтер атқарды. 1947-1951 жж. 1954-1959 жылдары Қазақстан КП ОК-нің мүшесі, Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесінің 2, 3, 4-ші шақыруларының депутаты болып сайланды. 1941-1957 жылдары Қазақстан үкіметінің тұрақты құрамында болды. Республикадағы «Білім» және педагогика қоғамдарының төрағасы, көптеген ғылыми көпшілік журналдардың редколлегия мүшесі болды.

Отан, халық алдындағы еңбектері бағаланып, көптеген ордендер, медальдар, Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Халқымыздың аса дарынды ұлы Төлеген Тәжібаев туралы онымен көп жылдар бойына қызметтес болған, еліміздің ерекше, біртуар перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өзінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» (Алматы, «Санат», 1994) атты естелігінде өзінің аса талантты замандасы туралы былайша тебіренген екен: «Төлеген Тәжібаев қазақтың белгілі ғалымы, үлкен қоғам қайраткері еді. Ол кісімен Халық Комиссарлар Кеңесіне қызметке ауысып келген тұста таныстым. Бірден бауыр басып кеттік. Ол кезде Халық ағарту комиссары еді... Тәжібаев қоғамдық, мемлекеттік қызметті зор ғылыми – зерттеу жұмыстарымен ұштастыра білген оқымысты. Психология саласындағы зерттеулері қазақ топырағында осы ілімнің дамуына, оның дұрыс қалыптасуына ізгі ықпалы тиді».

Төлеген Тәжібаев 1964 ж. Маусым айында ауыр науқастан дүние салды.

Төкеңнің құдай қосқан қосағы Әзиза Шамухаметқызы 1994 жылы 81 жасында дүние салған. Ол кісі Төкеңмен бірге Ленинград пединститутын тәмамдаған. Алматы жоғары оқу орындарында психология пәнінен ұстаздық етті.

Екеуінен жалғыз ұл – Ерлік, 1991 жылы 52 жасында қайтыс болды. Мамандығы экономист-инженер болатұғын. Ол екі рет үйленген. Бірінші әйелі Тамара Нұрмағамбетқызынан Еркежан, Асқар атты екі ұл бар. Тамара олардан бес немере сүйіп отыр. Еркежан Ішкі істер қызметінде, аға офицер, Асқар ҚР Сыртқы істер министрлігінің қызметкері. Ерліктің екінші әйелі Мұтағанымқызы Айманкүлден Бақытжан атты ұлы бар, ол студент.

Жұмабекова Қ.Б.

(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

АБАЙДЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Заманына қарай – адамы» деп ұрандап жатамыз. Яғни бұл - ғасырлар бойы өзіміз құрастырып жасап, сол құраманың ішінде тіршілік етіп жүрген әлеміміздегі қарбалас сәттерге қаратып айтылған ұран сөз іспеттес. Ескі көзге немесе тарихқа үңіле келе көптеген жайттар мен іс-әрекеттерді өз қоғамымызға сәйкестендіріп, салыстырып, талдап жатамыз. Сол тарихқа көз жүгіртсек, Абай сынды кейіпкерлеріміздің бейнесін табатынымыз сөзсіз. Ұлы ғұлама Абай туралы екі ғасырға жуық ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан сансыз ойлары мен еңбектері өз құндылықтарын жоғалтқан емес. Оның даналық данқы ел шекарасынан асып, талантты тұлғасы бүкіл әлем игілігіне айналды. Оның ойлары – еркін Қазақстанның қазіргі заманғы философиясына қаланған кірпіштер. Себебі, әр ойы мен мол мұраға толы еңбектері, құлшынысы мен өз қоғамына сіңірген әрекеттері бүгінгі күнге жетелейтін алтын көпір.

Абай бейнесін ең алдымен Мұхтар Әуезовтың бүкіл әлем мен ұлтқа әйгілі «Абай жолы» романынан танимыз. Сонымен қатарласа сипат беретін Абайдың қаламынан танылған еңбектері.

Әуезовтың романында басты жағымды кейіпкер - ол, әрине, Абай. Нақты тарихи тұлға, халық арасында өзінің ақыл-ойының, білімділігінің, адалдығының және белсенді азаматтық позициясының арқасында еңсерілмейтін беделге ие болған көрнекті тұлға. Әуезовтың алдында ақынның куәгерлері, жақындары мен достарының естеліктері бойынша мінсіз, үлгілі көрінген адам тұрды. Мұндай бейне сол дәуірдегі, яғни кеңестік идеологиялық насихатпен дамыған жалпы қабылданған нормаға сәйкес келді.

Абайдың басқарушылық бейнесі - бала күннен көріп өскен әрбір оқиғалардан, қатал әкесінің қатаң келбеті мен шығарған әділетсіз үкімдерінің сипатынан, жылдар бойы жинақтаған тәжірибесінің бөліктерінен құралған бейне.

Абай өзін-өзі ұстау мен өзін-өзі басқаруда ерік қайраттың және оның адам өмірінде алатын орнына ерекше мән берген, әркімнің өзін-өзі билеуі, өзінің мінез-құлқын басқаруы, мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңуі - бәрі де ерік қызметінің нәтижесі. Сондықтан ол былай кеңес береді: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал. Өмірді қалай өткіздің, не білімге, не дүниеге жарамсыз қылық үш нәрсе бар, содан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық деп білесің. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниенің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады». Міне, әр оңды әрекеттерді жоқ қылатын көлеңкелі кеселдерді жеңе білуге насихаттап отырғандығын аңғарамыз.

	19-24- 16 %		19-24- 14 %
	14-18 - 12 %		14-18 - 16 %
	9-13 - 16 %		9-13 - 15 %
	4-8 - 17 %		4-8 - 17 %
	3-0 - 14 %		3-0 -10 %

Әдістеменің жоғары деңгейде, мұнда сыналұшылар қарым-қатынасқа түсушілігі өте жоғары. Үнемі бәрінен хабардар. Кез келген пікірталастарға қатысады, бірақ та қиын тақырыптар мазасыздандырады. Кез келген сұрақ бойынша жанама мәлімет біліп, сөз алады. Кез келген жерде өздерін қолайлы ұстайды. Кез келген әрекеті сәтсіз аяқталса да қолына алады. Сондықтан да әріптестері және басшысы сенімсіздікпен қарайды. Осы жайт жайлы ойлану керек.

Қорыта келе, қарым-қатынас - ол тұлғаның өміріндегі негізгі рухани, адамгершілік, білім қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталады. Осындай қажеттіліктерді өтеуге қарым-қатынастың мәнерлі белгілері мен құралдарын меңгеру негізгі міндеттерді атқарады. Жеке адам қоғамдық өмірде тіршілік етіп, өзге адамдармен қарым-қатынас жасайды. Осындай әрекеттеріне сәйкес жеке адамның тұлғалық сипаттары, қадір қасиеттері, іс-әрекет жасау қабілеттері қалыптасады. Тұлғаның кісілік қасиеттері мен даралық ерекшеліктері оның іс-әрекеттегі белсенділігінің өрістеуіне ықпал етеді. Біріккен іс-әрекеттің тиімділігі, көбіне жеке тұлғалық және топтық мүмкіндіктердің қолайлы жүзеге асуына байланысты болады. Топтағы қолайлы ахуал тек оның нәтижелерінің өнімділігіне ғана әсер етпейді, сонымен бірге адамды қайта қалыптастырады, оның жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Осыған байланысты өзара әрекеттесудің стилін үйлесімді ету қажеттілігі туындайды. Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Қарым-қатынастан және қоғамнан тыс адам салыстырмалы түрде өзіндік адами қасиеттерін жылдам жоғалтады. Адамдардың ортақ нәтижеге қол жеткізу мен қатынасты жақсарту мақсатындағы олардың күшін біріктіруге және келісімге келуге бағытталған екі немесе одан да көп адамның өзара әрекеттесуі қарым-қатынас болып табылады. Сондықтан қарым-қатынас әлеуметтік байланыстың негізгі құралы.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» Жолдауы, Астана қ., (19.03.2004)
- 2 Х.Т.Шерязданова, Л.К.Ермекбаева, И.Ә.Абеуова, Р.Е.Алибаева, Қарым-қатынас психологиясы. А.,-2012.
- 3 Олпорт У. Личность в психологии. М.,-2005. – 390 с.
- 4 С. Елеусізова, Қарым-қатынас психологиясы. А.,-1995
- 5 Алдамұратов Ә. Жалпы психология. Алматы.: 1996.

Макашқұлова Г.Б., Әділова М.Ж., Әмірбек Ж.Б.
(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Құзыреттілік» ұғымы алғаш рет АҚШ-та 1960-шы жылдары еңбек нарығында табысты бәсекелесе алатын мамандарды дайындауда білім беру контекстінде қолданылып, жеке категория ретінде қарастырыла бастады. «Құзыреттілік» ұғымының кең таралымына қарамастан, бұл ұғымның мәні терең ғылыми талдауларды және оны негіздеуді талап етеді. Сондықтан да талдау ең алдымен, қолданыстағы ұғымның не екендігіне жауап іздеуден басталады. Латын тілінен аударғанда «құзыреттілік- өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағына береді. Белгілі бір саладағы құзыреттілікті меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге ұмтылуымен және Болон процесіне қатысумен байланысты құзыреттілік мәселесі өзекті сипатқа ие. Құзырлы маман (оның ішінде мұғалім де) еңбек қызметін ұйымдастыруға заманауи көзқарас тұрғысынан алғанда сыни ойлай алатын, яғни бірнеше шешімдердің арасында оңтайлы таңдау жасауға қабілетті, ақпаратпен жұмыс істей білетін, кәсіби міндеттерді табысты шешу үшін болжамдық және аналитикалық іскерліктер жиынтығымен жұмыс істей білуі шарт. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту білім беру жүйесінің маңызды шарттарының бірі, олай болса білім беру сапасын арттыруға және білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы кәсіби құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын әзірлеу маңызды болып табылады [1].

В.Г. Зарубиннің пікірі бойынша «құзыреттілік тәсіл ХХІ ғасырдың басында білім беруді түсінудің жаңа парадигмасы болып табылады». «Құзыреттілік» түсінігін анықтауда салыстырмалы түрде талдау жасалған зерттеулерден (И.А. Зимняя, В.И. Байденко, Н.А. Гришанова, Д.А. Махотин, О.Е. Лебедев, С. Адам, У. Клемент және т. б.) көруге болады. Қазіргі уақытта жеке тұлғаның психологиялық, теориялық және практикалық дайындық сұрақтары, педагог бойындағы кәсіби қасиеттер мен қабілеттердің қалыптасуы, оның беделі мен кәсіби шеберлігі, педагогикалық ойлауы, ғылыми еңбекті ұйымдастыру мен біліктілікті жоғарылату мәселелері бойынша кең түрде әдебиеттер қоры құрылды. Оларға Н.Д. Хмель, С.И. Архангельский, Ф.Н. Гонобалин, Н.В. Кулюткин, И.Т. Огородников, А.И. Пискунов, В.А. Сластенин, А.И. Щербаков, Н.В. Кузьмина, Н.Ф. Талызина, В.В. Краевский, С.Т. Каргин, А.К. Маркова, К.С. Оспанов және тағы басқалардың ғылыми еңбектерін жатқызуға болады [2].

ХХ ғасырдың 70–90-жылдары Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, И.А. Зимняя және тағы басқалардың зерттеулерінде *құзыреттілік* педагогикалық үрдісті басқару мен педагогтың кәсіби іс-әрекетін қамтитын білім берудің жаңа мақсаты, маңызды компоненті ретінде қарастырылды. Кәсіби-педагогикалық құзыреттілік пен оның жеке түрлері В.А.Адольтың, Е.В. Бондаревскаяның, Н.В. Кузьминаның және тағы басқалардың ғылыми еңбектерінде, сонымен бірге педагогтың кәсіби құзыреттілігінің аспектілері К.А. Абульханова, Л.М. Митина, Л.И. Мищенко, М.В. Прохорова, Е.И. Рогов, Д.С. Савельев, В.А. Сластенин, Н.Ф. Талызина, А.И. Щербаков зерттеулерінде орын алды.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі мәселесін көптеген философтар, педагогтар, психологтардың еңбектеріне арқау болды, сондай-ақ кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту мәселелері Т.Г. Браже, Э.Ф. Зеер, М.И. Лукьянова, А.М. Новиков, Г.С. Трофимова, Г. Бернгард, Б. Блум, Х. Маркус, Р. Стернердің еңбектерінде қарастырылды. Қазіргі уақытта білім беру жүйесі елеулі инновациялық қайта құрумен сипатталады. Қалыптасқан жағдайда педагог табысты және сұранысқа ие болу үшін кез келген өзгерістерге дайын болуы, жаңа жағдайларға тез және тиімді бейімделе білуі, өз білімі мен біліктерін үнемі жаңартуға, өзін-өзі дамытуға ұмтылуы, белгісіздікке төзімділік танытуы, тәуекелге дайын болуы, яғни кәсіби құзыретті болуы тиіс. Алайда, әлеуметтік тәжірибе көрсеткендей, бұл сипаттамалар барлық педагогтарда қалыптаспайды. Керісінше, олардың басым бөлігі тез өзгеретін әлеуметтік, экономикалық, кәсіби жағдайларда бейімделу кезінде үлкен қиындықтарға тап болады, сонда кәсіби құзыреттіліктің болмауы тұлғаның күрделі әлеуметтік-психологиялық мәселелерінің ішкі қанағаттанбаушылықтан бастап әлеуметтік конфронтация мен агрессияға дейін себеп болуы мүмкін [3].

Түрлі авторлардың педагогика саласындағы кәсіби құзыреттілікті құрайтын көзқарастарын талдай отырып, зерттеушілер педагогикалық қызметтің қандай да бір компоненттеріне баса назар аударатынын атап өту керек. Алайда, жалпы педагогикалық әрекет аспектілерімен байланысқан педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің келесі түрлерін атап көрсетуге болады: когнитивтік (В.В. Нестеров, А.С. Белкин); коммуникативтік (Л.М. Митина, В.В. Нестеров, А.С. Белкин, В.Н. Введенский); кәсіби-техникалық (А.С. Белкин, В.В. Нестеров); ақпараттық (А.С. Белкин, В.Н. Введенский, В.Н. Введенский, В.В. Нестеров); әдістемелік (Т.В. Сяпина, Т.А. Загрина, Н.В. Кузьмин). Құзыреттілік түрлері бойынша ғана емес, деңгей бойынша да ерекшеленеді. Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьевтің зерттеулері кәсіби тұлғаның кәсіби біліктілігі, қалыптасуы білімнің белгілі бір көлемін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар осы мамандықтың өкілдеріне тән тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын реттеудің күрделі психикалық жүйесін қалыптастыруды, кәсіби тәжірибені жинақтауды және оның одан әрі тереңдеуі мен дамуына қабілеттілікті қалыптастыруды қамтиды.

Тұлғаға бағдарланған заманауи білім беру технологияларын педагог коммуникативтік құзіреттілікке жеткілікті деңгейде ие болмаса жүзеге асыру қиынға соғады. Жайлы моральдық-психологиялық ахуал, мұғалім мен оқушының өз еңбек нәтижелеріне қанағаттануы педагогтың коммуникативтік құзіреттілігіне тәуелді болады. Бұл жағдайды ескере отырып Е.В. Филатова коммуникативтік құзіреттілік моделін ұсынады:

- 1) мотивациялық құндылық компоненті-педагогтың кәсіби жетілуге дайындығы;
- 2) когнитивті компонент-қарым-қатынас барысында пайда болатын түрлі мәселелерді тиімді шешуге қабілеттілігі;
- 3) операциялық-әрекеттік компонент- білім беру үдерісінде түрлі стандартты және стандартты емес жағдайларда құзіреттілік тәжірибесінің көрінуі [4].

Ал мұғалім еңбегінің негізгі 3 қыры ретінде педагогикалық іс-әрекет, педагогикалық қарым-қатынас және мұғалім тұлғасы қарастырылады және мұғалім еңбегін зерделеуді келесі құрылымдар бойынша жүргізуге болады:

- кәсіби педагогикалық және психологиялық білімдері;
 - кәсіби педагогикалық іскерліктері;
 - кәсіби психологиялық ұстанымдары;
 - кәсіби білім мен іскерліктерді меңгеруді қамтамасыз ететін жекелік ерекшеліктер.
- Олай болса, кәсібінің талаптарына сай келуге қажетті білім мен іскерліктер-мұғалімнің объективті сипаттамалары, ұстанымдар мен жекелік ерекшеліктер мұғалімнің субъективті сипаттамалары болып табылады. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті, педагогикалық қарым-қатынасы, тұлғалық қасиеті еңбек процесі болса, оқушылардың білімділігі, тәрбиелілігі еңбек нәтижесі болып табылады. Мұғалімнің педагогикалық білімі- педагогика мен психологиядан мұғалім еңбегінің мәні жайлы мәліметтері, педагогикалық іскерлігі- мұғалімнің педагогикалық әрекеті. Кәсіби психологиялық ұстанымдары- мұғалімнің мінез-құлқын анықтайтын, оның тұрақты қатынастар (оқушыға, өзіне, әріптестеріне) жүйесі. Кәсіби білім мен іскерліктерді меңгеруді қамтамасыз ететін жекелік ерекшеліктер мұғалімнің танымдық (ойлау қабілеті, бақылампаздығы, өзін-өзі бағалауы) және мотивациялық (мақсаты, бағдары) аясын қамтиды.

Аталмыш ұғымдардың мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін анықтауда маңыздысы- толығып, жүзеге асырылып отыратын іскерліктерден тұратын мұғалімнің кәсіби психологиялық ұстанымдары мен жекелік ерекшеліктері болып табылады. Педагогикалық іс-әрекет бұл-білім алушыларға түрлі ықпал ету құралдарының көмегімен білім беру мен тәрбиелеудің міндеттері шешілетін мұғалімнің кәсіби белсенділігі. Педагогикалық іс-әрекеттің білім берушілік, тәрбиелік, ұйымдастырушылық, үгіттеушілік, басқарушылық, диагностикалық түрлері бар және олар белгілі бір дәрежеде ортақ құрылымы мен біршама ерекшеліктерімен сипатталады. Осыған орай психологиялық тұрғыдан тұтас педагогикалық іс-әрекет келесі компоненттерден тұрады:

- мұғалімнің өз қызметінде педагогикалық мақсат-міндеттерді қоя білуі;
- білім алушыларға түрлі ықпал ету құралдарын таңдау және қолдану;
- мұғалімнің өзінің ықпал ету құралдарын бақылауы мен бағалауы (өзін-өзі талдау).

Педагог оқу материалының мазмұнын беру тәсілдерін меңеру арқылы пәндік мұғалім позициясына ие болса, оқыту әдістерін таңдау арқылы әдіскер позициясын, оқушыларды зерттей келе диагност позициясына, өзінің алдына мақсат-міндеттерді қоя отырып, өзінің кәсіби дамуын болжай отырып педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі позициясында көрінеді. Педагогикалық іс-әрекеттің

маңызды сипаты болып мұғалімнің психологиялық сапалары табылады, оған:

- педагогикалық эрудиция- мұғалімнің педагогикалық міндеттерді икемді шешу барысында қолданатын заманауи білімдер қоры;

- педагогикалық интуиция- бұл, жағдайдың ілгері дамуын алдан-ала болжап, көре білуден көрінетін мұғалімнің шапшаң, бірсәттік педагогикалық шешімі;

- педагогикалық рефлексия- мұғалімнің саналы түрде өз іс-әрекетін талдауы жатады [5].

«Құзыреттілік ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым екенін қазақстандық ғалымдар К. Құдайбергенова атаса, Б.Т. Кенжебеков кәсіби құзыреттіліктің түрлерін талдауын ұсынады:

- кәсіби дамуды жобалауға, кәсіби әрекетін өз деңгейінде меңгеруге апаратын- арнайы құзыреттілік;

- бірлесіп қызмет атқару, ынтымақтасу мен кәсіпке қатысты қарым- қатынасты меңгеру, кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілікке жетелейтін- әлеуметтік құзыреттілік;

- кәсіп аясында өз даралығын дамыту қабілеттігі, кәсіби тұрғыдан өсуге деген дайындық, өзінің даралығын сақтау қабілеті, еңбегін ұтымды ұйымдастыруға икемділігі, еңбекті қиындықсыз, шаршаусыз нәтижеге жеткізу- дара құзыреттілік.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі ұғымының бірнеше анықтамаларын белгілі зерттеушілер де ұсынды. Құзыреттілік-бұл білім, білік, дағды, сондай-ақ оларды жеке тұлғаның қызметінде, қарым-қатынасында, дамуында жүзеге асырудың тәсілдері (Митина Л.М.). Жоғары деңгейде педагогикалық қызмет, педагогикалық қарым-қатынас жүзеге асырылатын, мұғалімнің әрекеті іске асырылатын, оқушылардың оқытылуы мен тәрбиесінде жақсы нәтижелерге қол жеткізетін мұғалімнің еңбегі құзыретті болып саналады. Бұл ретте мұғалімнің құзыреттілігі бір жағынан оның кәсіби білімі мен іскерлігінің және екінші жағынан кәсіби ұстанымдарының, психологиялық қасиеттерінің арақатынасымен анықталады (Марков А.К.). Құзыреттілік-бұл қызметкердің өз міндеттерін әдеттегі, сондай-ақ төтенше жағдайларда сапалы және қатесіз орындау, жаңа және өзгерген жағдайларға тез бейімделе білу қабілеті (Веснин В.Р.). Құзыреттілік - бұл оқу-тәрбие процесінің вариативтілігін, оңтайлылығын және тиімділігін қамтамасыз ететін білім, білік, қасиеттер мен қасиеттерді қамтитын күрделі құрылым (В.А. Адольф) [6].

Осылайша, кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің теориялық сипатын аша отырып, оны төмендегідей жіктеп қорытындылауға болады:

- кәсіби міндеттерді шешуге дайындықпен байланысты әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік;

- педагогикалық қарым-қатынастың табыстылық дәрежесін және білім беру процесінің субъектілерімен өзара іс-қимылын анықтайтын кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік;

- жеке тұлғаның танымдық процестерінің психофизиологиясы мен психологиясының жеке ерекшеліктерін өрістетуге психологиялық және педагогикалық дайындығын қамтитын жалпы педагогикалық кәсіби құзыреттілік;

- педагогикалық талдау жасай білу, мақсат қою, қызметті жоспарлау және ұйымдастыра білумен байланысты басқарушылық құзыреттілік;

- өзінің педагогикалық қызметінің нәтижесін көре білу- рефлексивті құзыреттілік;

- ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласында жұмыс істей алумен байланысты ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік.

Әдебиеттер

1. Колмогорова Л.А. Формирование коммуникативной компетенции личности: учебное пособие/ Л. А. Колмогорова. —Барнаул: АлтГПУ, 2015. —205 с.
2. Товарищева Ф.Д. Основы профессиональной педагогики: учебное пособие. —Якутск: Ид-во ЯГУ, 2008.- 130 с.
3. Компетентностный подход в подготовке кадров в области гуманитарных технологий. / Под ред. В. Г. Зарубина, Л. А. Громовой. — СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2007.
4. Демидова И.Ф. Педагогическая психология: учеб. пособие/ И.Ф. Демидова. - Ростов н/Д, 2003.
5. Кашапов М.М. Психология творческого мышления профессионала: монография/ М.М. Кашапов. - М.: ПЕР СЭ, 2006.
6. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері. Монография -Алматы, 2012. - 340 б.

*Махашова П.М., Орынбасар А.Ж., Жиенбаева Ж. Б.
(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)*

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі таңда болып жатқан қоғамдық-тарихи бетбұрыстар жеке тұлға туралы көзқарасты қайта қарауды талап етіп отыр. Бүгінде Қазақстан Республикасы 2010-2020 жылға арналған білімді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің алдына үлкен мақсаттар қою арқылы Дамыған 30 елдің қатарына кіру жоспарын ұсынып отыр. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар екендігін айқын да нақты айтып берді. Ол-Мәңгілік Ел идеясы. Осы мақсатта бірнеше міндеттер қойды. Олардың бірі-өзі және бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін құру. Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру [1].

Бүгінгі күні дарынды және талантты балалармен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру Қазақстандық білім беру жүйесінің жетілуіне жаңа міндеттерді қояды. Дарынды балаларды тұлғалық дамыту мен тәрбиелеу мемлекеттің шығармашылық әлеуеті қалыптасуының мүмкіндігін шешеді. Сонымен қатар, қарқынды ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресс, өндіріс пен әлеуметтік өмірдің барлық салаларының, білім мен мәдениеттің әрі қарай даму мүмкіншіліктерін қамтамасыз етеді.

Осыған байданысты байланысты білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың басым бағыттары мен тетіктерін қамтиды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына мемлекеттік саясат негізінде тұңғыш рет әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллекттік дамуы, тұлғаның ерекше қабілеті, яғни, дарындылығын дамыту сияқты өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі. Себебі, ғылым мен техниканы және өндірісті бүгінгі әлемдік стандарттағы деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар, білікті мамандар қажет. Міне мұндай мамандар дарынды балалардың ішінен шығатыны сөзсіз.

Дарынды балалардың шығармашылығының дамуының көптеген психологиялық принциптерін А.В. Запорожец, А. Матюшкин, Н.Н. Поддяков, Д.Н. Узнадзе, Н.С. Лейтес; Қазақстанда - Х.Т. Шерьяданова, С.М. Жакыпов, анықтаған. Психологиялық модельдерін өңдеген батыс психологтары Э.Д. Боно, Дж. Галлаир, Дж. Гилфард, Дж. Рензулли, П. Торренс. Олардың анықтаған шығармашылық қабілеттердің даму мәселелерінің өзектілігі мектеп жасында олардың дамуына бағытталған түзету бағдарларының пайда болуына әкелді [2].

Психология ғылымында дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеу адамның шығармашылық дамуының тамаша үлгілерін құрайды. Тұлға дарындылығының ерте көрінуі қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі. Осы орайда, психологиялы ғылымындағы дарындылық туралы жеткілікті пайымдаулар болса да әлі жүйелі ғылыми зерттеулерді талап етіп отыр. Себебі, «дарынды балалар» ұғымының астарында жатқан психологиялық мәселелерге терең үңілу қажет.

Психология ғылымында дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеу адамның шығармашылық дамуының тамаша үлгілерін құрайды. Кеңес психологиясында, ең алдымен С.Л. Рубинштейн және Б.М. Теплов еңбектерінде іс-әрекет жетістіктері - бір негізі бойынша «қабілеттілік», «дарындылық» және «талант» түсінігін топтастыру әрекеті жасалды. Қабілеттер іс-әрекет жетістігінің мүмкіндігіне байланысты бір адамды екіншісінен ажырататын жеке-психологиялық ерекшелік ретінде қарастырады, ал дарындылық - тағы да іс-әрекет жетістіктерінің мүмкіндіктеріне байланысты қабілеттердің (жеке-психологиялық ерекшеліктері) үйлесімінің сапалы өзгешелігі ретінде қаралады [3].

Б.М. Теплов қабілеттің төмендегідей негізгі үш түрін көрсетті.

Біріншіден, қабілетпен бір адамның келесісінен өзгешеленетін дербес психологиялық ерекшеліктер түсіндірілді; барлық адамдар бірдей болатын қатынаста қасиеттілік туралы сөз болған жерде қабілеттілік туралы ешкім сөз етпейді.

Екіншіден, қабілет деп қандай да бір немесе көптеген әрекеттердің орындалуының табыстылығына қатысы бар жалпы алғанда дербес ерекшеліктерді атайды.

Үшіншіден, «қабілет» түсінігі аталмыш адамда қалыптастырған дағдыларымен немесе іскерлікпен, сол білімділікпен сәйкес келмейді.

Қабілеттің онтогенезде даму мәселесі бойынша профессор С.М. Жақыпов өзінің еңбектерінде көрсетті: қабілеттердің нышандар негізінде қалыптасуы туралы мәселе әлі күнге дейін шешілген жоқ. Іс-әрекет барысында нышан қабілетке айналады деген тұжырымының өзі де әлі дәлелденбеген. Өйткені қабілетке айналу үшін нышандар іс-әрекетте қандай орын алатынын көрсету керек [4].

Қоғам дамуы балаларға деген көзқарастың ары қарай өзгеруіне алып келді. Балалық шақтың жаңа концепциясы пайда болды. XVII ғ. педагогтар үшін балаларға деген махаббат оларды еркелетіп, әлпештеуде емес, оқытып тәрбиелеуде психологиялық қызығушылықта көрінді. Баланың мінез-құлқын түзету үшін ең алдымен оны түсіну қажет және XVI-XVII ғғ. ғылыми мәтіндер балалық психологиядағы қатысты мәліметтерге толы. Педагогикалық идеялар, кеңес беру мен мінездемелер XVI - XVII ғғ. орыс авторларының шығармаларында көрініс тапқан. Сонымен Ф. Ариес концепциясына сәйкес балалық шақ пен ересектік түсініктері алдымен балаға әлеуметтік өмір мен кәсіптік іс-әрекетке дайындау үшін ол мектеп және сынып ұжымымен байланысты болды.

Дарынды балалар игерген және өңделген ақпараттардың жетіспеушілігінен күйзеле қабылдауы мүмкін. Сондықтан олардың белсенділігі шектелуі, неврологиялық сипатымен көрінуі ықтимал. Дарынды балалар өте жақсы жадының арқасында абстрактілі ойлау мен сөйлеуді ерте игереді. Сондай-ақ, дарынды балалар сұрақ қояды, күрделі синтаксистік құрылымды біледі. Көптеген дарынды балалар қызығушылықпен энциклопедиялар мен сөздіктерді оқиды, сөздер шығарады, олардың ойы бойынша өздерінің түсініктері мен оқиғаны елестету арқылы сана сезім қабілетінің белсенділігін талап ететін ойындарын ойнауды жөн санайды.

Қазіргі замандағы ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс — әрекетіне қабілетті, еркін және жан — жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықты шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл адамның бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттер мен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалу тиіс.

Дарындылық көптеген балалар үшін, ата-ана мен мұғалімдер үшін әлі де жұмбақ күйінде қалып отыр. Қалың көпшілік қауым үшін маңызды проблема болып, ең алдымен оның шынайы байқаулары, анықтау тәсілдері, дамуы мен әлеуметтік жүзеге асуы табылады. Дарынды балалар жөніндегі бүгінгі қамқорлық-бұл ертеңгі ғылым, мәдениет пен әлеуметтік өмірдің дамуы туралы қамқорлық.

Дарындылықты толығымен келесі компоненттерді қосатын жүйе ретінде көрсетуге болады:

- анатомиялық-физиологиялық талаптар;
- жоғарғы сезімталдылықпен сипатталатын сенсорлы-перцептивті блоктар;
- бағалауға рұқсат ететін интеллектуалды және ойлағыштық мүмкіндіктер;
- жаңа жағдайлар және жаңа мәселелерді шешу;
- ұзақ доминантты бейімделуге және оның жасанды тіреуін болжайтын эмоционалды-ерік

құрылымы;

- жаңа бейнелерді, қиялды, елесті және басқалардың толық қатарын өндірудің жоғарғы деңгейі;

Қабілеттер - заттық құрылымдағы бейнеленген түсініктермен табиғи сезімталдық моторикасы психиканың орындаушы мүшелерінің материализациялық процесі. Универсалды шығармашылық қабілеттер - бұл жеке ерекшеліктер, адамның сапасы, ол түрлі шығармашылық әрекеттерді орындау жетістігін анықтайды. Дарынды балалар – бұл әрине құндылық. Осыған байланысты теория мен практикада дарындылық феноменін, дарынды балалардың мәселелерін зерттеуге қызығушылық артып отыр. Арнайы дарындылық мынандай мүмкіндіктердің сыртында (әрекетте көрінетін) нақты проекцияланатын субъекттің болуымен сипатталады - жоспарлану және мәселені шешу стратегиясының қалыптасуы арқылы көрінетін білімді жылдам және нақты жүзеге асыратын дағды, пікір [5].

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы басты міндет- балалардың қабілеттері мен таланттарын жан-жақты аша түсу үшін, дарындылықтың ерекшеліктерін анықтау мен айқындау болып табылады. Дарынды балаларды анықтау-баланың дамуын таңдаумен байланысты ұзақ

процесс. Осы айтылғандарды ескере отырып, дарынды балаларды анықтаудың мынадай ұстанымдары тұжырымдалады.

- Баланың қызығушылығымен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс-әрекетіне талдау жүргізу.

- Дамытушылық ықпал ете отырып, баланың психологиялық кедергілерін жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану

- Баланың дарындылық белгісін оның психикалық дамудың нақты деңгейде ғана емес, сондай-ақ оның болашақтағы даму мүмкіндігін де есепке ала отырып бағалау.

- Жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелеу, мұғалімдер мен ата-аналардың сипаттамалық бағалары.

- Түрлі ақпарат алу кездерін пайдаланып, бала қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетін жан-жақты бағалаудың кешенді сипаты. Білім беру жүйесінде жаңаша мазмұн беру арқылы жан-жақты дамыған шығармашыл, рухани ой-өрісі кең жеке тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұр.

Қазіргі кездегі білім беру жүйесінің қайта жаңартылуы баланың шығармашылық дарындылығын ертерек табу олардың игілігін көру бүгінгі күннің көкейтесті мәселелердің бірі болғандықтан қоғам қажеттілігі мен сұраныс қанағаттандыратын өмір сүру қағидаларын меңгеруге кең көлемде білім алған, жоғары деңгейде түсіну қабілеті бар дарынды оқушыларды дайындау заман талабы. Оқушылардың дарындылығын ашудағы мақсат-бүкіл адамзаттың құндылық тұғырнамасында қалыптасқан тәні және жаны сұлу, өзіне-өзі сенімді, ғылыми-теориялық білімділігі мен тәжірибелік қабілеттері арқылы әлемдік, өмірлік ірі кеңістікке еркін ене алатын қасиеттерге ие дарынды тұлға тәрбиелеу.

Дарындылықты толығымен келесі компоненттерді қосатын жүйе ретінде көрсетуге болады:

- анатомиялық-физиологиялық талаптар;
- жоғарғы сезімталдықпен сипатталатын сенсорлы-перцептивті блоктар;
- бағалауға рұқсат ететін интеллектуалды және ойлағыштық мүмкіндіктер;
- жаңа жағдайлар және жаңа мәселелерді шешу;
- ұзақ доминантты бейімделуге және оның жасанды тіреуін болжайтын эмоционалды-ерік құрылымы;

- жаңа бейнелерді, қиялды, елесті және басқалардың толық қатарын өндірудің жоғарғы деңгейі;

В.А. Моляко зерттеуі шығармашылық потенциал жүйесінде келесі құрылымдарды бөлуге мүмкіндік берді:

- жоғарғы сезімталдылықта, анықталған таңдауда, жоғары бағалауда, сонымен қатар психикалық процестердің динамикалығында көрінетін бейімділік, талаптар;

- қызығушылықтар, оның бағытталуы, жиілік және оның көрінетін жүйелігі, таным қызығушылықтарының үстем болуы;

- жаңаны құруға талпыну, әуестік, мәселені іздеуге және шешуге бейімділік;

- жаңа ақпаратты меңгеру жылдамдығы ассоциативті массивтерге бөлу;

Қорыта келе, білім беру жүйесінің қайта жаңартылуы баланың шығармашылық дарындылығын ертерек табу, олардың игілігін көру, жоғары деңгейде түсіну қабілеті бар дарынды оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту заман талабы.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан жариял: 18.01.2014
2. Ақменбетов Қ.Ж. Дарындылықтың теориялық негіздері // Педагогика мәселелері.- 2009. – №2. – Б. 130-134.
3. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. -Алматы: Қазақ университеті, 4. Бердібаева С.Қ. Творчестволық іс-әрекеттің этнопсихологиясы. - Алматы, 2006. -225б.
4. Елупаева Ж.К. Дарынды оқушыларды тану ерекшелігі Жаңа формациядағы педагогтарды даярлау мақсатында инновациялық технологияларды оқу -тәрбие үрдісіне енгізу мәселелері: Халықаралық ғылыми - тәжірибелік интернет-конференцияның материалдары. -Шымкент-Мәскеу, 2012. 80-83бб.
5. Қазақстан мектебі « Дарынды оқушылармен жұмыс» №2, 2011 жыл

*Сабекова Д.А., Рақымбай Н., Дулат Ж.
(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)*

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДИАГНОСТИКАЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Бүгінгі таңда басты мақсаттардың бірі білімді, мәдениетті, шығармашыл, белсенді және адамзаттық құндылықтары толысқан тұлға қалыптастыру. «Білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі – өкілдері бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған ғана емес, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру болып табылады» делінген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [1].

Жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, зерттеу, білу - оның даму бағытын айқындаудың басты шарты. Олай болса, қазір қоғам алдындағы негізгі міндеттердің бірі - заман сұранысына сай студент жастардың дамуын диагностикалаудың педагогикалық – психологиялық шарттарын айқындау қажеттігі болып отыр. Осындай себептерден кейін студенттермен педагогикалық-психологиялық жұмыс жасау, психологиялық кеңес беру, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда психологиялық көмек қажеттілігі туындап зерттеу тақырыбына арқау болуда.

А.Н. Леонтьевтің пікірі бойынша «Жеке тұлғаның жетістіктері мен кемшіліктері, жақсы және әлсіз жақтарымен көрінетін тек өзіне ғана тән даралық белгілері оның өзгелермен қарым-қатынас жасауы, қайырымдылығы, мейірімділігі, тәкәппарлығы, жағымды және жағымсыз қасиеттерінің көрінуіне де байланысты [2]. Олардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауы, өмірдің алуан түрлі ерекшеліктерін тануға, танымдық қасиеттері мен рухани байлығын арттыра түседі» - деп қарастырады. Тұлғаның дамуы мен қалыптасу факторларына отандық және әлемдік ғалымдар әр тұрғыдан қарастырып кеткен. Ертедегі грек ғалымдары жеке тұлғаның дамуына биологиялық факторлармен қоса әлеуметтік факторлар да әсер етеді деп есептеген. Жеке тұлғаның қалыптасуының факторлары туралы идеялар келесі дәуірлердің прогрессивті философиялық және психологиялық-педагогикалық пікірлерінде өз жалғасын тапқан.

Мысалы, Э. Роттердамский, Я.А. Коменский, К.А. Гельвеций, Д. Дидро, А. Дистерверг, К.Д. Ушинский, В.Г. Белинский, В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский, З. Фрейд, Д. Дьюи, Э. Торндайк, К. Крупская, П.П. Блонский, А.С. Макаренко, Л.С. Выготский, Э.И. Монозон, Л.И. Божович, С.Л. Рубинштейн, В.В. Давыдов т.б. ғалымдар өз еңбектерінде осы мәселені қозғаған [3]. Ал, отандық психологияда тұлғаның жас ерекшеліктеріне қарай даму жүйесін Қ.Б. Жарықбаев [4], диагностикалық бағыттарын С.М. Жақыпов, Ф. Бизақова, Л. Көмекбаева қарастырған болса [5], педагогикалық-психологиялық іс-әрекет арқылы даму мәселелерін әлемдік ғалымдар Н.В. Кузьмина, П.А. Шавир [6], В.А. Сластенин [7], Л.С. Выготский [8] зерттеп, өзіндік үлес қосқан.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бабында: «Жеке адамның шығармашылық, рухани дене мүмкіндіктерін дамыту адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасауы арқылы интеллектілігін байыту - қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі» делінген болатын [9]. Бүгінгі таңда тұлға – педагогика мен психологиядағы ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Ал, Қазақстанда тұлға мәселесі Ж.И. Намазбаеваның жетекшілігімен және оның шәкірттерінің, яғни Л.О. Сәрсенбаева, Р.Ш. Сабырова, Л.В. Пилипчук, С.Ж. Өмірбекова, Г.Т. Бекмұратова және т.б. ғылыми зерттеу еңбектерінде белсенді түрде дамуда. Ж.И. Намазбаева тұлға мәселесін зерттеуінде әр түрлі іс-әрекет ойын, еңбек спорт оқу барысындағы жас ерекшелік шамасының тұлғалық компоненттерінің механизмдері мен функцияларын белгілеуге түйінделетін кешенді көзқарастарды жетілдірді. Мұндай көзқарастардың жүзеге асуы – толығымен тұлғаны қарастыруға мүмкіндік береді [10].

Мәселен, Т. Тәжібаев өз еңбегінде: «Жеке адам әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекетті жүзеге асырушы, нақты қоғамның мүшесі, өзін басқалардан ажырата білетін, өзінің кім екенін түсінетін есі кірген ересек кісі» - деп қарастырады [11].

Ал, Ә. Алдамұратов “Адам - табиғатта кемелденіп жетілген, ақыл ойы дамыған қоғамдық тұлға” деп анықтама берсе [12], республикамызға танымал ғалымдарымыздың бірі Қ.Б. Жарықбаев: “Жеке тұлға дегеніміз - қоғам мүшесі ретіндегі адам. Әр адамның рухани байлығы оның басқа адамдармен байланысының алуан түрлігіне, өмірге белсене қатысуына байланысты болады”, - деп тұжырымдайды. Психологиялық диагностика соңғы он жылдықта іс - әрекет нысаны жәе мұғалімді

басқару ұстанымын қарастырылып келеді. Қазіргі педагогика ғылымында мұғалімнің іс-әрекет нысаны педагогикалық оқу – тәрбие процесі деп мойындалған. Соған орай, мұғалімнің жұмыс тиімділігі оның іс-әрекет нысаны ретіндегі біртұтас педагогикалық процесс теориясын қашама білуіне және диагностикалау дағдысын меңгеруіне тікелей байланысты.

К.М. Гуревичтің анықтамасы бойынша, психодиагностиканың міндеті - әр тұлғаның даралық және ерекшеліктері жөнінен мәлімет жинау. Біраз зерттеулерде психодиагностиканы «ғылыми зерттеулік» және «ғылыми практикалық» деп бөліп қарау қажеттілігі айтылып жүр. Сондай-ақ, тәжірибелік психологтың басты міндеті – тұлғаның психикалық дамуына және дамуды түзетуге арналған ұсыныстарды даярлау.

Демек қолданыстағы психодиагностиканың нәтижелері:

- Тұлға дамуындағы ауытқушылықтарды түзетуді ерте бастан қолға алу үшін олардың психикалық даму дәрежесін бақылауды ұйымдастыруға;
- Тұлғаның даму деңгейін көтеру мақсатында психологтың алдыңғы уақытқа жұмыс бағдарламасын жасауына мүмкіндік туғызуға;
- Тұлғаның қабілетін байқататын жемісті дамудың бағытын ажыратуға;
- Психопрофилактикалық жұмыстың қаншалықты маңыздылығын тексеруге;
- Оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі жүйелерінің, әдістерінің дамытушылық маңызын анықтап, тиісті ұсыныстар жасау үшін оларға салыстырмалы психологиялық талдау жасауға;
- Сол мекемеге психологиялық ағарту жұмысын жүргізу барысында нағыз өзекті тақырыпты таңдау үшін керек.

Психодиагностиканың міндеттеріне тоқталып өтейік:

- «психологиялық диагностика», «психологиялық диагноз», «психологтың диагностикалық іс-әрекеті»,
- осы іс-әрекеттің құрылымын суреттеп, теоретикалық моделін сызу.

Психоло-педагогикалық әдебиеттердің нәтижесі диагностикалық іс-әрекетті дамыту үшін «психологиялық диагностика» ұғымының өзін нақтылап алуды көрсетті. Жалпы педагог-психолог төмендегі бағыттағы жұмыстарды атқаруы қажет, ол:

- психодиагностика – тұлға туралы жан-жақты ақпарат жинау.
- психопрофилактика – дезадаптация, белгілі бір жағдайда бейімделмеудің алдын алу немесе жағымды психологиялық жағдайды жасау, баланың психологиялық жұмыс бастылық деңгейін төмендету мен оның алдын алу жұмыстарын жүзеге асыру
- психологиялық кеңестер – ұстаздарға, ата-аналарға, студенттерге қажетті психологиялық ақпарат бере отырып, оның өмірінде кездесетін қиыншылықтарды, өтпелі кезеңдерді жеңуге, әрі сапалы нәтижеге жетуіне ықпал ету.
- психотерапия – тұлғаның сапалы тұрғыға өзгеруіне байланысты мәселелерді жүзеге асыруға бағытталады, тек адамның психикалық ауытқушылығы болмаған жағдайда.
- диспетчерлік қызмет – қажетті мамандыққа жолдама беру кәсіби білікті түрде жүзеге асырылуы тиіс, психологиялық кеңестің сенімді райда өтуі – оң нәтиже береді.
- психогимнастика – бұл тұлғаның көңіл – күй ахуалын реттеуге арналған арнайы жаттығаулар кешені. Негізгі мақсаты – қарым-қатынас барысындағы кедергілерді жеңу, өзін және басқаларды түсіне білуін жетілдіру, өзін-өзі таныта білу мүмкіндіктерін жасау. Психогимнастика курсынан толық өткен студенттердің құрдастарымен қарым-қатынасы жақсарады; сезімдерін сыртқа шығаруды үйренеді; басқалардың көңіл-күйін түсіне білетін болады; мінездерінде батылдық, әділдік, мейірімділік, өз-өзіне сенімділік сапалары қалыптасады; қорқыныш, сақтық, қауіптену, сенімсіздік секілді жүйке ауруының белгілері жойылады.
- психотренинг – бұл да қолданбалы психология ғылымының белсенді әдістерінің бірі. Басты мақсаты – қарым- қатынас іскерлігін дамытуға, сезімталдықты жетілдіруді және мінез-құлықты реттеуге бағытталған.

Студенттің жетекші іс-әрекеті оқу болып есептеледі, жоғарғы мектеп студенті оқу процесінде табиғат әлемімен және өткенімен танысуын жалғастыра береді. Оқу іс-әрекеті мен қатаң тәртіп белгіленген іс-әрекетте студент хайуанаттар мен өсімдіктер әлемі өмірінің заңдарын, тіл және мөлшер, кеңістік және уақыт заңдарын танып біледі, басқа адамдарды, олардың еңбегі мен күресін, еңбек пен танымның субъектісі ретінде өзін де танып біледі (Б.Г. Ананьев) [13]. Оқу іс-әрекетінде қалыптасып келе жатқан баланың жеке тұлға ретіндегі жаңа белгілері қалыптасады, өсіп келе жатқан адамның өзі қоршаған ортаның заттарына, табиғатқа және адамдарға жаңа қатынасы

белгіленеді. Адамның бағыттылығына ең күшті әсер ететін оның дүниеге көзқарасы және қажеттілік сипатына, қызығуына, мотивіне, сеніміне, бейімділігіне, рухани сұранысына байланысты. Г.Д. Луков, Н.И. Макаров бағыттылыққа сапалы сипаттама беріп, мазмұнына байланысты жіктеп, бағыттылықты мінез-құлықтың бір бөлігі деп санады [14].

Қоғамдық тәжірибені меңгеру процесінде студент өзінің жеке тәжірибесіне де ие болады. Мұндайда оқыту процесі – мақсатқа бағытталған өзара әрекеттелуінің барысында шәкірттерге білім беру міндеттерін шешу болып табылады. Оқыту процесінде студент тұлғасының ақыл-ойы дамиды, танымы, практикалық іскерлігі мен дағдысы қалыптасады. Студенттің білімді меңгеруінде оқу мотивациясы негізгі рөл атқарады. Көпшіліктің айтуынша, оқушылардың сабақ үлгерімінің материалы оқыту әдістемесінің кемістігінен емес оқуға деген түрткісінің жоқтығынан.

Тұлғаны дамытуда Е.А. Климовтың концепциясында тұлғаны дамытудың алғы шарттары төмендегідей жіктеледі:

- іс-әрекеттің жетістігі үшін тұрақты тәрбиелейтін жеке психологиялық қасиеттер профессионалды іс-әрекет талаптарына тәсілдену нұсқасы;
- кейбір нашар дамыған жеке қабілеттерді жаттығулар арқылы басқа қабілеттің араласуымен немесе тәсілдерімен орнын толтыру;
- қабілеттің жіктелуін тұлғаның жеке өзіндік қасиетімен бірге жүргізу қажет, яғни дамудың ішкі талаптарын, сыртқы талаптарымен есептестіру.

В.С. Мерлин өзіндік сана-сезім дамуының 4 кезеңін бөліп көрсетеді.

1. Тепе-теңдік сатысы: бала өзін қоршағандардан, алғашқыда анасынан бөле бастайды.;
2. «Мен сатысы: өзін іс-әрекет субъектісі ретінде ұғынумен байланысты;
3. Өзінің психикалық қасиеттерін ұғыну;
4. Жеткіншектік кезеңде пайда болатын әлеуметтік-адамгершілік өзін-өзі бағалау.

И.М. Чеснокова бойынша сана-сезімнің мынадай екі деңгейі бар:

1. «Мен және басқа адам» шеңберінде өзі жайлы білім қабылданады және оны басқа адам түсіндіреді, ал кейін ол өзіне ауысады.

2. «Мен және мен» шеңберінде адам өз мінез-құлқын жүзеге асыратын мотивациясымен байланыстырады. Өзін-өзі бағалау тұлға мінез-құлқын реттеуге қатыса отырып, өзін тану мен өзіне деген эмоциялық – құндылық қатынастың нәтижесі болып табылатын өзіндік сана-сезімнің негізі ретінде қарастырылады. А.В. Бороздина бойынша өзін-өзі бағалау өз-өзіне деген қатынасқа негізделмейді, керісінше, оның өз-өзіне деген қандай да бір жағымды немесе жағымсыз қатынасын туғызуға қабілетті. О.В. Хуллова өзін-өзі бағалауды адамның өзі жайлы білімдері мен өзіне қатынасының бірлігі ретінде түсінеді.

Э. Шпангер ересектік дамуды 3 түрге бөлген:

1. Тип – дөрекі, қызба, дағдарыс ағымымен сипатталады, нәтижесінде жаңа «мен» пайда болады.
2. Тип – жай, сергек, біртіндеп дамып жетіледі, ол ересек өмірге ешқандай өзгеріссіз, күрделі қиындықсыз бейімделеді.
3. Тип – тұлға өзінің ішкі күші арқылы мазасыздығы мен дағдарысын саралап, өзін-өзі дамытады. Яғни бұл тип көбінесе өзін-өзі бақылауы мен өз-өзін реттей білу деңгейі жоғары адамдарға тән.

Ғылымның және технологияның қазіргі жағдайын бейнелейтін іргелі білім беру студент тұлғасына тек тәжірибені белсенді қабылдауды ғана емес, сонымен бірге интеллектуалдық шығармашылық қабілеттілігін анықтайды. Білім берудің осындай түріне қазіргі жоғары оқу орындары бағытталған. Болашақ мамандардың, яғни студенттердің зерттеу біліктерін меңгеру қажеттілігі, бір жағынан, Мемлекеттік стандарттың талаптарымен айқындалады, онда бітірушің осы кәсіби аспектісі нақты анықталған; екінші жағынан, қазіргі мамандардың кәсіби іс-әрекетімен айқындалады. Мысалы, педагогтардан болашақ мамандарды дайындауда іс-әрекеттің шығармашылық табиғатына сәйкес соның ішінде оны ұйымдастырудың мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарауға білім беру үрдісін зерттеу білігін талап етеді. Сондықтан да жоғары оқу орындарының студенттерін зерттеу жұмысы процедурасымен таныстыру керек, оны өткізудің дағдыларын қалыптастыру маңызды.

Зерттеу біліктерін қалыптастырудың маңызды шарты ретінде зерттеу іс-әрекетінің мотивациясы болып табылады: қызығушылықтарын қалыптастыру, зерттеу жұмысы қажеттілігін, кәсіби өсу үшін зерттеу біліктер жүйесін меңгерудің маңыздылығын негіздеу. Мысалға, осы жұмыстың бастамасы ретінде бірінші курстан бастап «Мамандыққа кіріспе» деп аталатын курс

ұйымдастырылады, оның барысында кәсіби іс-әрекеттің ерекшелігі мен шығармашылық сипатын ашуға болады. Практикалық сабақтарда өзін-өзі тану, өзіндік қызығушылықтары мен қабілеттерін талдау, олардың таңдаған кәсіпке сәйкестілігін анықтау үшін жағдайлар жасалынады.

Зерттеудің әдіснамасы білім берудің жүйелілік-құндылықтық парадигмасы шеңберінде болашақ маманның тұлғалық жаңа құрылымдары пайда болуы мен дамудың тенденциялары мен кәсіби білім берушілік жағдайларын анықтау мен зерттеуінің іске асуымен түсінеміз, олар ғылыми көзқарастар жүйесіне негізделеді:

1. Аксиологиялық - кәсіби дайындық барысындағы табиғи және әлеуметтік-мәдени факторлар интеграциясын анықтауға мүмкіндік беретін сыртқы басқарудан ішкі басқаруға өту негізіндегі көзқарастар жүйесі.

2. Мәдениеттілік - маманның интеллектуалдық-адами қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-әрекеттің мазмұндық компонентінің бағытталу негізіндегі, мәдени-білімберу іс-әрекеті дамуының сыртқы қалыптасуы мен ішкі дамуының мақсаты мен мазмұнын, тәсілдері мен нәтижелерін өзіндік анықтауына бағытталу негізіндегі көзқарастар жүйесі.

3. Тұлғалық – мәдени және кәсіби аспектіде өзіндік ұғыну субъективтілігіне қарай мамандықты игеру барысындағы болашақ мамандыққа қатынасын бейнеленуі негізіндегі көзқарастар жүйесі. Кәсіби мәдениетті игеру үрдісі мәдениеттің объективтіліктен субъективтілікке ауысу негізінде түсіндіріледі. Е.В. Бондаревскаяның пікірінше, бұл процесс, оның барысындағы кәсіби мәдениетінің моделі бойынша студенттермен айқындалып, кәсіби іс-әрекет пен мінез-құлықтың тұлғалық моделіне айналады.

4. Аксиологиялық - осыған сәйкес мәдени-білім берушілік білімдердің пайда болу процесі негізінде кәсіби іс-әрекетке болашақ маманның құндылық қатынастары жүйесімен анықталуы негізіндегі көзқарастар жүйесі. «Мәдениет» ұғымын зерттеудегі аксиологиялық көзқарастың негізінде түрлі мәдениеттің іргесі ретінде құндылықтарды түсіну жатыр (А.И. Арнольдов, Ю.И. Еимов, Л.Н. Коган, В.П. Тугаринов, Н.З. Чавчавадзе). Осы авторлардың пікірінше, «Мәдениет жоғары және кең мағынасында еңбектің нәтижесі болады – шығармашылық, өзгермелі және өзіндік жаңару іс-әрекетінің өнімі құндылықтар әлемі». Мәдениетпен байланысты осы көзқарас тағы бір бағытпен толықтырылады. Өйткені мәдениет және оның мағынасы өзбетінше қарастырылып қана қоймай, ол тек адамның шығармашылық іс-әрекеті арқылы өз болмысын анықтайды.

5. Іс-әрекеттік - студенттердің кәсіби білігін қалыптастыру мақсатында студенттерді кәсіби ойлау мен әрекет етуге тарту негізіндегі көзқарастар жүйесі.

Аталған біліктердің қалыптастыру мен зерттеу жұмысына қызығушылықты тудыру шарасына түрлі кәсіби жағдайларды талдау мен диагностикалауды өткізу, жоғары курс студенттерімен орындалатын тапсырмалардың зерттеушілік сипаты және т.б. басқа әдістері жатады. Маманның кәсіби-тұлғалық мәдениеті оның іс-әрекетінің бүкіл жүйесін қамту керек. Осыған орай жоғары оқу орындары студенттерінің білім беру мазмұнын қалыптастыруда жүйелілік-құндылықтық көзқарасы өзекті болады. Мысалы, Ә.Табылдының пікірінше: «Ұлттық мәдениеттің қайнар бастау – оның (ұлттың) рухани азығының асылдық қасиеттеріне байланысты.


Халықтың рухани қуатын арттыратын қозғаушы күш – оның әдебиеті, өнері, әдеби мен эстетикалық болмысы. «Әдеп-мәдениет негізі», «Әдет-ғұрып, салт –дәстүрлер – халық мәдениетінің көрсеткіштері» т.б. тақырыптар бойынша оқылатын дәрістерде ұлттық мәдениеттің негіздері, оның бұрынғысы мен қазіргісі және болашағы ғылыми дәлелдемелермен айқын көрсетіледі». Болашақ маманды дайындаудағы жүйелілік-құндылықтық көзқарасы жүйе ретінде түсініледі, ол жаңа ғасырдың мәдени және гуманистік құндылықтарын есепке алу негізінде құрылады: субъектіліктің, диалогиялықтың, дамытушы бағыттылықтың, кіріктірушіліктің, іргеліліктің, үздіксіздіктің. Жетекші білім берушілік парадигмасының әсерімен университеттік білім берудің басқа моделдері қалыптасады:

а) дәстүрлі немесе классикалық;

б) рационалистік.

Оларды жүзеге асыру жолдарының мазмұны 1-кестеде көрсетілді.

Кесте 1 - Тұлға дамуын педагогикалық-психологиялық диагностикалау шарттарын жүзеге асыру жолдары:



Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы: 2011. – 73 б.
2. Леонтьев А.Н. Потребность, мотивы и эмоции. – М.: Изд. Московский Университет, 2007. – 355 с.
3. Божович Л.И., Морозова Н.Г., Славина Л.С. Развитие мотивов учения у советских школьников. – М.: Педагогика, 1991. – 256 с.
4. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы: Дарын, 2004. 250 б.
5. Жакыпов С.М., Бизақова Ф.Ә. Білім беру жүйесінде қолданылатын психокоррекциялық жаттығулар. – Тараз.: Қорғау, 2007. – 250 б.
6. Шавир П.А. Психология профессионального самоопределения в ранней юности. – М., 2011. – 195 с.
7. Слостенин В.А., Мажар Н.Е. Диагностика профессиональной пригодности молодежи к педагогической деятельности. – М.: Прометей, 1991. – 350 с.
8. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 2000. – 406 с.
9. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту заңы. // Егемен Қазақстан: жариял. 15.08.2007. – Б.4-5.
10. Намазбаева Ж.И. Развитие личности умственно отсталых школьников. – Алматы: Мектеп, 2016. – 165 с.
11. Тәжібаев Т. Психология. – Алматы.: Мектеп, 2008. – 350 б.
12. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы.: Рауан, 2013. – 390 б.
13. Ананьев Б. Познавательные потребности интересов. – ЛГУ: 1999. – 245 с.
14. Луков Г.Д., Платонов К.К. Психология. –М.: Просвещение, 2000. – 235 с.

Буйембаева Ш.Б., Баимбетов А., Балабек А.

(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)

ТҮЛҒАНЫҢ АДДИКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Аддиктивті іс-әрекеттің жүзеге асуы достықты, махабатты, белсенділіктің басқа түрлерін ауыстырады. Ол аддиктің өмірдегі тепе-теңділікті сүйемелдеуге қабілетсіз болатындай, белсенділіктердің басқа формаларына кірісе алмайтындай, адамдардан қарым - қатынас жасағаннан ляззат ала алмайтындай, бірдеңемен айналыса алмайтындай, босаңсый алмайтындай, тұлғаның басқа жақтарын дамыта алмайтындай, біреудің мейіріміне, қайғысына ортақтасу және эмоционалды қолдауын жақын адамдарына да білдіре алмайтындай дәрежеде уақытын, күшін, энергиясын және эмоциясын жұтады. Басқа адамдармен қарым - қатынас жасау арқылы жалпы адамзат тәжірибесі, әлеуметтік нормалар, құндылықтар, білім мен қызмет тәсілдері игеріледі және тұлға қалыптасады. Аддикт өзін бұл процесстерден бөліп, өзінің өмірлік тәжірибесін байытуды тоқтатып сонымен, бірге қарым - қатынас жасаудың маңызды функцияларын бұзады.

Нашақорлық мәселесін құбылыс ретінде қарастыруда оның бірнеше аспектісін атап өтуге болады:

Әлеуметтік аспект. Нашақорлық әлеуметтік «жұқпалы» ауру ретінде қарастырылады және ол әлеуметтік топ ішінде таралады. Сондықтан нашақор ортадан тыс өмір сүрмейді – яғни оның ықпалынан есірткі қабылдайтын топ қалыптасады. Сонымен қатар есірткі нашақорларға ғана емес, оның жақындарына, қоғамға, қоршаған ортаға зиян келтіреді.

Психологиялық аспект. Нашақор кез келген жеке тұлға типінде кездеседі және сананың өзгеруіне қажеттілік бүкіл адамзатқа тән болып табылады. Зерттеушілер «нашақорлыққа дейінгі» жеке тұлға типін қарастыруда бірінші орынға импульсивті мінез - құлықты қояды. Бұл көзқарас бойынша нашақорлық жеке тұлғаның тәртіпсіздігі және қоршаған өмірге бейімделе алмаушылық болып табылады. Нашақорлық мәселесін зерттеушілер «нашақорлыққа дейінгі» жеке тұлғаны қарастыруда жеке тұлға белгілерін атап көрсетті: эмоционалды кемлденбеу, садисттік және мазохисттік көріністер, агрессивтілік және шыдамсыздық, әлсіз бейімделу, тұлғааралық қарым - қатынасқа түсе алмау т.б. Нашақорлықтың қалыптасуында психологиялық аспект жетекші болып табылады.

Экономикалық аспект. Есірткінің заңсыз таралуы «көлеңкелі» ақша айналымына алып келеді. Сондай ақ мемлекет нашақорларды емдеу мәселесіне қаражат жұмсайды. Нашақорлықтың дамуының салдарынан еңбек мотивациясы мен іс-әрекеті бұзылады.

Демографиялық аспект. Көбіне психоактивті заттарды ер адамдар мен жеткіншектер қолданады. Нашақорлыққа тәуелді ерлер мен әйелдердің ара

қатынасы 10:1 құрайды. Есірткіге тәуелділіктің қалыптасуынан жыныстық инстинктер жойылады. Осы құбылыстардың салдарынан туу деңгейі төмендеп, толық емес отбасылар көбеюде.

Моральдық аспект. Есірткі заттарын жүйелі қабылдағанның әсерінен жеке тұлға девальвацияға ұшырайды. Бірте- бірте нашақор мінез- құлқының моральдық негізі бұзылады және «нашақорлық» құндылықтар жүйесі қалыптасады.

Медициналық аспект. Дәстүрлі наркология нашақорлықты ауру ретінде қарастырады және оны ұзақ емдеу қажет. Нашақорлықты емдеу мен алдын алуда тек медициналық көмек нәтиже бермейді [1].

Көптеген жылдар бұрын бір дана емшінің ойына сұрақ келді: бір науқасқа көмек берген дәрі не себепті екінші науқасқа көмек бермейді? Осыдан келе, біздің заманымызға дейін есімдері сыйға лайық белгілі емшілер өздерінің науқастарына жекелеп тіл табысқан. Оларға әрине, оңайырақ болды, қазіргі заманғы дәрігерлердегідей олар әр науқасқа 10 минуттық уақытпен шектелмеген. Уақыт өтті және тырнаққа қарап аурудың түрін анықтаған бұрынғы емшілер, қазіргі кезде тырнақ түгілі науқастың көзіне де қарамайтын заманауи эскулаптар осы сұраққа келіп тірелді.

Көптеген зерттеулер бойынша батыс медининасы пациентті көпжақты формада емдеу керектігіне келіп тоқталды. Шешімі: бір пациентке бірнеше маман қызмет көрсетуі тиіс. Ең бірінші дәрігер әрине, себебі адам – науқас. Бірақ егер диагноздары бірдей науқастарды алып, олардың емделу жолдарын көрсек, ол былай болар еді. Кез келген дәрі-дәрмекті ұсынғанда науқастың тек жасын, жынысын, физиологиялық ерекшеліктерін (бойы, салмағы, басқа да аурулардың түрімен ауырғандығын) ғана емес, оның мінез ерекшеліктерін де ескеру керек. Мысалы, бойында жауапкершілігі, тиянақтылығы бар, өзі-өзіне және өміріне жауапты қарайтын адам дәрігердің берген дәрі-дәрмегін мүлтіксіз қабылдап отырады. Ал бойында жауапкершілігі жоқ, жеңілтек адам өзінің

Ал, Қазақстандағы психологияның өркендеуіне көлемді еңбек сіңірген, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ғылыми-педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырып келе жатқан ғалым – педагогика ғылымдарының докторы және психология ғылымдарының докторы, профессор Құбығұл Бозайұлы Жарықбаев. Ғалымның этнопедагогика, этнопсихология, психология тарихы бойынша бірегей зерттеулері; студенттерге психологиялық білім беруді жүзеге асыруға қатысты жазған оқу құралдары, оқулықтары құндылығымен, республика аумағында барынша таралып, қолданумен ерекшеленеді. Қ.Б. Жарықбаев ғылыми жетекшілігі арқылы магистр, ғылым кандидаты, ғылым докторы сияқты жоғары академиялық, ғылыми атақтарға ие болған шәкірттерімен де Республикадағы психологияның дербес ғылым, пән болуында ерекше орыналады. Психологиялық дамудың өзекті мәселелерін кешенді теориялық-әдіснамалық негізде шешуді Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ғалымы, психология ғылымдарының докторы, академик Жәмила Ыдырысқызы Намазбаеваның ғылыми мектебі қарастырады. Ғалым Ж.Ы. Намазбаева қазіргі психология, дефектология ғылымдарының теориясы мен тәжірибесінің негізін қалаған Л.С. Выготскийдің ғылыми зертханасында ізденуші болып, С.Я. Рубинштейн, Ж.И. Шиф сияқты ғалымдардың жетекшілігімен нәтижелерінің өміршеңдігі мен ерекшеленетін зерттеулер жүргізген. Ж.Ы. Намазбаева – қазақ қыздарының арасында алғашқы психология ғылымдарының докторы. Сонымен қатар, 1993-жылы Орта Азия мен Қазақстанда тұңғыш рет психология ғылымдары бойынша кандидаттық диссертация қорғататын Арнайы Кеңестің ашылып, оған Ж.Ы. Намазбаеваның төрайым болуы, психологияның жаңа сатыға көтеріліп, дамуына айтарлықтай қосылған үлес еді.

Хорлан Шерьязданованың психология ғылымының дамуына үлкен үлес қосты. Жоғары оқу орнында психологиялық дайындауды, тұлғаның өзін-өзі тану процесін және қарым-қатынастың коммуникациялық, интеракциялық, перцепциялық құрылымдарын жетілдірудің заңдылықтары мен мүмкіндіктерін негізге алып, психологиялық технологияларды оңтайлы қолданудың теориялық және практикалық тұрғылары Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, психология ғылымдарының докторы Хорлан Тоқтамысқызы Шерьязданованың ғылыми мектебінде жан-жақты зерттеліп келеді.

Жоғары мектепте «психология», «өзін-өзі тану» пәндері бойынша білім беруде оқытудың белсенді психологиялық-педагогикалық технологиясын қолданудың теориясы мен тәжірибесінің негізделіп, таратылуы да профессор Хорлан Тоқтамысқызының осы жолдағы бастамашылығымен, ерен еңбегімен байланысты. Болашақ психологтардың, педагогтардың, ғалым-зерттеушілердің әлемдік психология қорын танып-білуі үшін Х.Т. Шерьязданова республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Республикадағы психолог-зерттеушілерді ұйымдастырып, жауапты да көлемді жұмыс атқарды. Нәтижесінде, психология бойынша әлемдегі бірегей теориялар, идеялар, тұжырымдамалар тұңғыш рет қазақ тіліне аударылып, «Адамзаттың ақыл-ой қазынасы» айдарымен 10 томдық аса құнды еңбек 2005 жылы жарық көрді. 2008 жылы 1-қыркүйекте Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, профессор С.Ж. Пірәлиевтің бастамашылығымен Қазақстанда тұңғыш рет Психология Ғылыми Зерттеу Институтының ашылуы да жоғары мектеп психологиясы бойынша білім беру мен зерттеушілік міндеттерді шешуде маңызы зор іс болды.

Қазіргі кезде С.Қ. Бердібаева, Б.Ә. Әмірова, З.Б. Мадалиева, Н.С. Ақтаева, А.Т. Ақжанова, Н.Қ. Тоқсанбаева, т.б. ғалымдар Қазақстандық психологияның басты міндеттерін, әр қырлы мәселелерін шешу арқылы өздерінің ғылыми ұстанымдарын нығайтып, дербес ғылыми мектептерінің іргесін қалап келеді.

Сонымен, қорытындылай келе, шетелдік білім беру аймақтарындағы психологиялық қызмет екі бағытта жұмыс жүргізетіндігі анықталды, ол психологиялық және әлеуметтік бағыттар. Психологиялық аспектіде оқыту мәселелері бар; гипербелсенді; зейіні, сөйлеуі бұзылған; жеке бас мәселелері бар; отбасысында шешілмеген мәселелері бар; мүмкіндіктері шектеулі, т.с.с. мәселелері бар, ақаулары бар немесе мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жүргізу басты назарға алынды.

Ал, әлеуметтік аспектіде басты назар мектептен шығып кеткен немесе қуылып қалған; қараусыз қалған; полиция есебіне тіркелген; токсикоман не нашакор; дағдарыстық күйдегі жайсыз балаларға аударылады.

Ал, отандық педагогикалық психология қарқынды дамып жатқан және болашағы зор ғылым саласы екендігін қазіргі педагогикалық психологиялық зерттеулер дәлелдеуде. Ол үшін ғылыми зерттеулер теориялық тұрғыда негізделіп, педагогикалық практикада тексерілуі тиіс.

Әдебиеттер

1. Зимняя И.А. Педагогическая психология. - Ростов-на-Дону:Феникс,1997.
2. Жарықбаев Қ. Б. Психологическая наука в Казахстане (история и этапы развития в XXв.): Монография. - Алматы, 2002.
3. Ахметова М.Қ. Профессор М. Мұқанов (1920-1985) және Қазақстандағы педагогикалық психология -2010.
4. Сейітнұр Ж.С. Тәуелсіз Қазақстандағы педагогикалық психологияның дамуы. ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы – 2004.
5. Беркімбаева Ш.К., Құсайынова А.Қ. Педагогика. Алматы, 2007ж.

*Серикхан А., Рысбекова Ж.К.
(КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы)*

АКТУАЛЬНОСТЬ ИЗУЧЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ УДОВЛЕТВОРЕННОСТИ ЖИЗНЬЮ

В наши дни одним из наиболее актуальных развивающихся направлений психологических и социологических исследований является исследование различных аспектов жизнедеятельности людей, их субъективное благополучие и удовлетворенность жизнью. На протяжении длительного периода времени последняя не воспринималась как один из наиболее значимых и важных показателей развития общества как в социальном, так и в экономическом плане, но сейчас эта проблема привлекает к себе внимание множества специалистов.

Удовлетворенность жизнью – понятие сложное и довольно субъективное, для того, чтобы его измерить количественно, так как степень удовлетворенности жизнью зависит от множества факторов, например, достойный социальный статус, его стабильность, уверенность в будущем, благоприятный климат и т.д. Наиболее же очевидным параметром удовлетворенности жизнью для населения является показатель финансового благополучия. Несомненно, в любом обществе существует разнородность в уровне достатка, однако согласно выборочному опросу домашних хозяйств «Качество жизни населения» в 2019 году выяснилось, что 68.8% опрошенных казахстанцев отнесли свой уровень достатка к среднему, лишь 0.4% респондентов отнесли свой уровень обеспеченности к низкому и 0.3% – к высокому [1]. Исходя из этого, в данной работе предполагается, что у большей части населения Республики Казахстан среднее качество жизни.

Тем не менее, огромное значение сегодня, в век психологии и гуманистического подхода в отношении к людям, придается не материальной обеспеченности, а субъективной удовлетворенности ею, образом жизни, собственным социальным статусом, психологической стабильности, внутрисемейной ситуации и безопасности, неформальным контактам, а также реализации карьерного и творческого рода. Многие из этих факторов относятся к субъективной, аффективной стороне личности, т.е. напрямую связаны с психологической ее составляющей. Более того, люди в своем большинстве, если не все, бесспорно, стремятся к счастью и комфортной жизни.

Однако сейчас в мире царит не только гуманность и психологизм, но также и конкурентоспособность – это связано со многими различными факторами, например, с преобладанием рыночного типа экономики на Земле, глобализацией, развитием предпринимательского дела [3]. Это все порождает потребность людей в развитии лидерских качеств, в обладании преимуществами в виде интеллектуальных и творческих способностей, специальных навыков как, например, эффективные коммуникации. Даже у детей эти качества воспитываются с ранних лет через занятия ментальной арифметикой, посещение отдельных курсов лидерского воспитания и даже подобных лагерей.

На современном этапе развития общества остро встает вопрос о рассмотрении такого феномена как удовлетворенность жизнью. Центральное место занимает изучение того, насколько человек

удовлетворен своей жизнью, от чего эта удовлетворенность зависит и какие предпосылки заложены в природе самого человека.

На настоящий момент комплексной и многоаспектной проблеме удовлетворенности жизнью посвящено большое количество исследований таких зарубежных авторов, как Diener, Schwarz N., Strack F., CostaandMcCrae, Campbell A., Converse P. E., Rodgers W. L., Lykken D., Шамионов Р. М.. Однако данные работы создавались в рамках различных концепций и независимо друг от друга. Также необходимо отметить недостаточность теоретической разработанности данной проблемы, так как в большинстве работ преобладают эмпирические исследования. Среди отечественных психологов можно назвать следующих ученых, исследования которых так или иначе связаны с проблемой удовлетворенности жизнью: Беймишева А. С., Ризулла А. Р. В рамках социологических, экономических, политических исследований проблему удовлетворенности жизнью рассматривали следующие ученые: AndrewsandWithey, Argyle, Campbell, ConverseandRodgers, Headey, HolmstromandWearing, Schimmack, Аверин Ю.П., Назарова И. Б., Тихонова Н. Е., Ильина Н. О.

Diener (1984) определил два подхода к изучению субъективного благополучия: согласно первой (bottom-uptheory), удовлетворенность отдельными жизненными составляющими оказывает прямое влияние на удовлетворенность жизнью в целом. Так, удовлетворенность, например, творческим самовыражением выразится в более высокой удовлетворенности жизнью в целом. Согласно второй теории (top-downtheory), взаимодействие этих двух составляющих происходит в прямо противоположном направлении.

Другим из наиболее подробно изучающих вопрос удовлетворенности жизнью является У. Шиммак. Он проводил исследования, главной задачей которых являлось установить характер взаимодействия между его составляющими (общей удовлетворенностью жизнью и удовлетворенностью ее отдельными составляющими), а именно – установить причинно-следственные связи между ними. Э. Динерв своих трудах говорит о том, что описанные им теории не являются взаимоисключающими и функционируют параллельно друг другу. Их создание имело целью отобразить сложность взаимнообусловленных процессов, происходящих между компонентами удовлетворенности жизнью [4].

Некоторые исследователи (CostaandMcCrae, 1980; Diener, 1984; Veenhoven, 1984, 1987) отметили, что более убедителен подход, в котором переменные жизни являются последствиями того или иного уровня удовлетворенности жизнью, а также уделили большее внимание проблеме обычного направления, т.е. теории «top-down». Тем не менее, подобные предложения отвергаются рядом исследователей, ссылающихся на безнадежную дискуссию о проблеме курицы и яйца и о том, что нет смысла узнавать, что произошло первым.

Вдобавок, необходимо помнить и о том, что удовлетворенность каждого человека – это его субъективная оценка объективных событий окружающей его действительности, что напрямую связано с индивидуальными предпочтения: когда один испытывает комфорт, проживая в городской экосистеме, другой может быть совершенно к ней неприспособленным и испытывать фрустрацию в городских условиях, предпочитая им деревенские; для одних важно иметь широкий круг общения, для других, напротив, важнее иметь узкий круг близких людей, третьи предпочитают проводить больше времени в одиночку. Поэтому, изучая вопрос удовлетворенности жизнью, в первую очередь следует прояснить, что не только лишь отношение к каждому из факторов различно, но вместе с тем различна и их значимость. Кто-то более терпимо относится к климату, не соответствующему его ожиданиям и желаниям, чем к внутрисемейной обстановке, кто-то в связи с активной политической позицией при выборе страны для переезда выберет не ту, в которой здравоохранение находится на достаточном уровне, чтобы его удовлетворить, но соответствующую его политической идеологии. Также, для большинства людей комфортная окружающая среда не является определяющей в оценке удовлетворенности жизнью, но для тех, кто проживает в неблагоприятных экологических условиях, данный фактор имеет гораздо более веское значение.

Несмотря на то, что проблема удовлетворенности жизнью на данный момент изучается больше и становится все более популярной, анализ работ касательно данной темы приводит к выводу о том, что не существует единогласно принятого содержания понятия «удовлетворенность жизнью», также, как и четкого разграничения со схожими понятиями, такими как «благополучие» (well-being), «субъективное благополучие» (subjectivewell-being), «психологическое благополучие» (psychologicalwell-being), «субъективное счастье» (subjectivehappiness). В связи с последним, возникает потребность в раскрытии содержания понятия «удовлетворенности жизнью», которое бы отличало его

от вышеназванных схожих по значению понятий, носящих комплексный характер и включающих в себя многочисленные факторы из различных сфер человеческой жизнедеятельности.

Тем не менее, исследования показывают сильное сходство между двумя подходами, и можно сделать вывод, что психологическое и субъективное благополучие является одним конструктом [2].

Анализ имеющейся на сегодняшний день литературы по проблеме удовлетворенности жизнью позволяет утверждать, что она становится все более популярной темой для изучения, а также неотъемлемой частью не только психологических, но также и социологических, политологических, экономических исследований.

Сегодня мир живет в ускоренном темпе, что значительно повышает физические и психологические нагрузки, сказываясь на здоровье современного человека, как физическом, так и ментальном. В погоне за успешностью и преуспеванием в развитии высокотехнологичной окружающей среды, он нагружает себя все большей и большей интеллектуальной работой, которая не всегда приносит удовлетворенность жизнью.

Литература

1. КАЧЕСТВО ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 2019 ГОДУ // Министерство национальной экономики Республики Казахстан URL: <https://stat.gov.kz/news/ESTAT320354> (дата обращения: 05.04.2020).
2. Шамионов Р.М. Критерии субъективного благополучия личности: социокультурная детерминация / Р.М. Шамионов // Известия Саратовского университета. Новая серия. Акмеология образования. Психология развития. 2015. Т. 4. № 3. С. 213-219
3. Жусупова А. С. Особенности динамики социального самочувствия казахстанцев // Социальный портрет современного казахстанского общества. Астана – Алматы – 2015. С. 51 – 69.
4. Diener, E. New Well-being Measures: Short Scales to Assess Flourishing and Positive and Negative Feelings [Text] / E. Diener, D. Wirtz, W. Tov et al. // Social Indicators Research. – 2010. – № 97. – P. 143-156.

*Болтаева А.М., Бердалыева А.С.
(эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)*

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУЫ

ЖОО дайындық кезеңіндегі тұлғаның кәсіби дамуының негізгі нысаны кәсіби тәжірибені игеру және кәсіби еңбектің нақты түріне дағдыларды қалыптастыру ретінде студенттерді кәсіби қалыптасуға болып табылады. Белгілі бір кәсіби біліктілігін алған маман, егер оның кәсіби қалыптасуы тек білім, дағды мен шеберлікті меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар оған белсенді, дербес, шығармашылық және жауапты кәсіби рөлге көшудің өзекті жеке проблемасын шешуге мүмкіндік беретін рухани қасиеттер мен қондырғыларды дамытатын болса, кәсіби біліктілікке жол бере алады. Кәсіби қалыптасуның мақсаты субъектінің тұлғалық дамуы, кәсіби өмірге толық қатысуды және өзін-өзі белсендіруді қамтамасыз ететін, кәсіби қондырғыларды, уәждерді, қарым-қатынастарды, құндылықты бағдарларды дамыту болып табылады [1]. Жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандарды кәсіби қалыптастыру мақсатын нақтылай отырып, оның келесі факторларын бөліп көрсетуге болады:

- бірінші курс студенттерін оқу орнына жағымды бейімделуін қамтамасыз ету;
- оқушы жастарды одан әрі кәсібилендіру үшін жағдай жасау; рухани-адамгершілік қалыптасуды қамтамасыз ету;
- әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсету;
- адамның кәсіби маңызды қабілеттерін және әлеуметтік маңызды қасиеттерін дамыту;
- білім беруді аяқтағаннан кейін кәсіби әлемде өз орнын табуға жәрдемдесу және түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру;
- мінез-құлықтың кәсіби-этикалық нормаларын қалыптастыру;
- кәсіби рөлдердің объективтік жүйесін меңгеру;

- болашақ маманның кәсіби мәдениетінің қалыптасуы.

Қазіргі қоғамда кәсіптік білім берудің маңыздылығы тез қарқынмен өсуде. Еңбек нарығында кәсіби білімі бар адамдардың үлес салмағы ұлғаюда. Қазіргі уақытта білім алу үрдісі ғана емес, кәсіби білім алу үрдісі маңыздылыққа ие.

Кәсіби білім беру тағы да бірқатар мақсаттарды көздейді:

1. Кәсіби қызметті меңгеру үшін жағдай жасау. Әрбір адам үшін кәсіби білім екі негізгі қызметті атқарады:

- кәсіби еңбекте тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының құралы болып табылады;
- нарықтық экономика жағдайында индивидтің кәсіби мансабының тұрақтылығын қамтамасыз ету құралы болып табылады.

2. Қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін өндірісте шығармашылық қатыстыру, өз еңбегінің нәтижелері үшін жауапкершілік, қоршаған ортаның жағдайы үшін қалыптасу және т. б.

3. Индивидтің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін қолдау және жеке тұлғаның қабілетін толық ашу үшін үздіксіз өзін-өзі оқыту әдістеріне оқыту [2-3].

Бұл ретте бәсекеге қабілетті маманның кәсіптік білім беру жүйесі екі міндетті шешуге тиіс: Біріншіден, қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау қазіргі уақытта еңбек және кәсіби ресурстарға қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажетті мамандарды даярлау; екіншіден, кәсіби даярлау процесінде маманның жеке басын дамытуға, оның рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыруға, үздіксіз рухани өзін-өзі дамытуға және кәсіби өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілікті қалыптасуға бағдарлануы тиіс. Осы екі міндетті үйлестіру және олардың әрбір нақты кәсіптік оқу орнында табысты орындалуы оның оқушыларының кәсібилігін дамытудың әлеуметтік шарты болып табылады.

Кәсіби білім беру барысында тұлғаның рухани қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы қоршаған орта қажет. Гуманитарлық орта кәсіби дайындықты, студенттердің рухани-адамгершілік жетілуін қалыптастыруды қамтамасыз етеді, бұл нәтижесінде бастама мен жауапкершілік, өз білімін үнемі байыту және жанарту қажеттілігі, жаңашыл шешімдер қабылдау және оларды өмірге белсенді өткізу қабілеті сияқты әлеуметтік сапаларда жүзеге асырылады. Кәсіби оқу орнының гуманитарлық ортасының болуы мен әсері тұлғаның табысты біліктілігінің және оның біліктілігінің қалыптасуының қажетті шарттарының бірі болып табылады [4].

Гуманитарлық жағымды орта көрсеткіштері:

- ЖОО-да демократияландыру үдерісі – таңдау бойынша арнайы курстардың болуы, оқыту нысандарының әр түрлілігі және ғылыми-зерттеу қызметіне қатыстыру;
- Студенттердің қажеттіліктеріне және олардың болашақ кәсіби қызметіне жақын оқу үрдісінің құрылымы;
- оқытушы мен студенттер ұжымындағы жағымды адамгершілік-психологиялық ахуал;
- студенттердің жалпы мәдени дайындығына жағдай жасау, шығармашылық ойлауды және бастаманы дамыту;
- ЖОО ұжымының мүшелерін әлеуметтік қорғауды, неғұрлым белсенді және дарынды студенттерді моральдық және материалдық ынталандыруын жүзеге асыру;
- Дамыған материалдық-техникалық базаның және оқытудың әлеуметтік-мәдени саласының болуы.

Бұл ретте ЖОО біліктілігінің үдерісіндегі негізгі жүйе құраушы фактор болашақ маманның барлық әлеуметтік-кәсіптік және рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытудың ядросы ретінде оқу үдерісі болып табылады. Өз кезегінде, оқу үдерісін кәсіпқойлық факторға айналдырудың қажетті шарты-оқуға жеке бағытталған тәсілді бірінші жоспарға ұсыну, студенттердің кәсіби білім мен шеберлікті алуға, сондай-ақ адамгершілік-гуманистік дамуға деген қызығушылығын арттыру болып табылады.

Жоғары оқу орны кәсібилігін да қоғамның интеллектуалдық және гуманистік әлеуетін дамытатын оқытушы ерекше рөл атқарады. "Біліктілігі жоғары болған сайын, яғни ғалым-педагогтың кәсіби-шығармашылық, рухани әлеуеті, студенттердің рухани дамуына, олардың оқу және кәсіби даярлығын жетілдіруге, өзін-өзі жүзеге асыру тәсілдеріне неғұрлым қолайлы жағдай жасалады.

Педагогтің қызметі - жоғары оқу орнының оқу-қалыптасу үрдісінің ажырамас бөлігі, оның микроортасына, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына елеулі әсер етеді" [5]. Табысты оқытушылық қызметке қажетті басқа қасиеттердің ішінде пәнді білуді, ой-өрісінің кеңдігін, эрудицияны, жұмысқа қабілеттілікті, шығармашылыққа орнатуды, студенттерге өз әсерінің рухани маңыздылығын сезінуді, үздіксіз өздігінен кәсіби білім алу қажеттілігін атап өткен жөн.

Сонымен, ЖОО-да кәсіптік қалыптасу арнайы ұйымдастырылған, бақыланатын процесс болып табылады, оның барысында маманның кәсіби қалыптасуы, оның жеке тұлғасының кәсіби құрылымының дамуы, кешегі оқушыдан дербес кәсіби еңбек субъектісіне біртіндеп көшу. ЖОО-ның кәсіптік қалыптасуы адамның алғашқы кәсіби шеберлігін аяқтайды. Кәсіби оқу орнын табысты аяқтау және тиісті мамандық алу субъектінің алғашқы кәсібилігін аяқтайды және оның кәсіби қатынастар әлеміне кіруінің бастапқы нүктесі болады. Нақты кәсіби қызмет барысында тұлғаның екінші рет кәсібилігі, яғни оның біліктілігінің қалыптасуы орыналады. Екінші кәсіби біліктілігінің негізінде тұлғаның кәсіби белсенділігі, үздіксіз өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіру, кәсіби тәжірибені жинақтау, кәсіби этика нормаларын меңгеру жатыр. Маманды кәсіпқойға айналдыру осылайша кәсіби еңбек процесінде болады. Бірақ бұл тек қана алғашқы кәсібилендіру барысында адам тиісті кәсіби дайындықтан өтіп қана қоймай, гуманистік дүниетанымның негізін қалап, өзіне белсенді және шығармашылық тұлғаны қалыптасу леген жағдайда ғана мүмкін болады. Кәсіби біліктілігінің қалыптасуының психологиялық факторы тұлғаның шығармашылық пен жетілдіруге бағытталуы, әлеуметтік – кәсіби және жалпы адамзаттық нормалардың, құндылықтар мен бағдарлардың кең спектрін меңгеруі болып табылады [6].

Екінші кәсіби біліктілігінің ерекшелігі, біріншіден, бұл процесс формальды болып табылмайды, ол уақытша да, ұйымдастыру шеңберімен шектелмейді (екінші кәсібилендіру барысында жалғыз ресми жағдай біліктілікті арттырудың, аттестациялаудың және т.б. әртүрлі нысандары болып табылады); екіншіден, осы кезеңде кәсібилендірудің негізгі нысаны кәсіби өзін-өзі қалыптасулеу болып табылады, тиісінше, екінші кәсібилендірудің негізгі әлеуметтік агенті кәсіби қызмет субъектісінің өзі болып табылады. Субъектілердің кәсіби қызметі негізінен іскерлік ұйымдар шеңберінде жүзеге асырылады. Қазіргі заманғы әлеуметтанушылардың айтуынша, іскер ұйымдардың қоғамдық функцияларының бірі акпараттық, білім беру, сондай-ақ қалыптасулік құрамдастардан тұратын әлеуметтендіру функциясы болып табылады. Әлеуметтендіру функциясына оның кәсіби құрамын қосу керек. Еңбек ұжымдары жалпы адамды кәсіпке үйретпейді және мұндай міндетті қоя алмайды, алайда, егер кәсіби білім тұлғаны қажетті кәсіби дағдылармен қамтамасыз етпеген жағдайда олардың кәсіби маман болу ісіндегі рөлі зор. Кәсіби ортаның әсерінен тұлғаның адамгершілік құрамын меңгеру, субъектінің кәсіби моралын дамыту жүреді. Ұйымдағы адамгершілік-психологиялық ахуал субъектінің шығармашылық белсенділігінің динамикасына, тұлғаның кәсіби өсуге ұмтылысына айтарлықтай әсер етеді.

Сонымен, "кәсіпқойлық" санаты қоғамға да қолданылуы мүмкін. Қазіргі заманғы қоғамның жоғары даму деңгейі, әлемдік экономикалық, саяси және әлеуметтік үдерістердің қарқындылығы, біздің еліміздің оларға тартылуы қоғамдық еңбек бөлінісінің серпінді дамуына және соның салдарынан қоғамның кәсіби құрылымындағы өзгерістерге ықпал етеді. Әлеуметтік-кәсіптік топтар санының артуы, олардың арасындағы құрылымдық байланыстарды дамыту және нығайту, кәсіби еңбек мазмұнының күрделенуі, кәсіби қызмет сапасына қойылатын талаптардың өсуі – бұл үдерістердің барлығы нақты тарихи жағдайларға байланысты қоғамды кәсібилендіруді куәландырады[7] .

Қоғам дамуы үшін қандай да бір мамандықты игеру, кәсіби қызмет өнімдерімен алмасу және түрлі кәсіби салалар арасындағы әлеуметтік-мәдени өзара іс-қимыл жөнінде туындайтын қоғамдық қатынастар маңызды мәнге ие болады. Қоғамды кәсібилендіру кәсіби әлеуметтік құрылымның күрделенуі және қоғамдағы кәсіби қатынастарды қарқынлату, жетілдіру және тұлғаның кәсіби сапасын дамыту мәселелерінің басымдығын көздейді, яғни жеке тұлғаны кәсібилендіру үдерістерінің қарқындылығы мен нәтижелілігімен тікелей байланысты.

Жеке тұлғаның кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы белсенді еңбек қызметі барысында жүреді, онда мамандық таңдау факторы және "кәсіптегі өмір" адамның мүддесін, өмірлік бағдарын және өмір салтын анықтайтын ерекше мәнге ие болады. Бұл ретте, қоғамның қазіргі даму кезеңіндегі кәсібилігі әлеуметтік стратификацияның маңызды өлшемі, әлеуметтік ұтқырлық және әлеуметтік-мәдени динамика факторы ретінде жеке тұлғаның кәсібилігі рөлінің өсуіне алып келеді.

Студенттердің кәсіби қалыптасуы ретінде жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін жетілдіру және білімін өзі жетілдіру, сондай-ақ болашақ мамандыққа құндылық-уәждемелік қарым-

катынасты қалыптастыру кіретін өзіндік сана-сезімнің даму процесін түсінуге болады. Нақты кәсіби қызмет барысында тұлғаның екінші рет кәсібиленуі, оның біліктілігінің қалыптасуы орын алады.

Екінші кәсіби біліктілігінің негізінде тұлғаның кәсіби белсенділігі, үздіксіз өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, кәсіби тәжірибені жинақтау, кәсіби этика нормаларын меңгеру жатыр. Маманды кәсіби білікті маманға айналдыру кәсіби еңбек процесінде болады. Бірақ бұл тек қана алғашқы кәсібилендіру барысында адам тиісті кәсіби дайындықтан өтіп қана қоймай, гуманистік дүниетанымның негізін қалап, өзіне белсенді және шығармашылық тұлғаны қалыптасу жағдайында ғана мүмкін болады. Қорыта келгенде, жоғары оқу орындарындағы білім беру жағдайлары - болашақ мамандардың кәсіби біліктілігінің қалыптасуының психологиялық факторы ретінде тұлғаның шығармашылық пен кәсіби жетілдіруге бағытталуы, әлеуметтік – кәсіби және жалпы адамзаттық нормалардың, құндылықтар мен бағдарлардың кең спектрін меңгеруінің алғышарты болып табылады.

Әдебиеттер

1. Белозерова, Л.И. Интегративный подход к профессиональному становлению психолога на этапе вузовской подготовки / Л.И.Белозерова. – Ярославль, 2002. – 98с.
2. Горнова, Н.В. Профессионально-личностное становление будущего учителя. Монография / Н.В.Горнова, Г.И.Железовская. – Балаково, 1999. – 108с.
3. Поваренков Ю.П. Психологическое содержание профессионального становления человека / Ю.П.Поваренков. – М.: Изд-во УРАО, 2002. – 160с.
4. Степаненко, О.В. Аксиологические приоритеты профессионально-педагогической подготовки будущего учителя / О.В.Степаненко // Философско-исторические основы общего образования в России. – М.: ИТО и П РАО, 2002. – С.338-342.
5. Климов Е. А. Идеалы культуры и становление субъекта профессиональной деятельности // Психол. журн. 2005. Т. 26, № 3
6. Карпов В. В. Психолого-педагогические проблемы многоступенчатой профессиональной подготовки в вузе: Дис. д-ра пед. наук. Л., 1991.
7. Зеер Э.Ф. Психология профессий: Учебное пособие для студентов вузов.— 2-е изд., перераб., доп. - М.: Академ.Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2003.— 336 с.

Мамбеталиев С.А., Мадалиева З.Б.
(*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.*)

ПСИХОСОМАТИКА: ЖАН МЕН ТӘННІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Психикалық және соматикалық өзара тығыз байланысты болып келеді ол бірнеше ғасыр бұрын Гиппократ және Аристотель заманынан бастап белгілі болып, зерттеліп келе жатыр. «Psychosomatic» грек тілінен аударғанда «psycho» (жан) және «soma, somatos» (дене) деген екі түбірден құралады. Бұл медициналық термин 1818 жылы пайда болды.

1818 жылы Лейпцигтік неміс дәрігер Иоганн Хайнрот «психосоматикалық» терминін енгізді. Иоганн Хайнроттың сөзіне назар салсақ, естен кетпейтін немесе пациенттің өмірінде қайталан беретін көңіл-күйді түсіретін жағымсыз эмоция адам жанын жегідей жеп қана қоймай, физикалық тұрғыдан әлсіретеді деп көрсеткен болатын.

Сонымен қатар ол «Ұйқысыздықтың себебі – әдетте психикалық-самотикалық, алайда өмірдің әрбір саласының өзі-ақ жеткілікті түрде оның негізі бола алады» деген ой-пікірін де білдірді. «Психосоматика» термині жалпыға ортақ дәрігерлік қолданысқа тек жүздеген жылдар өткеннен кейін енді.

Психосоматика - адамның ішкі дүниесіндегі күйзелістері мен оның адам ағзасына тигізетін әсерін зерттейтін медициналық сала. Психосоматика ілімінің аясында жеке тұлғаның мінез-құлықтары, эмоциялық және психологиялық жай-күйінің белгілі бір самотикалық (тән) ауру арасындағы байланысты зерттейді. Наука адам ауру белгілерін, қалай ауыратынын, әлсіздігі мен қиналыстары туралы айтады да, ішкі күйзелістері, уайым-қайғысы туралы айта бермейді. Адамның денсаулығының болмауын, яғни ауруын медициналық және психологиялық тұрғыдан емдеуге болады. Медициналық жолмен емдеу адам денесіндегі ауру белгісін физиологиялық жолмен емдеу болып табылады [1].

Бұған дәрі ішу, дәріні әр түрлі жолдармен қабылдау, майлау, қыздыру т.б. медициналық жолмен емдеу жатады. Ал адамның өмірінде белгілі бір жағдайға қатысты уайым-қайғы, ашу-ыза, өкпе-реніштің болуына байланысты да адам әр түрлі ауруға душар болады. Психосоматика деген сөздің өзі адамның жаны мен тәні деген мағынаны білдіреді. Адам күйзеліске ұшырап, жаны қиналғанда, тәні — денесі ауырады. Уайым күшейсе, ауру белгісі де күшейе түсед. Демек, денедегі ауру белгісінің себебін білумен қатар, науқас адамның қасында болып, психологиялық қолдау көрсету маңызды.

Фрейд пен Франц Александерден кейін психосоматикалық теорияны зерттеуге деген қызығушылық жаңа заман ғалымдарында да пайда болады. Дегенмен де, бірдей ауруға шалдыққан адамдардың мінез-құлқы, темпераменті ұқсас болып келеді екен. Олардың белгілі жағдайға деген танытатын реакцияларды да бірдей болып шыққан. Мысалы, онкологиялық ауруларға шалдыққандардың көбісі өз эмоциясын білдіртпейтін, іштегі ашу менен ренішін сыртқа шығармайтын, өмірде кейде өкінгеннен құлазып, жалғыздықтың азабын тартатындары да кездесіп жатады.

Ал, арқасы ауыратындарды бақылауға алса, көпшілігі бәріне жаққысы келетін, пайдалы болғысы келетін, сөйтіп бүкіл ауыртпашылықты өз мойнына жүктеп алатындар қатарынан екен. Олар өздерін өзгелер үшін құрбандыққа шалуға дайын тұратын көрінеді. Жақындарының жағдайын көп ойлағандықтан өз өмірін екінші кезекке қояды да өзімен-өзі арпалысып, өз-өзіне көңілі толмай өтеді.

Психосоматикалық теория негізгі 5 эмоциядан құралады:

1. Ашу-ыза
2. Қорқыныш-үрей
3. Қайғы-мұң
4. Қызығушылық
5. Шаттық-қуаныш

Қазіргі уақытта психосоматикалық аурулардың басты себебі - түпкі санадағы конфликт. Оны мойындау мүмкін емес. Адам бала кезінен өз мақсаттары үшін емес, өзгенің(ата-анасының) қалауы мен сұранысы үшін өмір сүруі мүмкін. Соның салдарынан ішінде көрсетпеген эмоциялар, айтылмаған сөздер жиналып, ішкі күйзеліске душар қылады. Ол гормоналды өзгерістерге, артериалды қан қысымына әсер етеді.

Ашу-ыза, қорқыныш-үрей, қайғы-мұң адам ағзасына кері әсерін тигізіп жатады. Адам ызаланса, қорықса, қайғырса, «қысу, қысылу» механизмі іске қосылады. Керісінше, қызығушылық танытса, қуанса, жүрек секіріп кетердей болады. Жағымсыз эмоцияларды жанымызға жуытпау мүмкін емес. Ашуланбайық, қайғырмайық, уайымдамайық десек те, сезімімізге ерік береміз. Мұнымыз дұрыс. Себебі ашуға булыққан адам ұзақ уақыт бойы шеше алмай жүрген мәселенің нүктесін қоя салады, айта алмай жүргенін айтады. Сол арқылы өз өміріне қатысты маңызды шешім қабылдайды. Қорыққан адам ең алдымен өзін ойлайды. Бұл да керек сезім. Ал, уайым болса, жылап-сықтау арқылы шерден арылуға, өткен-кеткенге талдау жасау арқылы өмірге басқа қырынан қарауға мүмкіндік береді. Күнделікті өмірде, сонымен қатар төтенше жағдай кезінде адам қорқыныш эмоциясымен соқтығысады. Ересек адамдарға қарағанда балаларда қорқыныш басымырақ болады. Психолог төтенше жағдайға шыққанда балалардың қорқыныш күйін, олардың сөйлеу арқылы немесе жылау арқылы, сонымен қатар сурет салдырту арқылы анықтайды.

Стресс ағзаға ұзақ уақыт әсер еткенде, ағзаның функционалдық бұзылыстары басталады:

1. Адам қан қысымынан секіре бастайды;
2. Ауырсыну жоғарғы артқы және мойын аймағында басталады, өйткені мазасыздықпен біз санасыз түрде иығымызды көтеріп, басымызды жасыруға тырысамыз;
3. Жоғарғы дененің бұлшық еттерінің тұрақты кернеуінен бастың ауыруы басталады;
4. Гипервентиляция ауаның жетіспеушілігінен туындауы мүмкін, біз үнемі оттегімен тыныс алуға тырысамыз;
5. Тітіркенген ішек синдромы пайда болуы мүмкін: іштің дірілі, ауырсыну, диарея;
6. Асқазанның ойық жарасы көбінесе дәл стресстік жағдаймен басталады - асқазанға түспейтін тағамды сіңіру үшін тұз қышқылының көбеюі және нәтижесінде эрозия. Микробтар осы жерлерде қоныстанып, процесс басталды;
7. Жүрек-тамыр жүйесінің жұмысында, вегетативті-тамырлық дистония деп аталатын, мазасыздықтың бұзылуының нәтижесінде проблемалар бар;

8. Инсулин мен қандағы глюкоза стрессінің ауытқуы стрессе пайда болады - жиі бұзылулар қант диабетінің дамуына серпін береді.

Психосоматика өзін-өзі сүйеге, сыртқы ортаны қабылдауға, адамның өзінің өткен қателері мен кемшіліктерін кешіруге, өзінің болмысы мен шынайы табиғатын қабылдауға үйретеді. Мұндай сенімге ие болған адамның психикалық денсаулығы тұрақты, көңіл-күйі жақсы, өзіндік таным деңгейі жоғары болады. Тіпті ауруды емдеу құқығын қалдырса да, онымен тікелей айналысатын дәрігерлерге қалдыру керек. Сондықтан да өзіңізге дұрыс емес тәрізді көрінетін теориядан бас тартуға асықпаңыз. Кейде оның ішінен де өте пайдалы болып табылатын бір пайдалы, ұнамды жағын табуға болады [2].

Психосоматикалық теорияны қолдайтындардың ойынша көптеген қиындықтар жағымсыз эмоцияда емес. Мәселе - ол эмоциялардың сыртқа шықпауында. Кез келген эмоция сыртқа шықпаса, ауруға душар етеді. Мысалы, егер адам ашуын сыртқа көрсетпесе ол ренішке айналады. Ал, реніш адам жанын қинап, бір күні қатерлі ісік болып келеді [3].

Адамның барлық дене мүшесі мимен тығыз байланысты. Сондықтан адамның белгілі бір әрекетті орындағысы келмей, қабылдамай жатқанын дене мүшелерінің бірі «сезіп», ауыр қабылдап одан өзін жәйсіз сезінеді. Мазалаған мәселе оң шешімін тапқаннан кейін жәйсіз сезілген дене мүшесі қалпына келеді. Бұл – мидан келетін сигналдың нәтижесі.

Адамның басына қандай жағдай туса да түпкі санамен жұмыс істеп, кез-келген одан да қиын, күрделі жағдайларға дайын болғаны дұрыс. Жолындағы барлық кедергілерді қабылдай білгені, санасындағы қателіктерді мойындай біле отырып, алдағы өміріне жоспар құра отырып, әрекет еткені жөн. Осындай кезеңде жеке өзіндік дамыту жұмыстарын жүрізуі қажет, ізденісті, алдыңғы өміріне сеніммен қарап, ізденісті тоқтатпау керек [4].

Қорыта келгенде, психосоматика ауруларынан сақтану үшін мына әдістерді қолдануға кеңес береміз:

1. Ойды артық проблемадан тазарту;
2. Күйзеліске әсер еткен мәселенің шешімін табу;
3. Спортпен шұғылдану;

4. Луиза Хей, Антонио Менегетти, Джойс МакДугалл, Франц Александер т.б. психологтар мен дәрігерлердің еңбектерін оқу.

Психосоматика ауруларын дәрімен емдеуге болмайды. Мұндай жағдайда психолог пен неврологтың арнайы көмегін қажет етеді. Білікті өз ісінің маманы эмоцияны басқаруды, мазалаған ойды сыртқа еркін шығара білуді үйретеді.

Әдебиеттер

1. Александер Ф., Селесник Ш. Человек и его душа: познание и врачевание от древности до наших дней/ Пер. с англ. М., 1995.
2. Ирина Германовна Малкина-Пых Психосоматика Справочник практического психолога – «Психосоматика»: Эксмо; Москва; 2008
3. Фролова, Ю. Г. Психосоматика и психология здоровья: Учеб. пособие. 2-е изд., перераб. и доп. / Ю.Г. Фролова. – Мн.: ЕГУ, 2003. – 172 с.
4. Шибутани Т. Социальная психология. Ростов-на-Дону, 1998.

*Тленчиева Н.С., Мукушева К.М.
(әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)*

ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕЛУ ДЕҢГЕЙЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

Соңғы жылдары қызметкерлер және олардың кәсіби салада тиімді жұмыс атқаруы маңызды мәселелердің бірі. Заманауи үлкен ұйымдардың көпшілігі қаражаты мен күшінің біраз бөлігін қызметкерлерін қалдыруға бағыттайды себебі білімді және адал қызметкерлер компанияның нарықтағы табысының негізгі құрамадастарының бірі. Осыған орай, ең алдымен қызметкерлердің өзара қарым-қатынасы, жас мамандардың ұжымға бейімделуі назарды қажет ететін маңызды аспектілер. Соңғы он жылдықта кеңінен тараған эмоционалды интеллект түсінігі тұлғааралық

байланыста ауқымды рөлге ие екенін көптеген теориялар мен зерттеу жұмыстарынан көреміз. Эмоционалды интеллект ұғымы дәстүрлі интеллект түсінігімен қатарласып, шынайы өмірде адамдар қарым-қатынасына тікелей әсер етеді деп айта аламыз. Себебі өзгелердің және өзінің эмоцияларын түсіну, басқару қабілеті кез келген тұлғаның бойында түрлі жолдармен көрініс табады.

Қазақстанда А.А. Толегенова эмоциялық интеллектті психофизиология тұрғысынан қарастырған. Оның зерттеу еңбегінде эмоциялық интеллекттің психофизиологиялық параметрлері адамның эмоцияны реттеу кезіндегі индивидуалды ерекшеліктерінің негізі ретінде қарастырылған. Эмоциялық интеллекттің адамның өнімді іс-әрекет, әлеуметтік бейімделу және стрестік жағдайлар үшін маңыздылығы көрсетілген[1]. Ахметова Ж.Б., Ким А.М., Садыкова А.Т., Нарикбаева Л.М., Тленбекова А.Ш., Алимбаева Р.Т. сынды ғалымдар эмоционалды интеллект түсінігін теориялық және тәжірибелік жағынан зерттеді. Ресей зерттеушілер де Д.В. Люсин сияқты авторлар әзірлеген эмоциялық интеллект моделі тақырыбына қызығушылық танытты, И.И. Андреева, Д.В. Ушаков, Е.А. Сергиенко, О.В. Белоконов және тағы басқалар.

Осылай, бейімделуде тұлғааралық қарым-қатынас үлкен мәнге ие, ал ол үшін маңызды фактордың бірі эмоционалды интеллект.

«Эмоционалды интеллект» ұғымының терминіне сүйене отырып, екі элементті біріктіреді: эмоциялар мен интеллект. Осы екі элементтің арақатынасы туралы мәселе философия мен психологияның даму тарихының барлық кезеңінде даулардың өзекті мәні болып қала береді. Жалпы мағынасында эмоционалды интеллект дегеніміз тұлғаның өзінің және өзгелердің эмоцияларын түсіну және басқара алуына, айналадағылардың эмоцияларын қабылдай алу және оларға ықпал етуіне, сонымен бірге өзінің эмоционалдық күйлерін рефлексиялау және көріністерін басқара алуына байланысты тиімді қарым-қатынас орната алу қабілеті. Осындай анықтамадан шыға отырып эмоционалды интеллекттің бейімделушілік қасиеттері айқын болып көрінеді, бірақ қазіргі уақытта бұл ойдың эмпирикалық дәлелдері аз.

Таңдалынып отырған мәселенің өзектілігі эмоционалды интеллект психологиялық зерттеу пәні ретінде біздің елімізде салыстырмалы түрде жаңа, аз зерттелген феномен болуына негізделеді. Қазіргі уақытта эмоционалды интеллект мәні мен құрылымын түсіндіруге әртүрлі теориялар бар. Бірақ біртұтас, бірыңғай келісілген теория құрастырылмады.

Бейімделудің психоаналитикалық концепциясы ең өңделгендердің бірі болып табылады. Тұлғаның әлеуметтік қоршаған ортаның талаптарына бейімделу үрдісі З.Фрейд еңбектерінде сипатталады, бейімделудің нақты қорғаныс механизмдері А.Фрейд еңбектерінің тақырыбына айналды. Тұлғаның психологиялық бейімделуі мәселесіне ауқымдырақ көзқарас Г.Гартманның жұмыстарында көрініс тапқан. Психоаналитиктердің айтуынша бейімделу нәтижесінде тұлға ғана емес, оның әлеуметтік ортасы да өзгереді. Социумның өмір әрекеттеріне қатыса отырып, тұлға бейімделуі тиіс болатын шарттарды өзі қалыптастырады. Осылай, бейімделу үрдісінің екі жағы көрсетіледі: аутопластикалық (тұлғаның ортаға бейімделу мақсатында өзгеруі) және аллопластикалық (тұлға қажеттіліктеріне байланысты сыртқы ортаның өзгеруі). Г.Гартманға сәйкес бейімделу үрдісінің үшінші нұсқасы, өмір сүру мен жұмыс жасауға оптималды әлеуметтік ортаны іздеу болып табылады [2].

Интеракционисттік бағытқа сәйкес, бейімделу адам іс-әрекетінің екі өрісін қамтиды: тұлғадан тыс өріс (кәсіби білімді, дағдыларды игеру, әлеуметтік-экономикалық белсенділік таныту және т.б.) және жеке қарым-қатынастар крісі (эмоционалды бай тұлғааралық байланыстар орнату) [3].

А.А. Реан Л.М. Митинаның жұмысын талдап, кәсіби бейімделу үдерісіндегі жеке тұлғаның мінез-құлқының екі үлгісі де белсенді екенін атап өтті. Айырмашылықтар осы белсенділіктің «бағыттылық векторында» болып табылады. Бірінші жағдайда бұл белсенділіктің векторы ішке, өздігінен алмасуға, бейімдеуге бағытталған; екінші жағдайда белсенділіктің векторы сыртқа, қоршаған жағдайдың өзгеруіне бағытталған. Сонымен қатар, А.А. Реан бейімдік мінез-құлықтың үшінші үлгісін көрсетеді: алғашқы екі қызметкерді пайдалану мүмкін болмаған жағдайда жаңа кәсіби ортаны белсенді іздеуге көшеді, яғни кәсіптің немесе жұмыс орнының ауысуы туралы ойланады. Бұл ретте автор бұл түрлердің бөлінуі шартты түрде және шын мәнінде кәсіби қызметке психологиялық бейімделудің ықтимал-аралас түрі болып табылатынын атап өтті [4].

О.И. Зотова, И.К. Кряжева да психологиялық бейімделу критерийлерінің екі тобын бөледі. Объективті критерийлерге авторлар ұжымдағы нақты жағдайды, қызмет өнімділігі, олардың көрсеткіштері, өсу, жұмыс өтілі, өндіру көрсеткіштері болып табылады. Мұндай жағдайда субъективті өлшемдерге қызметкердің өмірдің түрлі аспектілерімен және өзімен қанағаттану дәрежесін, сондай-ақ

психологиялық жайлылық сезімін жатқызуға болады. Кәсіби қызметке бейімделудің психологиялық көрсеткіштері туралы айта отырып, И.К. Кряжева сонымен қатар тұлғаның өндірістік қызметке психологиялық қосылуының және тұлғаның эмоционалдық көңіл-күйінің маңыздылығын атап өтеді [5].

Эмоционалды интеллект идеясы әлеуметтік интеллект туралы түсініктердің дамуының салдары болып табылады. Мысалы, 1920 жылы Э. Торндайк адамдарды түсіну және олармен өзара іс-қимыл жасау қабілеттілігінің бар екенін айтты, оны әлеуметтік интеллект деп атады (абстрактілі және нақты интеллектпен қатар). Осы қабілетпен Торндайк тұлғааралық қарым-қатынастардың табыстылығын және адамдық қарым-қатынаста «даналық» әрекет ету қабілетін байланыстырды [6].

1988 жылы Рувен Бар-Он (Reuven Bar-On) эмоционалды-әлеуметтік интеллект ұғымын енгізді және ол адамның мінез-құлқын анықтайтын терең жеке, сондай-ақ тұлғааралық қабілеттерден, дағдылар мен іскерліктерден тұрады деп болжады. Бар-Он алғаш рет EQ - emotional quotient белгілеуін енгізді, IQ - интеллект коэффициентімен ұқсас эмоционалдық коэффициент. Өз кезегінде Кэролин Саарни 1990 жылы эмоционалды құзыреттілік ұғымын қарап, оған өзара байланысты сегіз эмоционалды және әлеуметтік дағдыларды қосты [7].

Адамның эмоцияларын сәйкестендіру және түсіну мәселесін зерттеу кезінде әр түрлі оқылудан аулақ болу үшін, американдық психологтар П. Сэловей мен Дж. Мейер 1990 жылы бұл қабілеттер «эмоционалды интеллект» біртұтас ұғымын құруын ұсынды. Авторлардың өздері эмоционалдық ақыл-ойды әлеуметтік ақыл-ойдың негізі ретінде қарастырады, ол өз және бөтен сезімдер мен эмоцияларды бақылау, оларды ажырату және бұл ақпаратты ойлау мен іс-қимыл бағыты үшін пайдалану қабілетін қамтиды. Осы ғалымдар ғылыми психологиядағы алғашқы және ең танымал эмоционалды интеллект моделін әзірледі. Бұл үш түрлі қабілеттерден тұратын күрделі конструктивтік: 1) эмоцияларды сәйкестендіру және білдіру, 2) эмоцияларды реттеу, 3) эмоционалдық ақпаратты ойлау және іс-әрекетте пайдалану [8].

1997 жылдың жетілдірілген моделіне сәйкес, эмоционалдық интеллект келесі ментальды қабілеттерден тұрады: 1) эмоцияларды қатесіз қабылдау, бағалау және білдіру қабілеті; 2) ойлау тиімділігін арттыру үшін қол жеткізу және сезімдерді тудыру қабілеті; 3) эмоцияларды түсіну, эмоционалды таным; 4) эмоцияларды саналы реттеу, эмоцияларды басқару, эмоционалды және зияткерлік даму деңгейін арттыру қабілеті [9].


2004 жылы ресейлік психолог Д.В. Люсин эмоционалды интеллектінің жаңа моделін ұсынды. Эмоционалды интеллект автор өзінің және басқалардың эмоцияларын түсіну және оларды басқару қабілеті ретінде анықтайды. Д.В. Люсин бойынша эмоционалды интеллект - бұл адамның өмірі барысында оның деңгейі мен өзіндік жеке ерекшеліктерін негіздейтін бірқатар факторлардың ықпалымен қалыптасатын психологиялық білім [10].

Сонымен, эмоционалды интеллект психологиясында бірнеше жетекші теориялар бөлінеді: Дж. Мейердің, П. Сэловейдің, Д. Карузоның эмоционалды-зияткерлік қабілеттер теориясы; Д. Гоулменнің эмоционалдық құзыреттілік теориясы; Р. Бар-Онның эмоционалды интеллектінің когнитивті емес теориясы; Д. Люсиннің эмоционалды интеллектінің екі компонентті теориясы. Аталған теорияларды біріктіретін эмоционалдық интеллектінің мазмұндық сипаттамасы-өз эмоцияларын түсіну және басқару, басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және басқару қабілеттерінің жиынтығы.

Эмоционалды интеллектінің негізгі функциялары ретінде көптеген зерттеушілер коммуникацияның тиімділігін арттыруды, тұлғааралық қатынастарды оңтайландыруды, күйзеліс сезімдерін төмендетуді, психологиялық бейімдеуді атайды [11].


Зерттеуді жүргізу үшін бірнеше әдістемелер қолданылды, олар зерттеу мақсаттарына, міндеттеріне, болжамдарына сәйкес таңдалынды. Эмпирикалық зерттеу барысында, адамның эмоционалды интеллект деңгейін анықтау мақсатында, «Эмоционалды интеллект ЭМИн» Д.В. Люсин тесті; мамандардың кәсіби бейімделу деңгейін анықтау мақсатында «Қызметкердің психологиялық бейімделу деңгейін бағалау» Р.Х.Исмаилов сұрақнамасы

Зерттеу таңдамасы: ҚР заңнамасына сәйкес жас мамандар болып 29 жасқа толмаған, техникалық, кәсіби, арнаулы орта немесе жоғарғы оқу орындарын тәмамдаған әрі мамандығы бойынша үш жылдан кем уақыт жұмыс істейтін жастар табылады. Біздің таңдамамыз 22-25 жас аралығындағы 60 сыналушы, оның 40-ы әйел, 20-сы ер адам. Жас мамандардың жұмыс өрістері әртүрлі: маркетинг, сауда-саттық, клиенттермен жұмыс, консультация, жүйелік әкімшілік, есеп-шот, педагогика және т.б.



1 сурет. Жас мамандардың эмоционалды интеллект деңгейлерінің шкалалар бойынша көрсеткіштері

Эмоционалды интеллект деңгейі бойынша жас мамандардың 10%-ы төмен көрсеткіш, 22%-ы орташа көрсеткіш, 50%-ы жоғары көрсеткіш, 18%-ы өте жоғары көрсеткіш анықталды. Жекелеген шкалалар бойынша суретте көрсетілгендей жас мамандардың 70%-ы өзгелердің эмоцияларын түсінуде, 55%-ы өзгелердің эмоцияларын басқаруда, 80%-ы өзінің эмоцияларын түсінуде, 71%-ы өзінің эмоцияларын басқаруда, 62%-ы экспрессияны бақылауда жоғары нәтижелерді көрсетті.



2 сурет. Жас мамандардың психологиялық бейімделу деңгейі бойынша шкалалардың көрсеткіштері

Екінші әдістеме бойынша сыналушылардың ешбірінде ашық көрінетін бейімсіздену (дезадаптация) байқалмады, 11%-да бейімделу деңгейі төмен, 49%-да бейімделу ашық көрінеді, 40%-да бейімделу жоғары деңгейде. Сыналушылардың ешбірінде ашық көрінетін бейімсіздену байқалмады және бұл эмоционалды интеллекттің өте төмен деңгейінің анықталмауымен ұштасып жатыр деп айтуға болады, яғни зерттелініп отырған жас мамандардың жалпы эмоционалды интеллект және бейімделу деңгейі жағымды сипатта. Жекелеген шкалалар бойынша орта нәтижені есептеу барысында ұжымға деген қатынас шкаласы бойынша ол барлық мүмкін 12 баллдың 10 баллы, қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас шкаласы бойынша орташа көрсеткіш 9 баллды, ұжымдағы орнымен қанағаттану шкаласы бойынша сыналушылар ең жоғарғы көрсеткіштерді, нақтырақ айтқанда 11 баллды, ұжымшылдықты бағалау шкаласы бойынша орташа көрсеткіштер 9 баллды, еңбек шарттарына қанағаттану шкаласы бойынша көрсеткіштердің орташа нәтижелері 9 баллды, кіші топқа қатынас шкаласы бойынша сыналушыларымыздың орташа көрсеткіштері 10 баллды, өзімен жұмыста қанағаттану шкаласы бойынша орташа нәтижелер көрсеткіші 9 баллды, басшыға қатынас шкаласы бойынша нәтижелердің орташа көрсеткіші 10 баллды көрсетті.

Алынған зерттеу нәтижелері жас мамандардың эмоционалды интеллекті және кәсіби бейімделуі орта есеппен жоғары деңгейде екенін аңғартады. Нақтырақ айтқанда, өте төмен деңгейдегі эмоционалды интеллект пен бейімделу біздің сыналушыларымыздың арасында анықталмады. Әдістемелердің нәтижесінде бұл қабілеттердің жоғары екенін, яғни жас мамандардың өзінің және өзгелердің эмоционалдық күйлерін түсіну, басқару, жағымды эмоцияларды тудырып, жағымсыз

эмоцияларды тежеу, эмоцияларды вербалды сипаттау секілді қабілеттері ауқымды. Сонымен бірге, сыналушылардың бейімделу ерекшеліктерін де анықтадық. Нақтырақ айтқанда, жаңа ортаға бейімделу кезінде жас мамандардың біраз бөлігі ұжыммен, кіші топтармен белсенді араласып, басшылармен тығыз қарым қатынас орната алатынын, ұжымдағы өзінің орны тауып және еңбек шарттарына ыңғайлана алатынын анықтадық. Алынған нәтижелерді алдағы уақытта шкалалар арасындағы, екі әдістеме корреляциялық зерттеу мақстаныда қолдануды болжаймыз. Яғни, екі әдістеме бойынша бір таңдамада жоғары нәтижелер көрсетілгеніне қарамастан, шынымын де математикалық өңдеуге сәйкес байланыстың анықталуын зерттейміз. Ал бұл жұмыстағы зерттеу көрсеткіштеріне сәйкес қазіргі кездегі жас мамандардың арасындағы жоғары эмоционалды интеллект, кәсіби бейімделу тенденциялары туралы айта аламыз. Екі түсініктің жоғары деңгейлері бір-біріне әсер етеді және тура пропорционалды деп болжаймыз. Практикалық тұрғыдан мамандардың эмоционалды интеллект деңгейлерін дамыта отырып, бейімделуі, тұлғааралық қарым-қатынастары дәрежелерінің өсуі жайлы айта аламыз.

Әдебиеттер

1. Толегенова А.А. Психофизиологическое исследование эмоционального интеллекта. - Алматы: Казахский национальный университет, 2009. – 115 с.
2. Бодров В.А. Психологические механизмы адаптации человека // Психология адаптации и социальная среда: современные подходы, проблемы и перспективы / Отв. Ред. Л.Г. Дикая, А.Л. Журавлев. – М.: ИП РАН, 2007. – 156 с.
3. Вельчинская Т.П. Подходы к проблеме дезадаптации: медицинский, социально-психологический и онтогенетический <http://www.psi.lib.ru/statyi/sbornik/dezadapt.htm>
4. Дикая Л.Г. Адаптация: методологические проблемы и основные направления исследований // Психология адаптации и социальная среда: современные подходы, проблемы и перспективы / Отв. Ред. Л.Г. Дикая, А.Л. Журавлев. – М.: ИП РАН, 2014. – 190 с.
5. Иванова Е.М. Психология профессиональной деятельности – М.: ПЕРСЭ, 2006. – 382с.
6. Об истории развития понятия «эмоциональный интеллект» / И. Деревянко, С. Зотова, О. И., Кряжева И.К. Некоторые аспекты социально- психологической адаптации личности / О. И. Зотова, И. К. Кряжева //– М.: Наука, 2012. – 265 с.
7. Гоулман, Д. Эмоциональный интеллект. / Д. Гоулман // Пер. с англ. – М.: АСТ, 2008. – 478 с.
8. Гоулман, Д. Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта / Д. Гоулман, Р. Бояцис, Э. Макки // Пер. с англ. – М.: Бизнес Букс, 2010.– 301 с.
9. Люсин, Д.В. Современные представления об эмоциональном интеллекте /Д. В. Люсин // Социальный интеллект: Теория, измерение, исследования / Под ред. Д. В. Люсина, Д. В. Ушакова. – М.: ИП РАН, 2011. – 291 с
10. Люсин, Д.В. Структура эмоционального интеллекта и связь его компонентов с индивидуальными особенностями: эмпирический анализ / Д.В. Люсин, О.О. Марютина, А.С. Степанова // Социальный интеллект: Теория, измерение, исследования / Под ред. Д.В. Люсина, Д.В. Ушакова. – СПб.: Питер, 2009. – 183 с.
11. Андреева И.Н. Взаимосвязь эмоционального интеллекта и личностной тревожности в подростковом возрасте // Психологическое здоровье в контексте развития личности: Материалы республ. научно-практ. конф., 30-31 января 2008 г., Брест. –12-13с.

Бейсенбаева А.К.

(Академия гражданской авиации, г. Алматы)

ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ ВЫГОРАНИЕ ПЕДАГОГА

Развитие и совершенствование существующей системы образования предполагает внедрение новых подходов к управлению образовательным учреждением, его педагогическими кадрами, материальными ресурсами и пр. В педагогическое обращение вошли такие понятия как «образовательные услуги», «качество образования», «конкуренция между учебными заведениями», что свидетельствует о влиянии рыночных отношений, экономических факторов развития общества на управление учебным учреждением [1]. Успешная управленческая деятельность в данных условиях базируется на способностях руководителя оперативно анализировать окружающую среду, внутреннюю ситуацию, брать на себя ответственность путем принятия соответствующих решений.

Известно, что базисом любого образовательного учреждения являются его квалифицированные педагогические кадры. Сохранение работоспособности педагогических работников, предупреждение их психического и физического истощения, поддержание удовлетворенности трудом, высокой мотивации к обучению детей и развитию педагогического мастерства, – все это является залогом эффективного управления педагогической системой учреждения.

Профессия педагога насыщена множеством стрессов, которые приводят к возникновению у представителей данной профессии фрустрированности, повышенной тревожности, раздражительности, а также так называемого «синдрома эмоционального выгорания» [2]. Педагогика является одной из тех профессиональных сфер, где синдром «выгорания» наиболее распространен.

Феномен эмоционального выгорания имеет достаточно длительную историю освещения в психологической литературе конца XX в., в частности, в аспектах исследования его сущностного содержания и структуры (С. Maslach и S. Jackson, 1986; Т.В. Форманюк, 1994; В.В. Бойко, 1996; Л.С. Чутко, 2014 и др.); разработки психодиагностического инструментария для его измерения (С. Maslach, 1993; В.В. Бойко, 1996, А.А. Рукавишников, 1998 и др.); анализа детерминант возникновения синдрома (В.Е. Орел, 2005; А.В. Емельяненко, Н.Н. Сафукова, 2005 и др.); определения средств профилактики и коррекции последствий выгорания (К.М. Лаврова, 2006; Н.Н. Пряжников, 2008 и др.). Однако количество публикаций, посвященных проблеме выгорания педагогов, не только не уменьшается, а увеличивается.

Природа феномена эмоционального выгорания очень сложна. Согласно общепризнанным подходам к его концептуализации (С. Maslach, S. Jackson, 1986 и др.), эмоциональное выгорание трактуют как трехмерный синдром, характеризующийся эмоциональным истощением, деперсонализацией и редукцией профессиональных обязанностей [3]. Такая структура данного феномена побуждает исследователей к поиску разноаспектных объяснений выгорания и определения подходящих средств преодоления его симптомов.

Эмоциональное выгорание, несмотря на длительную историю его изучения, остается распространенным явлением в профессиональной деятельности представителей педагогической профессии практически во всем мире (W. Evers, W. Tomic, A. Brouwers, 2002; E. Urbanovská, 2011 и др.), так как до сих пор нет однозначного представления относительно факторов, провоцирующих возникновение выгорания.

Если до недавнего времени эмоциональное выгорание педагога рассматривали и обсуждали как синдром, возникающий после достаточно длительного периода выполнения профессиональных обязанностей, то сегодня имеется немало публикаций, подтверждающих появление данного синдрома у молодых учителей и даже у студентов, готовящихся ими стать, и опыт педагогической деятельности, которых ограничен только педагогической практикой (Т.В. Зайчикова, 2002; Э.Л. Носенко, Р.А. Труляев, 2013 и др.).

Следует констатировать, что вопросы изучения синдрома «эмоционального выгорания» у педагогов нашли должное отражение в теории и практике психологической науки, однако остаются нерешенными множество проблем, в частности нахождение и обоснование эффективных методов предотвращения и преодоления эмоционального выгорания у представителей данной профессии [4]. Одним из направлений научных изысканий в данной сфере является проведение психологических исследований, направленных на анализ средств, форм и методов управленческой деятельности, внедрение которых способствует преодолению эмоционального выгорания педагогов.

Все вышесказанное обосновало необходимость разработки специализированной программы оптимизации управленческой деятельности в системе образования. Программа оптимизации управленческой деятельности по преодолению эмоционального выгорания педагогов включила 15 мероприятий. Разработка программы осуществлялась с учетом основных функций управленческой деятельности руководителя (планирование, организация, контроль и руководство), а также на основе теоретических принципов и практических научных разработок.

Далее представим комплекс разработанных мероприятий.

1. Проведение собеседований с сотрудниками с эмоциональным выгоранием и «группой риска». Цель: установление управленческих и организационных причин формирования эмоционального выгорания; определение мотивов выбора профессии.

2. Организация групповой коррекционно-развивающей работы педагога-психолога с сотрудниками с эмоциональным выгоранием и «группой риска». Цель: снижение и профилактика

эмоционального выгорания; повышение эмоциональной устойчивости, социально-психологической компетентности педагогов.

3. Пересмотр учебной и аудиторной нагрузки педагогов с эмоциональным выгоранием. Цель: снижение психоэмоциональной и физической напряженности, проявлений психосоматических и психовегетативных нарушений; поддержание работоспособности.

4. Оформление тематического уголка в холле учреждения образования на тему: «Мы гордимся своими преподавателями». Цель: нематериальное мотивирование педагогов, повышение мотивации к личным достижениям; предупреждение редукции личных достижений и профессиональных обязанностей.

5. Организация анкетирования сотрудников. Цель: оценка удовлетворенности педагогов работой.

6. Организация психодиагностической работы педагога-психолога с сотрудниками с эмоциональным выгоранием и «группой риска». Цель: выявление индивидуально-психологических особенностей личности педагогов, способствующих развитию эмоционального выгорания; выяснение ситуаций, провоцирующих его развитие.

7. Организация работы спортивной секции для педагогов. Цель: организация досуговой деятельности педагогов; снижение проявлений психосоматических и психовегетативных нарушений; поддержание работоспособности.

8. Организация анкетирования учащихся. Цель: оценка представлений учащихся о педагогах.

9. Организация участия сотрудников с эмоциональным выгоранием и из «группы риска» в инновационных проектах, региональных конкурсах. Цель: развитие творчества педагогов, повышение мотивации, предотвращение и снижение проявлений редукции профессиональных обязанностей и личных достижений.

10. Составление плана карьеры сотрудников. Цель: повышение мотивации педагогов и их заинтересованности в карьерном росте, предотвращение и снижение проявлений редукции профессиональных обязанностей и личных достижений.

11. Контроль за соблюдением графика отпусков сотрудниками. Цель: снижение психоэмоционального и физического напряжения сотрудников, предотвращение и снижение проявлений психосоматических и психовегетативных нарушений.

12. Реализация плана проведения корпоративных мероприятий. Цель: повышение корпоративной культуры, сплочение сотрудников, предупреждение проявлений личностного отдаления.

13. Контроль за реализацией программы «Школа молодого преподавателя». Цель: повышение уровня адаптации молодых преподавателей к условиям работы в учреждении.

14. Организация индивидуальной консультативной и психокоррекционной работы педагога-психолога с сотрудниками с эмоциональным выгоранием и «группой риска». Цель: снижение уровня эмоционального выгорания у педагогов; обучение педагогов навыкам саморегуляции; психокоррекция деструктивных личностных качеств педагогов; профилактика психоэмоционального и физического истощения педагогов «группы риска».

15. Организация просветительской работы педагога-психолога с руководством по вопросам, связанным с эмоциональным выгоранием педагогов. Цель: повышение управленческой компетентности руководства; расширение психологических знаний руководителей; обучение руководства построению продуктивных взаимоотношений в коллективе.

Таким образом, разработанная программа оптимизации управленческой деятельности по преодолению эмоционального выгорания педагогов основывается на теоретических представлениях о специфике управления образовательным учреждением, может быть интегрирована в план деятельности образовательного учреждения, предусматривает комплексное использование различных методов управления и форм работы с участниками учебно-воспитательного процесса (преподавателями, обучающимися, руководством).

Литература

1. Vercambre M.-N. Individual and contextual covariates of burnout: a cross-sectional nationwide study of French teachers / M.-N. Vercambre, P. Brosselin, F. Gilbert, E. Nerrière, V. Koess-Masfety // BMC Public Health. – 2009. – Vol. 9 (333). – P. 44-58.

2. Urbanovská E. Occupational teacher's stressors and burn-out syndrome / E. Urbanovská // School and Health. – 2011. – Vol. 21. – P. 303-316.
3. Barutçu E. Burnout Syndrome of Teachers: An Empirical Study in Denizli in Turkey / E. Barutçu, C. Serinkan // Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2013. – Vol. 89. – P. 318-322.
4. Van Dierendonck D. Towards a process model of burnout: results from a secondary analysis / D. Van Dierendonck, W.B. Schaufeli, B.P. Buunk, // European Journal of Work and Organizational Psychology. – 2001. – Vol. 10(1). – P. 41-52.

Ұ.Б. Төлешова, Ө.Д. Сандықбаева, А.Е. Үсенбекова
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ РЕФЛЕКСИЯСЫН ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тыңдаушылардың педагогикалық рефлексиясын интерактивті оқыту технологиясы арқылы қалыптастыру мәселесі қазіргі замандағы педагогиканың өзектілігін зерттеудің ғылыми бағыты болып табылады. Инновацияларды басқару мәселелері бойынша Қазақстандық және шетелдік ғалымдар жан-жақты ғылыми зерделеу жүргізген. Ғалымдар инновацияларды басқарудың жан-жақты салалары бойынша әр-түрлі тұжырымдар қалыптастырған.

Рефлексия терминінің латын тілінен аудармалары: «reflekto» - кері бұру; «refleksys» - кері қозғалу, кері бұрылу; «refleksio» - кері қарау. Сонымен қатар латын тілінде «animum reflektare» - көңіл бөлу, еске түсіру, ойлау дегенді білдіреді. Рефлексия – субъектінің өзіндік ішкі психикалық күйін тану үдерісі дегенді білдіреді.

Гегель адамның өзін танып білу функцияларымен байланыста болатын рефлексияның екі түрін бөліп көрсетті. Бірінші деңгей – рефлексияда пайдаланылатын құралдар талпыныс тудыра ма, талпыныс қанағаттандырыла ма, сонымен бірге бұл талпыныстарды қанағаттандыру үшін олар өте маңызды болып табыла ма? деген сұрақтарға жауап берумен сипатталса, екінші деңгей – рефлексияда әр түрлі талпыныстардың мақсаттары басты мақсатпен салыстырылады және олардың қанағаттандырылуы басты мақсатқа жетумен сәйкес келе ме?, - деген сұрақтарға жауап берумен сипатталады. Гегель еңбегінде сұрақтарға жауап шешім қабылдаудың негізі деп бөліп көрсетіп, рефлексия үдерісі «төменгі қабілеттіліктен оның жоғары деңгейіне ауысу ниетінен басталады», - деп түсіндіреді. Сонымен қатар, рефлексия басқа адамдармен әрекет үдерісіндегі өзара әрекеттестік және қарым-қатынас барысындағы өзін-өзі тану құралы ретінде қарастырылады.

Философиядан психология бөлініп шыққаннан кейін «рефлексия» ұғымы XX басында С.Л. Рубенштейннің ойлау мен сананы зерттеуге бағытталған жұмыстарында, Л.С.Выготскийдің тұлғаны, А.А. Бодолевтің қарым-қатынасты зерттеу жұмыстарында қолданыла бастады.

С.Л. Рубенштейн: «рефлексия – өмірден және қоршаған ортадан алған әсерлерінен өзін бөліп алып, оның санада пайда болуы», - деп көрсетті.

Л.С. Выготский психикалық дамудағы рефлексияның рөлін қарастыра отырып, «рефлексияның негізгі қызметі – өзіндік әрекеттердің санада болуы» деген түсініктеме берген. В.В. Давыдов, Г.П. Щедровский, В.И. Слободчиков, А.З. Зак және басқалар адамның өзін-өзі тануға, түсінуге, зерттеуге тырысуы рефлексияға тән қасиеттер дейді.

И.Н. Семеновтың пікірінше адам санасының рефлексия феноменісіз еш мәні болмайды. Себебі кез келген күрделі жүйе дамиды, ерте ме кеш пе рефлексия феномені туындайтындай жағдайға жетеді, яғни, адам өз әрекетін ойында қорытып, оның барысын бақылап, реттеп, нәтижесіне баға бере отырып, өткен тәжірибеден қорытынды шығарады, алдағы әрекетін жоспарлайды.

К.Я. Вазинаның ойынша, рефлексия – бұл ішкі қарама-қайшылықтардың өзектілігін тауып, оларды шешу жолдарын көрсететін, өзінің тәжірибелік іс-әрекетін сезінуге бағытталған, адамның өзін-өзі тану қабілеті. Сонымен қатар, өзінің іс-әрекетін сезіну, жеткен жетістіктерін көріп, кеткен қателіктерін байқап, оларды түзету мүмкіндігіне ие болып, соның негізінде мәдени құндылықтарды тұтыну және жаңа құндылықтарды дүниеге әкелу құбылысы болып табылады.

А.И. Зимняя: «педагогикалық рефлексия деп педагогикалық іс-әрекетті келешек ұрпақтың тәрбиесі мен білім беруіне әлеуметтік жағынан жауапты тұлға болып табылатын субъект ретіндегі мұғалімнің кәсіби санасының сәйкестендірілуін айтады. Рефлексияға деген қажеттілік педагогтың өзінің кәсіби санасына байланысты болып келеді», - деп анықтайды. Рефлексия – өзін-өзі танудың,

түсінудің, тексерудің, бақылаудың, бағалаудың негізгі тәсілі, және ойлаудың қажетті құралы. Рефлексияны қалыптастыруда өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, өзін-өзі реттеу бір-бірінен бөлінбейтін үрдістер болып табылады. Олай болса сабақта интерактивті әдістер арқылы тыңдаушылардың рефлексиясын қалыптастыруымыз керек.

А.3. Зак рефлексия ұғымын анықтауда зерттеулерді келесідей топтауды ұсынады:

- Адамның өзіндік санасын зерттеумен байланысты жұмыстар. Бұл зерттеу бағытында әр түрлі әрекеттегі өзіндік бақылау, бағалау, өзіндік сана аспектісіне қатысты материалдар жинақталады.
- Проблемалық міндеттерді шешу барысындағы шығармашылық ойлауға арналған жұмыстар. Бұл жерде рефлексия – субъектінің өзіндік ойлау үрдісін ұғыну ретінде түсіндіріледі.
- Кибернетикалық-элеуметтік-психологиялық тұрғыдағы зерттеулермен байланысты жұмыстар. Бұл жерде рефлексия – басқа адамдардың санасын, ойын тану қасиеті, басқа адамда болып жатқан жағдайларды түсініп, оны өзінің ішкі дүниесінен өткізе білу үрдісі ретінде анықталады. А.А. Бодалев, О.Г. Кукосян, И.А. Вишняков, Л.Н. Сутова еңбектерде өзі мен өзгелер туралы білімге адам дамуына ортаның белгілі ықпалы бар екендігі туралы идеялар нақтыланады. Өзін-өзі тану деңгейі ортаға кері әсер етуі мүмкін екендігі жөнінде де айтылады, яғни тұлға іс-әрекеттердің бағыт-бағдары мен табыстылығына әсер етеді.

Өзін-өзі тану тәсілдері	Мазмұны
1	2
Тұлғалық өзін-өзі сараптау	Тұлғаның жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себеп-салдарлық байланысын ашуға көмектеседі. Өзін-өзі сараптаудың қай бағытта өрбуі тұлғаның өз бойында адамгершілік рухани қадір-қасиеттердің қаншалықты тереңдігі оның тұлғалық шығармашылық потенциалының дамуын, тұлғалық өсіп-жетілуін анықтайды. Осындай ішкі жан-дүниедегі жұмыс аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, тұлғалық рольдік мінез- құлықна дер кезінде түзету енгізуді қамтамасыз етеді.
Педагогикалық рефлексия	Тұлға саласының өз-өзіне қарайбағытталуы, оның өз бойынаүңілуі, болашақ педагогтық қызметі туралы ұғымдарынескеру. Бұл тұлғаның белгілі бір ситуация туралы пайда болғанұғымдарының бейнесінің көзалдына ойша келтіріп, соныңарқасында өзі туралы ұғымдынақтылау қабілеті. Өзінің әрбіріс-әрекетін оның максатқасәйкестігі тұрғысынан саралайкеле, ол өзін әркез түзепотырады. Рефлексияныңнегізінде осындай үздіксіз өзін-өзі түзеу процесі жатыр.
Өзін-өзі бақылау	Оқу барысындағы белгілі бір ситуациядағы өз қалпын көзалдына елестетуге тырысуы. Өзін-өзі бақылаудың, болжаудың басты критеріі – адамгершілік-рухани құндылық бағдарын жан-жақты сараптау қабілеті мен осы негізде шешімдердің көптегенмүмкіндіктерін дайындау, сонымен қатар іс-әрекеттің алдағы мүмкін нәтижесін алдын- ала көру.
Өзін-өзі қабылдау	Бұл процесс кезінде нақтыситуацияға байланысты өзі жәнеөз құлқының жекелегенбейнелері, қалыптасады.
Өзін-өзі қадағалау	түрлі ситуациялар кезінде өзін-өзі саналы немесе еріксіз түрдебақылау. Мұның арқасында белгілі бір айтарлықтай тұрақтыөзінің “Мені” туралы ұғымқалыптасады.

Ғалымдардың еңбектерінде талдау жүргізу негізінде, «рефлексия» - кең ауқымды да, көп мағыналы ұғым деген тұжырым жасаймыз. Жалпы алғанда, рефлексия ұғымын төрт мағынада қарастыруға болады:

Бірінші топқа психологиялық анықтамалар жатады. Бұл жерде рефлексия – ойлану, өз ойларын талдау, өзінің психикалық күйін саралау, өз әрекетін талдауға деген бейімділік ретінде көрініс табады.

Екінші топқа логикалық-гносеологиялық анықтамалар жатады. Яғни, рефлексия – адам ойының қағидасы, өзіндік әрекеттердің алғышарттарын ұғыну, білімнің мазмұнын және оның танымдық әдістерін талдау ретінде қарастырылады.

Үшінші топқа элеуметтік-философиялық анықтамалар жатады. Рефлексия – өзіндік сананың маңызды элементі, оны дамыту факторы ретінде түсіндіріледі.

Төртінші топқа педагогикалық анықтамалар жатады. Педагогикалық анықтамаларда рефлексия – өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы ретінде қарастырылады.

М. Орлов өзінің «Өзін-өзі тану және өзін-өзі тәрбиелеу» атты ғылыми еңбегінде моделдеу – бұл өзін-өзі танудың арнайы тәсілі. Мысалы, психологтың көмегіне сүйену, алайда, психологпен әңгіме жүргізуде, қарым-қатынас жасауға кез келген адам жете бермейді. Сондықтан өзіндік нәтижесін өңдеу жұмысын дербес жүргізуге болады. Моделдеу - жеке дара қасиеттердің бейнеленуі. Мұның қарапайым әдістері - өзін суреттеу, «Мен қазіргі шақта», «Мен болашақта», «Мен дос ретінде», «Мен студент» т.с.с. сурет өзіндік талдауды жеңілдетеді (мен қандаймын?, менде қандай қасиеттер басым?, мен нені қажет етемін?, мен не істей аламын?). Егер суретте белгілер айқын көрсетілген кезде, бұл тәсіл тиімді болады. Сондай-ақ, практика өзін-өзі тану процесін жеңілдетеді және өзіне басқа жағынан қарауға көмектеседі. «Оқыту технологиясы» ұғымы педагогикада және жеке әдістемеде әсіресе соңғы уақытта кең таралып отыр. Байқауымызша, бұл ұғымның педагогикада пайда болуы техногендік өркениеттің дамуымен байланысты және XX ғасырдың басындағы Еуропаның елдері мен АҚШ-та «технология» ұғымының өзі де, оған байланысты мәселелер де арнайы зерттеулерге арқау бола бастаған кезге жатады. XX ғасырларда педология шеңберінде «педагогикалық технология» термині туындады. Осы кезеңде педагогикалық техника ұғымы да кеңінен қолданылады. «Педагогикалық технология» ұғымы рефлексология идеяларына негізделген.

«**Интерактив**» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter» - бұл «өзара», «аст» - әрекет ету дегенді білдіреді. *Интерактивті сөзі* - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Интерактивті технологияның техникалық құрал-жабдықтарды қолданбай өту әдісіне жұптасып жұмыс істеу, ротациялық (ауыспалы) үштік, карусель – айналмақ, шағын топтармен жұмыс, аквариум, аяқталмаған сөйлем, миға шабуыл (мозговой штурм), броундық қозғалыс, есептеу ағашы, өз атынан сот, азаматтық тыңдау, ролдік (іскерлік) ойын, сығымдау әдісі, өз позицияңды ұстан, дискуссия, дебаттар т.б. жатады.

Қазіргі күннің білім беру салаларына қояр басты талабы – ақпараттандырылған жан-жақты, дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт дайындап шығару болғандықтан, жоғарғы оқу орны оқытушы-профессорлары алдына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Соған байланысты тыңдаушыларға ақпараттық білім негіздерін негіздеу, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу іс-әрекетін жүзеге асыру болып отыр. Осы орайда педагогикалық еңбектің тиімділігін арттыруға, тыңдаушылардың білім-білік, дағды сапаларының жақсаруына септігін тигізетін ақпараттық технологияның бір түрі – интерактивті технология.

Интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі сол - білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға уйрету.

Интерактивті әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Мұнда балалардың бұған дейін алған өмірлік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі болып табылады. Бұл әдісте білім алушы мыналармен қарым-қатынасқа түседі:

- мұғаліммен (сұраққа жауап берген кезде);
- өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеген кезде);
- шағын топтармен (топпен жұмыс істеген кезде);
- белгілі бір топпен, аудиториямен (сауалнама алғанда)
- кейбір техника түрлерімен (компьютермен интернетке шыққанда т.б.).

Интерактивті әдістің ерекшелігі – бала өзгелермен араласу барысында ашыла түседі, көбірек оқып, тәжірибе жинай білуі керек. Тәжірибе интеллектуалдық тәуелсіздіктің негізі болып табылады және барлық өркениетті азаматтың қажетті құралы десек те болады.

Интерактивті оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген процесс. Интерактивті әдістер арқылы тыңдаушылардың белсенділігін арттыра аламыз. **Белсенділік** (лат. Activus - әрекетшіл) - бұл психикалық көрініс, қарқынды немесе бір ерекше әрекет жасауда көрінетін адам мінезінің бір қыры. Ф. Энгельс айтуынша: «әрекетшілдік - тіршілік иесінің бәріне тән өз бетімен жауап қайтару қабілеті». Адамның белсенділігі өз қажетін қанағаттандыру үрдісі кезінде көрінеді. Сондықтан интерактивті әдістерді тиімді пайдалану арқылы тыңдаушылардың белсенділігін арттырып, рефлексиясын қалыптастыруға мүмкіндік бере аламыз.

Әдебиеттер

1. Биязева А.А. Рефлексивные процессы в сознании и деятельности учителя: дис. канд. психол.наук. – М., 1993. – 132 с.
2. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения. – Алматы: ИП Волкова, 2009- 341 с.
3. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Жоғары мектептің оқу үрдісінде педагогикалық технологияларды қолдану (оқу-әдістемелік құралы) // «Қазақ университеті» Алматы-2009 ж.

Әлқожаева Н.С., Сугурбаев М.С
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

*Ежелден ер тірегі - ел тілегі
Адал ұл ер боп туса ел тірегі.
Бауыржан Момышұлы.*

Еліміздің қаһарман батыры, жазушы-тәлімгер Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысы, Жуалы ауданындағы Көлбастау (Мыңбұлақ) ауылында дүниеге келген, 1982 жылы өмірден өтті.

Бауыржан атамyzдың әкесі Момыш ескіше өз бетімен сауат ашқан, кирил алфавитін меңгерген, өз кезеңіндегі сауатты адамдар қатарында болған. Сауаттылығының арқасында, саудагерлер, ағаш ұсталары, етікшілер, зергерлігімен қарым-қатынас жасаған. Момыштың әкесі, Имаш деген кісі өзінің барлық шаруашылығын қартайған кезінде ұлы Момышқа табыстаған екен. Бауыржан атамyzдың әжесі, Қызтумас деген елге силы, туыстар арасында «сары кемпір» деп атанып кеткен екен. Бауыржан Момышұлының 3 жасында анасы Рәзия дүниеден өтіп, осы Қызтумас әжесі тәрбиелеген.

Ол Тараздағы (Жамбыл) интернатына бастауыш мектептің табалдырығын аттаған, одан кейін 1924 жылы Шымкент қаласындағы жеті жылдық мектепте оқып, аса зеректігімен көзге түскен, өз қатарларымен салыстырғанда терең ойлап, ширақ әрекет еткен екен. Өзімен бірге сыныптастар жазушы, журналист болған. Мектепті бітірген соң шалғай жылдары бастауыш мектепте ауыл болып саналатын Бетпақдалада ұстаздық етеді. Біраз уақыт аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы ретінде қызмет атқарады, банкте экономист, аудандық милицияда 6 айдай жұмыс істеп, милиция бастығына дейін көтереледі.

Бауыржан Момышұлы туралы тағы бір дерек, ол Қазақ Педагогикалық институтына оқуға түскен, ол кезде институт директоры Тоқтыбаев, баланың қатты суықта жұқа киіммен жүргенін көрген соң, кабинетіне шақыртып, бухгалтерияға баруын және ол жерде оның ақша алып, ауылына қайтуын түсіндірген, осылайша әлеуметтік жағдайы бойынша оқудан кеткен.

Әскери қызметі жылдан басталады, осы жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, әскери борышын өтеген. Сонымен қатар, ол полк мектебін аяқтап алады. Осы уақыт аралығында, ол білімін жетілдіру мақсатында Санк-Петербургтағы (Ленинград) қаржы академиясынан курс тыңдаған.

Енді арнайы тоқталар болсақ, 1936 жылы Бауыржан Момышұлы Кеңес Армиясының қатарына шақырылып, қатардағы солдаттан гвардия полковнигі дәрежесіне дейін өскен.

Әскери округтың 315-ші атқыштар полкінің қолбасшысы, кейіннен ерекше Қызылтулы Қиыр Шығыс Армиясының бөліміне қосылып, рота қолбасшысы болған.

Ұлы Отан Соғысының алдында Бауыржан Момышұлы 105-ші атқыштар дивизиясы құрамындағы артиллериялық атқыштар бөлімшесіне қолбасшылық жасаған. Бірақ, 1941 жылдың қаңтар айында оны Алматыға қайтарады. Оның себептерін әртүрлі мәселелермен байланыстырады. Осы жылдың жазында ол жаңа құрылған 316-шы атқыштар дивизиясы штабына өзімізден және Қырғызстаннан сарбаз жинап, қайта жасақталған дивизияның 1073-ші атқыштар полкінің атқыштар батальонына қолбасшы болып тағайындалады.

Бауыржан Момышұлының әскери педагогика және психологиялық көзқарасына ықпал еткен тәжірибелерді төмендегі кесте арқылы сипаттадық.

Кесте -1. Бауыржан Момышұлының әскери педагогика және психология идеяларына ықпал еткен тәжірибе.

№№	Мерзімі	Әскери әрекеті	Нәтижесі	Қосымша ақпар
1	1932-1934	Қызыл Армия қатарына шақырылады	Запастағы командир	Полк мектебін аятаған. Білімін жетілдіру мақсатында Санк-Петербургтағы (Ленинград) қаржы академиясынан курстан өткен.
2	1936 ж	Ленинград (Санк-Петербург) финанс академиясы жанындағы курсты аяқтайды	Банк саласында қызмет етеді	Экономикалық білімі соғыс тактикасына қажетті болды
3	1936-1941	Кеңес Армиясының қатарына қайта шақырылады	Гвардия полковнигі	Әскери округтың 315-ші атқыштар полкінің қолбасшысы, кейіннен ерекше Қызылтулы Қиыр Шығыс Армиясының бөліміне қосылып, рота қолбасшысы, 105-ші атқыштар дивизиясы құрамындағы артиллериялық атқыштар бөлімшесінің қолбасшысы, 1073-ші атқыштар полкінің атқыштар батальонының қолбасшысы.
4	1941 жылдың күзі	Мәскеуді қорғау шайқасына, Волокаламск тас жолы, Дубровкадағы шайқасына, қатысады	Ленин Орденімен марапатталған	Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы қызметін атқарған, 26 қарашада маршал Рокоссовский полк командирі етіп тағайындаған. 19-шы гвардиялық атқыштар полкінің қолбасшысы. Мәскеуді қорғау шайқасында (Крюкова жанында) жарақаттанып, аз уақыт госпитальда емделеді.
5	1942 жыл, қазан-1943ж	«Өлі бас»(Мертвая голова), «Демянск операциясына» қатысқан (Қосымша Б)	Подполковник, полковник «Қызыл Жұлдыз» және екі мәрте Қызыл Ту орденімен марапатталған	
6	1944 жылы	Генштаб әскери академиясында офицерлер құрамында біліктілікті жетілдіру курсынан өтеді	Ғалымдар соғыс туралы әңгіме-дәрісін тыңдауға шақыртады.	«Соғыс психологиясы» еңбегінің негізі қаланады.
7	1945 жыл	Бірінші Балтық жағалауы фронтының 6-шы гвардиялық әскерінің 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі		Латвия жеріндегі Приекуле станциясы маңында болған шайқас барысында, 15 елді-мекенді жаудан азат етеді
8	1945-1948	К.Е. Ворошилов атындағы Әскери Академияның тыңдаушысы	Ұлы Отан соғысының 1-ші дәрежелі орденімен марапатталған	
9	1948-50	49-шы атқыштар бригадасы қолбасшысының орынбасары		
10	1950-55	Тыл және Кеңес Армиясын қамтамасыз ету» әскери		«Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Наша семья», деген алғашқы кітаптары жарық көреді.

		академиясында аға оқытушы		
11	1952 жылы	Кеңес Армиясы Бас Штабының жанындағы Жоғары әскери академиясын бітіреді.		
12	1953 жыл	Академик Ван-Чон-Худың басшылығымен келген Қытай делегациясымен кездесуі		
13	1955	Запастағы полковник		Қазақ КСР Жазушылар одағының мүшесі
14	1956	Полковник атағымен отставкаға шыққан		

Ұлы Отан соғысы басталған кезде, Бауыржан Момышұлы генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жаңадан жасақталған 316-атқыштар дивизиясы құрамында майданға аттанып, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарған.

Нағыз әскери қолбасшылық әрекеті мен ерлігі 1941 жылы Ұлы Отан соғысымен айқындалады. Атап айтар болсақ 1941 жылдың күзінен бастап Мәскеуді қорғау шайқасында ерлік көрсеткен, бұл кезеңде 19-шы гвардиялық атқыштар полкінің қолбасшысы болған. Осы шайқаста, жарақаттанып госпитальда емделеді, шындығында емделді деген жай сөз болар тиген оқты алдырып, аз уақытта қайта ұрысқа аттанған.

1945 жылдың ақпан-наурыз айларында Латвиядағы Приекуле станциясы жанындағы ұрысқа қатысып, 15 елді-мекен жаудан азат еткен. Осы жылы 21-қаңтарда Бауыржан Момышұлы Бірінші Балтық жағалауы фронтының 6-шы гвардиялық әскерінің 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының қолбасшысы болып тағайындалған.

Отбасылық жағдайына келер болсақ, Бибіжамал Мұқанқызымен (1941-2012) отау құрып, одан Бақытжан есімді ұлды болады, келіні Зейнеп Ахметова бүгінде Ержан деген немересі, Нұрсұлтан, Мадияр есімді шөберелері бар. Екінші рет, Строева Вера Павловнамен отасқан, деректер бойынша балалары болмаған. Үшінші жары Бақытжамал Қалибекқызы Қуанышбаева (1943-2003), одан Рамазан есімді ұлды болған. Өмірінің соңғы 12 жыл отасқан әйелі, Ғайникамал Баубекова ол 1973 жылы қайтыс болған. Тағы бір деректерде атамyzдың Коркина Елена Бауыржанқызы есімді қызы Мәскеуде тұрады. Өзінің шығармашылық жолын қуған Бақытжан деген ұлы жазушы болды. Әкесі туралы біраз еңбектер жазды.

Ерлігі мен өлшеусіз ұлт жанды Бауыржан Момышұлы төмендегідей марапаттарға ие болған:

- Құрмет белгісімен -1959 жылы;
- Еңбек Қызыл Ту орденімен-1971 жылы;
- Халықтар достығы ордендерімен-1980 жылы;
- Ленин орденімен-1990 жылы (қайтыс болған соң);
- Кеңес Одағының Батыры атағы- 1990 жылы 11-желтоқсан (қайтыс болған соң).

Кімнің болса да мұндай ұлы тұлғаның мансаптық көтерілмеу, кештетіп марапатталғандығы кімді болса да ойландырады. Өзінің жазбаларында, ол турашылдықты, бетіне қарап тура айтуды ұнататынын айтып өткен. Кеңес үкіметінің солақай саясаты, аяқтан шалып, сындыруға тырысқанымен Бауыржан Момышұлы қасқайып өзінің ұстанымдарынан тайған жоқ. Шын мәнінде, мұндай ерлік жасаған адам сол кездің өзінде «Кеңес Одағының Батыры» атануға, «Генерал» болуға, қорғаныс министрі болуға лайықты еді. Алайда, өзінің айтып өткеніндей әділдік кеш болса да жарып шығады деп өзі дүниеден өткен соң марапаттарға ие болды.

Бүгінде, «Бауыржан Момышұлының мұрасы» қоғамдық қоры, оның есімімен «Жас ұлан», жалпы білім беретін мектептер, орталықтар, еліміздің көптеген қалаларында, Мәскеуде көше аттары берілген. Сонымен қатар, ескерткіштер мен монументтер орнатылған.

Бауыржан Момышұлы - Кеңес одағы, партияның коммунистік идеология басымдық танытқан кездің өзінде, ұлттық сананы жоққа шығарған кездерде ұлт мәсесін көтерген, сондықтанда ұлтшыл деп таныған. Негізінде, ұлттық сезім, рухани дүние оның отбасындағы тәрбиесіне қатысты еді.

Алайда, оның еңбектерін практикалық тұрғыдан қолдану кемде кем, Бауыржан Момышұлының әскери теориясы мен тактикасын сарбаздар дайындауда кеңінен қолдану қажет деп ойлаймыз. Сонымен қатар, педагогиканың тәрбие теориясына да ендіру қажет.

Жоғарыда айтып өткендей Кеңес үкіметінің солақай саясаты бар жоғы қылшылдаған 46 жастағы Бауыржан Момышұлының еңбек жолын жалғастыруға, мансаптық өсуіне кедергі жасады, тіпті Ө. Жолдасбеков сол кездегі С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің әскери кафедрасына жұмысына алуына да мүмкіндік бермейді. Сол себептен де бұрын да әңгіме, өлең жазып, қанатты сөздер айтып жүрген Момышұлы шығармашылығын шыңдауға кірісуді көздейді. Қазақ, орыс тілдерін еркін меңгерген ол екі тілде де роман, повест, әңгіме жаза бастайды. Оның әрбір шығармасы оқырман қауымның сұранысына ие болды, сол себептен де бірнеше рет қайталап шығарылды.

Ол соғыс уақытында «Қалыбек аға», «Біреулерге», «Жазушыға», «Серігім», «Жардың мұңы», «Ғ-ға», «Омарбекке», «Ана тілін ардақта», «Толғау», «Досыма» тақырыптарында өлеңдер жазған. Соғыстан кейін, 1952-56 жылдарда «Бір түннің тарихы», «Біздің семья» «Офицердің күнделігі» атты қомақты еңбектері жарияланды. Оның шығармалары өмірден алынған, шынайылыққа толы болуымен ерекшеленеді. Шығармаларындағы көрнекті кейіпкерлерді көпшілік автордың өзімен байланыстырды және көпшілік жағдайда солай да еді. Жазушы Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» («Волоколамское шоссе») повестінің негізгі кейіпкері –Бауыржан Момышұлы және бұл батырдың өзінің естеліктері негізінде жазылған. Автордың «Москва үшін шайқас» шығармасы А.Бектің повестінің жалғасы іспеттес. Ал, «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Москва үшін шайқас» әңгімелері мен «Біздің генерал» өмірбаяндық повест жинақтары генерал И.В.Панфиловқа арналаған. «Біздің отбасы» шығармасы бойынша 1976 жылы «Кубалық кездесулер» тақырыбында очерк жария болды.

Бауыржан Момышұлының бойындағы қасиеттерге келсек: тік мінезді, қайсар, шыншыл, әділетті, ержүрек, батыл, ұлтжанды. Бұл мінезі біреуге жақса, біреуге жақпады. Кеңес дәуірінде фамилия «ов», «ев» жалғауларымен анықталған, Бауыржан ата өзінің қайсарлығымен «ұлы» дегенді жаздыртқан. Оның шындығын ел аңыз ретінде қабылдайтын.

Мысалы, А. Бек болған шайқастар, оқиғаларды әсірелеп жіберген екен және Кеңес әскерінің жеңіліс тапқан кезеңдерін жазбаған екен, қолжазбаны оқыған Б.Момышұлы қай жерде шындық жоқ астын сызып көрсетіп тек шындықты жазу керек, деп ескерткен деп жазған екен автор.

Отан соғысының ардагері Алексей Абрамов Момышұлы туралы: Тарихқа Ключковтың «Ресей ұлан – ғайыр, артымызда Мәскеу, шегінерге жер жоқ» деген сөзі кірген. Осындай ұлы сөзді Бауыржан Момышұлы айтқан. Ол алдында жатқан картаны өртеп жіберіп, «Бізге Мәскеуден ары батысқа қарай карта керек емес, не жаудың бетін қайтарамыз, не осы жерде өлеміз» деген Б.Момышұлы екенін айтып өтеді.

Батырдың даналық, ұлағатты сөздері, ел арасында қанатты сөз болып тараған. Айталық: Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады; Таяқтан тайсалмасаң, семсерден сескенбесең, жеңдім дей бер...; Қарабет болып қашқанша, қайрат көрсетіп өлген артық; Ептілік те – ерлік; Айбындана шапқаннан ажал да сескенеді; Қой бастаған арыстан тобынан арыстан бастаған қой тобы артық; Тәртіпке бағынған-құл болмайды.

Астын сызып, айта кететін іс-шараның бірі 2010 жылы ақпан айында Мәскеуде Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына арналған «Аңызға айналған батыр» атты кітаптың тұсаукесері ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл еңбекте Бауыржан Момышұлының Мәскеу мұрағаттарында сақталған, бұрын жарық көрмеген қолжазбалары мен жауынгер-әріптестері Мәлік Ғабдуллин, Дмитрий Снегиннің естеліктерінде енген.

1976 жылы «Ақиқат пен аңыз» Б.Момышұлының өміріне арналған Ә.Нұршайықовтың романы жарық көрді, 1967 жылы «Қазақфильм» киностудиясында «Ел басына күн туса» көркем фильмі түсіріліп көрсетілді. Сонымен қатар, Мәскеудегі академиялық драма театрында Момышұлы жайлы «Волоколамск тас жолы» спектаклі қойылды. Әрине, қарап отырсақ Бауыржантану бойынша жасалып жатқан жұмыстар, іс-шаралар жоқ емес, алайда оның нәтижесі қандай оны ешкім өлшеп, білген емес. Мысалы биылғы мерейтойлар қатарында Бауыржан Момышұлының 110 жылдығы байқалмай да отыр. Осыған байланысты батыр атамыздың еңбегі еленіп, тәжірибесі кеңінен қолданылып, мерей тойы да айтулы күндер қатарынан орын алып өтілуі дұрыс деп ойлаймыз. Бауыржан өлеңдері бойынша байқау, журналистер арасында байқаулар жүргізілсе деген ой туындайды.

Әдебиеттер

1. Қожамжарова Д.П. Бауыржантануға кіріспе: жоғарғы оқу орындарымен мектеп оқушылары үшін оқулық / Қожамжарова. М. Х. Дулати атын. ТарМУ. -Тараз: Тараз университеті. 2012 –133бет.
2. Бауыржан батыр (Совет Одағының Батыры Б.Момышұлының 80 жыл.мерекесіне арналады)/ Құраст.М.Мырзахметов.- Алматы: Жалын, 1991.- 352б
3. Аманжол Қ. Баукеңнің университеті // Егемен Қазақстан. - 2008. - №48, 23 ақпан.
4. Апатанов Қ. Аңыз адам Шымкентте оқыған // Оңтүстік қазақстан. - 2000. - 7 қараша
5. Бек А. Волоколамское шоссе.- Издательство: Терра, 2005.- 200 с.
6. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз.-Алматы, Жазушы, 1976.-217 б.
7. Смағұл Б. Қолбасшы күнделігі.Дневник полководца. Книга на казахском и русском языках./Құрастырған Смағұл Бақтыбек.-Алматы: «Хантәңірі» баспасы, 2016.-456 б.

Казалканова Г.Б.

(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

ИНТЕРНЕТ-АДДИКЦИЯҒА БЕЙІМДЕЛГЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Қазіргі таңда интернет желісі әлемдік қауымдастықтың негізгі ақпараттық-коммуникациялық құралына айналып отыр. Ғасырдың ең озық жетістігі әрі сырқаты болып саналатын интернеттің жастарымызға пайдасы мен зияны қатар тиюде. Бүгінде интернетке деген аддикцияның салдарынан жастардың денсаулығы ғана емес, ойлау, сөйлеу, жазу мәдениеті де төмендеп барады. Интернет-аддикция әлемдік денсаулық сақтау орындарын толғандыратын қауіптердің біріне айналды. «American Journal of Psychiatry» журналында белгілі американдық дәрігер Джеральд Блок шамадан тыс интернетке құмарту компульсивті-импульсивтік ауытқуға әкеп соқтыратыны туралы жазады. Ақпарат адам үшін ең ерекше маңызды болып табылады. Компьютер мен интернет қазіргі таңда ақпарат алу, алмасу және оны өңдеудегі ең мықты құрал. Компьютер мен интернетке құмарлықтың алғашқы себептерінің бірі де осы. Анық айтсақ, көпшілік ақпарат алмасу процессінің бұзылуынан жапа шегеді. Батыс әдебиеттерінде аддиктивті мінез-құлықтың осы түріне «мінез-құлық аддикциясы» терминін жиі қолданады. Жасөспірімдердің өміріне интернетке деген аддикция соншалықты терең еніп, тіпті олар үшін компьютерлік, яғни виртуалды «өмір» шын өмірге қарағанда әлдеқайда қызықты болып көрінеді.

Заманауи жасөспірім үшін ғаламтор желісі - бұл ақпарат алудың және берудің тәсілі ғана емес, қарым-қатынас тәсілі, сонымен қатар бүкіл әлемге өзі туралы айту, өзін таныту мүмкіндігі. Біріншіден, бұл осы кезеңнің жас ерекшеліктеріне байланысты. Жасөспірім - бұл дағдарыс кезеңі. Бұл кезеңнің бір ерекшелігі - жасөспірімдер әртүрлі жолдармен түсінетін және бастан кешіретін жедел физикалық және жыныстық дамуы. Э.Шпрингердің айтуы бойынша, бұл жастағы негізгі ерекшелік - бұл «Мен» концепциясының ашылуы, рефлексияның пайда болуы, өзінің даралығын білу.

Интернет-аддикция — интернет желісіне психологиялық тәуелділік феномені. Аддикция *addiction* — тәуелділік, жаман әдет) — адамның белгілі бір әрекетке сезінетін мұқтаждығы. Сондай-ақ, аддикцияны патологиялық құштарлық десе де болады, себебі бұл әрекет көбіне тұлғаны және жеке немесе әлеуметтік қиындықтарға соқтырады [1]. Интернет-аддикция (Интернетке тәуелділік, виртуалды тәуелділік, кибер тәуелділік, нетаголизм) химиялық емес тәуелділіктің дербес түрі ретінде 80-жылдардың соңында, Ресейде - 90-шы жылдардың аяғында қарастырыла бастады. Бұл интернетті қолдануға деген біржола патологиялық қызығушылық, нәтижесінде психикалық және соматикалық денсаулыққа зиянын тигізеді, сонымен қатар тұлға аралық қатынастарды төмендетеді[2].

Интернет-аддикция мәселесін дәрігер А. К. Голдберг алғаш рет 1995 жылы қарастырған болатын. Американдық психолог К. Янг 1994 жылы интернет-тәуелділікті анықтау үшін арнайы сұрақ дайындап, оны веб-сайтқа орналастырды. Нәтижесінде 500 сауалнама толтырылып, оның 400-і толықтырулармен толтырылды. Нәтижесінде интернет құмар ойындарға ұқсайтыны анықталды. Өткен ғасырдың 90 - шы жылдардың ортасында А.К. Голдберг (1996) "интернет-аддикция" терминін мен аддикцияны анықтауға көмектесетін диагностикалық критерийлердің жиынтығын ұсынды. Кейіннен компьютерлік аддикция мәселесімен Ю. В. Ковалев, Л. И. Селиванов, Ю. Д. Бабаев сияқты ғалымдар айналысты.

Орныкқан интернет-аддикцияның белгілеріне американдық психолог К.Янг келесі критерийлерді енгізді:

- интернетке толық ену;
- ғаламторда өткізілетін уақытын үнемі арттырып отыру;
- ғаламтордағы интернетті пайдалануды тоқтату кезіндегі тынымсыздық сезімдері;
- уақытты басқарумен байланысты мәселелер;
- қоршаған ортамен (жанұя, мектеп, жұмыс, достар) мәселелер;
- ғаламторда өткізген уақыт жайлы жалған айту;
- ғаламторды пайдалану кезіндегі көңіл-күй өзгерісі.

Интернет-аддикцияның негізгі түрлері:

1. Компьютерлік тәуелділік (computer addiction): жұмысқа обсессивті құмарлық компьютермен (ойындармен, бағдарламалаумен немесе қызметтің басқа түрлері);

2. Желілік навигация (net compulsions): компульсивті ақпарат іздеу қашықтағы деректер қорында;

3. Ақпараттың шамадан тыс жүктелуі (information overload): интернеттің жанама құмар ойындарына, онлайн аукциондарға немесе электрондық сатып алуларға патологиялық тәуелділік;

4. Киберкоммуникативті тәуелділік (cyberrelational addiction): чаттарда қарым-қатынасқа тәуелділік, топтық ойындар мен телеконференциялар [3].

Интернетке тәуелділіктің пайда болу себептері әр түрлі болуы мүмкін, бірақ олардың ішіндегі ең негізгілері - нақты өмірде түсіністік пен достардың болмауы, жаңа топқа бейімделудің қиындығы, сенімнің жоғарылауы және тұлға аралық қатынастарды құру мүмкін еместігі. Осындай кезде жасөспірімдер виртуалды әлемде шынайы достарымен танысуға тырысады.

Интернет-аддикция механизмдеріне тоқталсақ, ол ағзаның түсініксіз талаптары мен психикалық жүйесіне негізделген. Бұл талаптар персонаж рөліне енуге деген құмарлыққа және бұл арқылы шындықтан қашуға негізделеді. Берілген механизмдер адам санасы мен ынтасының сипатынан тәуелсіз жұмыс істейді. Бұл мотивтер жасөспірімдер белгілі бір компьютерлік ойынмен алғашқы танысуынан кейін пайда болады. Кейін жеке ерекшеліктер және мотив негізінде аддикция қалыптаса бастайды.

Интернет-аддикцияға бейім жасөспірімдердің танымдық, мотивациялық және мінез-құлық салаларында өзгерістер болады.

А.М. Обжориннің пікірінше, қазіргі кездегі жасөспірімдердің интернет-аддикциясын алдын-алу бағдарларын жүргізу, бос уақытты дұрыс ұйымдастыра алу педагог-психологтың алдында тұрған өзекті мәселе [4].

Ресейлік ғалым А.В. Мудриктің пікірінше, сүйемелдеу - жасөспірімдерді әлеуметтік-мәдени және адамгершілік құндылықтарға бағыттаудағы педагог қызметінің ерекше аясы. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселесі шетелдерде әлеуметтік психология мен педагогиканың дамуымен тығыз байланысты болды. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу — бұл балаға оның проблемаларын шешуге көмек көрсетуге бағытталған психологиялық-педагогикалық қызмет. "Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеумен" білім алушылардың табысты оқуы мен жеке дамуы үшін әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға, мұғалімнің педагогикалық шеберлігін жетілдіруге, субъект-субъектілік қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік білім беру үдерісі субъектілерінің (психолог, мұғалім) кәсіби қызмет жүйесі түсініледі. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу міндеттерін тиімді шешу мақсатында педагогтармен және ата-аналармен білім беру процесінің субъектілері ретінде жұмысты ұйымдастыру қажет. Ол үшін мектептің педагогикалық құрамының кәсіби құзыреттілігін дамыту, оқушыны дамыту, тәрбиелеу және оқытудың өзекті міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін технологияларды оқыту қажет.

Интернет-аддикцияның алдын алуға байланысты психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негізгі бағыттары:

- Әдістемелік;
- Ақпараттық-аналитикалық;
- Диагностикалық;
- Түзете-дамыта оқыту;
- Профилактикалық;
- Кеңес беру;

- Ағартушылық.

Бұл бағыттың мақсаты профилактикаға бағытталған білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуде ведомствоаралық тиімді көмек жүйесін құру болып табылады.

Әдістемелік бағыт оқыту семинарлары, үздіксіз білім беру курстары, диагностикалық және профилактикалық бағдарламаларды тестілеу, ата-аналар мектебі сияқты енгізу формалары арқылы жүзеге асырылады.

Ақпараттық-аналитикалық бағыт

Бұл бағыттың міндеті - мониторинг мәліметтері негізінде оқушылардың Интернетке тәуелділігін болдырмауға, компьютерлік технологияны қолдану арқылы сабақтың тиімділігін бақылауға бағытталған білім беру процесін психологиялық қолдау. Бұл бағытқа оқушының психологиялық-педагогикалық жағдайын бақылау, психологиялық-педагогикалық материалдарды жүйелеу, психологиялық-педагогикалық ақпараттарды жинау, жинақтау, талдау және жалпылау кіреді. Ақпараттық-аналитикалық бағыт диагностикалық нәтижелерді сақтау, өңдеу, түсіндіру және сақтау, диагностикалық және түзету жұмыстарын жоспарлау, оқу процесінің субъектілерін құжаттармен және оқу-анықтамалық ақпаратпен қамтамасыз ету сияқты енгізу нысандары арқылы жүзеге асырылады [5].

Диагностикалық бағыт

Бұл бағыттың мақсаты жасөспірімдердің жеке психологиялық ерекшеліктері туралы ақпарат алу; жасөспірімдердің мүмкіндіктері мен мүдделерін, қабілеттері мен бейімділігін анықтау; Интернетке тәуелділік арқылы «ерекше назар тобының» балаларын анықтау үшін диагностикалық әдістер жиынтығын қолдана отырып, оқушылардың оқуында, жүріс-тұрысында және дамуындағы қиындықтардың себептерін анықтау.

Түзету және даму бағыты

Бұл бағыттың міндеті өнімді психикалық дамуды және тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ету; жасөспірімдердің психикалық және моральдық дамуындағы әлсіреу, төмендету және жою; Интернетке тәуелділіктің алдын алу. Бұл сала әлеуметтік және мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды қамтиды.

Ал, профилактикалық және кеңес беру бағытында жасөспірімдерге, мұғалімдерге және ата-аналарға интернетке аддикцияның алдын-алуға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға көмектесу.

Интернет-аддикцияға бейім жасөспірімдерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тиімді болады, егер:

- психологиялық - педагогикалық сүйемелдеу тұлғаға жеке бағдарланған болса;
- психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу тұлғаның танымдық, мотивациялық, мінез-құлық салаларына кешенді әсер етсе;
- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім беру кеңістігінің барлық субъектілерінің қатысуы және өзара іс-қимылы, олар үшін жеке маңызды болып, алдын алу үшін жағдай жасалса;

Сонымен бірге, мына төмендегі ережелерді де орындауға болады:

1. Жасөспіріммен сөйлесу (оның компьютерге отырғанда қандай сезімде болатындығы және компьютер, интернет оның қандай міндеттерін шешетіндігі туралы);
2. Жасөспірім компьютер тұрған бөлмеде жатпауы керек және оның түнде компьютер алдында отырмауын қадағалау;
3. Жасөспірімді компьютер ойнаудан шектеу;
4. Тиімді демалысын қамтамасыз ету;
5. Қызығушылығын басқа іс-әрекетке ауыстыру;
6. Жасөспірімнің спортпен айналысуын қадағалау.

Қарап отырсақ, бұл жай ғана кез келген адамның қолынан келе беретін шарттар болып отыр. Бірақ оларды дұрыс әрі тиімді етіп жасөспірімдерге жеткізу – бұл ата-аналардың немесе олардың орнында жүрген адамдардың құзырлығында болмақ. Интернет-аддикцияны алдын-алу үшін педагог, психолог, ата-ана арасында ынтымақтастық қарым-қатынас болуы қажет.

Қорыта келгенде, интернет-аддикцияның алдын алу үшін интернет-тәуелділіктің белгілерін, кезеңдерін, механизмдерін, пайда болуын және жасөспірімнің жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып, оның күн тәртібін тиімді етіп белгілеу керек деп есептеймін. Білім беру мекемелерінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тиімді жүргізілсе, интернет-аддикцияға бейім жасөспірімдерді алдын-алуға болады.

Әдебиеттер

1. Авалишина О.В. Психолого - педагогическая поддержка подростков и юношей, склонных к Интернет - зависимости // Психолого-педагогический поиск: научно-методический журнал, 2011. № 2 (18). - С. 48–57.
2. Фортова Л.К. Этиология и привенция интернет-адикции у подростков/Л.К.Фортова, И.А.Еропов. – Текст:непосредственный, электронный // Молодой ученый. – 2016. - №14 (118). – С. 579-581 - URL: <https://moluch.ru/archive/118/32802/>
3. Голдберг, А. Патопсихологические особенности игроманов, зависимых от психоактивных веществ и актуальные аспекты их психологической реабилитации / А. Голдберг // Наркология. - 2016. - № 9. - С. 64-68.
4. Обжорин А. М. Профилактика компьютерной и интернет-зависимости в современной школе / А. М. Обжорин // Научное обеспечение системы повышения квалификации кадров. — 2011. — № 1 (6). — С. 79–84.
5. Есенова Р.К., Аяпберген А. Ғаламтордың жастар психологиясына әсерінің себептерін анықтау және оны шешудің кейбір жолдары // Молодой ученый. – 2015. - №1.1. – С. 100-101.

Шағырбаева М.Д., Мұқтар Т.Т.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ КОУЧИНГ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағынан кемелденуі болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық өсіп-өркендеуінің түп қазығы – білім мен ғылым екені даусыз. Еліміздің болашақтағы дамуы, өсіп-өркендеуі, әлемдік кеңістіктегі орны білімнің бағыт-бағдарына, оның тиімділігіне байланысты болмақ. Сол себепті қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, білім беру парадигмалары жаңаша бағытта өзгеруде. Нақтырақ айтқанда, бұрынғы "білім, білік, дағды" парадигмасынан "нәтижеге, жеке тұлғаға бағдарланған" білім беру парадигмасына ауысуда. Ол дегеніміз - оқушылардың, студенттердің бұрынғыдай білім, білік, дағдыны меңгеріп қана қоймай оны өмірмен байланыстырып, өмірлік жағдаяттарда қолдана алу қабілетінің болуына; алған білімін одан әрі жетілдіріп, ізденіп өзіндік нәтиже көрсетуіне; сонымен қатар әрбір жеке тұлғаның кез-келген проблеманы шеше алатындай ойлау деңгейінің, дарындылығының, шығармашылығының жоғары болуына; жан дүниесінің рухани баюына, дара тұлға ретінде қалыптасуына айрықша көңіл бөлінуде.

Жаңа білім беру парадигмасының мақсаты - рухани бай, креативті ойлайтын интеллектуалды тұлға қалыптастыру. Сондықтан білім беру үрдісінде білім алушылардың креативті ойлауын дамыту өзекті мәселелердің бірі болмақ. Осыған орай қазіргі уақытта білім беру үрдісінде бірнеше инновациялық технологиялар қолданылып өзінің нәтижелерін көрсетуде. Білім берудегі инновациялық технологиялардың білім алушыларға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруда және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыруда айталықтай үлесі зор. Сондай инновациялық технологиялардың бірі – коучинг технологиясы. Қазіргі таңда коучинг термині тиімді, әрі жаңа термин болып табылады. Бұл технология әлемнің көптеген елдерінде табысты қолданылады.

Коучинг өз пәні, міндеттері, философиясы, принциптері, бағыттары және негізгі процедуралары бар технология. Коучингтің негіз қалаушы принциптерінің көбі педагогикаға табысты қатысуы мүмкін. Олар оқыту үдерісіне жаңа көзқарас жасауға, интерактивті элементтер енгізуге, педагогтар үшін де, білім алушылар үшін де жаңа мағына беруге, процеске тартылуды жасауға, нәтижеге деген уәждеме мен жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Коучингтің түп тамыры спорт саласында жатыр және позитивті, когнитивті және ұйымдастырушылық психологияның әдістемесіне негізделген. Қазіргі уақытта бұл оқу психология, менеджмент, философия, логика және өмірлік тәжірибе тоғысында өз дамуын жалғастыруда. Осыған байланысты коучингтің мәнін оның қазіргі даму деңгейіне қарай анықтау керек.

Егерде этимологиялық дереккөздерге көз жүгіртсек, «коуч» сөзі венгрлік тілден шыққан және «арба» дегенді білдіреді. Ұлыбританияда XVI ғасырда тарай бастаған XIX ғасырдың басында «коуч» спорттық лексикаға тренер ретінде енген. Сөйтіп коучинг ұғымының – ағылшын тілінен (couching)

алынған, аудармасы – тәлім ету, дайындау, жаттықтыру деген мағынаны білдіреді. Ақырындап спорттық мәнінен кеңесшілікпен байланысты кез-келген шығармашылыққа ауысты. Уақыт өте келе коучинг табысты бизнесмендер, қоғам қайраткерлері, саясаткерлерді қызықтырды. 1980 жылдан бастап коучинг бизнесте маңызды рөл атқара бастады. Коучинг жеке мамандық ретінде 90-шы жылдардың басында ерекшеленді. XX ғасырдың соңында қазіргі заманғы бизнесті тиімді басқарудағы қажеттілігіне практикалық жауап ретінде пайда болған коучинг кең таралып, алдымен Америкада, содан кейін Еуропа мен Азияда танымал болды. 2001 жылы АҚШ-та Халықаралық коучинг федерациясы құрылды [1]. Бұл процестің негізгі тұлғалары Джон Уитмор, Тим Голви және Томас Дж. Леонард болды.

Коучинг технологиясы бойынша Голви Т., Дж. Леонард, Дж. Уитмор, Гоулмен Д., Фрейд З., Юнг К., Адлер А., Роджерс К., Маслоу А., Штерн В., Терстон Л., Дж. Гилфорд, Гарднер Г., Перре М., Бауманн У., Иванцевич М., Лобанов А.А., Парслоу Э., Рэй М., Рогачев С.А., Савкин А.Д., Данилов М.А., Харрис Дж.т.б. ғалымдар көптеген зерттеулер жүргізді.

Коучинг ұғымына берілген анықтамаларға тоқталып, терминнің мағынасын ашып алсақ [2].

анықтама	авторлар
«Коучинг - бұл клиенттерге өзінің жеке және кәсіби өмірінде нақты нәтижелерге жетуге көмектесетін үздіксіз ынтымақтастық. Коучинг процесі арқылы клиенттер өз білімдерін тереңдетіп, қызметінің тиімділігін арттырады және өмір сапасын жақсартады».	Халықаралық коучинг Федерациясы, http://www.erickson.ru/what-is-coaching.htm
«Коучинг-бұл адамдарды дамытуға бағытталған құралдардан, дағдылар мен шеберліктерден тұратын жүйе».	О.Самольянов
«Коучинг – бұл оқыту мен дамуды жүзеге асыруға, демек, білім алушының құзыреттілігі мен кәсіби дағдыларын жетілдіруге ықпал ететін процесс. Коучтың жетістікке жету үшін коучинг процесін, сондай-ақ коучинг процесі қолданылатын контекстке сәйкес келетін стильдердің, дағдылар мен техникалардың барлық алуан түрлілігін білу және түсінуі қажет».	Парслоу Э.
Коучингте өткен қателіктер мен жаңсақтықтарға емес, болашақ мүмкіндіктерге назар аударады	Джон Уитмор

Сонымен коучинг ұғымы – ағылшын тілінен (couching) алынған, аудармасы – тәлім ету, дайындау, жаттықтыру деген мағынаны білдіреді. Анықтамаларды қорытыдай айтқанда коучинг – адамның ішкі қабілеттерін дамытуға және әлеуетін (потенциал) ашуға бағытталған технология. Коучинг технологиясын меңгерген және оны өткізетін маманды «коуч» деп атайды.

Коуч тұлғасына мынадай қасиеттер тән болуы қажет:

- құпиялылық
- шынайылық
- сенімділік
- ашықтық
- айқындылық
- шындық
- адалдық
- теңдік
- сынамау/Айыптамау
- қоса уайымдау/қамқор көрсету

Қазіргі уақытта терминнің жаңалығы оны түсінудегі кейбір сәйкессіздіктерді тудырады. Кейбір сарапшылар «коучинг стилінде» тренингтер туралы айтады, ал басқалары коучты жеке және кәсіби дамуда кеңесші деп санайды, енді бірі тәлімгер десе, енді біреулері коучинг - психотерапияның бір түрі деп санайды. Әрине, бұл көзқарастардың болуы орынды. Алайда коучинг олардан өзіндік ерекшелігі бар, өз алдына бөлек технология.

Коучтардың пікірінше, дұрыс сұрақтар қою коучның басты міндеті. Коуч қандай сұрақтар қою керектігін, қашан сұрақ қою керектігін және жауаптарымен не істеу керектігін нақты түсінуі керек. Кейде бүкіл кездесу коучның сұрақтары мен клиенттердің жауаптарымен ғана өтетін сияқты көрінуі мүмкін. Сұрақтар неғұрлым маңызды болса, коучинг неғұрлым терең және тиімді болады.

Коучинг технологиясын білім беру үрдісінде қолданудың тәжірибесі жалпы әлемде болсын, елімізде болсын біраз уақыт бұрын ғана енгізіліп, енді-енді дамып келе жатыр деп айтсақ

кателеспейміз. Ең алғашқы бастауын спорттан алып кейін бизнеске келген коучинг технологиясы өзінің оң нәтижелерін білім беру саласында да көрсетіп келеді.

Коучинг технологиясы білім беру саласындағы алғашқы қадамын мектеп мұғалімдерін оқытуда қолданылуымен бастады. Мектептегі білім беру саласындағы алғашқы ресми бекітілген коучинг 2002 жылы Норвегияда қабылданды. Бұл жобаның авторы – Халықаралық коучинг Федерациясының мастер-коучы, Эриксоновск университетінің басшысы Ян Георг Кристиансен болды.

Қазақстанда коучингпен алғашқы танысу 2007 жылы басталды. Бұл жағдай Қазақстан, Орталық Азия және Кавказ аумағында ICF халықаралық стандарттары бойынша кәсіби коучтерді, жаттықтырушыларды, басқарушыларды даярлау және оқыту саласындағы жетекші сарапшы "STEP&GROW" халықаралық компаниясының ашылуымен байланысты болды.

Ал 2012 жылдан бастап Кембридж университетінің білім беру факультетімен бірлесіп "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ "Педагогикалық шеберлік орталығы" әзірлеген педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың түрлі курстары жүзеге асырылуда. Бұл курстар келесі жүйелі құрылған бағдарламалардан тұратын үш деңгейлі құрылым болып табылады: «тиімді оқыту», «мұғалімнің мектептегі көшбасшылығы» және «мұғалімнің кәсіби желілік қоғамдастықтағы көшбасшылығы».

Алайда, коучинг технологиясын Жоғарғы оқу орындарындағы білім беру үрдісінде қолдану енді ғана қолға алынып келе жатыр. Кейбір Жоғарғы оқу орындарында магистранттарға «педагогикалық коучинг» пәні оқытылады. Аталған пәнді оқытатын оқытушы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доцент м.а., п.ғ.к. Молдасан Қ.Ш. өзінің осы коучинг технологиясын білім беру саласында қолданылуына байланысты шағын зерттеулерінде «білім берудегі коучинг барысында студенттердің

- таным белсенділігі;
- талдау нәтижесінде алынған ақпаратты талдай білуі;
- қарсы пікір білдіре алуы;
- баламалы шешімдерді қабылдауға, іс-әрекеттерде жаңа тәсілдерді енгізуге дайын болуы;
- ұйымдастыра білу қабілеті;
- креативті ойлау қабілеті артады [3], - деп жазады.

Оқу процесінде коучинг келесі жалпы бағыттарды ұсынады:

- нәтижеге, мақсатқа жетуге бағытталған серіктестік әрекеттесу процесі (студенттерге психологиялық-педагогикалық қолдау, жобалық іс-шаралар);
- студенттердің белсенділігін қолдаудың интерактивті нысандарын, әлеуметтік өзара әрекеттесу технологияларын жобалау;
- жеке басының білімі мен қабілетін біртіндеп арттырудың процесі;

Коучинг технологиясы өзін-өзі таныстыруды үйреніп қана қоймай, сонымен қатар өзіңіздің педагогикалық әдіснамаңызды жасауға көмектеседі. Коуч студенттерге тек қарым-қатынас қызметінде ғана емес, сонымен бірге болашақ мамандығында да жаңа дағдыларды үйренуге және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Сонымен қорытындылай келгенде, коучинг - сана мен қабылдауды дамыту, адамның барлық мүмкіндіктерін ашу үшін қазіргі таңдағы тиімді технологиялардың бірі. Білім беру жағдайында студенттер үшін маңызды рөл байланыс орнатуға, белсенді тыңдауға және дамыған эмпатияға қабілеті бар коуч болып табылады. Білім берудегі коучинг студенттің сәтті өсу мүмкіндігін айқын көрсетеді. Алайда, бұл технологияны Жоғарғы оқу орнындағы оқу үрдісінде тиімді қолдану үшін коучинг технологиясын жетік меңгерген, оқу процесін ұйымдастырудың жаңа әдістері мен практикаларын білетін жоғары деңгейдегі дайындықтағы оқытушылар әлі де көбірек болуы қажет. Осы орайда біз коучинг технологиясының білім беру саласындағы қолданысына арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының көбірек жазылуына көңіл бөлінсе; Жоғарғы оқу орындарында барлық мамандықтарда әсіресе, педагогикалық мамандықтарының оқу бағдарламаларына «коучинг», «педагогикалық коучинг» пәнін енгізілсе немесе сабақ беру үрдісінде жиі қолданылса деген ұсыныстар айтқымыз келеді.

Әдебиеттер

1. Уитмор Дж. Внутренняя сила лидера: Коучинг как метод управления персоналом / Джон Уитмор. – М.: Альпина Пабlishер, 2012. – с. 78.

2. Стояновская И.Б. Управление мотивацией персонала на различных этапах развития организации. Диссертация на соискание уч. ст. канд., наук. Москва, 2014. – с. 171

3. Молдасан Қ.Ш. Білім берудегі коучингтің рөлі. – Алматы, 2018. – 78-80 б.

*Құдайбергенова Ә.М., Ермаханова Ж.Т.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)*

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ЖАС АНАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ҚОЛДАУ

Әлеуметтік-педагогикалық қолдау – жеке тұлғаның қабілетін, құндылықтық бағдарын ескере отырып дамуына және өзін-өзі тануына, әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін әлеуметтік-педагогикалық әдістер мен әдістер жүйесі. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау жеке адамның, шағын топтардың, ұжымдардың, формальды және формальды емес бірлестіктер өмірінің әрбір кезеңдерінде еңбек, кәсіби, әлеуметтік өзін-өзі іске асыруға (самореализация) кедергі келтіретін педагогикалық, әлеуметтік проблемаларды толық шешу немесе қолдау көрсету нәтижесінде адамның педагогикалық жағдайын оңтайландыру жолымен жүзеге асырылады. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында төменде көрсетілген міндеттер жүзеге асырылады:

– тұлғаның қазіргі қоғамдағы еркін және үйлесімді дамуын оның қалыптасуының және өзін-өзі іске асыруының барлық кезеңінде педагогикалық қамтамасыз ету;

– адам психологиясындағы жағымсыз үдерістер дамуының алдын алу, тұлғалық өсудің қиындықтарын жеңу, ауытқыған мінез-құлықты түзету, өзара қарым-қатынастардағы жанжалды жағдайларды жою.

Әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың негізгі әдістеріне мыналар жатады:

- әлеуметтік-педагогикалық ағарту;
- әлеуметтік-педагогикалық және психотерапиялық кеңес беру;
- әлеуметтік-педагогикалық диагностика;
- әлеуметтік-педагогикалық тренинг;
- әлеуметтік-педагогикалық түзету;
- әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың басқа жеке және топтық әдістері.

Әлеуметтік-педагогикалық қолдауда кәмелетке толмаған аналардың педагогикалық күйімен тікелей жұмыс істеп, өмірінде кездесер қиындықтарын оңай өткеруіне мүмкіндік береді. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау – тек әртүрлі әдістердің жиынтығы ғана емес, сондай-ақ бұл – мамандардың проблемалық жағдайларды жүйелі түрде талдау, мәселені шешу үшін оқу үдерісіне қатысушыларды қайта ұйымдастыруға бағытталған қызметін бағдарламалау және жоспарлай білу қабілеті. Педагог мамандардың кәсібилігі жоғары болуы тиіс, яғни оқу-әдістемелік, ұйымдастыру-педагогикалық қызметті жоғары деңгейде меңгеруі болып саналады. [1]

Әлеуметтанушылардың айтуынша, көбінесе әлеуметтік және материалдық жағынан аз қамтылған, толық емес отбасы, бейәлеуметтік өмір салтын жүргізетін, зиянды әрекеттерге әуес, сондай-ақ интернаттық мекемелердің тәрбиеленушілері кәмелетке толмаған аналар болып табылады. Ерте ана болу салдарынан туындаған психологиялық проблемалар өз анасымен өзара қарым-қатынастың оң тәжірибесінің жоқтығынан, сәбимен тұру және оны күтуді ұйымдастыру үшін қауіпсіз жағдайлардың болмауынан, әлеуметтік-экономикалық, отбасылық-тұрмыстық қиындықтардан туындайды. Кәмелетке толмаған жас аналар тақырыбын кеңінен зерттеген Т. А. Гурконың пікірі бойынша, жасы емес, әлеуметтік ортаның маргиналдығы жас анаға әлеуметтік бейімделуге және өзін-өзі жетілдіруге, болашақ бала үшін жағымды өмірлік сценарий құруға мүмкіндік бермейді. Жасөспірім қыздардың аналығы бойынша қоғамдық пікірді зерделеу оған теріс көзқарасты анықтады. Қоғамда ерте ана атану девиантты мінез-құлықтың салдары, қауіпті әлеуметтік патология деген пікір қалыптасқан. Жасөспірім ана тұлғасының даму ерекшеліктері, мінез-құлық, сондай-ақ жасөспірімдер аналығының жағдайы өршітін қолайсыз әлеуметтік орта оларға байланысты проблемаларды шешуге көмек көрсету мақсатында әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру қажеттілігін негіздейді. [2].

Әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың қажеттілігі әлеуметтік бейімсіздік жағдайында, педагогикалық ауытқулар кезінде туындайды, бұл сыртқы және ішкі сипатқа не олардың күрделі үйлесімділігіне себеп болуы мүмкін. Сыртқы әлеуметтік-педагогикалық қолайсыз көздерге әлеуметтік, әлеуметтік-экономикалық және медициналық-әлеуметтік себептер (тұрғын үймен, жұмыспен, материалдық қиындықтар) кіруі мүмкін, бұл қалыпты өмір сүру жағдайында тиімді жұмыс істеу үшін бұрынғы мінез-құлқын өзгерту қажеттілігін туғызады. Әлеуметтік бейімсіздік (дезадаптация) пен қолайсыздыққа әкелетін ішкі тәртіптің себептері танылатын және танылмайтын деңгейдегі түрлі жеке құрылымдардың деформациялануына (өзін-өзі бағалаудың төмендетілген деңгейі, жоғары талаптану деңгейі, эмоциялық-коммуникативтік және мотивациялық-адамгершілік сфераның проблемалары, психотравмалар, кешендер және т. б.) байланысты болуы мүмкін. Салдарынан мүмкіндігі кәмілетке толмаған аналардың әлеуметтік ортаның өзгерген жағдайларына бейімделуі бұзылады, педагогикалық тұрғыдан да әсер етеді.

Әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетудің негізгі бағыттары:

- өмірлік қиын жағдайға тап болған жаскөпірімдерге сапалы және білікті әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету;
- білім алушыларға педагогикалық мәдениетін арттыратын, әсіресе, қарым-қатынас саласында күйзеліске төзімділікке ықпал ететін тренингтер мен іс-шараларды жүзеге асыру;
- психоәлеуметтік тұрақтылықты арттыру, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайда мінез-құлықтың қолайлы нысандарын қалыптастыру.

Әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету келесі кезеңдерге сәйкес жүзеге асырылады:

1. Өмірлік қиын жағдайдың ерекшелігі мен себептерін анықтау, жасөспірімнің жеке ерекшеліктерін, оның қоршаған ортасын және тыныс-тіршілігін анықтау;
2. Кешенді немесе әлеуметтік оңалтудың немесе бейімдеудің жеке бағдарламасын әзірлеу;
3. Кешенді немесе әлеуметтік профилактика бағдарламасын әзірлеу;
4. Оңалту, бейімдеу және алдын алу бағдарламаларының орындалуын үйлестіру;
5. Әзірленген бағдарламаларды іске асыру.

Мұндай көмектің нәтижесі педагогикалық тұрақтылықты арттыру және жас аналардың өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық өмір жағдайларына педагогикалық бейімделуі болып табылады. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар білім алушыларға қиындықтарды өз бетінше еңсеру тәсілдерін үйрету де қажет.

Әлеуметтік-педагогикалық қолдауға бірнеше ерекшелік тән. Сондықтан ол білім алушыларды тәрбиелеу, білім беру және табысты әлеуметтендіру секілді қызметтің бір түрі болып табылады. Л.А. Беляева, Л. Я. Олиференко және т. б. зерттеушілер білім алушыларды әлеуметтік қорғау, жеке тұлғаны дамытуда әлеуметтік-педагогикалық қолдауды ерекше түр ретінде қарастырады. [3]

В. С. Торохтий әлеуметтік-педагогикалық қолдауды ерекше қызмет ретінде, тұтас процесс ретінде, делдалдық жүйе ретінде үшке бөледі. Клиентке әлеуметтік-педагогикалық қызмет көрсетудің бірінші кезеңінде ресурстармен байланыс орнатуда әлеуметтік педагог клиенттің проблемасын зерделейді және нақтылайды. Әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың екінші кезеңінде маман клиентпен бірге қандай да бір мекемеге жүгінгенде, олар жасайтын таңдаудың барлық мүмкін нұсқаларын бағалайды. Лайықты нұсқаны таңдағаннан кейін әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың үшінші кезеңі клиентке таңдаған ұйыммен, мекемемен, маманмен байланыс орнатуға көмек болып табылады. [4]

Кәмілетке толмаған жас аналар оқу ортасы жағдайында әлеуметтенуі олардың қарым-қатынас аумағы мен қызметінің кеңеюімен, белсенді өмірлік позициясының қалыптасуымен сипатталады.

Кәмілетке толмаған жас аналарды әлеуметтік-педагогикалық қолдауды бірнеше позицияда қарастыруға болады:

- педагогтардың қолдауы (педагогтар, медицина қызметкерлері, әлеуметтік педагогтар, психологтар және т.б.);
- білім алушының жеке басын тәрбиелеу және оқыту мәселелері (ата-аналарға педагогикалық кеңес беру, ата-аналарға өзекті мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу және т.б.) бойынша оқытушылық құрамның отбасымен ынтымақтастығы.

Кәмілетке толмаған жас аналарды әлеуметтік-психологиялық қолдауды жүзеге асыра отырып, олардың оқуда табысты алға жылжуына, психикалық денсаулығына, сондай-ақ болашағын таңдауына көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Корчагина Ю.В. – Семья группы риска социального сиротства: характеристика, диагностические критерии, методы профилактики: Методическое пособие для специалистов системы профилактики и преодоления социального сиротства / М.: МГПИ, 2008.
2. Гурко Т.А.. Опыты сексуальных отношений, материнства и супружества несовершеннолетних женщин / Социологические исследования, 2002. - №11
3. Олиференко Л.Я., Шульга Т.И., Дементьева И.Ф. – Социально-педагогическая поддержка детей группы риска / Москва: Издательский центр «Академия», 2008.
4. Торохтий В.С. – Актуальные проблемы современной социальной педагогики : избранные статьи / Москва: Московский городской психолого-педагогический университет, 2011.

Толешова У.Б., Әбдіқадырқызы Ж.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕ ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА АРТ- ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қоғам мен мәдениеттегі заманауи тенденциялар білім беру жүйесіндегі өзгерістерге де алып келеді. Дизонтогенездің қиын нұсқалары бар балаларға арнайы білім беруді сақтаған кезде, білім берудің жаңа бағыты – инклюзивті білім беру дамып шығады, оның мақсаты психофизикалық ерекшеліктері бар балалардың жалпы білім беретін ортада және социумда толыққанды өмір сүруі үшін шарттар құру болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі, әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігіне деген кепілдік берілген. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2020 жылға қарай инклюзивті білім беруге жағдай жасалған мектептердің мөлшері жалпы мөлшерден 70%-ға дейін жоғарылайды. Мүгедек балалар үшін «кедергісіз қолжетімділік» жасалған мектептердің үлесі 20%-ды құрайды. Дамуында мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы санынан, инклюзивті білім берумен қамтамасыз етілген балалар саны 50%-ды құрайды. Қазақстан Республикасында 2015-2020 жылдарға инклюзивті білім беру жүйесін әрі қарайғы дамыту үшін іс-шаралар кешені бекітілген.

Инклюзивті білім беру деп, ерекше қажеттілігі бар баланы қалыпты түрде дамып жатқан құрдастарымен бірге жалпы білім беретін ұйымда оқытуға қосуды және қабылдауды қамтамасыз ететін, баланың ерекше білім берушілік қажеттіліктерін есепке ала отырып, индивидуалды білім беру бағдарламасымен оқыту үшін арнайы ұйымдастырылған білім беру үрдісін түсінеміз.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесі бойынша позитивті өзгерістердің барына қарамастан, бүгінгі күні дамуында мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептерде оқытуда бірқатар қиыншылықтар да орын алуда. Ол мәселелердің ішіндегі ауқымдылары мыналар:

- Ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалардың өз конституционалдық құқықтары мен еркіндігін толық мөлшерде жүзеге асыру үшін қолжетімді ортаның жоқ болуы;
- Балалар мен педагогтардың бойында ерекше білім алуға қажеттілігі бар балаларға деген сыйлы қарым-қатынастың, олардың мүмкіндіктері мен құқықтары туралы білімнің жоқ болуы;
- Педагогтардың толық емес кәсіби дайындығы.

Жоғарыда аталған қиындықтардың алдын алуда, ғалымдар инклюзия процесінің алғашқы және маңызды сатысы болып, мамандардың психологиялық дайындығы мен кәсіби құзіреттілігін дамыту болып табылады дейді. Барлық мамандардың кәсіби, психологиялық және әдістемелік дайындығы мәселесі күрделі болып тұр.

Арнайы педагогика мен психологияның заманауи дамуы кезеңінде, дамудағы аномальдылық түсінігіне әлеуметтік тұғырды қолдану жөніндегі Л.С.Выготскийдің идеялары өзектілікке ие болып отыр. Бұл соңғы кездері патологиялық дамудың әлеуметтік детерминанттарын көрсететін зерттеулерде (Д.И. Бойко, Т.Г. Богданова, Е.В. Грибанова, Е.Е. Дмитриева, И.А. Коробейников, Е.А. Медведева, В.Б. Никишина, О.Г. Приходько, В.М. Слуцкий, Е.В. Соколов, В.В. Ткачева, У.В. Ульяновская және т.б.)

ашылып отыр, оның өзі ерекше қажеттілігі бар балаларға көмек көрсету жүйесіндегі түзетудің, әлеуметтендірудің, диагностиканың заңдылықтарын түсінуге маңызды болып табылады.

Жаңартылған білім беру мазмұнындағы ерекше білім беруде қажеттілігі бар балалардың кіріктіріліп оқытылуына келсек, жалпы білім беретін ұйымдарға қосылған ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ арнайы білім беру бағдарламалары бойынша ҚР МЖМБС және ПМПК (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация) ұсынымдарына сәйкес білім алады. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгерудің ерекшеліктеріне байланысты мұғалім олар үшін бағдарламаларды ҚР МЖМБС аясында бейімдей алады.

Инклюзивті білім беру жүйесі ерекше қажеттілігі бар балалардың білім берудегі қажеттіліктерін толыққанды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл тек ерекше қажеттілігі бар балалардың ғана емес, түрлі этникалық топтарға, жынысына, жасына, белгілі бір әлеуметтік топқа қатыстылығына қарамастан барлық балалардың қажеттілігі есепке алынатын икемді жүйе. Инклюзия бойынша білім беру жүйесіне қосылуға бала емес, жүйенің өзі кез-келген баланы өзіне қосуға дайын болуы қажет. Оның ішінде білім беру үрдісін реформалау: білім беру кеңістігін барлық балалардың қажеттіліктеріне жауап бере алатындай қайта жобалау; білім беруде жаңа тұғырларды қолдану; бала дамуының артта қалуына байланысты вариативті білім беру формалары мен білім беру әдістерін қолдану; педагогтардың психологиялық және методикалық дайындығы, т.б.

Ерекше қажеттілігі бар балаларды әлеуметтендіру мен әлеуметтік-мәдени дамыту үрдісін жүзеге асыру, тұлғаның сапалы өзгеруіне мүмкіндік беретін тиімді түзетуші-коррекциялық технологияларды қолдануды талап етеді. Л.С.Выготский атап өткендей, әлеуметтену үшін баланың жақсы дамуы үшін, арнайы құрылған мәдени формалар; ерекше қажеттілігі бар балалардың мәдени дамуын қамтамасыз ететін арнайы тәсілдер, құралдар, шарттар қажет; баланың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру керек.

Педагогтардың ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудағы психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін жетілдіру жолдарында педагогикалық технологиялардың маңыздылығына тоқталып өту қажет. Педагогикалық технологияның мәні тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуы ретінде қалыптасады, олардың сапасы мен мазмұны мұғалімдердің, оқу мекемелері мен бүкіл білім жүйесі жұмысында маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі деп көрсетеді.

Қазіргі таңда әлеуметтендірудің көптеген технологияларының ішінде, өнерді қолдануға бағытталған және ерекше қажеттілігі бар әр баланың қалыпты даму үстіндегі құрдастарымен бір ұжымда индивидуалды дамуын қамтамасыз ететін арттехнологиялар (арт-педагогикалық және арт-терапиялық) кеңінен қолданылады.

Арт-технологиялар балаларға білім беру үрдісінде эмоционалды жайлылық бере отырып, когнитивті механизмдерін дамытады. Қалыпты даму үстіндегі бала мен ерекше қажеттілігі бар балалардың тұлғааралық қатынастарын жақсартуға көмектеседі.

Арнайы және инклюзивті білім берудегі қолданылатын өнер технологиялары, көру, есту, қабылдаудың тактильді органдарына әсер ете отырып, баланың түстер, дыбыстар, сөздер мен мәдениет әлеміне терең еніп, осы әлемде өзін тануына көмектеседі.

Арт-педагогикалық технологияларды қолдана отырып жұмыс істегенде, бала қабылдаушы, танушы, қызметтің жүргізуші субъектісі болып табылады.

Арт-терапия көбінесе өнердің компенсаторлық қызметі арқылы жүзеге аса отырып, әлеуметтену үдерісін қиындататын тұлғалық жетіспеушіліктерді түзетудің психологиялық міндеттерін шешеді: катарсистік, эмоционалды-түзетуші, әлеуметтік бейімдеуші, т.б.

Арт-терапияның негізгі мақсаты – өзін-өзі тану және өзін көрсету қабілеттерінің дамуы арқылы тұлғаның үйлесімді дамуы. Арт-терапиядағы негізгі коррекциялық әсер ету механизмі сублимация механизмі болып табылады. Арт-терапия маңызды коррекциялық-дамытушылық мәнге ие, интеллектуалдық, эмоционалдық, мінез-құлық аумағына әсер етеді, оқушыларда жағымды мінез-құлық қалыптасуына әсер етеді.

Әртүрлі бейнелеу құралдары балаға әртүрлі әсер етеді. Бояулар (гуашь): кенеттен сурет салу, қысылуды басады. Қарандаштар: гипербелсенділікті бәсеңдетеді. Сонымен қатар, сенімсіздіктен арылтады – өйткені суретті өшіріп, қайтадан салуға болады.

Арт-терапияның бағыттары күннен-күнге өсуде, қазіргі кезде мынадай арт-терапия бағыттарын бөліп қарастыруға болады:

- Музыка терапиясы;
- Би терапиясы;
- Драматерапия;
- Библиотерапия;
- Маскатерапия;
- Энотерапия;
- Ойынтерапия;
- Фототерапия;
- Изотерапия;
- Видеотерапия;
- Құм терапиясы;
- Оригами;
- Қуыршақ терапиясы және т.б.

Дамуында түрлі бұзылыстары бар балаларды зерттеумен байланысты еңбектер, балалардың танымдық, эмоционалды-еріктік, тұлғалық аймақтарда ұқсас мәселелері бар екендігін көрсетеді, бұл мәселелер өнер құралдары арқылы нәтижелі түрде коррекцияланады. Ерекше қажеттілігі бар балаларды түзету жұмысында арт-терапияны қолдану мынадай бұзылыстармен сипатталады:

- Психоэмоционалды аймағындағы бұзылыстар (эмоционалды депривация, эмоционалды қабылдамауды уайымдау, жалғыздық сезімі, эмоционалды дамудағы қиындықтар, стресс, депрессия, эмоционалды тонустың төмендеуі, лабильділік, импульсивтілік, жоғары қорқыныш сезімі, фобиялық реакциялар);

- Коммуникативтік, рефлексивтік үдерістердің бұзылуы конфликтілі тұлғааралық қатынастар, отбасы ішілік жағдайлар, негативті «Мен-концепциясы», төмен өзін-өзі бағалау, өзін-өзі қабылдаудың төмендігі);

- Дамудағы психосоматикалық бұзылыстар (тыныс алу, жүрек қан тамыры, қимыл – тіректік қозғалыс, вегетативті және орталық жүйке жүйесіндегі бұзылыстар).

Арт терапияны арнайы және инклюзивті білім беруде қолдану психологтар мен педагогтар ұйымдастыратын екі түрлі формадан тұрады: индивидуалды (жеке) және топтық. Алайда, жеке немесе топтық форма екендігіне қарамастан, екі түрінде де психокоррекциялық әсер ету фокусы барлық топ емес, жеке бала болып табылады. Егер баланың мәселесі эмоционалды қатынастар аумағында жатқан болса, онда бастапқы сатысында арт терапияның жеке формасын қолдану тиімді болып табылады, ал егер баланың дамуындағы қиындықтар әлеуметтік бейімделе алмау жағынан болса, онда жұмыстың топтық формасын қолдану тиімді болып табылады.

Қазіргі әдебиеттерде, арт-терапияға басқа тұғырдан қарау мәселелерін де (В.К. Агаримова, А.И. Копытин, Л.Д. Лебедева және т.б.) қарастырған. Көптеген зерттеушілер «арт» терминін бейнелеу шығармашылығында қолдануды баса назарға алады. Оған би, музыка, театр, ертегі құрастыру, сурет салу, мүсіндеу, құм терапиясы т.б. әдістер жатқызылады.

Мұндай кешенді тіркес мультимедиялық болып, арт-терапиялық практикада жиі қолданылады. Өнердің арт-терапевтік мүмкіндіктері жасөспірімдердің тәрбиесін түзету мен ұйымдастыруда маңызды екенін айта кеткен жөн:

- Өнер әсерінің тұтастығы мен тереңдігі, кешендік әрекеттесулермен шартталған, қоршаған орта әсері, топтық қызметтің күшейтпелі әсері;

- Қатысушыларға еркіндіктің, өзін-өзі көрсетудің жоғары деңгейін беретін импровизациялық әрекет;

- Жағдайдың бағаланбауы, қатысушылар бағалау мен салыстырмалылықтан қорғана отырып, өз сезімдерін толық әрі біркелкі жеткізуіне мүмкіндік береді;

- Болып жатқан әрекетке толық деңгейде қосылу, қатысушыға өз мәселесіне үңіле отырып, оны толығырақ әрі тереңірек түсінуге жол ашады;

- Мәселені жеткізу әдістерінің әр түрлілігі;

- Арт-педагогика қатысушының бойында арнайы қабілетінің болуын қажет етпейді, оған шығармашылық тұрғыдан ашылуға және қызметтің жетістікті субъектісі ретінде өзін сезінуіне көмектеседі;

- Ұжымдық жағымды атмосфераның қалыптасуы жетістік кепілі болып есептелінеді;

➤ Арт-терапевттік әдістердің қолданылуының қолжетімділігі.

Шет елдік ғалым Кьелл Рудестам бойынша арт-терапия келесідей міндеттерді атқарады:

- Агрессия мен басқа да жағымсыз сезімдерді шығаруға мүмкіндік береді;
- Емдеу үдерісінде жеңілдік туғызу үшін қосымша әдіс ретінде жүреді;
- Диагностика жасау үшін түрлі ақпараттарды жинақтайды;
- Баланың іште қалған жасырын сезімдерімен, ойларымен жұмыс жасауға мүмкіндік береді;
- Адамдар арасында қарым-қатынас орнатады;
- Өзін-өзі бақылауды дамытады;
- Өзіндік бағаны көтереді, шығармашылық қабілеттерді дамытады.

Қорыта келгенде, өнер шығармаларының сабақ барысында қолданылуы оқушы тұлғасына жағымды әсер ететіні ғылыми тұрғыда зерттеліп отыр. Баланың ішкі қиындықтарын сыртқа шығарып, жеңілдеуіне мүмкіндік беретін Арт-педагогикалық әдістерді сабақ барысында қолдану мұғалім үшін оқушыны белсендендіруде үлкен жетістікке әкеледі. Арт-терапия балаларға сөзбен айтып жеткізу қиын мәселелерді айтуға көмектеседі, бұл білім беруде ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істегенде өте қолайлы. Бұл ең нәтижелі, сонымен қатар ең жұмсақ және терең әдістердің бірі, оны эмоционалды күйді түзетудің ежелгі және табиғи формаларына жатқызуға болады. Бұл әдістің шегі жоқ, психотерапияның, педагогиканың, әлеуметтік жұмыстың барлық салаларында қолданыла береді. Білім беруде ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту процесінде әрбір пәннен сабақ беретін ұстаздар арт-терапияның бір бөлшегін сабақ сайын қолданып отырса, сабақ өз нәтижесін көрсетеді деп ойлаймыз. Сонымен бірге мектеп әкімшілігі, педагог-психологтар, әлеуметтік педагог және пән мұғалімдері бірігіп, кешенді жұмыс жүргізіп отырулары тиіс.

Әдебиеттер

1. ҚР «Білім туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериялы бағалау жүйесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Б. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 57 б.
4. Ахметова Л.А. Формирование арт-терапевтической культуры дошкольников «Сам себе арт-терапевт» / Л.А. Ахметова. – М.: Московский государственный открытый педагогический университет, 2003. – 36 с.
5. Сулейменова Р.А. Социальная коррекционно-педагогическая поддержка как путь интеграции детей с ограниченными возможностями//Сб.Мат.Респ. Семинара «Проблемы включения детей со специальными образовательными потребностями в общеобразовательный процесс».-Алматы: Раритет, 2002.
6. Арт-методы в образовании: учеб.пособие/А.Б.Айтбаева, Г.А.Қасен.-Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 204с.
7. Мадалиева З.Б., Көмекбаева Л.К., Сүлеймен М.М. – Жалпыға арналған арт-терапия: оқу – әдістемелік құрал. – Алматы: 2016. – 160б.
8. Медведева Е. А., Левченко И. Ю. Артпедагогика и арттерапия в специальном образовании. — М.: Издательский центр «Академия», 2001.

Әрінова Б.А., Кабдолдина И.М.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

Ш.А. АМОНАШВИЛИ - МАХАББАТ ПЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ БЕТ-БЕЙНЕСІ

Гуманистік педагогика тұжырымдамасын негізін атакты ұстаз, психолог, психология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Академиясының толықтай мүшесі Шалва Александрұлы Амонашвили салды. Гуманистік педагогика баланың жеке басына және оның рухани негізіне бағытталған.[1]

Шалва Александрович Амонашвили еңбектері және оның негізгі идеясы 20-ғасырдың өзінде үлкен классикалық педагогиканың негізі болып саналды. Шет тілдер сөздігінде гуманизм-латынның “Humanitas” – адам табиғаты және адамдық қасиеттерге құрметпен қарау деген сөзін білдіреді. Ізгілік

- бұл адамдарға деген адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас, бұл өзге адамға жақсылық жасаудың негізі. Өзінің эксперименттік мектебінде Ш.Амонашвили ынтымақтастық педагогика, жеке ықпал, тіл және математика пәндерін оқытудың әдістерін жасап, ендірі. Амонашвили еңбектерінің негізгі мақсат бағыттары: баланың жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеу; баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату; танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; алған білімін кеңейтуге, терендетуге жағдай жасау; рухани жетілдіру; бала психологиясын дамытуға, есейтуге және еркіндік құштарлығын қалыптастыру; әсемдікті, әдемілікті сезіну, қабылдау; ата-ана педагогикасының қайнар көзі; балалар қызметін бағалау.[2]

Біз білетініміздей, педагогикада екі бағыт бар. Олар: авторитарлы және гуманистік бағыт. Авторитарлық педагогика қорқыныш, қысым арқылы тәрбие береді. Гуманистік бағыт «өмір – бұл мектеп, ал біз оның оқушыларымыз» деген түсінікке негізделеді. Негізінен бұл жаңа педагогика емес, бұл Сухомлинский және Макаренконың классикалық педагогикасы, ал Шалва Амонашвили оны жаңғыртты.

Педагогикалық процестің ізгілікті болуын жақтаушы жән оны дамытушы – Шалва Амонашвили. Оның басты еңбектерінің бірі «Ізгілік педагогикасы жайлы ойлар» деп аталады. Бұл еңбегінде ол авторитарлы білім беруді қатты сынға алады. Ол өз еңбегінде көп жағдайда эксперименталды-педагогикалық процеске және оның нәтижесіне сүйенеді. Авторитарлы жүйенің қалыптасуын тарихи салдармен байланыстырады, яғни консерватизмнің басымдылығы. Сондықтан да ол көптеген идеялардың, бастамалардың дамуына тосқауыл болды. Әр бала туылғаннан бастап белгілі бір миссиямен туылады деп санайды, яғни әр бала өзіне тән нышан, белгілермен туылады дейді. Сол ерекшеліктерді дамыту үшін авторитарлы білім беруді жойып, ізгілендіру арқылы жүргізіледі деп атап өткен. Сонымен гумандық педагогика баланы өзіндік табиғи ерекшеліктерімен қабылдайды[3].

Ш.А.Амонашвили ұсынған гуманды педагогика баланың рухани құндылықтарын дамыту үшін мемлекеттік дәрежеде қарастырылып отырған қоғамдық мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасында болып жатқан саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер білім беру жүйесін өзгеше құруды талап етуде. Әсіресе, білім беру саласында ізгілендіру, демократияландыру үрдісі жүріп жатқан кезде, білім мазмұнын ұлттық ерекшеліктер негізінде құру, өсіп келе жатқан жас ұрпақты рухы биік, саналы, патриоттық сезімі жоғары азамат етіп тәрбиелеу қажеттігі туындап отыр. Қазіргі кезде білім берудің гуманитарлы парадигмасына көп көңіл бөлінуде, бұл арада басты назар бала тұлғасында. Мұндағы гуманитарлы педагогикалық процестің негізгі мақсаты - адамды қалыптастырмастан, тіпті тәрбиелеместен, оны қолдау, дамыту қажет және оның бойында өзіндік тұлғалық бейнесінің қалыптасуына, адамдармен, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен диалогтық және қауіпсіз өзара қарым-қатынасында қажет өзіндік іске асыру, өзіндік тәрбие механизмдерінің негізін қалау қажет [4].

Қазақстанда мектеп оқушыларының сана-сезімін дамыту үшін, адамгершілік пен рухани азықтарды бойына сіңіру үшін 2010 жылдан бастап "Өзін-өзі тану" пәні міндетті оқытылу пәні ретінде енгізілді. Өзін-өзі тану нағыз адам болудың сыры мен қырын үйрететін пән. Нағыз адам болу – Отан алдындағы борышыңды өтеу, адами қарым-қатынасың, қоршаған ортамен үйлесімділігің. Пәннің мақсаты – білім алушының өзін дұрыс түсінуіне, дарындылығы мен қабілеттерін дамытуға, өмірдің мәнін ұғынуға және өмірден өз орнын таба білуге көмектесу. Еліміздің болашақ жас ұрпақтарын жан-жақты дамытуда өзін-өзі тану сабақтарының орны ерекше. Сабақта пән мұғалімі әркімнің жан дүниесін тануына, әлемге көз жүгіртіп, мейірімділік жасауға бағыттайды. Сабақты қызықты өткізу түрлі әдіс-тәсілдерді қолданатын мұғалімнің шеберлігіне байланысты. «Өзінді өзің танысаң – істің басы» деп Шәкәрім айтқандай өзін-өзі тану пәні арқылы балалар өмірде кездесетін түрлі жағдаяттарды шешуге, өз ойын ашық айтуға, пікірін, сезімін, көңіл күйін жеткізе білуге, өз мүмкіндігін жүзеге асыруға, адами қарым-қатынас жасауға, денсаулығын сақтауға, жақсы қасиеттерін ашуға үйренді. Өзін-өзі тану пәні мәні жағынан, оқушылардың қабылдау, түйсіну, білім, білік дағдыларын іштей тұтастырып, оларды еркін қолдана алуға үйретумен ерекшеленеді. Елімізде ғасырлар бойы халқымыздың ұлттық санасынан берік орын алған адамгершілік құндылықтарды, яғни ізгілік қайырымдылық, адалдық қарым-қатынас сияқты қасиеттерді, қоғамдағы болып жатқан өзгерістермен байланыстырып, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің қайнар бастауы деп қарастыруға болады. Яғни «тәрбиесіз қоғам, қоғамсыз тәрбие өмір сүрмейді» деген заңдылыққа сүйене келе, өскелең ұрпақтың бойына қоғам талабына сай адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды мақсат еткен тәрбие ғана уақытпен үндесіп, қоғам мен тәрбиенің өзара байланысын түзеді. Өзін-өзі тану пәні жалпыадамзаттық құндылықтарға бастар жол [5].

Ш.А.Амонашвили өзінің барлық дерлік еңбектерінде баламен өзара түсіністік орнатуды, баланың жеке пікірін тыңдай білуді жіті назарға салып отыр. Егер бала үй тапсырмасын орындамаса,

біздің берген қандай да бір тапсырмамызды орындамаса, одан не болғанын сұраудың орнына баланың жер жебіріне жетіп ұрысумен боламыз. Бұл ең біріншіден мұғалімнің кінәсі. Себебі, мұғалім балаға тек жақсы нәрсені үйретуі керек, адал болуға, тек шындықты айтуға тәрбиелеуі керек. Тәртіп, тәрбие болмаған жерде баланың сабаққа деген қызығушылығы болатынына күмәнім бар. Мұғалім мен бала жайында, дәлірек айтқанда баланың психикасы жайлы Ш.А.Амонашвили мысалында: "Орыс әдебиеті мұғалімі бір балаға сабақ оқып келмегені үшін қатты ұрсып, сабақтан сыртқа шығарып жібереді, ал бала кетіп бара жатып, оның сүйікті қызы тоқтатқысы келсе, мұғалім жібермейді, "кезекші мұғалім тоқтатшы, жақсы сөз айтшы" десе, жоқ ол да ұрсып, кетсе кете берсін деп, "көшедегі адам тоқтатып жақсы сөз айтып, күлімдесе ғой", ол тоқтар еді, жоқ ол да ренжулі, ал өтіп бара жатқан адам "бұған орын аз болған ба?" деп ойлайды. Дәріханаға барып, дәрі алады, "дәрігер дәрі бермесе де болар еді ғой, жоқ оған бәрін сату керек қой". Үйіне кіріп бара жатқанда, көршісін қағып кетіп, көршісі күлімдеп не болғанын сұраса ғой, жоқ ол да оған дүрсе қоя берді. Ал бала өзінің түні бойы жасаған ғылыми жобасына келіп, дәрісін ішіп, өз-өзіне қол жұмсамақшы, оған кінәлі өзінің сүйікті мұғалімі. Оның қабағының ашылмай оған ұрсуы еді..." деген мысалдан ақ баланың сезімталдығын жеткізіп отыр, бала оны естігенін, тыңдағанын, мұғалімнің назарында болуды қалайды. Қоршаған ортаның әсерінен бейкүнә бала өз-өзіне қол жұмсады. Осы жерде бала қоршаған ортасынан өзіне деген жылулықты, қамқорлықты күтті, тым болмаса біреудің жымылып отырып "саған не болды?" деп сұрауын күтті[6]. Сондықтан да Амонашвили, мұғалім балаға жай кұлу емес, шын жүректен, жақсы ниетпен күлімсіреу керек дейді. Тек қана мұғалім емес, сонымен қатар, барша адамзат бір-біріне күлімдеп қарау керек, күлімдеудің де неше түрі болады әдейі кұлу, жек көріп кұлу, амалсыздан кұлу, қызғаныштан кұлу ондай жалған күлкі адамның жанына жакқан емес. Шын жүректен, аяушылықпен, махаббатпен, қамқорлықпен, сүйіспеншілікпен күле білу де өнер. Ш.А.Амонашвилидің бір еңбегіндегі Тереза ананы мысалға келтірсек болады. Тереза ана өзінің күлкісі арқылы адамды орнынан тұрғызып, жетім-жесірлерге де, мұң-мұқтажы көп жандарға да күлкісін сыйлау арқылы бұл өмірге деген ойларын өзгерткен [7].

Ш.А.Амонашвилидің "Улыбка, моя, где ты?" атты еңбегінде "күлкі" деген сөзге анықтама бере кеткен: Күлкі - бұл жүрек арқылы өтетін ішкі жарық пен жылуды шығаратын сыртқы көрініс ретінде сырттай көрінетін рухани күш. Күлкімен басқаларға, біздің қарым-қатынасымызға, сезімдерімізге, ойларымызға жіберіледі. Шынайы күлкі тек шын жүректен шыққандықтан, ол айтқандарының бәрі оны қолдауға шақырады, жігерлендіреді, тыныштандырады, шабыттандырады. Күлкі ой сияқты, рухтың миы, оның сапасы, ойдың сапасы сияқты, жүректен шыққан. Жақсы сезіммен толған күлкі адамдарды жақсы іс-әрекетке талпындырады. Күлкі - адамға рух беру, күш беру деп түсінемін. Ш.А.Амонашвили өзінің дәл осы еңбегінде анасынан күш-қуат алатынын айтады. Анасы барда әрдайым оған қамқор болады, тамақтандырады, өз жылуын береді. Бір күні анасы ауырып, ауруханаға түсіп қалады, және өзінің біраз ғана күні қалғанын естиді. Анасы ауруханада жатқан кезде баласы келген сайын, өмірден озатынын білсе де, оған күліп қарап, баласына демеу беретін. Анасы өмірден өткеннен кейін, ол өз-өзін қолға алып, жақындарына, достарына күлкі сыйлайтын болды. Анасының күлкісі оны күшейтіп, рухани жан дүниесін арттырғанын айтады [8].

Ш.А.Амонашвилидің басты идеясы баланы қандай болсын, өз қалпында қабылдау, яғни баланың бет-бейнесіне, қабілеті мен қызығушылықтарына, жақсы немесе жаман әдеттеріне байланысты бөліп-жармай оны қабылдау керектігін, мұғалім болған соң барлығына теңдей қарап, жүрек жылуын сыйлау қажеттігін білдіреді. Сонда ғана мұғалім баланың екінші анасындай болып, ізгілікті педагог деген атқа ие болады. Ш.А.Амонашвили "Сәлеметсіңдер ме, балалар?!" атты еңбегінде бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлға болып қалыптасу жолдарын баяндайды. "Менің балалармен тәжірибе жұмыстарым, мектептегі қызықты да, қуанышты күндерді ұйымдастырудағы ғылыми ізденістерім, эксперименттік сыныптың мұғалімдерімен өткізілген көп уақыт менің білім беру мен тәрбиелеуде ізгілік пен өмірге деген құлшыныстың өте маңызды екенін ұғынуыма көмектесті," - деп ұлағатты ұстаз бұл еңбегінің негізі - балаларға деген махаббат, зор сүйіспеншілік екенін айтады. [9]

Ш.А.Амонашвили педагогикалық шебері болуы үшін не істеу керек екенін атап өткен: Біріншіден, педагогикалық шебері болу үшін, менің жұмысымның бастапқы педагогикалық ұстанымы болуы керек, менің әлеуметтік тұрғыдан құнды және оптимистік көзқарасым болуы керек, онда ойдағыдай жетістікке жететін ойлар мен ұмтылыстар көрінеді. Екіншіден, педагогикалық үдерістің бастапқы позитивін, енгізу әдістемесін меңгеруді білдіреді. Бұл әдіс неғұрлым жақын болса, менің тікелей баламен күнделікті қарым-қатынасым жеке және адамгершілік тұрғыдан ұстанымыммен салыстырғанда, менің жұмысым барған сайын көбірек болады. Үшіншіден, менің тәжірибемді жеке

адамның позициясы - адамгершілік тұрғыдан көбірек қолдануға талпыну маған өзін-өзі ашуға және шығармашылыққа жол ашады. Төртіншіден, бұл процестің ықтимал асқынуларын алдын-ала болжауға және оларды күрделі педагогикалық жағдайларды дереу және дұрыс шешуге, педагогикалық мағынаға ие болуға, педагогикалық процесті мәжбүрлеп басқаруға, оңай, жай, қарапайым, балаларға қажет нәрсе! Біз оларға қуаныш, қамқорлық, сенімділік пен оптимизм сеземіз. Педагогикалық жұмыс шебері - мейірімді, қағидатты, сезімтал адам. Ол жаңа нәрселерге ұмтылады, ғылымдардың дамуына, сондай-ақ озық тәжірибелерге мұқият қатысады [10].

Қорыта айтқанда Ш.А.Амонашвили балаларды, өзінің оқушыларын, студенттерін қатты жақсы көреді. Оларды әрдайым ойлап, баланың көкейіндегі сұрақты ешқашан жауапсыз қалдырмаған. Жазғы демалыста оқушыларынан алысқа кеткенде әрдайым олардың бейнесін, істерін көз алдына елестетін. Оның "Основы гуманной педагогики" деген еңбегінде былай делінеді: сапар барысында студенттерім туралы ойладым. Мен мұзды шындарға таңданып, терең шатқалға түсіп кеттім. Мен еріксіз күлдім, бірақ Гига, Лела, Кота, Магда, Тенго, Эка секілді менің қиялымды толтыратыны есіме түсті... Мен бұл істі жігерлендіріп, күлкілі әуенмен ойланудамын. Олардың күлкілері менің құлақтарымда, мен Майя, Тей және Ии туралы ақылды ескертулерді тыңдаймын: "Шалва Александрович, сен бізге қалай жүруді үйретесің, сақ бол! Осылай болуы мүмкін бе?" Жоқ, әрине, бұл мүмкін емес, бірақ менде балаларға айтатын нәрсем бар. Ұзақ уақыттан бері өзіме тапсырған нұсқаулықты ұстандым: ұстаз, жазғы демалыстардан жаңа әсерлермен келіп, оқушылармен бөлісетін нәрсесі бар болуы қажет. Күн сайын мен оларға хат жазып, олардың хаттарына жауап беремін. Мен Сванетидан қайтып келіп, пошта жәшігінен 35 хатты таптым. Түнімен барлық хаттарға жауап жаздым, мектепке барған кезде бәріне айтатыным бар екенін жаздым. Ия біз барлығымыз мүмкіндігінше тезірек кездесуді армандаймыз,- деп жазады Амонашвили. Осыдан-ақ ұстаздың балаларға деген махаббаты, балалардың ұстазына деген махаббаты айрықша көрініп тұр. Шынымен де, ұстаз болғыңыз келсе, балаларды шын жүрекпен жақсы көріңіз, олармен тіл табыса біліңіз, не нәрсе оларды қызықтырады, не нәрсе олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, осындай жағдайларға аса мән беруіңіз керек. Балалар сабаққа келгенше асығып, мұғалімімен барынша тезірек сөйлесуге құмар болуы керек. Балалар сабаққа сізден қорыққандықтан емес, сізді жақсы көргендіктен, сізді сыйлағандықтан асығып келуі керек. Мен мұғалім дәрежесіне әлі көтерілмесе де, балаларды шын ниетіммен жақсы көремін. Дәл осы себептен "Өзін-өзі тану" Адамның Үйлесімді Дамуы гуманитарлық колледжіне оқуға түстім. Бұйыртып, мен де мұғалім болып шығамын, өз оқушыларыма құрметпен қарап, шын жүрекпен жақсы көремін. Мұғалім болу жолында мен үшін ізгі тұтар, үлгі алар жан - Шалва Александрович Амонашвили. Бұл кісінің жолымен жүрсем, өзіме де қадірлі боламын, басқаға да қадірлі боламын. Ш.Амонашвилидің өзіндік керемет ұстанымы бар ол - әр бала белгілі борышпен өмірге келеді және әрбір сәбидің тек өзіне тиесілі жаны - ішкі дүниесінің сәулесі бар. Ата-ана мен педагогтың міндеті сол сәуленің жоғалып кетуіне жол бермей, балаға өз өмір жолына бағыт көрсету. Мұғалім үшін өте керемет ұстаным. Мұғалімнің ең бірінші міндеті десек те болады. Дәл осы ұстанымды ұстанып жүрген мұғалім - ізгілікті педагог атағына әбден лайықты деп санаймын [10].

Әдебиеттер

1. Акинфеев, С. И. Негізгі белгілері пе-тұлғалық педагогикалық тұжырымдамасын Ш. А. Амонашвили (70-90-шы жылдары XX ғасырдың басы): автореф. дис. ... ғыл.канд. пед. [Мәтін] / С. И. Акинфеев. – Пятигорск: Изд-во ПГЛУ, 2000. – 17 б.
2. Амонашвили Ш. А. Негіздері ізгілікті педагогика. ҚН. 3. Школа Жизни [Мәтін] / Ш. А. Амонашвили. – М.: Амрита, 2015. – 320 б.
3. Кадзукова, Е. В. Идеалар гуманистік педагогика терминология В. А. Сухомлинский, Б. Т. Лихачев және Ш. А. Амонашвили : автореф. дис. ... канд. пед. наук [Мәтін] / Е. В. Кадзукова. – Пятигорск, 2005. – 18 б.
4. Гуманды Педагогика манифесі [Электронды ресурс]. - Кіру режимі: http://www.icr.su/rus/departments/human/manifesto_2011.php ескерту.
5. Ш.А.Амонашвили "Педагогическая симфония" 3 том (5-9 бет)
6. С.Дәуітова " Педагогика" Алматы 2008, 88 бет
7. Ш.А.Амонашвили "Улыбка, моя, где ты?" Москва, Амрита-Русь, 2012
8. Ш.А.Амонашвили." Основы гуманной педагогики".-М.,Амрита-Русь,2012
9. Ш.А.Амонашвили "Вера и любовь".-М.:2009
10. Ш.А.Амонашвили "Основы гуманной педагогики" М.,Амрита-Русь,2013

*Шагырбаева М.Д., Темірова Г.А.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)*

ГЕНДЕРЛІК ӘЛЕУМЕТТЕНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ БАРЫСЫНДАҒЫ ОТБАСЫ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ РӨЛІ

Гендер – адамның психологиялық және әлеуметтік дамуын негіздейтін тұлғаның базалық сипаттамаларының бірі. Гендердің көп компонентті құрылымы төрт сипаттама топтарымен анықталады: биологиялық жынысы, гендерлік стереотиптер, гендерлік рөлдер және гендерлік ұқсастықтар.

Гендерлік әлеуметтену – қоғамдағы ер мен әйелдің рөлі, жағдайы және мақсаты туралы мәдени ұғымдарға сәйкес нормаларды, мінез-құлық ережелерін, қағидаларды меңгеру процесі. Әлеуметтендірудің негізгі аспектілері: тағайындау (әлеуметтік тәжірибені меңгеру процесі, яғни ортаның индивидке әсері) және белгілеу (әлеуметтік тәжірибені жаңғырту процесі, яғни адамның ортаға әсері). Гендерлік әлеуметтендіру шеңберінде біз баланың ер бала мен қыз бала, еркек пен әйел болу дегенді түсінеміз. И. С. Клецинаның пікірінше, гендерлік әлеуметтендіру үдерісі ата-аналар оның гендерлік рөліне үйрете бастаған кезде баланың туған сәтінен басталады. Гендерлік әлеуметтену процесі өмір бойы жалғасады.

Американдық психолог Н. Чодороу психоанализ негізінде гениталды даму кезеңінде қыздарға карағанда, ұл балалар көбірек қиналатындығын алға тартатын теорияны қалыптастырды. Бұл бастапқыда барлық балалар өздерін анасымен идентификацияланатынына байланысты және тек 4-6 жаста ғана ер балалар идентификацияны ауыстыруға мәжбүр болады, бұл олардың гиперактивтілігі, тынымсыздығы және ауруларға үлкен бейімділік сияқты проблемаларға әкеледі. Сонымен қатар, бастапқыда таңдалған идентификацияда біртіндеп нығайтылатын қыздардың дамуы тыныш және тұрақты болып келеді.

Жоғарыда айтылғандай, баланың жынысы гендерлік бірегейліктің негізі болып табылады. Баланың жынысы ұрықтандыру кезінде белгіленеді. 23 жұптан тұратын (жыныс хромосомалары) хромосоманың біреуі Х (ХХ комбинациясы әйел жынысындағы баланың пайда болуын білдіреді) немесе Y (ХY комбинациясы еркек жынысты баланың пайда болуын білдіреді) хромосомасының біреуін өзіне қосады. Х хромосомның бірінің болмауына байланысты "Тернер синдромы" ие біршама әйелдер бар. Сондай-ақ, ХYУ аномальды генотипі бар және өте маскулиндік мінез-құлықпен ерекшеленетін артық Y-хромосомасы бар ерлер де кездеседі (П.А. Джейкобс, 1965). Тестостерон алмасуының бұзылуы ерекше жоғары өсуге, үлкен физикалық күш пен жоғары агрессивті үрдістерге әкелуі мүмкін. Қосымша Y хромосоманың тасымалдаушылары үшін кейбір сипаттық ерекшеліктер, атап айтқанда, өздігінен сынақтың төмендеуімен ұштасқан, ақыл-ойдың төмен деңгейі, жанжал және агрессияға бейімділік тән. ХYУ синдромы бар ("Y полисомия синдромы") ұл балалардың туу жиілігі 0,5-тен 3,5:1000 (0,005— 0,035%). Жоғарыда аталған синдромдар өте сирек кездесетін құбылыс.

Х немесе Y хромосомаларының бірі таңдалғаннан кейін ер жынысты эмбрионының өміріндегі маңызды фактор тестостерон гормонының бөлінуі болып табылады. Неміс ғалымы Г.Тернердің зерттеулері ХY эмбрионында, генетикалық ұлдарда ұрықтанғаннан кейін 6-8 апта жасында ер гормонын, оның ішінде тестостеронды денеге бағыттайтын арнайы жасушалар пайда болатынын көрсетті. Гормон еркектің мінез-құлқы мен ерекшеліктеріне сәйкес келетін аналық бездер мен ми конфигурациясын қалыптастырады. Егер баланың эмбрионы ерлер гормондарының қажетті бөлігін алмаса, онда ұрық "демаскулинизацияланады", және бала өскен кезде, оған фемининдік мінез-құлық (еркектің фемининдік түрі) тән болады.

Эмбрион – қыз (ХХ) болса, оған ерлерге тән гормондар аз немесе мүлдем түспейді, эмбрионда әйел жыныс мүшелері қалыптасады, ми матрицасы да әйел болып қалады. Егер әйел эмбрион ерлер гормондарының елеулі дозасын алса (мысалы, егер ана тестостеронның пайда болуын ынталандыратын препараттарды қабылдаса), нәтижесінде әйел эмбрионы "дефеминизацияланады", яғни ерлерге тән қасиетке ие болады. Мұндай қыз болашақта маскулиндік мінез-құлыққа ие болады.

Бұл және басқа да биологиялық факторлар жатырышілік "жарыста" байқалатын ерекшеліктерге алып келеді. Ана құрсағында балалар өздерін әртүрлі: әдетте, ұлдар күшті және белсенді "тебеді". Қыздарда қаңқаның дамуы тез жүріп, туғаннан кейін бір екі аптаға ұлдардың сүйектерінің қалыптасуынан озады. Дегенмен, осыған карамастан ер балалар туылған кезде денесі салмақты және ұзынырақ болып келеді.

Алты айға толмай тұрып-ақ, ер балалар жаңа және қимыл-қозғалыстағы денелерге назар аударса, қыз балалар «нәзік әңгімелерге» көңіл аударады. Сонымен қатар, ер бала қыз балаға қарағанда, анасының кеудесін қызғаншақтықпен, аса белсенділікпен алады. Бір жасқа келген шағында, жолындағы кедергілерді «бұзып» өте берсе, қыз балалар жылау арқылы ересектердің кедергіні «бұзғанын» қалайды. Ер бала өзінің «мықты жыныс өкілі» екендігін түсінбей тұрып-ақ, көлікке мініп алып, рөлін ары-бері айналдыра бастаса, қыз балалар ас үйде анасының жанында жүруге тырысады. Әр жынысты балалардың ойындары да әр түрлі болып табылады.

Өзін-өзі анықтаудың алғашқы актісі ретінде тұлғаның өзін субъектінің бөлінген жынысына жатқызуы болып табылады. Өзінің жыныстық тиістілігі туралы алғашқы түсінік бір жарым жаста қалыптасады, дәл осы көрініс өзін-өзі танудың ең тұрақты және өзекті компоненті болып табылады. Жас шамасына қарай гендерлік бірегейлік дамиды, оның көлемі кеңейтіледі және құрылымы күрделенеді. Екі жасар бала өз жынысын біледі, бірақ өз таңдауының себептерін әлі де анықтай алмайды.

Үш жасар балалар өз жынысын ғана емес, сонымен қатар оларды қоршаған балалар мен ересектердің жынысын да біледі. Бұл жерде оқыту маңызды рөл атқарады, өйткені анасы мен басқа да адамдар баламен қарым-қатынаста үнемі: "сен – ұлсың" немесе "сен – қызсың" деп ескертеді. Баланың өз жынысын түсінуге мүмкіндік беретін басты ерекшелігі жыныстық мүшелер құрылысының ерекшеліктері болып табылады. Ғылыми әдебиетте 2-4 жастағы балалардың өздерінің жыныстық мүшелерін көруге және сезінуге деген ұмтылысын түсінетін "жыныстық құштарлық" термині қолданылады. Онсыз балаға гендерлік қатыстылығы мен өз бейнесін қалыптастыру қиын болар еді. Алайда, белгілі бір жынысқа жататынын балалар сыртқы белгілері бойынша да бағаланады: «қыздар сияқты орамал», «ұлдардікі сияқты шалбар». Егер 3-4 жаста балалар жынысты өзгермелі мінез-құлық деп есептесе, оның қайтымсыз екенін балалар 6-7 жасқа қарай сезінеді [1, 32–44 бб.].

Әлеуметтендіру екі жақты процесс болып табылады. Бір жағынан, әлеуметтік тәжірибені меңгеру жүреді (яғни ортаның индивидке әсері орын алады), екінші жағынан – әлеуметтендіру әлеуметтік тәжірибені белсенді жаңғыртуды қамтиды (яғни адам ортаға әсер етеді) [2]. Гендерлік әлеуметтендіру шеңберінде бала туған сәттен бастап ер бала мен қыз бала, еркек пен әйел болу дегенді білдіреді, яғни осы қоғамда ер және әйел ретінде қарастырылатын мінез-құлықтың әлеуметтік қабылданған үлгілерін меңгереді. Осылайша, қоғам адамға әсер етеді, оны ойнату үшін қатты полотиіпті мінез-құлық модельдерін ұсынады. Бұл мінез-құлықтың үлгісін меңгере отырып, адам оларды практикада ойнатады.

Гендерлік әлеуметтену әлеуметтену механизмдерінің көмегімен жүзеге асырылады. Әлеуметтендірудің негізгі тетіктеріне: еліктеу, ендіру, сендіру, конформация және сәйкестендіру жатады.

Ерте гендерлік әлеуметтену процесінде неғұрлым күшті тетіктер ретінде баланың өз жынысындағы ата-анасына еліктеуі мен оған сәйкестенуі (идентификация) көрініс береді. Қыздар анасына, ұл балалар әкесіне ұқсас болуға тырысады. Одан кейін бала нақты адамды, сондай-ақ кино немесе кітап кейіпкерлеріне еліктеуге тырысады.

Ата-аналар балаға әсер ету мақсатында көндіру және еліктету тәсілдерін жиі қолданады. Ата-аналар баланың логикасына жүгінбестен мінез-құлықтың гендерлік-типтік моделін жиі тиімсіз деңгейде көрсетеді. Мысалы, "ұқыпты бол, сен қызсың" деген ата-ана сөзінде ешқандай қисынды дәлел жоқ, яғни, неге қыз ұқыпты болу керек, ал бала жоқ. Сенім, керісінше, логикаға апелляцияны білдіреді. "Анаңа көмектес, - дейді қызға, - өз отбасың болғанда, шаруашылықты жақсы білуің үшін үйренуің керек". Бұл жағдайда әйел шаруашылық жүргізуі тиіс деген пікір беріледі және қыз оның нағыз әйел болуға үйренуі тиіс екеніне көз жеткізеді.

Конформация гендерлік әлеуметтендіру механизмі ретінде балаларға қарағанда ересектерге тән. Ересек адамдар жиі (кейде белгісіз) жалпы қабылданған гендерлік нормаларға бағынады. Мәселен, ерлер қысқа шашты болуы керек, оның себебі, сол шаш үлгісінің оған ұнайтындығында емес, ер адамға тән сыртқы бейне стереотипі солай қалыптасқанығында. Ал әйел үй шаруасының көп бөлігін орындауы керек, себебі қоғамда дәл солай қабылданған және әйел жақсы үй иесі болуы керек деп саналады.

Әдетте, қоғамда гендерлік-типтік мінез-құлық формаларының мақұлданыуы және гендерлік-типтік емес мінез-құлықтың бұзылуы орын алады. Осылайша, ынталандыруға ұмтылу адамды биологиялық жынысқа сәйкес келетін мінез-құлықты іске асыруға итермелейді. Егер күтілетін және іске асырылатын мінез-құлық индивидтің ішкі қажеттіліктеріне сәйкес келмесе, онда гендерлік-рөлдік

жанжал туындайды. Осылайша, әйелден ана рөлінде жүзеге асыруды күтуде. Егер әйел ана болуға ұмтылмаса, ол қоғамдық айыптауды сезінеді, оның рөлдік қақтығысы пайда бола бастайды.

Психологтар Н.К. Радина мен Е.Ю. Терешенкова [3] гендерлік әлеуметтендірудің мазмұны бір полюсте "дәстүрлі (патриархаттық) әлеуметтендіру", ал екіншісінде – "қазіргі заманғы (баламалы) әлеуметтендіру" болатын биполярлық конструктың көмегімен қаралуы мүмкін екендігіне назар аударады. Дәстүрлі әлеуметтендіру ерлер мен әйелдердің қатаң гендерлік саралануын, ерлер мен әйелдердің иерархиялық қалыптасқан мәртебелерін болжайды. Бұл әлеуметтендірудің моделі ежелгі тарихқа ие, бұл ішінара оған қазіргі уақытта да кең таралған болуға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы әлеуметтену, керісінше, гендерлік саралаудың және поляризацияның болмауын болжайды. Әлеуметтендірудің полярлық нұсқалары сирек кездеседі, бірақ жалпы қоғамда дәстүрлі әлеуметтендіруге ұмтылу бар.

Қазақ халқы – дана халық. Қайсыбір салт-дәстүрлері, тыйымдары, халықтық емі болсын сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың тәжірибесінен өтіп, келер ұрпаққа сабақ болып қалуда. Дәл осы сияқты, авторы – халық болып табылатын халық ауыз әдебиетінің, әсіресе оның ішіндегі қазақ мақал-мәтелдерінің тәрбиелік мәні мен жас ұрпаққа берер өнегесі мол. Қазақ халқы қарапайым тұрмыстық өмірдің өзінде де мәнді, мағыналы тәрбиелік насихаттарды негізге ала жүрген.

Бүгінгі ресми, бейресми формаларда әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ақпараттар ағынының ағылып жатқан уақытында өскелең ұрпаққа өнегелі тәрбие беру мәселесі өзекті болып отыр. Ұлттық құндылықтардан гөрі шетелдік мәдениетке аса үлкен қызығушылық пен еліктеушілікке бейім шақтағы жасөспірімдерді қазақ халқының сан ғасырлар бойы оң нәтижесін көрсетіп келе жатқан тәрбиелеу құралдары арқылы өмірге бейімдеу аға ұрпақтың алдындағы үлкен міндет болып отыр.

Балаларды тәрбиелеу жұмыстары жайлы қарастырылғанда, кіші ұрпақты оңтайлы әлеуметтендіру мәселесі де қосарлана келетіні белгілі. Әсіресе, жасөспірімдердің өз жынысына сәйкес әлеуметтенуіндегі кейбір теріс әрекеттер, олардың тек әлеуметтік қана емес, сонымен қатар психологиялық, педагогикалық хал-ахуалына кері әсер ететіндігі байқалады. Белгілі американдық ғалым Э. Эриксонның жасерекшелік периодизациясына сәйкес, 6-12 жас аралығындағы тұлғаға (өмірлік жолдың төртінші деңгейі) өзін-өзі анықтау мен альтруизм қасиеті сәйкес келеді, яғни нақ жасөспірімдік шаққа сәйкес өмірлік кезеңде еліктеушілік қасиеті доминатты болып табылады.

Әлеуметтанушылар балалардың мінез-құлықтары төмендегі жолдармен қалыптасады деп есептейді:

- 1) моделдеу – бұл үлкендер мінез-құлқын қайталау (имитация);
- 2) баланың өз табиғи болмысына сәйкес келетін мінез-құлық ережесін марапаттау, ал сәйкес келмейтін мінез-құлық үшін жазалау;
- 3) басқалар тарапынан анағұрлым қолдауға ие болатын мінез-құлық түрлерін көрсету.

Осы тұста, жасөспірімдердің тиімді гендерлік әлеуметтенуін қамтамасыз етуде қазақ мақал-мәтелдерінің рөлі қандай болатындығына тоқталмақпыз.

Қазақ халқы – көркем мінездің иесі. Қандай жағдай болмасын, мәселені байыппен, сабырмен шешіп, өзгеге насихатты тұспалдау және астарлаумен жеткізе білген. Олардың дәлелі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін айта аламыз. Қазақ мақал-мәтелдері халықтың тұрмыстық өмірінде насихаттың ерекше формасы ретінде де қолданылған.

«Ұл ұяты әкеге, қыз ұяты шешеге» дейтін дана халқымыз ер бала мен қыз балаларды тәрбиелеуде де мақал-мәтелдерді жиі қолданған.

Қазақ ауыз әдебиеті шығармаларының арасында мектеп оқушыларына тәрбие беру құралдарының бірі мақал-мәтелдер болып табылады. Шын мәніне келгенде: «Мақал-мәтелдер – тура мағынасына орай астарлы ой бере алатын ықшамды нақыл сөз». Мақал-мәтелдердің айтар ойына ой қосатын, тілге икемді сөздің мәйегі екенін де айта кету орынды. Мақал да, мәтел де образды халық сөзі болып табылады. Мақал – халық тәжірибесінің қысқартылған афоризмдік көрінісі, мәтел – қандай да бір өмір сүру құбылысына баға беретін бейнелі сөз. Мәтелдерде метафора, салыстыру, гипербола, идиомалық бейнелеу көп қолданылады.

Қазақ мақал-мәтелдерін зерттей келе, халқымыздың мінез-құлық, адамгершілік нормаларына, ойлау мәдениетіне, өнерге, туған жерін қадірлеуге, отансүйгіштікке, бауырмалдылыққа, т.б. қойылған талаптарын тұжырымдауға болады. Мысалы, адамгершілік пен мінез-құлыққа байланысты «Жаны сұлудың – тәні сұлу», «Түсі игіден түңілме», сөйлеу мәдениетіне байланысты «Сөздің көркі – мақал», «Мағынасыз сөз болмайды, мақалсыз ел болмайды» деген мақал-мәтелдер айтылатын ой-пікірдің әрі

қысқа, әрі нұсқа болуын, мақал адамның тіл-байлығын, сөздік қорын, ақылын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін байқататынын ескертеді. «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Ердің өзіне қарама, сөзіне қара», «Ер бір сөзді» деген халық даналығы жас жеткіншектерді сөз мәдениетін меңгеруге, уәдесіне берік болуға, зерделі сөйлеуге шақырады.

Отанды қорғау, батырлық, ерлік туралы туындаған халық мақал-мәтелдері негізінен халықтың ой-тілегі, арман-мүддесі, отансүйгіштік сезімі қандай екенін байқатып отырады.

Сондай-ақ «Ер еліне, гүл жеріне» немесе «Батыр мың қол бастайды, шешен тар жерде сөз бастайды» деген мақал-мәтелдер аз сөзбен көп мағынаны ұғындырады. Сонымен қатар мақал-мәтелдерде ел қорғап, жауды талқандап, ерлік жасаған немесе қара қылды қақ жарған, қиядан тартып жол салған ер, батыр бейнесінен мағлұмат беруге кең көңіл бөледі. Бұл туралы «Жігіттің жұмсаған күшін сұрама, бітірген ісін сұра», «Ер жолдасы – тәуекел», т.б. Мақалдарды атап өтуге болады.

Ер баланың өнерлі болып жетілуіне халқымыз көптеген жағдайлар жасаған. Өнерлі адамды қадірлеп, қастерлеген. Сондықтан болар «Өнерлі бала сүйкімді», «Өнерліге өріс кең», «Бес саусағынан бал тамған өнерлі жігіт», «Жігітке өлең де – өнер, кәсіп те – өнер», «Жігіт адамға жетпіс өнер де аз», «Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар», «Жігітке жетпіс өнер де аз», «Өнер – ердің қанаты» деп санаған.

Қазақтың халық педагогикасының басты мәселелері бала, отбасы тәрбиелеріне негізделген. «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі», «Әке – бәйтерек, бала – жапырақ», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», т.б. мақал-мәтелдер арқылы отбасындағы бала тәрбиесіндегі ата-ана ролінің маңызына зор көңіл бөлінгенін байқаймыз.

Жоғарыда келтірілген шарттарда тек ер балаға қатысты мысалдар келтірілген. Ендігі кезекте, халық шығармашылығы мен әдебиетіндегі қыз балалардың әлеуметтенуіне әсер ететін жайттарды талқылайық.

Халқымыз қыз баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі үйлесімдікке аса көңіл бөледі. “Қыз бала қылығымен сүйкімді”, “Ақылды қыз ибаға иіледі, ақылды ұл иманға үйіріледі” деген мақалдар қыз баласынан ибалықты, ізеттілікті күтетінін білдіре отырып, “Қызым үйде – қылығы түзде” деп қызды тәрбиелеуде оның психологиялық ерекшеліктерді ескеруді ескертеді.

Қыз баланы жастайынан “Үйренгенің өзіне құт, істегенің еліне құт” дей отырып еңбекке, қолөнерге және үй жұмысына үйретуге ерекше көңіл бөлген. “Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без” “Ою ойғанның ойы ұшқыр”, “Өз үйінде ою оймаған, кісі үйінде сызу сызбас”, “Аяғын көріп асын іш” деген халық тұжырымдары қыз баласына өз міндеттерін ыждаһатпен үйренуге ықпал еткені даусыз.

Өзге халықтарда, қазақ халқында да отбасы тәрбие бастауы деп қарап, оның қыз бала тәрбиесіндегі психологиялық-педагогикалық негіздеріне сүйене отырып, құнды қорытындылар жасаған. «Абыройдың қадірін қызың өскенде білерсің», «Қыз өссе – жұртың», «Ана көрген тон пішер», «Күнсіз гүл өспес, күтүсіз қыз өспес», «Анасын көріп қызын ал» дейді де оны одан әрі тереңдетіп, жауапкершілікті бүкіл ағайынға жүктеп, «Тегіне қарап қызын ал» деп түйіндейді. Осы тұста келіннің, жеңгесінің қыз балаға етер ықпалына айрықша көңіл бөлінеді. «Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді», «Қызым келіннен ғибрат алып өсер, ұлым елімнен ғибрат алып өсер», «Жақсы келін қызындай» деген ұлағатты сөздер осының дәлелі [4].

Ежелден қызға жан сұлулығымен бірге тән сұлулығы бірдей жарасады деген оймен қыз баланың денесі сымбатты, өзі көрікті болып өсуі, өзін-өзі күтуі де өнер деп есептеген халқымыз: «Ағаш көркі жапырақ, қыздың көркі шүберек», деп, қыз балаға қонымды киім кигізіп, «Аттың көркі жалы, қыздың көркі – шашы» деп, сүмбіл шашы қыздарға шолпы шашпауды сәнмен тағуға дағдыландырса, «Қыздың көзі қызылда» деп, түрлі әшекейлерді талғаммен таға білуге үйреткен.

Әдебиеттер

1. Кончаловская М.М. Факторы, влияющие на формирование личностной идентичности у детей 5–7 лет // Психолог в детском саду. 2005. №3.
2. Андреева Г. М. Социальная психология: Учебник для высших учебных заведений. – М.: Аспект Пресс, 2003. – 364 с.
3. Радина Н. К., Терешенкова Е. Ю. Возрастные и социокультурные аспекты гендерной социализации подростков // Вопросы психологии. 2006. № 5. С. 49–59.]
4. Нысаналин А. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы, 2009.

Омарова Г.А., Сибилева Е.Ю.
(КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы)

ВОСПРИЯТИЕ ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ЦЕННОСТИ «НЕНАСИЛИЕ» СОВРЕМЕННЫМИ ПОДРОСТКАМИ

«Ненасилие - это оружие сильных»
Махатма Ганди

«Обретение свободы каждой личностью, нацией, миром должно в точной пропорции соответствовать постижению закона ненасилия. И пусть же, кто верит в ненасилие, как в единственный метод достижения действительной свободы, высоко держат факел ненасилия, освещаая непроницаемую тьму настоящего» - слова великого Махатма Ганди очень актуальны в реалиях современного мира. Работая в школе учителем самопознания, я вижу разных детей и встречаюсь с различными мнениями. И порой их помыслы не так чисты и добры, как хотелось бы. Некоторые дети открытым текстом говорят, что всего в этой жизни можно достичь только путем «хождения по головам». Такие ответы заставляют задуматься, так как будущее нашего мира в руках тех, кто сейчас заканчивает школу и вступает во взрослую жизнь. И от того, каково их мировоззрение и ценностные ориентации жизни, зависит будущее не только страны, но и мира в целом.

Поэтому я твердо решила помочь детям найти свой путь к осознанию и практики ценности «Ненасилие». В итоге был проведен эксперимент. Дети не знали, что они стали участниками эксперимента. Суть данного эксперимента заключалась в следующем: в начале года был проведен опрос, который состоял из следующих вопросов:

1. Что такое общечеловеческая ценность «Ненасилие»? Дайте свое определение данного понятия.
2. Назовите остальные 4 общечеловеческие ценности.
3. Раскройте характерные особенности «ненасилия».
4. Раскройте 3 аспекта «ненасилия».
5. Расскажите о людях, которые практиковали в своей жизни «ненасилие».

Помимо опроса, ребятам было предложено создать какой – либо социальный проект. На что последовал моментальный отказ. Это уже говорит о том, что их мировоззрение скорее потребительское, нежели альтруистическое. Тогда условно мы можем разделить людей на 3 типа: социальный, биологический и духовный. Тогда как первый озабочен мыслями о том, что не выгодно, а что выгодно, второй живет во имя удовлетворения своих материальных потребностей – в жилище, одежде, еде, воспроизводстве собственного рода... У этих двух типов людей не существует внутренних ограничителей, они, как правило, лишены совести. Третий же вид человека – это человек духовный – он живет в ладу со своей совестью. Иначе говоря, способен различать добро от зла [1].

Сегодня в молодежной среде не особо распространено такое понятие, как «общечеловеческие ценности». Хотя именно сейчас нелишне вспомнить о существовании этого краеугольного основополагающего понятия, поскольку именно оно дало бы инновациям прочный фундамент, создало бы, вместе с техническим усовершенствованием, базовый нравственный каркас, с расчетом на дальнюю перспективу [1].

Таким образом, мы можем наблюдать картину, которая не совсем радует глаз, но которую можно «дополнить яркими красками» и она преобразится.

Изучая ответы детей, я выделила наиболее часто встречающиеся определения ценности «Ненасилие»: «Я думаю, ненасилие – это свобода. Когда никто не принуждает делать что-то или говорить против воли, и ты сам делаешь свой выбор, но это про физическое ненасилие. К сожалению, насилие бывает и моральным. Моральным ненасилием я считаю ответственность за свои чувства и эмоции, когда человек может вести себя взбешенно и совладать со своими эмоциями, и имеет достаточный эмоциональный интеллект, чтобы не вредить кому-либо словами, которые, порой не имеешь ввиду», «Ненасилие – это непринятие решения проблем с помощью грубой силы», «Думаю это отказ от причинения вреда кому-либо» и подобного рода ответы. Суть большинства ответов заключалась в том, что ненасилие – это отсутствие физического и психологического насилия. Проведенный анализ показал мне, что они даже не задумывались о том, насколько широко это понятие.

Их сознание было ограничено общими терминами и понятиями, часто употребляемыми в обществе.

Наверняка за 10 лет обучения в школе у них должны были остаться знания о том, что ненасилие – это результат практики всех остальных четырех ценностей: истины, любви, праведного поведения и покоя. Но задав им вопрос «Назовите остальные 4 общечеловеческие ценности», я никак не ожидала услышать «Преодоление ситуации ненасильственным способом, непротивление, активное ненасильственное сопротивление», «Взаимоуважение, границы, воспитание, потребности», «Взаимопонимание, взаимопомощь, поддержка, доброта», «Уважение, понимание, терпение, достоинство». Всё вышенаписанное несомненно можно назвать ценностями, но эти ценности являются субъективными, в то время как я хотела получить объективный ответ. Знания моих ребят оказались очень поверхностными. Ответы, на все задаваемые мною вопросы являются основой изучения предмета «Самопознание». Основой, которой у учащихся 10 класса не было. На остальные вопросы также не было получено глубоких, духовно-нравственных ответов. Поэтому мы стали работать.

Сначала ребятам было поведено о пяти общечеловеческих ценностях и их взаимодействии между собой. Так же мы изучали гуманистические концепции известных психологов и философов. После изучения основ, мы стали углубляться в изучение программы, установленной министерством образования. Было много сложностей и сопротивления. Но на моих глазах происходили колоссальные метаморфозы. Это происходило с помощью теоретического и практического изучения дисциплины «Самопознание». Из «колючих ежиков» они превратились в «милых котят», которые впоследствии станут «величественными львами» и создадут прекрасное будущее нашему миру. Они получали необходимое образование в школе и за его пределами, занимаясь саморазвитием и раскрытием в себе общечеловеческих ценностей. А развитие в себе общечеловеческих ценностей – это само по себе уже образование. Любого, кто старается, как следует, понять общечеловеческие ценности: истину, праведное поведение, покой, любовь, ненасилие, кто применяет эти ценности на практике и распространяет их с усердием и искренностью, уже можно назвать по-настоящему образованным человеком. Очевидно, что включение в процесс обучения общечеловеческих ценностей способствует формированию гуманистических качеств личности и ведет к духовному росту человека. Стремление личности к совершенству подразумевает ее возрастание в добродетелях. Отсюда следует, что изменения духовного роста и совершенствования личности реально осуществляется в системе ценностей, составляющих разнообразный и богатый мир нравственных качеств [1].

В начале марта ребята уже самостоятельно работали над социальными проектами, которые сами же и организовали. Они всей школой собрали вещи и канцелярские принадлежности в детские дома, кормили животных на улице, устроили ярмарку в школе и на вырученные деньги купили корм для собачьего приюта. «Маленькие львята» стали потихоньку меняться сами и менять мир вокруг себя через практику общечеловеческих ценностей и в частности Ненасилия. И тогда я решила, что пришло время для контрольного опроса. Были заданы те же самые вопросы, но содержание ответов было совершенно другим. При контрольном опросе учащиеся написали, что ненасилие – это есть проявление уважение и любви ко всему живому и не живому, что нас окружает, что это осознание единства всего сущего через проявление духа, при этом это не причинение вреда другому ни мыслью, ни словом, ни делом. Они прекрасно стали понимать, чтобы практика Ненасилия стала неотъемлемой частью их жизни им необходимо:

*Думать о хорошем,
Смотреть на хорошее,
Слушать хорошее
Говорить хорошее,
Делать хорошее – вот путь к счастью.*
Как практиковать Ненасилие?

- Стараться не причинять никому вреда.
- Понять, что все существа обладают чувствами и правом на жизнь.
- Развивать чувство единства и всеобщего братства, понимать взаимосвязь всего сущего.
- Заботиться об окружающей среде.
- Не тратить попусту все виды энергий: пища, деньги, электричество и др. Установить потолок для желаний.
- Учиться прощать.

- Самоконтроль над проявлением агрессивных эмоций.
- Воздерживаться от непочтительной речи.
- Воздерживаться от пагубной информации.
- Избегать плохой компании [1].

В этот раз они ответили на все вопросы и ответили правильно, исходя из программы НДО «Самопознание». Примеры в их жизни, на кого бы они хотели равняться стали Махатма Ганди, Шалва Амонашвили, Лев Николаевич Толстой, Мать Тереза и другие духовные учителя и истинные лидеры человечества. Более того, они стали по-новому понимать счастье. И если раньше для них счастьем было наличие в жизни материальных ценностей, то сейчас счастье других делало их счастливыми.

Какие мы можем сделать выводы исходя из результата данного эксперимента?

1. Мировоззрение и ценностные ориентации детей еще не до конца сформированы и претерпевают изменения;
2. Предмет «Самопознание» и разработанная мною программа помогает учащимся в изучении себя и раскрытии своего духовного начала;
3. Дети осознали, что счастье заключается в единении с миром;
4. Ненасилие как образ жизни делает человека счастливым;

Детская психика и мировоззрение в этом возрасте словно пластилин. Влияние взрослых и пример учителя формируют в ребенке соответствующую модель поведения. Поэтому мы, взрослые должны также следовать практике общечеловеческих ценностей, собирая и сохраняя в себе все лучшее, что дано нам природой.

Литература

1. Общечеловеческие ценности (5-11 кл.). Методическое пособие для учителей./Мукажанова Р.А., Омарова Г.А./– Алматы, ННПООЦ «Бөбек», 2014. – 128 стр.

*Мурзагулова М.Д., Алмат А.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)*

Е.Б. ДАЙРАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

«Мектеп педагогикасы – ұстаздық жолды ұстанғандарға арналған ғылым мен өмірдің кілті. Кілтті ұстай білген – оның құлын ашып, сыры мен сипатын терең де жан – жақты ұғынады және ұқтыра да алады».

Е.Б. Дайрабаев

Дайрабаев Ерғали Бейсенбайұлы - 1928 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абралы ауданында дүниеге келген. 1947 жылы ҚазПИ-ді (қазіргі ҚазҰПУ) тәмамдаған. 1952 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының аспирантурасын, 1983 жылы КСРО Педагогика ғылымдар академиясының Білім жетілдіру институтын бітірген. 1965 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты, 1970-85 жылдары Қазақстан педагогика ғылым саласында ғылыми-зерттеу үйлестіру кеңесінің мүшесі болды. 1980-86 жылдары қазіргі ҚазҰУ кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1986-98 жылдары кафедра доценті атанды. «Мектептегі жазу жұмысының әдістемесі» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғаған. «1941-45ж.ж. Ұлы Отан соғысы жылдары атқарған ерен еңбегі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері», «Білім беру үздігі» медальдарымен және ҚР БҒМ грамоталарымен марапатталған.

Кафедра ардагері Ерғали Бейсенбайұлы педагогика ғылымының дамуына зор үлес қосқан тұлға, педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, 200-ге жуық мақалалары, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдары шыққан. Оның ішінде 2002 жылы *«Мектеп педагогикасы»* мән – мағыналық қисын мен түсінік кестелері деген оқу құралы басылып шықты [1; 52].

Бұл оқу құралының мақсаты – таңдаған мамандығына байланысты білім алушы классикалық университет студенттеріне педагогика ғылымының мән-мағыналық қисындарымен оның негізгі

жүйелерін білгізуге бағыт–бағдар беру. Әрине, арнаулы педагогикалық оқу орындарында бұл пән педагогикаға кіріспе, мектептану, педагогика тарихы, оқыту теориясы, тәрбие теориясы, педагогикалық басқару, педагогикалық менеджмент т.б. салалар түрінде жеке-жеке оқытылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде педагогика ғылымының негіздері беріледі де студенттердің өздігінен тереңірек іздене алуына боларлық жол – жоба нұсқалады. Осы орайдан әр факультеттегі мамандыққа қарай «Мектеп педагогикасы курсы» бойынша өтілетін сағат көлемінің деңгейі әр басқа, соған лайық оқылатын дәріс, семинар сабақтарының студенттердің алатын білімін нақты жүйеге келтіріп, олардың өздігінен іздену жолдарын жетілдіруге мүмкіндікті кеңейту үшін ұсынылып отыр.


Студенттің осыған дейін түсінген, қабылдаған педагогикалық танымдық ұғымын дамытып, оның шығармашылық ізденісіне ықпалы болу үшін пәннің мағыналық қисыны мен негізгі жүйелерін және салалық өзгешеліктерін білу шарт екендігін тереңірек байқатуға мән берілді.

Мектеп педагогикасының құрылымдық логикалық жүйесін дұрыс түсіну – студенттің болашақта атқаратын тікелей кәсіби мамандығы бойынша оқыту, білім беру және тәлім-тәрбие ісін жүзеге асырудың сыр-сипатына тән жүйені терең де жан-жақты байқап, аңғаруына мүмкіндік туғызуы үшін жасалынды деген болатын.

Оқу құралы – педагогика ғылымының қазіргі оқулықтарында берілген негізгі анықтамалары мен талдаулары бойынша жасалған кестелік кескіндеме, нұсқалық жүйе және қазақ халқының дана перзенттерінің білім мен тәрбие жөніндегі жеке пікірлері ұсынылды.

Педагогика ғылымының заңдылықтары мен категориялары қай халыққа, қай мемлекетке болсада ортақ екенін ескеріп, соған орай алған білім-түсінікті еске сақтап, көңілде жаңғыртып, жинақтауды мына салалар бойынша топтастырған:

- педагогикалық тағылым;
- білім беру, оқыту теориясы және тұлғаның болмысы;
- тәлім-тәрбие теориясы. Бұл ұғымдарды автор сызба түрінде түсіндірген. Кестелік жүйеге мән бере отырып, педагогика ғылымының композициялық құрылымын, технологиялық мәнін орынды түрде түсіндіре білген.



1- сурет. Педагогикалық тағылым

Педагогика – оқыту, білім беру, тәрбиелеу теориясы мен оны жүзеге асыру жолдары туралы ғылым және өнер. Педагогика тұлғаның даму негіздерін, мақсатын, міндеттерін, қоғамда атқаратын қызметі мен тәрбиенің имандылық заңдылықтарын айқындап береді [2].

2005 жылы шыққан «Жалпы педагогика негіздері» оқу құралы педагогикалық басты оқулығында оқу теориясының дидактикалық үрдісін бескебөліп қарастырған [3].



2 – сурет. Оқу теориясының дидактикалық үрдісі

Е.Б. Дайрабаев педагогика ғылымы аясында «аутогогика» саласында да ғылыми талдаулар жасады.

Аутогогика ұғымы ауто [autos-сам]- «өзім», «өзімді-өзім», «менің», «өзімдікі» деген мағына береді. Аутогогика өзін-өзі тәрбиелеу деген сөз. Өзін-өзі тәрбиелеудің әдістері негізгі әдістер мен басты міндеттерге бөлінеді. Оқушының ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру мәселелері жөнінде толғанғанда алдымен ентелей дамып қанатын кең жайып келе жатқан **суггетопедия** саласы туралы сөз етуге тура келеді. Әлемдік деңгейдегі педагогикалық технологияға көз жүгіртсек қазіргі басты талап - шәкірт меңгеретін білім, білік, ой-түсінікті олардың өздігінен пайымдай алуға бағдар беріп ұғынған түсінігін өзіндік таныммен тоғыстырып, иланған сеніммен жүзеге асыра алуға баулып, машықтандыруға бейімдеу. Осы орайдан келгенде суггетопедия тұлғаның өзін-өзі дамытып, өзін-өзі тәрбиелеуге сеніп, әрекеттене білуге илануы керек.

Суггетопедия жүйеде бағдарланған талапты жүзеге асыру тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыра білуге байланысты екендігін білеміз. Өзін-өзі тәрбиелеудің негізгі шарттары – тиімділігі. Өзін-өзі тәрбиелеу әдісі – тұлғаның өзін-өзі саналы түрде өзгертіп, болмыс бітімін жаңартып, психологиялық білік, дағды дамуын қалыптастырудың жолдарын негіздеуге бағытталады. Тиісті деңгейде өзін-өзі меңгеріп, қоғамның талаптарына үйлесімді жеке басына лайық өзіндік жоба, жоспарын жүзеге асыруға бейімделуге ықпал етудің дәнекері және оған машықтану арқылы өзін-өзі қалыптастыру. Нәтижесінде оқушыға тиянақты іс-әрекет дағдысын және көзқарасын бекітетін тиімді жол болып табылады. Оқушы білу ғана емес оны қолдану, тиісті талапқа үйлестіріп жүзеге асыру, ойлану, әрекеттенуі тиіс.

Жеке адамның даму процесінде өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі сапа жағынан ішкі факторға айналады. Ол адамның өзін-өзі тәрбиелеудің аса мейрімділік ынтықтығымен тұтандыру керек,

айналадағы дүниені танып қана қоймай, өзінің ішкі дүниесіне үңіле қарай білуі қажет және ең маңыздысы үш негізгі кемшіліктен арылу:

- мінезсіздік;
- ашуланшақтық;
- жалқаулық деп түсіндіреді.

Осы жағымсыз әрекеттерден арылту мақсатында өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасын жасай отырып, оны орындаудың әдістерін ұсынды:

- өзін-өзі иландыру;
- өзін-өзі сендіру;
- өзін-өзі сынау;
- өзін-өзі міндеттеу;
- ойша өзін өзгенің орнына қою арқылы өзгелермен санаса білу;
- өзіне-өзі бұйыру;
- өзін-өзі жазалау.

Адамның дамуы мен қалыптасуы жөнінде әр түрлі теорияларға сүйене отырып төмендегідей кезеңдерге бөлді:

1-кезең. Әр адамның өзінің қоғамдағы мақсаты мен мәнін айқындау.

- **Өмірлік ұраным**- шамам келгенше жақын-туыстарыма, жора-жолдастарыма, жалпы қазақ еліне көмегімді көрсету, жақсылыққа тарту, жамандықтан сақтау. Тұтынатын қағидам - жүріс-тұрысымды саралау;

- Іс-әрекеттері мен ұмтылыстарының түпкі мақсатым - рухани, ұлттық құндылықтарымды байыту;

- Басқа адамдардың адал, шынайы істерін ұнатамын, менменшіл пасық істерді жек көремін;

- Адамның рухани құндылықтары, бағалы қасиеттері - ашық, ақ көңіл, кішіпейілділігі, басқа адамның қасиеттерін бағалай білуі, өз кемшіліктерін біліп, олардан арылуға ынталануы, өз елін, жерін, тілін, дінін сүюі, өзгелерді құрметтей білуі. Білген-түйгенін басқаларға үйретуі, ой-есінің тазалығы.

2-кезең. Өзінді-өзің тани біл, әділеттілікпен баға бер.

Мен қандай адаммын?

- Құрметтеуге тұратын қадірлі қасиеттерім-адалдығым, шынайы көңілім, ісіме, сөзіме жауаптылығым.

- Мін санайтын бойымдағы кемшіліктерім - тұйықтығым, қырсықтығым, ойымды кей уақытта жеткізе алмай қалуым.

- Қызығушылық пен құштарлықтарым - домбырамен ән-терме айту, күй тыңдау, әдеби кітаптар оқу.

- Менің өмірлік мақсатым - адал азамат болу.

- Оқуға деген ықылас-ынтам, көзқарастарым: оқу деген адамның өмірлік қорегі, сарқылмас байлығы деп түсінемін. Менің оқуға деген ықыласым зор. Білімімді одан әрі тереңдетіп, жақсы мамандық алу.

3-кезең. Өзін-өзі тәрбиелеудің бағдарламасын жаса.

Мен қандай адам болуға тиіспін?

- Ата-анаммен ұстаздарымның маған қоятын талабы-өмірде құрметті, қадірлі «қазақ қызы» деген атқа сай қыз болу.

- Достарымның маған қоятын талабы - көңіл күйімді көтеріп жүру.

- өмір бір-ақ рет, жастық шақ бір-ақ рет келеді, сен өмірге тарығу үшін, қиналу үшін, жақсылық үшін келген жоқсың. Бақытты тыныш өмір сүру үшін келгенсің, ұстанымым дұрыс адам болу, өмірге құлшыну.

- Уақытпен күресе білетін өз идиасы бойынша өмір сүретін тың дара жолда адам болу.

Тәрбие сапасы – ол адамның өзі, оның әрекеті, адамдық болмысы және менталитеті. Томас Генри Гексли «өмірдің басты мәні – тану емес, әрекеттену» деген.

Өзімізді тану, сол арқылы өзгені тану, салыстыру нәтижесінде өзіндік құндылықтарымызды байыту, өмірде тиісті орынға ие болу үшін шындалу, жетілу, даму қажет.

Әдебиеттер

1. Әл – Фарабиатындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі педагогика ғылымы: тарих және қазіргі заман. Әл – Фарабиатындағы Қазақ Ұлттық университетінің педагогика кафедрасына 70 жыл / А.Қ. Мыңбаева, Н.С. Әлқожаева, Г.А. Қасен, Ұ.Б. Төлешова. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. -64 б.
2. Дайрабаев Е.Б. Мектеп педагогикасы: Мән – мағыналық қисын мен түсінік кестелер. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. 37 б.
3. Дайрабаев Е.Б. Педагогика пәнінің негіздері: оқу құралы. – Алматы, 2005. – 222 б.

Молдасан Қ.Ш., Сүлеймен Ұ.Қ.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Білімді реформалау жағдайында, аса маңызды шешуді қажет ететін міндет мектеп оқушыларының білім сапасын жетілдіру, тәрбиелеу және дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” атты жолдауында әрбір азаматтың жолдауы дамуы оның жеке табысы мен қоғамның алға өрлеуіне байланысты делінген. Сондықтан, білім беруде заман талаптарына жауап беретін жаңаша жетістіктер қажет.

Мақалада өзін-өзі тану сабақтарында оқушылардың көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Жалпы көшбасшылық және интербелсенді әдіс ұғымдарына анықтамалар көрсетіліп, зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасалған.

Сонымен қатар оқушылардың көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру кезеңдері көрсетілген. Оқушылардың көшбасшылық дағдыларын қалыптастыруда интербелсенді әдістерді қолдану тәсілдері қарастырылған.

«Өз сана-сезіміңізді өзгерте отырып, біз өз әлемімізді жасаймыз», - Ұлыбританияның бұрынғы премьерь министрі Уинстон Черчилльдің керемет сөзі. Адам баласы сана-сезімін басқара отырып, өзі қалағандай өмір сүреді. Қазіргі таңда тек ересек адамдар ғана емес сонымен бірге бас буындарда өмірлерін өзгеруге қауқарлы. Яғни, жас та болса, бас болатын балалар біздің қоғамда өсіп келе жатыр. Қазіргі тілмен айтқанда, көшбасшы балалар көбейді. Заман талабы ма, әлде уақыт талабы ма беймәлім. Осы бір қасиетті бала бойында ашу мұғалімдер мен ата-ананың құзырында және бала бойындағы көшбасшылық қасиеттің дамуына қоғамда шет қалмайды. Білім беру жүйесінде осы кезде қолданылып жүрген жаңартылған оқу бағдарламаларының негізінде қолданылатын интербелсенді әдістер бала бойына шабыт береді. Сонымен қатар, мектеп пәні ретінде оқытылатын, оқушылардың жеке ойымен санасатын, еркін форматта өтетін өзін-өзі тану пәні бар. Енді, осы тақырыптарға кеңінен тоқталып өтейік. Көшбасшы деген кім? Интербелсенді әдістер балаларға қандай пайдасын тигізеді? Өзін-өзі тану пәні көшбасшылықты дамытуда қандай үлес қоса алды?

Көшбасшы қандай болуы тиіс? Осы сұрақ ойшылдардың қай заманда да толғандырып келгені анық. Конфуцинизм: «Басшы ғалым болуы керек», - деп түйіндейді, ал исламдық дүниетанымға жүгінген әл-Фараби бабамыз «басшы діндар болуы керек» деген ұстанымға ден қояды.

Бүгінгі таңда лидерлік феномені жан-жақты зерттелген. Лидер атану үшін тіпті жоғары лауазымға ие болу да міндет емес. Кейде басшы емес, қатардағы қызметкерлер лидерлік қырын танытып жатады. Мәселен, осы жинаққа енген «Күрмеуі қиын көшбасшылық» кітабының авторы, Гарвардтың әйгілі профессоры Рональд Хайфетцтің айтуынша, көшбасшылық – бұл қызмет те, құзірет те емес, туа бітті қабілет те, атадан даритын қасиет те емес, халық ұстанатын құндылықтар мен шынайылықтың арасындағы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған іс-әрекет. Көшбасшы болу деген адамдарға әмір жүргізу емес, адам жанын түсіне алатын, рухани бай адам болу керек. Шетелдік ғалым Дэниел Гоулман көшбасшылардың негізгі міндетінің бірі болып табылатын, ол – адамдардың көңіл -күйі деп көрсетті. Ол адам көңіл-күйін электр қуатына теңеп, адам бойында шарлап жүретін құбылысқа теңейді. Жалпы алғанда, көшбасшылықты әркім өзінше түсіндіргісі келеді. Тылсым дарын дерміз бе, әлде, болмыспен бірге дүниеге келген мінез дейміз бе, қатып қалған теория жоқ. Көшбасшы бейнесін әркім өз санасына, өзі қалағандай етіп құрастырады [1].

Көшбасшы болатын тұлғаның бойында табандылық пен еңбекқорлық, шыдамдылық пен төзімділік, ақылдылық пен парасаттылық ұштаса білу керек. Көшбасшы болуға лайық адамның бойында төмендегі бес қасиет болады:

1. Мақсатқа жетуге деген сенім. Нақты құрылған мақсат болмаса, көшбасшы адам өзінің менмендігіне тәуелді болып қалады.

2. Құндылықтарды ұстану. Құндылық көшбасшының басты қасиеті болып табылады. Көшбасшының нағыз көшбасшы болуы оның бойындағы құндылығына тікелей байланысты.

3. Өз тәніне өзі басшы болу. Нағыз көшбасшы ақылымен ғана емес, сонымен қатар, жүрегімен де жолдас болуы керек.

4. Мызғымас қарым-қатынас орнату. Берік байланыс орнату - ол лидердің тұрақтылығын көрсетеді.

5. Тәртіпті қалыптастыру. Тәртіпті жоғары қою - бәсекеге қабілетті және жетістікке жетудің шынайы жолы.

Осы жоғарыда айтылып өткен, қасиеттерді бала бойына сіңіріп, жасампаз елдің жалынды жастарының көшбасшылық дарынын жетілдіру ұстаздар мен ата-аналарға тікелей байланысты. Қазіргі кезде жастар арасында, өз-өздеріне көңілдері толмаушылық белең алып бара жатыр. Бала өз бойынан кемшілік іздеп тұрады. Нақтырақ айтсақ, комплекс жастар арасында өте көп. Осы тұста Қуаныш Шонбай жазғандай: «комплекс - таптырмас қазына». Осыны бала бойына сіңіру керек деген ой келеді. Көбінесе комплексің екі түрі барын байқадым: біріншісі - бойына, түр-сипатына байланысты комплекс, екіншісі – менің қолымнан келмейді, бұл өмірде мен ешкімге керек емеспін деген ой.

«Кемшілік» деген сөздің өзі шартты. Біреу үшін кемшілік, басқа біреу үшін артықшылық болуы да мүмкін. Бірақ осы «кемшіліктің» сенің еркіңе бағынатыны бар, бағынбайтыны бар [2].

Бала ойынан оның өзінің кемшілік көретін тұстарын, оның артықшылығы екенін түсіндіріп, жұмыс жасап, бала бойындағы сенімсіздікті жоюға үлес қосу. Жасөспірімдерді жеке тұлға ретінде қалыптастыруда ұстаздың атқаратын рөлі, ата-анадан кем емес. Александр Лауновскийдің керемет сөзі еске оралады: «Әр адам – қандайда бір өзгеге ұқсамайтын тарих». Сол тарих адамын тәрбиелеп, көшбасшылық қасиетін машықтыратын ұстаздар қауымы екенін ұмытпауымыз керек. Қазіргі кезде мектеп қабырғаларында оқушыларға пән ретінде оқытылатын пән қатарында «Өзін-өзі тану» пәні балалардың психологиясымен тікелей жұмыс жасайтын пән ретінде белгілі. Бұл пәннің жалпы басқа пәндерден айырмашылығы, балалар өз ойын ашық түрде жеткізе алуға дағдыланады. Бұл оқушыларды көпшіліктің алдында қысылмай сөйлеуді, ойын ашық жеткізуді үйретеді. Қоғамның көңілінен шыққан бұл пән, бала санасын жаңа дәрежеге көтеруге атсалысып жатыр. Сондай-ақ, «Өзін-өзі тану» пәні адам бойындағы махаббатты түсінуге, рухани адамгершіліктің, адами құндылықтардың, мейірімділік, сыпайлық туралы тереңінен бала бойына сіңіреді. Әлемдік ойшылдар арасында ойып тұрып орын алған ғұлама Сократтың «Өзгені тану үшін өзіңді - өзің таны» - деген керемет сөзі ойға оралады. Ұлы ойшылдың осы сөзі ілімімен сабақтаса да, салаласа да байланысып жатқан осы өзін-өзі тану пәні секілді. Өзін-өзі тану адамдықтың ең биік белесі екенін жақсы білеміз. Осы тұста жасөспірімдердің көшбасшы болуына өзін-өзі танып - білу қағидасы жатады. Көшбасшы үшін ең әуелі әлемді емес, өзін-өзі тану бірінші орында. Балиғат жасқа толғанға дейін жақындар, достар, мектептегі ұстаздар, жалпы, қоғамдағылардың бәрі сөзбен де, іспен де бізге кім болатынымызды құлаққа құяды. Ал, шындығында, адамдар кім болатынын өздері шешкен сәттен бастап, көшбасшы бола бастайды [3].

Өзіңді танып білу бұл үлкен күш-жігер мен батылдықты, еңбекқорлық пен төзімділікті қажет етеді. Осы тұста, сіз өзіңізге кімсіз немесе кім болғым келеді деп сұрақ қойыңыз. Кейде адамдардың өзін-өзі танып білу соншалықты қиындық тудырмайды және көп уақытын жұмсамайды. Кейбір кезде адамдар өзін танып білуді ерте кезден ойлайды немесе көп уақыт өткеннен кейін де өзін-өзі танушылар бар. Бастысы қай жастан, қай кезден бастаған емес, бастысы өз-өзіңді тауып, өмірдің мәнін түсінуде. Шынайы өз-өзіңді тапқан кезде, тұлға шынайы көшбасшыға айналады. Өзін танып - білген көшбасшының бойында: таза жүрек, нақты мақсат, адами және дүние құндылықтары, мызғымас қарым-қатынас және тәртіп болады. Негізінен көшбасшылықтың үш кезеңін атап көрсеткеніміз дұрыс болар.

1. Көшбасшылыққа дайындық. Бұл кезеңде адам өмірінің алғашқы отыз жылы – адамның мінезі қалыптасып, ортақ іске пайдасы тиіп, басшылыққа араласа бастайтын кезең.

2. Көшбасшылық кезең. Бұл кезең - көшбасшылық тәжірибе жинап, алпыс жасқа дейін көшбасшылықтың шарықтау шыңына жету.

3.Тәжірибемен бөлісу. Көшбасшылар көбінесе зейнетке шығуға асықпайды. Жинаған тәжірибелерімен бөліседі. Әдетте, әртүрлі ұйымдардың жас басшыларына тәлімгер болып, кеңес беріп, көшбасшылықтан түйгенін үйретіп отырады [4].

Сонымен қатар, қазір қоғамда жалған көшбасшы пен нағыз көшбасшы деген термин бар. Бірақ екеуінің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар екенін, жасөспірімдер түсінбей қалып жатады. Көшбасшылық қасиеттің де қоғамға пайдасын тигізетіні бар және қоғамға тигізер қауіпі бар. Осы нағыз көшбасшылық пен жалған көшбасшылық арасындағы айырмашылықты Дин Уильямстың «Нағыз лидерлік» атты шығармасында көрсетіп береді. Нағыз көшбасшы халықты өмір шындығымен күресуге бастап шықса, жалған көшбасшы халықтың мәселесіне қарағанда, халықты артынан ертуге көп көңіл бөледі. Нағыз көшбасшы, топты бейімделу жұмыстарына жұмылдырып, адами құндылықтар мен рухани құндылықтарды қайта үйренуге көмектеседі, ал, жалған көшбасшы адамдарды топтастыру қолынан келмейді. Топты бастауға ақыл мен даналықты іздеп, ізденіс үстінде жүретін жанды нағыз көшбасшы десек, өзінің және топтың басты мәселесін шешуге құлықсызы жалған көшбасшы. Нағыз көшбасшы қозғалыстың, жұмыстың басы-қасын да өзі жүріп, жауапкершілікті өз мойнына алады. Жалған көшбасшы «лидер - ақиқаттың шыңы, сол ғана тура жолды табады» деген сөзге сендіруге тырысады. Бұл аталғандардың барлығы нағыз және жалған көшбасшылардың айырмашылығы осы. Балаларға осыны түсіндіру ұстаздардың негізгі міндеттері. Баланың санасында көшбасшы болу тек бұйрық беру мен ғана шектелмейді, бастықтардың барлығы нағыз көшбасшы бола бермейтінін санасына салып беру педагогтардың мойнында. Қазіргі кезде сабақтарда интербелсенді оқыту жүйесі жүріп жатыр. Интербелсенді әдістер дегеніміз – қарым-қатынасқа жағдай жасайтын жаңа тәсілдер және оны сабақтар өту барысында ұсынылатын әдістер. Ұлы педагог К.Д.Ушинский айтқандай, «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген болатын. Сол себептіде жаңа серпіліспен, жаңа бастама керек.[5]

«Ел назарында жүру – жетістікке жетудің сексен пайызы», – деген екен белгілі кинорежиссер, әйгілі Вуди Аллен. Көшбасшы болудағы тағы бір керемет қасиеттердің бірі адамдардың қарым-қатынасы мен қабілет-қарымына байланысты түрлі тәсілдер бар. Осы қасиеттерді оқушыларға қолданып, олардың топпен жұмыс жасау дәрежесін көтеруде төмендегі мына тәсілдерді қолдануға болады.

- Ел назарында жүріңіз.
- Адамдарды іске араластырыңыз.
- Командаластардың қолдау көрсетуі.
- Лидерлерді сынаққа түсіріңіз.
- Қиын шаруаларды сеніп тапсырыңыз.
- Бәрін ортақ мақсатқа жұмылдыру.

Уоррен Беннис көшбасшылықтың принциптері, ХХІ ғасыр өткелдерінен сүріндірмей өткізетін көпір десек те болады. Арманның басшысы болыңыз. Өз ойыңызды өзгелерге жеткізе біліңіз, біліміңізді жетілдіруге көңіл бөліңіз, сонымен қатар жағдайды бақылауда ұстаңыз. Қателіктен қашпаңыз. Қателіктен сабақ алуды үйреніңіз. Сырт көздің сын пікіріне құлақ асыңыз. Өміріңізде шындықты айтатын адамдарды бағалаңыз. Пікірі қайшы адамды бауырға басу керек. Арман мен ақиқаттың аражігін ажыратып, қорықпай бетке айтуды үйреніңіз. Айналаға сенім мен үміттің шуағын шашып жүріңіз, Оптимист болыңыз. Бұл- «жұқпалы» қасиеттер. Өз адамдарыңыздан үздік нәтиже күтіңіз. Сезім түйсігін дамытыңыз [6].

Қорытындылай келе, қазіргі кезде балалардың бойында жауапкершілікті сезіну барысында, көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. «Өзін-өзі тану» пәнінің басты міндеті де осы. Жасөспірімдерді қоғамға бейімдей отыра, олардың бойындағы ашылмаған қасиеттерді ашып, балалардың тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау. Интербелсенді әдістерді сабақтарда қолдану арқылы ойын ашық жеткізуді, көпшілік алдында сөйлеуді үйренеді. Бала бойындағы қорқынышын жеңу де өзін-өзі тану пәні көп көмектеседі. Қазіргі таңда, балалар ата-анасымен келіспей жатады, туыстарына дөрекілік танытып, достарын қиын жағдайда қалдыратыны мәлім. Осы тұста, өзін-өзі тану пәнінің мәні мен мағынасы зор, жасөспірімдердің психологиясымен жұмыс жасап, оларды мейірімділікке, сүйіспеншілікке, еңбекқорлыққа, табандылыққа ең бастысы тұлға болып қалыптасуына көп көмегін тигізеді.

Көшбасшы болу тек байлық, ақша, мансап және бұйрықпен шектелмейді. Ол адами руханилық пен құндылықтармен тікелей байланысты және де тек қана ақылмен жүріп тұруда кей кезде көшбасшы

үшін дұрыс емес, кейде мәселелерді шешуді жүрекке де тапсырған жөн. Еңбекқорлық пен үнемі ізденісте болатын жандар нағыз көшбасшы болуға лайық. Ізденістер әрқашан адам баласына тұлға болып қалыптасуына өз септігін тигізіп келе жатыр. Осы тұста Робин Шарманың «Біздің әрқайсымызда өмірге дана болып келеміз», – деген болатын. Сондықтан, қателіктен сабақ алуды, жеңілістен жеңіске ұмтылуды, тәуекелге баруды, ақиқаттың уын сезініп, ізденісті тоқтатпай, жанымызда шындық айтатын достарыңызды бағалаңыздар [7].

Әдебиеттер

1. Көшбасшылық – Алматы-2019 «Мазмұндама».
2. Қ. Шонбай. Екінші болма. – Алматы-2019 Самға баспасы.
3. К. Бекжігітова. Ойыңды өзгертіп, өміріңді өзгерт. – Алматы, 2017.
4. Қ. Алтынбиби «Педагогикалық шеберлік негіздері. – Алматы, 2014.
5. Стивен Р.Кови. Жасампаз жандардың 7 дағдысы.
6. М. Сапарбаев. Бақыт. – Алматы, 2019.
7. Робин Шарма. Лидер без титула.

*Ертарғынқызы Д., Молдағали Н.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)*

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҮДЕРІСІ

Отбасы – ерекше педагогикалық жүйе. Ғылыми тұрғыда, отбасын тұтас қоғамдық ағзаның бөлігі, әлеуметтік тәрбие беретін ұжым ретінде қарастырады. Ал тәрбиенің түп негізі отбасыдан шығады. Жалпы, отбасы және тәрбие ұғымдары бірін-бірі толықтыратын феномен ретінде түсіндіруімізге болады. Отбасы моральдық, психологиялық жаңаруы барысындасозылмалы, оның үстіне қарама-қайшылықты, күрделі болып келеді. Сондықтан да, отбасында жаңа қатынастар, жаңаморальдық ұғымдар орнығуы экономикалық салаға қарағанда баяу қарқынмен іске асады. Өйткені отбасын болжамдаудың қиындығы қайта құруларға, негізгі әлеуметтік – экономикалық факторлармен бірге биологиялық, психологиялық және демографиялық факторларға байланысты.

Қазіргі таңда, әрбір отбасы құрылған сәттен, оның әрі қарай жеке мемлекет ретінде даму барысы бірдей емес. Яғни ерлі-зайыптылардың отбасы болып қалыптасқаннан кейінгі демографиялық көбеюлеріне байланысты отбасы құрамы өзгере бастайды. Еліміздің жылдан жылға дамуы, көркеюіне байланысты отбасылық мәселелердің артып жатқаны барлығымызға мәлім. Отан отбасынан басталады демекші, қазіргі таңда белең алып жатқан отбасылық мәселелер, әлеуметтік салада алдыңғы орынды алады. Түрлі мәселелердің пайда болуына байланысты әлеуметтік бағытта түрлі жұмыстар орын алуда.

Жалпы отбасы құрамына байланысты толық емес отбасы ұғымы қалыптасқан. Толық емес отбасы ана-әке-бала қарым-қатынасының дәстүрлі жүйесі жоқ яғни, ішінара толық емес байланысы бар шағын топ. А.С. Макаренко отбасы құрылымына ерекше мән берді. Яғни, толық және толық емес отбасы ұғымын енгізе отырып, әкесі немесе анасы жоқ отбасы деп түсіндірді. Отбасы құрылымы, баланың дұрыс тәрбиеленуіне және табысты әлеуметтенуіне байланысты екендігін түсіндірді. Т.Парсонс тұрғысынан, отбасы - әлеуметтендірудің негізгі органы, анасы мен әкесі-тұлғаның басты жаратушылары, бала-бос ыдыс, оны мәдениетпен толтыру қажет екендігін жеткізеді. Отбасы қатынастарын тұрақтандыруға, толық емес отбасы мен оның мүшелерінің әлеуметтік дамуына бағытталған орта мерзімді әлеуметтік және психологиялық жұмыс, отбасы мүшелері арасындағы қатынастарды, отбасының барлық мүшелерінің айналасындағылармен өзара қарым-қатынастарын нормалауды және үйлестіруді қамтиды. Психологиялық климат пен отбасылық әл-ауқат көбінесе отбасының толық немесе толық емес болуына байланысты. Балалар психиатрлары М. И. Буянов пен А. И. Захаров толық емес отбасынан шыққан балаларда патохарактерологиялық және мінез-құлық бұзушылықтары, сондай-ақ психикалық денсаулықтың бұзылуы жиі кездеседі деп есептейді. Сонымен қатар, американдық ғалымдар Б.Артур және М.Кемменің тұжырымдауынша, толық емес отбасындағы балалардың эмоционалдық қиындықтары болатындығын түсіндіреді. Эмоционалдық қиындықтардың ішіне, қорқыныш, үрей, түс көру сынды белгілерді байқаймыз. Мұндай балалардың ішкі әлемі-

Полностью разделить лингвистический и психологический виды анализа речи не возможно, как и отдельно провести психодиагностику мышления и речи. Дело в том, что речь человека в ее практическом виде содержит в себе как языковое (лингвистическое), так и человеческое (личностное психологическое) начала.

Подводя итоги вышесказанного мы видим, что в познавательном плане ребенок к поступлению в школу уже достигает весьма высокого уровня развития, обеспечивающего свободное усвоение школьной учебной программы.

Кроме развития познавательных процессов: восприятия, внимания, воображения, памяти, мышления и речи, в психологическую готовность к школе входят сформированные личностные особенности. К поступлению в школу у ребенка должны быть развиты самоконтроль, трудовые умения и навыки, умение общаться с людьми, ролевое поведение. Для того чтобы ребенок был готов к обучению и усвоению знаний, необходимо, чтобы каждая из названных характеристик была у него достаточно развита, в том числе и уровень развития речи.

Чтобы правильно понять и оценить уровень речевого развития дошкольника, предлагается использовать «Схему системного развития нормальной детской речи», составленную по материалам А.Н. Гвоздева, в качестве условного эталона закономерностей овладения детьми родным языком. Для этого предлагается соотнести состояние речи, выявленное на обследовании, с данными условного эталона нормы, что позволит установить стадию развития аномальной детской речи и оценить степень сформированности в ней различных компонентов языка.

1. Если ребенок пользуется только отдельными аморфными словами и в его речевой практике отсутствуют какие-либо соединения этих двух слов между собой, то такое состояние речи надо отнести к первому этапу первого периода «Однословное предложение».

2. Если дети пользуются фразами из 2, 3, даже 4 аморфных слов, но без изменения их грамматической формы, и в их речи полностью отсутствуют конструкции типа субъект + действие, выраженное глаголом изъявительного наклонения настоящего времени третьего лица с окончанием – **ет**, то такое состояние речевой деятельности следует соотнести со вторым этапом первого периода «Предложения из аморфных слов-корней».

3. Случаи, когда в речи ребенка появляются грамматически правильно оформленные предложения типа именительный падеж + согласованный глагол в изъявительном наклонении настоящего времени, с правильным оформлением конца слова (мама спит, сидит и т.п.), при том, что остальные слова аграмматичны, следует соотнести с первым этапом второго периода «Первые формы слов».

4. Состояние речи, при котором ребенок широко пользуется словами с правильным и неправильным оформлением концов слов, владеет конструкциями типа именительный падеж + согласованный глагол, однако в его речи полностью отсутствуют правильно оформленные предложные конструкции, надо соотнести со вторым этапом второго периода «Усвоение флексийной системы языка».

5. Языковое развитие детей, владеющих фразовой речью и умеющих в некоторых случаях строить предложные конструкции с правильным оформлением флексий и предлогов, следует соотнести с третьим этапом второго периода «Усвоение служебных частей речи».

6. Речь более продвинутых детей относится к третьему периоду «Усвоение морфологической системы русского языка».

Особое внимание следует уделять словоизменению, в котором раскрываются способности детей к самостоятельному использованию конструктивных (морфологических) элементов родного языка. Не всякое воспроизведение ребенком правильной грамматической формы слова следует принимать за свидетельство ее усвоения, так как такая словоформа может быть простым повторением за взрослым.

У детей дошкольного возраста с ОНР отмечается значительное отставание в формировании навыков связной речи по сравнению с нормально развивающимися детьми. Это указывает на необходимость целенаправленной коррекционной работы по развитию данного вида речевой деятельности. Проведенные исследования с использованием различных видов заданий выявили ряд особенностей, характеризующих состояние связной речи детей с ОНР, которые необходимо учитывать при проведении коррекционной работы.

Основная задача логопедического воздействия на детей с общим недоразвитием речи – научить их связно и последовательно, грамматически и фонетически правильно излагать свои мысли, рассказывать о событиях из окружающей жизни. Это имеет большое значение для обучения в школе, общения с взрослыми и детьми, формирования личностных качеств.

Эффективность коррекционных упражнений зависит от того, насколько будут соблюдены следующие условия:

- систематичность проведения;
- распределение их в порядке нарастающей сложности;
- подчинённость заданий выбранной цели;
- чередование и вариативность упражнений;
- воспитание внимания к речи.

Несомненно, рост уровня сформированности связной устной речи в экспериментальной группе значительнее и доказывает эффективность системы коррекционно-развивающих методик предложенную нами.

Эти результаты дают нам возможность подтвердить гипотезу об эффективности предложенных нами системы комплекса заданий и упражнений по развитию связной устной речи дошкольников с ОНР.

Литература

1. Богомолова А. И. Логопедическое пособие для занятий с детьми. – М.; СПб., 2016.
2. Ефименкова Л.Н. Формирование речи у дошкольников. – М., 2005
3. Левина Р.Е. Основы теории и практики логопедии. – М., 2008.
4. Логопедия: Учебник / Под ред. Л. С. Волковой. – М., 2006.
5. Филичева Т.Б., Туманова Т.В. Дети с общим недоразвитием речи. – М., 2012.
6. Филичева Т. Б., Чиркина Г.В. Коррекционное обучение и воспитание детей 5-летнего возраста с недоразвитием речи. – М., 2011
7. Намазбаева Ж.И., Сарсенбаева Л.О. Особенности психофизического развития детей с особыми потребностями. – Алматы, 2014.

Стыбаева А.Ш., Алдияр Ә.

(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Тіл-адамзат қоғамында қатынас, сөйлесіп пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқаратын құбылыс. Тіл мен қоғам өзара тығыз байланысты, біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. «Тілсіз ұлт құрымақ». Тіл-адамзат қоғамның өмір сүруінің қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді.

Қоғам – тілдің өмір сүруінің шарты. Қоғамның өмір сүруі үшін, тіл қаншалықты қажет. Баланың сөйлеу тілін дамыту, меңгеруге бағытталған материалдарды жинақтай отырып, тілін дамытуды ұйымдастыру, баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру тіл дамытуда әдіс тәсілді тиімді пайдаланып, оны түрлендіру болып табылады. Мектеп жасына дейінгі шақ- балалардың сезімдік тәжірибиесінің орасан молайып, ретке келу, қабылдау мен ойлаудың балаға тән түрлерін игеру, қиялдың күшті дамуы, ырықты зейін мен мағыналы естің бастамаларының қалыптасу кезеңі, тілінің мен сөйлеу іс-әрекетінің дамуы болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасында балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына негізделген сәйкес жалпыадамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу мақсаты негізделген [1]. Жаңартылған білім мазмұнын құру, оқу-тәрбие әдістерін, оның құралдарын, түрлерін таңдауда, ең қысқа мерзімде тиімді нәтижелерге біртіндеп сатылап жету кезеңдері қамтылады.

Бүгінгі жастар – еліміздің болашағы. Ұлттық сана сезімі, саяси ой-өрісі ата-бабаларының үлгі-өнегесімен негізделіп байланыстыра білім беру, тәрбиелі де өнегелі ұрпақ оқытудың бір қыры іспеттес. Қазақстанда бүгінгі таңда этнопедагогика жетістіктері кең пайдаланылып, дами бастады [2]. Жалпы тұрмыстық заттар, ою-өрнек, зергерлік бұйымдар, ұлттық киім, нақыштар және т.б. ұлттық тағылымдар, әрине халықтық құндылықтар арқылы жасалынатыны белгілі. Тіл–оны жасаушы халықтың тарихы, шежіресі, бүкіл өмірінің жаңғырығы мен ізі, арманы мен алдағы үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні естіліп тұрады. Онда халықтың ғасырлар бойы жинақтаған іс-тәжірибиесі мен даналығы бар. Санының аздығы мен көптігіне қарамай, әрбір халық өз тілінде асыл армандары мен әсем жан дүниесін, барша жақсылық атаулыға құрметін, адамзат бақытына кесір келтіретіндерге лағынетін бейнеленген.

Тіл дамыту мәселесінде де осыны айтуға болады. Бұл баланың сөздік қоры игерген тіл единицаларының негізінде (су, сушы, сулық, суару) молаяды. Оқу-тәрбие процесінің міндеті балаға тек білім беру ғана емес, сонымен қатар, әр түрлі дағдылар қалыптастыру болып табылады. Дағды адам әрекетінің қай-қайсысында да ерекше маңыз алады. Ол іске шапшаң, шұғыл кірісуге мүмкіндік береді. Дағдының нәтижесінде адам санасы қызметті түпкілікті, шешуші кезеңдерінде жұмылдырылады. Бұл жұмыстың табысты болуын қамтамасыз етеді. Тіл дамытудың мазмұны мен салалары. Коммуникативтік (қарым-қатынастарды зерттейтін) лингвистика саласындағы қазіргі ғылыми зерттеулердің нәтижелері тіл дамытудың көптеген теориялық және практикалық мәселерін, оның ішінде ең алдымен тіл меңгерудің мазмұнын жаңаша құру қажеттілігін көрсетуде. Мектеп жасына дейінгі тәрбие

жұмыстарында жүргізілетін тіл дамыту әдістемесі – балаларға білім жүйесін меңгертуге, тілге деген икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін әдіс-әдістері мен формалар, принциптер мен оқытудың мазмұны жайындағы ілім. Жалпы әдістеме ғылымының бір саласы. Басқа ғаламдар сияқты тіл дамыту әдістемесі де теориялық ғылымдардың соңғы жетістіктеріне негізделіп дамиды.

Тіл білімі күні бүгінгі дейін лингвист зерттеушілердің назарынан қағыс қалып келген адамдардың тіл саласында қызметі. Тіл арқылы қарым-қатынасқа түсуі, коммуникативтік және танымдық мәні бар міндеттерді ойдағыдай шешуде, өзара түсінісуге септігін тигізетін тәсілдер мен құралдарға ерекше көңіл бөлу де. Тіл дамыту – ана тілі әдістемесінің аса жауапты да күрделі саласының бірі. Оның күрделі болуының себебі, бала тілін дамыту міндетін жүзеге асырушы мектепте жүргізілетін пәндер қазақ тілі мен әдебиетке ғана болмай, оның сөйлеу әрекетіне де тікелей тәуелді. Тіл мәдениетінің негізгі зерттеу объектісі – сөз, сөздің дұрыс айтылуы, сауатты жазылуы. Нәтижеде айтатын деген ойдың айқын да анық, әсерлі де көркем жетуі. Мәнерлеп сөйлеу, дыбыстарының қырын сындырып айту ежелгі ауыз әдебиеті үлгілерінен, шешендік сөздерден келе жатқан заңдылық. Сөзді қандай қатесіз жазу қажет болса, оны құлаққа жағымды, әуенді, мәнерлі етіп айту да сондай қажет.

Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады.

Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор – ойлау, пайымдау екені белгілі. Орта ғасырлық ұлы ғұламалар Әл-Фараби, Ж. Баласұғын, М. Қашқари, А. Яссауий А. Иүгінеки т.б. еңбектеріндегі бала тәрбиесі туралы айтылған ой-пікірлерінде адам баласы – жаратылыстың бүкіл жан иесі атаулының биік шақтығы, сондықтан да оны құрметтеу, мәпелеу, аялау қажет екендігі дәлелденген. Мәселен, әл-Фараби ғылыми ой-түйіні: жеке тұлғаның қалыптасуы білім, мейірбандық, сұлулық қасиеттердің бірлігінде деп тұжырымдаса, Ж. Баласұғын бала тәрбиесін бесіктен бастау қажет екендігін баса айтады.

Ал Ахмет Иүгінекидің (XII-ғ) шығармаларында, әсіресе, «Ақиқат сыйы» дастанында гуманистік ой-пікірлермен қатар ең басты нәрсе деп, оқу мен білім мәселелеріне көңіл қояды. Адамгершілік, этикалық, әдептілік ілімдері де мағынасы, мазмұнды, әділ сөйлей білуге, сыр сақтай білуге, сыр әдептің басы – тіл – тілге сақ болу керектігіне баса көңіл бөліп, маңызды ақыл-өсиеттер айтады.

XVIII – XIX ғасырларда кең тараған бір теория – эмоционалды теория. Оның жақтаушысы Ж.Ж. Руссо «бір нәрсеге құштарлық алғашқы сөздерді шығарады» - деп жазды. Бұл теория XIX – XX ғасырларда одағай теориясына келіп ұласты. Аталмыш теория бойынша алғашқы адамдар айналадағы заттармен танысқанда өздерінің алған әсерлерін еріксіз шығарған дыбыстар, одағайлар арқылы білдіргенде, олар әлгі заттардың атауларына айналып, тіл пайда болған. Бұл теорияны жақтаушылардың бірі-орыс лингвисті Д.Н. Кудрявский. Ал қоғамдық шарттасу теориясы – алғашқы адамдар сөздерді өзара келісе отырып, тандап алған дейді. Олай болуы үшін адамдардың сөздерді өзара тілді бұрыннан білуі керек қой. Демек, бұл теория да ешбір дәлелсіз.

XIX ғасырларда философ Дюдвиг Нуаре жасаған еңбек айқайы теориясы бойынша, тіл алғашқы адамдардың еңбек ету кезінде шығарған рефлексі айқайлары негізінде пайда болған.

М. Жұмабаев тілдің осы бір қасиеттері жайында былай дейді, «Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түнде тымық, біресе құйынды екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр». Сонымен, тіл – адам қоғамының рухани өмірінде объективті тіршілік ететін, қарым-қатынас қызметін атқаратын, ой қаруы болып саналатын аса құнды құбылыс. «Тіл – адамдық белгісі, жұмсайтын қаруының бірі».

Бұл айтылған теориялардың барлығы да тілдің әлеуметтік табиғатына мән бермеген, оның қатынас құралы екенін ескермеген қате пікірлер. А. Шлейхтер де: «тіл де биологиялық организм сияқты туады, өседі, өледі» - дейді. Олай болған жағдайда тіл атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа тұқым қуалау арқылы беріліп отыруы керек қой. Алайда, тіл атадан балаға ген арқылы берілетін құбылыс емес, ол ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын, кейінгі ұрпақ алдыңғы ұрпақтан үйреніп отыратын нәрсе. Олай болатын себебі жаңа туған бала өз ата – анасының тілінде сөйлеуі де, сөйлемей де мүмкін. Егер жаңа туған баланың өскен ортасы өз ата-анасының тілінен басқа орта болса, ол сол ортаның тілінде сөйлеп кетеді. Оған өмірде мысалдар жатыр. Бұл – тілдің биологиялық құбылыс емес екендігін дәлелдейді.

Тағы бір топ ғалымдар тілді психологиялық құбылыс деп біледі. Ол, «тілді құдай жаратқан нәрсе емес, оны жеке адам жасайды, жеке адамның рухы, туғызады» - деген түсініктен туған. Алдыңғы пікірлерден бұл қате пікір еді. Егер тіл рухтың туындысы болса, әрбір адамның жеке-жеке өз тілі болған болар еді, біртұтас халықтың, ұлттың тілі болмас еді. Жеке адамның тілі қауымда ғана жасалады, қауымда ғана дамиды.

Тіл дегеніміз – сөздік белгілердің жүйесі. Ал белгі – шындық пен болмысты білдіретін бөлшек. Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткіземіз. Ақыл-ой жетістігі болып табылатын, ақиқат, өмірдің бейнелуін қамтамасыз ететін ең жоғарғы таным-түйсік адамға ғана тән және ол-сөйлеу актісімен тікелей байланысты форма [3]. Адамдар бұл бейнелерді қалыптастыруда тілді пайдаланады, бір-бірімен қарым-қатынасқа тіл арқылы түседі, бейненің бар болмасын суреттеу үшін, бір-біріне жеткізу үшін тілдік блоктарды түзеді. Сөйлеудің дамуын зерттеген Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, сөйлеу ерекшелігін диагностикалау туралы Ж. Пиаже, Л.И. Божович, сөйлеу мәселесі туралы отандық ғалымдардың С.М. Жақыпов, Ә.Ж. Алдамұратов, С.Қ. Бердібаева, Б.Баймұратова, Қ.Т. Шерьязданова еңбектері.

Тіл үш түрлі қызмет атқарады:

1. Адамзаттың қоғамдық тәжірибесі. Бұл қызмет тіл арқылы білімді меңгеріп, дүниені танып білуін қамтамасыз етеді.

2. Тілдік қатынас нәтижесінде адамдар тілдесіп, бір-бірімен түсінеседі. Тілдің мұндай қызметін ғылыми атауда коммуникативті қызмет деп атайды.

3. Әрбір адамның өз мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі даралық тәжірибелерді күнделікті тіршілікте қолданып отыруы, сөйтіп, сыртқы орта мен жағдайлардың өзгеруіне бейімделуі.

Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың іс-әрекетінің қалыптасуы мен дамуы қуаттылықпен жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын мезгіл. Бұл мезгіл ішінде балаларға берілетін білім мен тәрбие мазмұны әлеуметтік сұранысқа сай жүзеге асырылуы тиіс [4]. Осыған орай сәбидің эмоционалдық іскерлік, коммуникативті және интеллектуалдық жағынан дамуы айналадағы дүниемен, табиғатпен, өз-өзіне басқа адамдар мен т.б. өзара белсенді әрекеттік қарым-қатынаста болу арқылы қалыптасады.

Мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын байытуда сөздерді үйретудегі ұстанымдары:

- мектепке дейінгі балалардың күнделікті өмірмен байланыстылығын ескеру;
- үйретілген сөздердің жеңілділігі;
- мектепке дейінгі балалардың ұғымына сөз мағынасының сай келуі;
- сөздерді оқытылатын тақырыптармен байланысты таңдап алу;
- сөздердің мағыналық ерекшеліктерін ескеру;
- сөздердің тәрбиелік, ізгілік ұғымына сәйкестілігін есепке алу және т.б.;
- балаға үйретілген сөз балаға таныс дүниемен, оған түсінікті олар

білетін заттар мен талаптар қойылады, мазмұнды сөйлеу, дәл сөйлеу, жүйелі сөйлеу және мәнерлі сөйлеу.

Пікірлерді жинақтай келгенде бала тілін байытуды сөйлеумен байланысты іске асыруда мынандай қажеттіліктер туындайды:

- мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын молайту мақсатында сөздің мағыналарын толық меңгерту;

- сөйлемді дұрыс қолдану, құрастыру арқылы ойын жүйелі айта білуге дағдыландыру;

- сөйлемдегі сөздерді белгілі бір ойдың төңірегінде құрастырып, дұрыс сөйлеуге жаттықтыру.

Жаңа сөздерді есте сақтаудың мынандай тәсілдері мен жаттығулары бар:

1. Тақтаға сөз жазып, оны буынға бөлу;

2. Сөз мағыналарын анықтауда ұғымның белгілерін санайтындай жаттығулар (жаттығу жұмыстары);

3. Жаңа сөзді кірістіре сөйлем құрастырып, әрі мағынасын ашу;

4. Жаңадан үйренген сөздерге байланысты шығармашылық жұмыстар (әңгіме, мазмұндама, шығарма т.б.);

5. Орфографиялық жаттығуларға жаңа сөздер енгізу;

6. Сөздік жасату (түсіндірмелі, алфавиттік немесе тақырыптық сөздіктер, бала сөздігі т.б.).

Мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту мақсатын шешуде:

- біріншіден, мектепке дейінгі балалардың меңгерген сөзі, сөз байлығы қаншалықты дәрежеде екендігін;

- екіншіден, бала да сөз байлығының, сөз қорының аз болуының себебін, өзіндік ерекшелігі;

- үшіншіден, тілін байыту мен дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерін алдын-ала анықтап белгілеу керек.

Балалар сөздігін мына сияқты жолдармен байытуға болады:

- қоршаған ортаны байқату, аңғарту (табиғатпен, адамдардың қоғамдық және өндірістік еңбегімен таныстыру, экскурсиялар ұйымдастыру);
- үлкендермен қарым-қатынас әңгіме өткізу, кездесу ұйымдастыру;
- арнаулы тілдік жаттығулар өткізу;
- топта және топтан тыс оқу (әңгіме мазмұнын талқылау және талдау).

Адамзат тілі – биологиялық та, психологиялық та құбылыс емес, ол әлеуметтік құбылыс, қоғамға қызмет етеді. Себебі, тіл қоғам үшін, қоғам мүшелерінің пікір алысып, өзара түсінісуі үшін керек, сол үшін жаралған. Бір-бірімен сөйлесетін адамдар бар жерде тіл де – сол жерде [5].

Қорыта келе, жалпы тілдік қарым-қатынас негізінде баланың қоршаған әлемі туралы түсінігі айқындалып, толықтырыла түседі, сонымен қатар тілдік және оның мағыналық бөлігі – сөздің негізінде танымдық процестер де дамиды. Ана тілі балаға қоршаған өмірді сол күйінде өмірдегі заттар мен құбылыстардың байланыс пен қарым-қатынасын сезінуге көмектеседі. Сөз арқылы басқамен араласпаса бала өмірді түсінбейді. Сондықтан, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік – саяси өзгерістер, ғылыми – техникалық прогресс және жалпы білім беретін мектеп құрылымының өзгеруі жас ұрпаққа, әсіресе мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, дамыту мен жетілдіруді талап етеді.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. №292, 13.05.2016.
3. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 2011.
4. Шайжанов Қ. Баланың сөйлеу әркеті туралы // Отбасы және балабақша. – №3. – 2009. – 51-53 б.
5. Аханов К. Тіл білімі негіздері. – Алматы: Мектеп, 2010.
6. Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 2007.

Аликулова С.А., Бутаева З., Бүркітова Г.

(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)

СӨЙЛЕУ ТЕРАПИЯСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТІЛДІК МАССАЖ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі дамуының қалыпты болуы мектепте оқудың сәтті өтуіне байланысты болады. Қазіргі таңда мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытумен айналысатын оқытушылардың баланың белсенділік сөйлеу тілін дамыту үшін арналған тәрбиелеу мен оқыту негізінде құралған кең ауқымды тәжірибелік материалдар жетерлік. Біздің көзқарасымыз бойынша, аталған тәжірибелік материалды шартты түрде екі топқа бөлуге болады: біріншісі – баланың сөйлеу тілі дамуына көмектесу, екіншісі – дәстүрлі емес логопедиялық технологияны қолдану арқылы тіл бұзылыстарын түзету. Бұған: логопедиялық массаж, тілдік массаж, аурикулотерапия, Жапондық саусақ массажының әдіснамасы, Су-Джок терапия, түзету педагогикасының жұмысындағы дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер мен дыбыс артикуляциясының моделдерін қарастыруға болады.

Логопед-ұстаздардың түзету жұмыстарында артикуляциялық аппаратқа арналған массаж түрлері бұрыннан қолданылып келеді, сондықтан массажға байланысты кеңес, тек ескерту немесе еске түсіру ретінде қолданылады [1]. Балалардың сөйлеу тілін дамыту барысында ұсақ қол маторикасының даму әсері бұрыннан айтылып келеді.

Қимылдың бас миына тигізетін пайдасы мен көмегі жайында б.з.б II ғасырда Қытайда дамығандығы бұрыннан мәлім. Атақты философ Канттың ойынша: «Қол – адамның миын алға жетелейді». Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ қол маторикасының дамуы жоғары ми қыртысының функциясын: ес, ойлау, елестету, зейін, көрнекі-бейнелі қабылдау және де жұмыскерлік және т.б. дағдыларын қалыптастырады. Өз кезегінде біз, қимылдың кең таралмаған әдістерін, қол маторикасымен байланыстырамыз: алақанның үстіне таспен массаж, металл немесе шыны түрлі-түсті шариктермен, грек жаңғағымен, алтықырлы қаламдармен және щеткамен массаждарды ұсынамыз.

Ары қарай баланың сөйлеу аймағын дамыту үшін Су-Джок терапиясын ұсынамыз. Оңтүстік Кореяның профессор ғалымы Пак Чже Вудың зерттеуі Су-Джок терапиясын ойлап тапқан, біздің дене бөліктеріміздің бір-бірімен байланысы болатындығы яғни, адамның эмбрионы құлағына сәйкес, қол мен

аяқ адамның денесіне сәйкес т.б. Бұл емдеу жүйесін адам ойлап таппаған – ол тек Табиғатпен қосып ашты. Күші мен қорғанышы осыған себеп. Нүктелердің стимуляциясы сәйкесінше емделуге әкеледі. Дұрыс емес қолдану адамға еш зиянның тигізбейді, тек пайдасыз болғаны болмаса, сондықтан баланың сөйлеу аймағын керекті нүктені анықтау жүйесінде дамытуға болады.

Баланың сөйлеу тілін дамытуда жүйелік әдістерді қолдану көп көмегін береді. Дәстүрлі емес түзету әдістерін күнделікті, 5-10 минутты күнде жұмсау арқылы жасаған жөн [2]. Соңғы кездері тәжірибелік жұмыс барысында сөйлеу тілі зақымданған балаларда логопедиялық массажды қолдану кең етек жая бастады. Механизм негізінде массаждың әсері кезінде организмде күрделі процесс, жүйелік-рефлекстік ауқым, гуморальді және механикалық өзгерістер жүреді.

Жүйелік-рефлекторлық кезінде, массаждың әсері алдымен көптеген және түрлі жүйкелік тері астындағы, байланыстарда, бұлшықеттердегі және т.б жүйелердің әсерінен көрінеді. Импульстердің ауқымы, алдымен тітіркендіргіш рецепторларды қоздырып, бас миына жеткізеді, ол жерде барлығы бірігіп күрделі реакция жиналып орталық жүйке жүйесіне, түрлі функционалды органдар мен жүйелерге жетеді.

Гуморальды фактор (ағзадағы сұйықтықтарда кездесетін биологиялық белсенді зат) кезінде, массаждың ықпалы жоғары активті заттарды белсендендіруге көмектеседі (гистамин, ацетилхолин және т.б), сонымен қатар, заттардың жинақталуы жүйке жүйесін қоздыратын жаңа рефлекстің пайда болуына әкеледі.

Механикалық ықпал ету, массаж кезінде организмдегі сұйық заттардың дұрыс айналуына (қан айналым, лимфа) көмектеседі. Механикалық фактор зат алмасу процесін тездетуге, тоқырау құбылысын жоюға көмегін тигізеді.

Логопедиялық тәжірибеде массаждың бірнеше түрлері қолданылады. Негізгісі дифференциациялық массаж, ол классикалық массаж тәсілдеріне негізделі отырып жасалады (қатайтатын және жайландыратын). Сонымен қоса, логопедиялық массажада биологиялық белсенді нүктелердің массажы, логопедтік зонд, шпатель және т.б. заттарды қолдану арқылы жүргізілетін массаж және өзіндік массаждың элементтері қолданылады [3].

Массажды кез-келген соматикалық және инфекциялық жедел конъюнктивит, терінің жедел және созылмалы аурулары, гингивит, стоматит, ұшық, ауыз қуысының басқада инфекциялық аурулары, лимфа бездерінің ұлғаюы т.б аурулармен ауырған кезде қолдануға болмайды.

Логопедтік массаж желдетілген, таза, жылы және ыңғайлы бөлмеде жүргізіледі. Аптасына 3-4 рет жүргізуге болады. Әдетте массаж жалпы 10-20 процедурадан тұрады. Оны кейде үзіп, 2 аптадан 2 айға дейін қайталауға болады. Бұлшық ет тонусының ауыр зақымдануы кезінде массаж 1 жыл немесе оданда көп жүргізіледі. Ұзақтығы қабынудың сатысына және адамның жас ерекшеліктеріне байланысты. Массаждың бастамасы 5-7 минуттан, аяқталуы 20-25 минутты құрайды. Балаға массажды бастамас бұрын логопед оның пайдасын және қажет екендігін ата-анасына түсіндіріп айтуы қажет. Массажды жүргізу барысында бала ауырсынуды сезінбеуі тиіс. Ауыз қуысы бұлшық еттерінің, тілдің массажын бала жағымсыз сезінуі мүмкін. Сондықтан баланы алдап, назарын ойыншыққа немесе әңгімеге бұруға болады. Егер баланың көңіл-күйі төмен немесе зауқы болмай тұрса, алғашқы процедуралар қысқа болуы тиіс. Және тек тіл, ерін, жоғарғы және төменгі жақ бұлшық еттеріне бағытталуы тиіс. Массажды бірден қабыну аймағынан бастаған дұрыс емес, оған бірте-бірте жақындау керек. Тәжірибе көрсеткендей, массаждың жағымсыз және ұнамыз жақтары уақыт өте келе білінбей, бала массажаға үйрене бастайды. Осы уақыт аралығында бала міндетті түрде үлкендердің тарапынан жақсы ықыласты сезінуі керек.

Массаждың негізгі жүргізілу тәсілдері:

1. Ысқылау: үстіртін, терең, тырмалау.
2. Сүрту.
3. Сергіту.
4. Діріл және ұру.
5. Қатты басу.

Массаждың әдісін таңдау патологиялық симптомдарға, қимыл аппарат бұлшық еттерінің жағдайларына байланысты.

Массаждың күші дегеніміз – массаж жасау барысында, массаж жасатушы адамның денесіне жіберілетін қысымның күші. Ол үлкен (терең массаж) орта және кіші (үстіртін массаж) болуы мүмкін. Үстіртін массаж қозу процесстерін жоғарылатады, терең күші көбейтілген массаж тежелу процесстердің пайда болуына әкеледі.

Массаждың жылдамдығы – жылдам, орташа және баяу болады.

Жылдам массаж–қозуды жоғарылатады, орта және баяу массаж қозуды төмендетеді. Массаж ұзақ болған сайын жүйке жүйесінің қозуын төмендетеді. Осылайша, массаждың жүргізілу тәсілдеріне байланысты, бас миы қызметінің жағдайының қозуын төмендетіп немесе жоғарылатып өзгертуге болады. Массаж көбіне белсенді және белсенсіз гимнастикалық жаттығулармен қатар жүреді.

Белсенсіз жаттығулар–массажға қосымша қажетті әсер ететін әдістердің бірі. Бастың және артикуляциялық бұлшық еттердің қимылдары ереже бойынша массажға дейін, кейін, кейде массажбен бірге де жүргізіледі. Белсенсіз деп аталуының себебі, қимылдар логопедтің көмегімен жүргізіледі. Жаттығулар буын және бұлшық еттердің анатомиялық ерекшеліктеріне сай келуі керек. Массаждың қимылдары, оның көлемі, жылдамдығы логопедке байланысты болады. Жаттығуларды орындамас бұрын логопед қимылдарды өзі жасап көрсетеді. Баланың жаттығуларды орындау міндетті түрде қадағалануы тиіс. Қимылдарды баяу, ритммен жылдамдығын бірте-бірте 3-5 қимылдарға көбейтіп орындаған жөн.

Белсенді жаттығуларды балалар массаждан кейін және белсенсіз жаттығулардан кейін өзі жеке орындайды. Мақсаты – толық қимыл-қозғалысты қалыптастыру болып табылады. Бұл жаттығуларды орындау барысында қимылдың сапасы, көлемінің кеңеюі, нақтылығы, орындау интенсивтілігі жоғарылайды. Жаттығулардың құрамына иық, мимикалық және артикуляциялық бұлшық еттердің қимылдары кіреді.

Логопед-ұстаздың тәжірибесінде, балада «Дизартрия» немесе тіпті «Айқын емес дизартрия» диагнозы түзетуге келмейтін жағдайлар кездеседі. Кейбір жағдайда тілдің түсі өзгергені байқалады, мысалы көгеруі (қан айналымы жеткіліксіз түрде болған жағдайда) немесе тілдің бозаруы (қанның келуі дұрыс емес, жеткіліксіз болған жағдайда). Осы жағдайда қарапайым массаждарды ұсынуға болады.

Массаж жасау алдында таза, әрі жылы қолдармен, жұмсақ дәке арқылы тілді ұстау керек. Массаждың ұзақтығы – 5-7 минут. Курс – 10-14 күн. Осыдан кейін үзіліс жасап, қажеттілігіне қарай курсты қайталау керек.

Қозғалыс түрлері:

- ұзыннан, қарама-қарсы бағытта, шеңбер түрінде, жұмас уқалау;
- шеңбер түрінде спираль тәрізді уқалау;
- ұзыннан шеңбер түрінде басып уқалау арқылы ширату вибрациясы;
- екпінді үзілмелі немесе үздіксіз діріл көмегімен.

Осы кездің өзінде тілдің қай жаққа ауытқуына қарай, тіл – спастикалық па соған көңіл аудару керек. Бұл жағдайда тілге қатты күш түсірмейтін уқалау, ширату, вибрациялық массаждар жасау қажет. Тілдің екінші жағы – әлсіз. Оған арнайы уқалау, ширату, вибрация сияқты жаттығуларға көптеп күш салу қажет. Тіл ұшының қозғалысы нақты, дифференциаланған болу үшін, тілді ақырын ғана тіс арасына салып қысу және тістеу жаттығулары қолданылады.

Массаж сеанстарын жақсы өткізу үшін тек қолдарымен ғана емес, сонымен қатар, механикалық құралдары пайдалану да тиімді.

Іс-тәжірибеде көрсеткендей, дыбыс қоюға арнайы гимнастикалар мен кешенді жаттығулардың қосындысы көп әсерін береді, тілге арналған массаж бұлшықеттердің қатаюын, қозғалыстың толықандылығын қалыптастырады. Сонымен қатар, артикуляциялық моделді қолдану балаларды дыбыстарды дұрыс айтуға, фонематикалық есту, ойлау операциясы мен материалды бекітуге үйрету мен оқыту барысында көрнекі ұғынуын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Айдарбекова К.М. Сборник экспериментальных программ. Школа для детей с тяжелыми нарушениями речи. – Алматы, ОО Центр САТР, 2015. -115 с.
2. Акименко.В.М. Новые логопедические технологии Феникс 2018. - 68 с.
3. Вайэман Н. А. Реабилитационная педагогика. - М: Просвещение, 2016. - 96 с.
4. Винарская Е.И. Раннее речевое развитие ребенка и проблемы дефектологии: Периодика раннего развития: Эмоциональные предпосылки освоения языка /Кн. для логопеда./- М.: Просвещение, 2017.- 160 с.

*Алимбаева С.К., Тулепберген Д.Т., Түстікбай А.Ж., Усманова Г.Б.
(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)*

МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ҚИЫН БАЛАЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

«Қазақстан-2030» бағдарламасында әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауы маңыздылығы туралы айтылған [1]. Бұдан әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды, да ибалы, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуіне қоғам алдында өз жауаптылығын түсінуі керек. Олай болса, әрбір ата-ана өз отбасында балалар тәрбиелеудің маңызды жақтарын білуі тиіс. Қазіргі кезде оқу-тәрбие үрдісіндегі ең негізгі және күрделі мәселелердің бірі – «қиын балалар, девиантты балалар» мәселесі. Мінез-құлықтағы қиындық және қиын балалар ұғымы 1920-30 жылдары пайда бола бастады. Бастапқыда ғылым саласында емес, күнделікті өмірде қолданылып жүрді. Біраз уақыт ұмытылып, 1950-60 жылдардың басында қолданысқа қайта енді.

Бұл мәселе әрдайым социолог, психолог, юрист, дәрігер, педагог мамандарының зейінін өзіне аударып, оларды алаңдатып отыратын үлкен мәселе екенін айтып өту керек. Қазіргі уақытта мінез-құлықтың бұзылу себебі түбегейлі түрде зерттелініп жаңа сипатқа ие болуда және түрлі аспектіде қарастырылуда. Атап айтсақ, әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық, клиникалық, криминологиялық және т.б. Қиын балалардың жекелік ерекшеліктерін өмір жағдайымен, тәрбиемен өзара әрекеттестігін есепке алып, кешенді құрама түрінде зерттеп, іске асырған П.П. Блонский болды. Оның зерттеуінің негізгі мақсаты – девиантты балалардың өмірін анықтау. Ол девиантты балалардың мінез-құлық тарихын мектеп, отбасы арқылы ашып көрсетіп, сонымен қатар қиын балаларға мұғалімнің қатынасы арқылы «қиын оқушы» терминін нақтылауды жөн көреді. П.П. Блонский тәрбие қиындығын былай түсіндіреді: «Қиын бала, бұл ең алдымен кәдімгі бала, оған табиғи қарапайым тұқымқуалаушылық тән, айырмашылығы ол педагогикалық қараусыз қалған бала. Сондықтан, оны дені сау қараусыз қалған бала ретінде тәрбиелеу керек» дейді.

Л.С. Выготский «қиындықпен тәрбиеленетін» балалармен күресудің нақты жолын анықтап берді. Өзінің «Қиын балалық шақтың педагогикалық клиникасы және дамудың диагностикасы» еңбегінде ол былай жазады: «Жеке адамның күйзелісімен күресу, оның себептерін жою жолымен ғана емес, сонымен бірге адамды жөнге салудың белсенді жолымен, білім бірлігімен дамуына жағдай жасау арқылы да жақсы нәтижеге жетуге болады». Л.С. Выготский жеке адам тәрбиесі психологиясының маңызды бір мәселесі – аффектілі-қажеттілік ортасымен сананың байланысын көтерді.

Қиын балаларды түрлі сипатта зерттеген педагог ғалымдардың зерттеулері аса құнды. Жезөкшелік (Я.И. Гелинский, С.И. Голод, А.А. Габианн т.б.); алкоголизм (В.М.Бехтерев, Н.И. Григорьев, Ф.А. Шереги т.б.); жеткіншектердегі токсикомания (В.С.Битенский, А.Е. Личко, Б.Г. Херсонский); өз-өзіне қол жұмсау (Я.И. Гилинский, Л.Г.Смольский, В.С. Овчинский т.б.); криминология (Н.В. Кудрявцев, В.М. Коган, А.М.Яковлев т.б.) мәселелерін және оларды әлеуметтендіру жолдарын жан-жақты зерттеп, сипаттаған. Қазақстанда қиын балалар мәселесі бойынша В.Г. Баженов, В.П. Баженова еңбектерінде сипатталса, Ж. Қайырова, Р. Қалыбаева, Г. Қалиева, Қ.Серікбаев және т.б. ғалымдардың мақалалары педагогикалық-психологиялық басылымдарда жарияланып келеді.

Девиантты мінез-құлықты балалардың психологиялық дамуын жетілдіруде көптеген жұмыс түрлері қолданылады. Соның ішінде психологиялық тренингтің алатын орны ерекше. Тренинг – іс-әрекет түрлерін тиімді орындау мақсатында, тұлғаны дамыту бойынша жүргізілетін іс-шаралар жиынтығы. Тренинг барысында мінез-құлық дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыруға мүмкіндік туындайды. Тренинг – тәжірибеде барлық оқыту үрдісінің негізі, ал кей жағдайларда – оқытудың бірден-бір құралы бола алады.

Оқушы тұлғасы қоршаған ортамен қатынас жасай отырып қалыптасып, дамиды. Оқушы үшін ең маңыздысы, өзара қатынас құратын кіші топтар болып табылады. Оған отбасы, мектептегі сынып, формалды емес топтар жатады. Сондықтан да, егер бала дөрекілік көрсетсе, алкоголь, пайдаланса, қылмыс жасаса, яғни қиын мінезділік көрсете бастаса, ең басты оның себебі ненің ықпалынан пайда болғанын, кімдердің тарапынан кемшілік кеткенін т.б. анықтап алу керек. Ал ол үшін баланың отбасын, мектебін, жора-жолдастарын, формальді емес тобын жан-жақты зерттеп алу керек. Баланың қиын тәрбиеленуі, қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді сақтамауын ғылымда девиация (латынның

«deviatio» тындамау, ауытқу деген мағынаны береді) деп атайды. Ауытқушы (девианттық) мінез-құлық деп қоғамда қалыптасқан нормаларға сәйкес емес мінез-құлықты айтамыз (И.А. Невский). Белгілі әлеуметтанушы И.С. Кон девианттық мінез-құлықты психикалық денсаулық, құқық, мәдениет немесе мораль қалыптарының жалпы қабылданған қалыптардан ауытқыған іс-әрекет жүйелері ретінде қарастырады [2]. Бейімделуші мінез-құлықтың концепциясына сәйкес кез-келген ауытқушылық бейімделудің бұзылуына алып келеді (психикалық, әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық, қоғамдық).

Ғалымдардың пайымдауы бойынша, бала 5 жасқа дейін тәрбиеленеді, ал одан кейін қайта тәрбиелеу үрдісі жүзеге асады. Я.И. Ковальчук: «Ата-аналардың ықпалы сондай күшті, олардың мінездері толығымен балаға мұра ретінде беріледі» – деп айтқан. Осыдан «девиантты бала» қайдан пайда болады деген сұрақ туындайды. Педагог-психологтардың зерттеулеріне қарағанда, баланың дөрекілігі, өтірік айтуы, өзімшілдігі, өзіне деген адекватсыз ойы, ескерулерді тындамауы және т.б. бәрі мектепке дейін қаланады, ал мектепте бұл белгілер жаңа сапада көрінеді. Осының бәрін ескерсек, онда баланың жағымсыз іс-әрекеттері отбасында қаланады деген қорытынды шығады. Оқушының мінез-құлқындағы қиыншылықтардың туындауына әсер ететін белгілі отбасының ерекшеліктері қандай? Ата-аналардың қандай әрекеттері балаларды түрлі жағымсыз іс-әрекеттерге итермелейді? Бұл сұрақтарға әрбір ғалым, педагог, психолог түрліше жауап береді. Балалар ата-аналардың жағымды мінездерін ғана емес, сонымен қатар жағымсыз іс-әрекеттерін де ескеріп, өз бойында қалыптастырады. Олар ата-аналардың сөздерін олардың іс-әрекеттерімен жиі салыстырып отырады. Егер ересектер отбасында шыншылдыққа баулып, өздері жалған сөйлесе, шыдамды болуға үгіттеп, өздері ашуланып, агрессивті болса, онда бала осыдан біруін таңдауы қажет болады. Бірақ ол мұндай жағдайлардан, тәрбиелі болу талабына қарсы болады [3].

Өйткені ата-аналардың өздері де олай жасамайды. Баланың «қиын» мінезділігін алдын-алу және жою үшін, оның бойында тәрбиелілікті қалыптастыру керек. Жазалау мен мадақтауды қалай қолдану керек деген сұрақ туады. Маңыздысы жазалаудың түрі емес, оның жиілігі. Баланы өте жиі жазаласа, онда ол агрессивті болып, кейде асоциалды мінез-құлықпен жауап береді. Сонымен қатар, жазалаудың жүйелілігі де өте маңызды. Егер ересектер баланың кеш келуіне бір рет жазалап, екінші рет жазаламаса, олар қателеседі. Ең маңыздысы баланың жағымды және жағымсыз іс-әрекеттерін ескеріп отыру қажет. Олар баланың жақсы іс-әрекеттерін ескермей, оның бойындағы тек жағымсыздығын ғана ескеріп, ұрсып, жазалап отырады. Мұндай ата-аналар баланың қателіктеріне тым көп көңіл бөледі. Баланың жағымсыз мінез-құлқы ата-ананың ойын, зейінін өздеріне қаратудың амалы екенін олар мүлдем түсінбейді. Мұндай қылықтарға ата-ана көңілдерін тым көп бөле берсе, балада теріс мінез-құлық одан әрі беки береді. Сондықтан да, ең дұрысы (әрине, жағдайға байланысты) бұрыс мінезді елей бермей, жағымды іс-әрекеттер үшін баланы мадақтап, ризашылықты білдіру керек. Сонымен қатар, келесі факторлар да өте маңызды: реакция уақыты; тәрбиелік талаптардың принципшілдігі мен жүйелілігі, баланың осыны ұғынуы; ата-аналардың қатынасы, жазалау мен мадақтаудың тепе-теңдігі.

Маңыздысы тек жақсыны мадақтап, жаманды түзету ғана емес, сонымен қатар өзінің мінезін бағыттап отыратын ішкі механизмді қалыптастыру. Ол үшін баланың бойында өзіндік өмірлік құндылықтарды қалыптастыру керек. Сол кезде ғана бала ересектердің мадақтау мен ризашылықтарына қарамастан өзін дұрыс жолға салып отырады. М.Раттер басқа да балаға жағымсыз әсер ететін факторлар туралы айтады. Мысалы, ата-аналар тарапынан қатаң шек қоюшылық және гиперопека. Біріншісі – жабырқаңқылық және невротикалық күйге әкеледі; екіншісі – балалармен қатынасқа түсуде қиыншылықтарды тудырады. Ана өз баласын «бар» болғаны үшін, оның баласы болғаны үшін жақсы көреді. Бұл шаттық пен тыныштық, ол үшін еңбек етудің, ақталудың қажеті жоқ. Ана махабатынсыз сұлулықтың бәрі жойылады. Әкелік махаббат баланың әкесіне ұқсауымен, оның ақылы мен үміттеріне ілесіп отыру, талаптарды орындауымен ерекшеленеді. Ана – бұл табиғат, әке – заттар мен ойлар, заң мен ережелер әлемі. Бала туылғанда физиологиялық және психологиялық жағынан аналық махаббатты қажетсінеді. Ана балаға өмірге деген сенімділікті береді. Алты жастан бастап, бала әкенің махаббатын, яғни басшылықты қажетсінеді. Ана баланың бойына өмірге деген қауіпсіздік көзқарасын дарытса, әке әлеуметтік мәселелерді шешуге үйретеді. Ана мен әке махаббаты балаға синтездік түрде әсер етеді. Егер ана өте қатыгез, ал әке тым жұмсақ болса, онда бала ортаға тәуелді, сенгіш, дәрменсіз болады. Сондықтан, ана мен әке махаббаты саналы түрде берілуі керек. Өйткені баланың болашақ өмірі ең басты әке мен ананың тәрбиесіне тәуелді.

Оқушы үшін мектептің маңызы зор. Зерттеушілердің айтуынша, кейбір мектептерде заң бұзушы жасөспірімдер басқа мектептерге қарағанда тым көп болады. Оның себебі: мұғалімдердің жиі

ауысуы және сыныптағы оқушылар құрамының өзгеруі ең маңызды фактор болып саналады. Жақсы оқитын оқушылар бір-бірімен, мұғалімдермен жақсы қарым-қатынаста болып, мектепке, оқу үрдісіне олардың қызығушылықтары өте жоғары болады. Ал нашар оқитын оқушылар мектептік ережелерге қарсылық білдіріп, оларды бұзып, мектепке қарсы көзқараста болады. Оқушылардың мінез-құлқына құрдастар тобы, әсіресе сыныптастары үлкен әсерін тигізеді. Бала өскен сайын бұл әсер күшейе береді, әсіресе жасөспірімдік кезеңде бұл әсер тым күшті болады. А. Валлонның пікірінше, жасөспірім ересекке қарағанда өз талаптарын қатаң түрде тек өз топ мүшелеріне айтып, оның орындалуын міндетті түрде талап етеді. Баланың психикалық дамуындағы маңызды жағдай – оқушыға моральды қанағаттанушылық сезімін беретін, құрдастар арасында абыройлы жағдайға ие болу.

Сабақтан көп қалушылық эмоционалды жағдайдың бұзылуына, бейімделудегі қиыншылықтарға әкеп соғады. Көптеген мұндай оқушылар өзіне деген сенімділікті жоғалтады, толымсыздық сезімі пайда болады, көңіл-күйлері төмен, жабық мінезділік, конфликттілік, тындамау, қырсықтық пайда болады. Жеткіншек шақта сыныптық жағдайды мұғалім емес, құрдастар анықтайды [4]. Кейде олардың пікірлері әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, өте жақсы оқитын, қабілетті оқушы мұғалімдердің сүйіктісі – құрдастар арасында шеттетілген болуы мүмкін. Оны жек көріп, физикалық ықпал жасап, мазақтай бастайды. Бұл жағдайда қиыншылықтың бәрі топтағы құрдастардың жат мінез-құлқынан болады. Ескеретін жайт, топтағы оқушының жат мінез-құлқының себебін анықтау оңай емес. Көбінесе оқушылар өздерінің қылықтарының нақты мотивтерін жасырын ұстайды. Мысалы: оқуда үлгермейтін оқушы «тентек», «нашар», «қабілетсіз» эпитеттерінен қашу үшін бұзақы, еріншек, күлдіргінің рөлін ойнайды.

Қоғамда білім беру маңыздылығы артуының тарихи үдерісі белең алып келеді. Елбасы кезекті жолдауында жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керектігі туралы айтты. Еліміздің тірегі – жастар мәселесіне жете мән беріледі. Сондықтан жеке тұлға дамуы–өз мүмкіндіктерін үздіксіз кеңейтіп, қажеттіліктерін арттырып отырумен байланысты екендігі маңызды мәселелердің бірі болып қала береді.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» стратегиясы, – Алматы, 1997. – 2 б.
2. Степанов В.Г. Психология трудных школьников. – М.: Академия, 2017. – С. 64-72.
3. Славина Л.С. Индивидуальный подход к неуспевающим и недисциплинированным ученикам. – М., 2010. – 37 с.
4. Левитов Н.Д. Отчего возникают недостатки в характере школьников и как их исправлять. – М., 2013. – С. 124-136.

Боранбаева С.Т., Исатай А.Қ., Жайлау А.А.

(Тараз мемлекетік педагогикалық университеті, Тараз қ.)

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢҚАЛЫПТЫ ДАМУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Сөйлеу тілі құрамының негізгі бөліктері дыбыстар, сөздіктер және грамматикалық құрысы болады. Аузыекі сөйлеу тілінде монологиялық және диалогиялық деген екі түрі кіреді. Диалогиялық сөйлеу тілі екі немесе бірнеше әңгімелесушілердің тікелей қатысуымен пайда болатын және негізінде кезектесіп сөйлеуден ең қарапайым түрі. Монологиялық сөйлеу тілі дегеніміз қағидалы жүйені дәйектілікпен бір кісінің байланыстыра баяндауы.

Монологиялық сөйлеу тілінің ерекшелігі жүйелілікпен дәлелдеп сөйлеу, сөйлемнің грамматикалық құрасын безендіре қалыптастыру болады. Кемістігі бар балалардың диалогиялыққа қарағанда монологиялық сөйлеу тілі бұзылады.

Сөйлеу тілдің ішкі түрі – бұл үнсіз тілі, адам бір нәрсені ойлап, оған жоспар құрғанда пайда болады. Баланың ішкі сөйлеу тілі негізінде сыртқы және ішкі құрылыстарының негізгі бір бөлігінің ойлауынан қалыптасады [1].

Сыртқы сөйлеу тілінен көшуі баланың үш жасқа дейінгі шамасында өзінің істеген әрекеттерден естіріп сөйлеп және оған жоспар жасай білетіндігінен байқалады. Ішкі сөйлеу тілінің жәрдемімен ойдың сөзге айналу барысы және сөз сөйлеуге дайындығы толық грамматикалық құрылыстың монологиялық фонетикалық деңгейінде жүзеге асады.

Тілді біртіндеп меңгеруге байланысты баланың сөйлеу тілінің дамуы бірнеше жағдайды өту керек.

Бірінші жағдай – фонематикалық есту қабілетінің дамуы және ана-тілі фонемаларды сөйлеуде дағдылану. Екінші жағдай – сөздік қорын және синтаксистік дұрыстығын меңгеру, сөзді түсіне бастау. Үшінші жағдайы – сөйлеу тілдің мағыналық жағын игеру [2].

Баланың барлық сөйлеу тілінің дамуын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады: мектеп жасына дейінгі алдандағысы, мектеп жасына дейінгі, мектеп жасындағысы. Мектеп жасына дейінгі алдандағысы шамамен 3 жасқа дейін созылады. Бұл кезеңде сөйлеу тілін меңгеруге есіту және сөйлеу аппараттарының қалыптасуы және даындығы жүріп жатады, ол сөздерді түсіне бастайды. Бұл кезеңде баланың айныласындағы сөйлеу ортасы маңызды роль атқарады. Баламен неғұрлым көбірек сөйлессе, оның сөйлеу тілі соғұрлым тезірек және жақсырақ дамиды. Лисинаның, Аксаринаның зертеулеріне сүйенсек бұл кезеңде айналысындағыларымен қатынасы болмаған баланың сөйлеу тілінің тоқтағаны байқалады дәлелдеген [3].

Мектеп жасына дейінгі кезеңде сөйлеу тілі өте-өте қарқынды дамиды. Бала екі жастан бастап енжар және белсенді сөздіктерді тез жинайды, дыбыстарды айтуды және грамматикалық құрылымдағы сөйлемдерді меңгереді. Баланың белсенді сөздігі жыл сайын көбейеді. Баланың екінші жылының соңында шамамен 300 сөзге дейін, үш жасқа қараған шағында 1000 сөзді, 5-6 жасқа келгенде шамамен 3000-4000 сөзді меңгереді.

Бала ең алдымен дұрыс айтуға оңай жеңіл дыбыстарды – дауысты және ерінді, ерінді тісаралық дауссыз п, б, м, ф, в т.б. дыбыстарды меңгереді. Ауыр жолмен пайда болатын ысқырық дыбыстарды және **р, л** дыбыстарын айту өте қиынға түседі. Сондықтан бұл дыбыстарды жиі алмастырады және ажырата алмайды. Көп жерде бала бұл дыбыстарды дұрыс айталмайды. Сондықтанда ол оларды кейде нашар жаратады. Оның себебі, баланың фонематикалық есту қабілеті жеткілікті дамымағандығы. Мектепке барар алдында баланың тілінде мүкістік болмау керек, әйтпесе ондай мүкістіктер баланың сауатын ашуға кедергі тигізеді [4].

Сөйлеу тілінің бай тәрбиесінің барысында бала мектепке барар алдында тілдің негізгі грамматикалық заңдылығында меңгереді. Ол сөйлемді дұрыс құрастырады және өз ойын білгілікпен сөйлейді. Мектеп жасына дейінгі баланың алғашқы сөйлемдері грамматикалық үйлесімінің жеңілдігімен көзге түседі. Мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу тілі дамуының іргесі қаланады, сондықтан бұл жастағы сөйлеу тіліне ересектер жағынан ерекше қамқорлық жасайтын сабақ болу керек. Дәл уақытында ескертіп және жою үшін сөйлеу тілінің әр кезеңдегі бұзылуының себептері қандай болуы мүмкін екендігін тәрбиеші мен мұғалімде білудің өте зор маңызы бар.

Көбінесе сөйлеу тілі бұзылуы мектеп жасына дейінгі кезеңде пайда болады. Бұл бір жағынан сөйлеу тілінің қарқынбен дамуы болса, екінші жағынан баланың нерв жүйелерінің және сөйлеу тілінің механизмі қалыптасуы әлі толық аяқталмағандықтан болады. Сондықтан сөйлеу тілінің дертке шалдығуына сыртқы күштерінің қандайынан болса да қолайсыз себебі жеткілікті. Бұл кезеңде дислалия, тұтыкпа, сөйлеу тілі дамамауы кешеуілі өте жиі байқалуы мүмкін.

Сөйлеу тілі бұзылуының көпшілігін алдын-ала ескертуге болады. Ол үшін баланың жалпы тірлігінің және сөйлеу тілінің тәртібін әр түрлі сырқаттардың асқындармауын, оның сөйлеу тілінің дамуына қамқорлық жасау, сөйлеу тілінің бұзылуына әкеліп соғатын шамадан артық салмақ салмағын қадағалау қажет. Ана мен баланың денсаулығын қорғау және логопедтің тіл кемістігінен алдын-ала сақтандыру шараларын ұйымдастырудың да зор маңызы бар. Бұнда мектепке және мектеп жасына дейінгі мекемелердегі тәрбиешілермен педагогтар үлкен роль атқарады.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы - сөйлеу тілінің түрлі күрделі бұзылыстары, мұнда дыбыстық және мағыналық жақтарына қатысты сөйлеу жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптасуы бұзылған.

Сөйлеу тілінің дамуын үш критикалық кезеңге бөлуге болады.

Бірінші критикалық кезең (1-2 жас)-бұл сөйлеу тілінің алғышарттарының қалыптасуы. Бұл кезеңде сөйлеу тілінің дамуы басталады, коммуникативті мінез-құлық негіздері қалыптасады. Бір жарым жаста бала фразалық сөйлеу тілін қолдана бастайды, оның енжар сөздік қоры 150 сөзді, ал белсендісі - 50 сөз шамасын құрайды. Осы уақытта Борк аймағындағы сөйлеу тілі қыртыстарының белсенді дамуы жүреді. Критикалық сәт болып 14-18 айлық жас кезеңі саналады, онда сөйлеу тілі

дамуына болмашы қолайсыз факторлар әсер етеді. Екінші критикалық кезеңде (3 жас) сөйлеу тілінің белсенді дамуы жүреді. Бала қарым-қатынас тіліне көшеді. Бұл жаста келенсіздіктерді байқауға болады және т.б.

Сөйлеу жүйесінің шамадан тыс жүктелуі нәтижесінде түрлі бұзылыстар, мысалыға тұтығу пайда болуы мүмкін. Бала сөйлеу қарым-қатынасына түспей, тұйықтанады. Кейде мұндай тұтығудың түрін эволюционды деп атайды, яғни баланың нақты жасымен байланысты. Былай болуы мүмкін: мутизм туындап, сөйлеу тілінің дамуы артта қалады.

Үшінші критикалық кезең (6-7 жас)-балалардың көпшілігі мектепке барып, психикаға қосымша күш болып табылатын жазбаша сөйлеу тілін меңгере бастайды. Балаға жоғары талаптар қойылады, соның нәтижесінде тұтықпаға әкелетін жүйке жүйесінің ақаулықтары пайда болуы мүмкін.

Жалпы тіл кемістігінің ауыр түрінің алдын алу үшін оларды ерте диагностикалау маңызды орынды алады және уақытында медициналық-педагогикалық көмек көрсету керек. Қауіп тобына арнайы логопедиялық, медициналық көмекті қажет ететін өмірінің алғашқы екі жылында сөйлеу бұзылысының пайда болуында орын алатын балалар жатады. Өз уақытымен балаларды анықтап, сәйкес түзету іс-шараларын жүргізсе, ол ақыл-ойы мен сөйлеуінің дамуына ықпалын тигізеді. Сонда да ЖТК күрделі түрлері орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануынан туындайды. Көбіне анасынан туылғанда туу жарақатымен, жағымсыз акушерлік анамнезбен және де аз салмақпен, кеміс туылған балаларға көңіл аударады. Сонымен қатар жалпы тіл кемістігінің алдын алу мақсатында әртүрлі физикалық немесе психикалық дамуында ауытқуы бар балалар мен қауіп-қатер тобына жататын балалардың ата-аналарына ұсыныстар мен ескертулерді өңдеу керек. Аналар баламен эмоционалды қарым-қатынаста оның сөйлеуінің қалыптасуына әсер ететінін білу керек. Одан басқа логопед пен психолог аналарды баланың психикалық дамуын қалыптастырудың негізгі әдістерімен жұмысты үйрету қажет. Қалыпты баланың өз ана тілін бекітумен, сөйлеуінде бұзылысы бар баланың сөйлеу тілін жоюда негізгі дамыту жұмыстары А.Н. Гвоздевтің бөлген «Бала сөйлеу тілін зерттеу сұрақтары» атты зерттеуінің негізгі үш кезеңімен жүргізіледі.

Мысалы, бұл логопедияда «жалпы қолданыстағы ауызша қарым-қатынас құралдарының артта қалуы» ретінде сөйлеу тілінің дамуының бірінші деңгейімен сипатталады. А.Н. Гвоздевтің айтуы бойынша бірінші кезең «бір мағыналы сөйлем, екі сөзден тұратын сөйлем - түбір» [5].

Сөйлеу тілінің екінші деңгейі логопедияда «сөз тіркесінің басталуы» деп аталады. Бұл кезең сөйлемнің грамматикалық құрылымын бекітумен сәйкес келеді.

Сөйлеу тілі бұзылысының дамуының үшінші деңгейі «лексикалық - грамматикалық және фонетикалық қатарының мәселесі бар тұрмыстық сөз тіркесімен» сипатталады. Бұл өз кезегінде баланың тілінің морфологиялық жүйесін қамтитын болады.

На занятиях отработывался навык прочтения эмоционального состояния собеседника по невербальным проявлениям, умение выражать свое состояние невербальными средствами, осмысливать качественные изменения, которые произошли с группой и отдельными участниками. Способность чутко воспринимать как особенности собственного поведения, так и поступки другого человека, свобода и вариативность в общении стали для участников коррекционной программы объектами совершенствования и развития. В конце занятий происходило обсуждение характеристик эмоциональных состояний - сначала в малых группах, затем всей группой.

Программа тренинга развития эмоциональной гибкости учителя включала в себя систему игровых упражнений. Главным в тренинге является реализация индивидуального подхода, создание условий для личностного роста. Поэтому использовались приемы, опирающиеся на естественные движущие силы личностного развития – деятельность и систему ее отношений. Именно поэтому мы старались в любом приеме создавать условия для деятельности и воспроизведения системы отношений, которые являются личностно значимыми и индивидуально окрашенными, имеют острые эмоционально насыщенные переживания. В эти эмоционально насыщенные моменты и происходит коррекция: переворот в сознании, распределение и перестройка элементов сознания – это результат острых эмоциональных переживаний. Сущность такой перестройки – в творческом процессе, в достижении нового взгляда, нового сознания. Условием успешной работы и закономерным результатом стали доброжелательные, непринужденные отношения между участниками, ведь от психологического комфорта и раскрепощенности участников зависит их активность, глубина эмоциональной включенности, готовность поделиться своим опытом.

Нами были получены данные об эффективности профилактической работы с применением специально организованного курса, ориентированного на повышение психологической грамотности учителя и тренинговых занятий по профилактике эмоционального выгорания. Следовательно, спецкурс и тренинг, являясь своеобразными методами раскрытия и совершенствования человеческого потенциала вербального и невербального самовыражения, основанные на актуализации чувств и эмоций, являются эффективными средствами профилактики и преодоления профессионального выгорания, способствуют регуляции эмоционального состояния учителя, эмоциональной гибкости реагирования, что соответственно отражается на результатах педагогической деятельности. Многочисленные исследования факторов, влияющих на выгорание, не дали ответа на вопрос о том, что же является ведущим в возникновении этого явления. Какова основная его причина - личностные черты или характеристики деятельности, особенности взаимодействия с клиентами или факторы рабочей среды? Все это - отражение общего методологического вопроса о взаимодействии личности и профессии. Решение данных проблем особо важно, прежде всего, для разработки мер по предупреждению выгорания и поддержанию профессионального здоровья педагога на высоком уровне

Литература

1. Водопьянова Н.Е., Старченкова Е.С. Синдром выгорания: диагностика и профилактика. - СПб.: Питер, 2005. - 336с.: ил. - (Серия «Практическая психология»).
2. Прохоров А.О. Саморегуляция психических состояний: феноменология, механизмы, закономерности. – М.: ПЕР СЭ, 2005. - 352с.
3. Ильин Е.П. Эмоции и чувства. - СПб.: Питер, 2002. - 752 с.: ил. - (Серия Мастера психологи).

*Макашкуллова Г.Б., Усенбаева П.Ж.
(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)*

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ МАЗАСЫЗДЫҒЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Өскелең ұрпақтың мазасыздану мәселесі-мектеп психологтарының, педагогтардың, ата-аналардың назарын аударатын нысандардың бірі. Мұндай қолайсыздықтың уақтылы және сапалы диагностикасы мен түзету шаралары жеке тұлғаның дамуындағы жағымсыз үрдістердің туындау қаупін азайтады. Бүгінгі таңда эмоциялық тұрақсыздықтың жоғарылауымен ерекшеленетін мазасыз балалар саны көбейді. Мазасыздықты зерттеу нақты жағдаймен байланысты жағдайлық мазасыздықтың көрінуіне, тұлғаның тұрақты ерекшелігі болып табылатын тұлғалық мазасыздыққа, тұлғаның және оны қоршағандардың өзара әрекеті нәтижесі ретінде мазасыздықты талдау әдістерін өңдеуге бағытталған. Мазасыздықтың көрінуі белгілі жас шамасындағы балалардың қажеттіліктері мен тілектерінің қанағаттанбауымен байланысты болып келеді. Психологияда мазасыздық түсінігінің астарында адамның мазасызданып, уайымдауға бейімділігін, белгісіз қауіпті жағдайда және оқиғаның жағымсыз өрбуін күткен жағдайда туындайтын эмоциялық күйін түсінуге болады. Мазасыздық түсінігін психологияға психоаналитиктер мен психиатрлар енгізген. Психоанализ өкілдеріні мазасыздықты бастапқыда адамға тән тұлғаның тума қасиеті деп қарастырады.

Психологиялық әдебиеттерде мазасыздық түсінігінің түрлі анықтамаларын кездестіруге болады, көптеген зерттеушілер оны салыстырмалы түрде, жағдайлық құбылыс немесе тұлғалық сипатта қарастыру керек деген тоқтамға келеді. Мазасыздық жеке тұлғаның эмоциялық аймағының бұзылысы ретінде тұрақты көрініс алады, ол созылмалы ұзақ уақыт ішінде адамның қандай да болмасын әлеуметтік жағдайға нашар бейімделгенін дәлелдейді. Мазасыздық - көптеген невротикалық және психосоматикалық бұзылыстар үшін тәуекел - фактор болып табылады. Мазасыздану-бұл уақыттың шектелген сәтінде индивидтің анықталған жағдайымен қатар, әр адамның тұрақты ерекшелігін де бейнелейтін көпмағыналы психологиялық термин, ол - козу, үрейлену сезімдерінің жоғары болуымен шартталады [1].

Осы мәселе төңірегінде атақты психолог ғалымдар Б.М. Теплов, В.Д. Небылицин, В.А. Бакеев, А.В. Петровский, Р.С. Немов, В.С. Мерлин, А.М. Прихожан, М.С. Неймарк, Т.В. Драгунова, В.В. Белоус, К. Роджерс және т.б. өз еңбектерінде жазды.

Б. Тепловтың айтуы бойынша да мазасыздық жүйке жүйесінің күшімен байланысы бар құбылыс. Оның айтқан болжамдары В.Д. Небылициннің зерттеулерінде эксперименталды қолдауын тапты. Мазасыздықты эмоционалдық күй ретінде және тұрақты ерекшелік, тұлғаның ерекшелігі немесе темпераментінің ерекшелігі ретінде ажыратады. В.А. Бакеев, А.В. Петровскийдің басшылығымен жүргізген зерттеулерінде мазасыздық сендірудің психологиялық механизмімен бірге қарастырылған.

Р.С. Немовтың анықтауы бойынша: «Мазасыздық - ерекше әлеуметтік жағдайларда қорқыныш үрейді бастан кешіруге жоғары алаңдау жағдайында үнемі немесе жағдайлық көрінетін адамның ерекшелігі». Ол әлсіз жүйке жүйесінде мазасыздықтың жоғары деңгейі байқалады деген болжам жасайды. Л.А. Китаев-Смык өз кезегінде «соңғы уақыттарда психологиялық зерттеулерде мазасыздық 2 түрлі анықтамасы қолданылып жүргендігін айтады, олар: Спилбергер ұсынған «мінез-құлықтың мазасыздығы» және «жағдайлық мазасыздық» [2].

К. Хорнидің теориясында тұлғаның мазасыздығы мен уайымшылдық негізі - әлеуметтік шектеулер мен биологиялық қызығушылықтың арасындағы қақтығыста емес, ол дұрыс емес адами қарым-қатынас нәтижелері болып табылады. Сондай-ақ, ата – аналар қарым – қатынасының баладағы мазасыздық деңгейіне ықпал ету мәселесімен - А.В.Петровский, А.И. Захаров, И.М. Балинский, В.Н. Мясищев секілді ғалымдар айналысқан. «Мазасыздықтың тағы бір көзі – ол сана деңгейінен төмен құбылыста, егер осы құбылыс тұлғаға қауіп төндірсе, онда олар саналылықтан гөрі бейсанада ертерек қабылданады», - дейді К. Роджерс.

Бұл зерттеулерді мазасыздықты түсінудегі теориялық негіз ретінде қабылдауға болады. Бұл бала өмірінің жағымсыз жағдайларында пайда болатын шынайы мазасыздық нәтижесі болып табылады. Басқаша айтқанда бұл биологиялық емес, әлеуметтік құбылыс. К.Хорни баланың негізгі жас ерекшелік қажеттіліктерінің орындалмауынан мазасыздық пайда болып беки түседі десе, С.Салливан мазасыздықты тұлғаның негізгі қасиеті ретінде, сонымен қатар оның дамуын анықтайтын фактор ретінде қарастырады. Ерте жаста пайда болатын, жағымсыз әлеуметтік орта мен қақтығысу нәтижесінде мазасыздық адам өмірінің барлық кезеңінде болып отырады.

Мазасыздық түсінігіне Э. Фромм басқаша негіздеме береді. Ол орта ғасырларда адам еркін болған жоқ, бірақ ол мұндай қауіп-қатерді, мазасыздықты сезген жоқ, шеттеліп, жалғыз болған жоқ, өйткені ол табиғаттан, қоршаған ортадан, адамдардан оқшауланған жоқ. Адам қоршаған әлеммен етене байланыста болады, оны Э. Фромм «алғашқы қауымдастықтағы табиғи әлеуметтік байланыстар», - деп атады. Қоғамның дамуымен алғашқы байланыстар үзіледі, табиғат пен адамның ажыраған еркін индивид пайда болу нәтижесінде сенімсіздік сезімі, әлсіздік, күдік, жалғыздық, мазасыздық басынан кешіреді. Мазасыздықтан арылу үшін адам туындаған «жағымсыз еркіндіктен» арылуға ұмтылады. Э. Фромм, К. Хорни, С.Салливан мазасыздықтан құтылудың түрлі механизмдерін көрсетуге ұмтылады. Э. Фромм бұл механизмдер мазасыздық сезімінен құтқармайды, оны жай ғана бүркемелейді, - деп есептейді. Керісінше, оқшаулану сезімі күшейеді немесе өзіндік «менін» жоғалту, ең ауыр жағдайда өтеді. Еркіндіктен қашудың психикалық механизмі иррационалды болып табылады. Э. Фроммның пікірінше, бұл қоршаған орта шарттарына деген реакция емес, сондықтан да уайымдар мен мазасыздық себептермен жоя алмайды [3].

Көптеген авторлар, мазасыздық пен тынымсыздық арасындағы ерекшеліктерді бөліп көрсетеді. Бұл екеуі де жағымсыз бір нәрсені күту кезінде көрінеді. Мазасыздық немесе тынымсыздық бұл – қорқыныш тудыратын бір нәрсені күту болып табылады. Мазасыздық көмегімен бала қорқыныштан құтыла алады. Қарастырылған теорияларды жүйелендіріп, талдай отырып, авторлар бірнеше мазасыздықтың шығу көзін бөліп көрсетті:

- физикалық зақымдануға потенциалды мазасыздану. Тынымсыздықтың бұл түрі физикалық сәтсіздікпен, қауіппен, ауруларын салыстыру нәтижесінде пайда болады;

- сүйіспеншілікті жоғалтуға байланысты мазасыздық;

- мазасыздық кінәлілік сезімінің туындауы, әдетте бұл 4 жастан ерте пайда болуы мүмкін. Ересек балаларда кінә сезімі өзін-өзі төмендетумен, өзін лайықсызбын деген уайыммен сипатталады;

- мазасыздық фрустрация жағдайында пайда болы мүмкін. Фрустрация қалаған мақсатқа жетуде пайда болған кедергілерді уайымдау ретінде анықталады. Фрустрация туындайтын жағдай мен мазасыздыққа әкелетін жағдай арасында толық тәуелсіздік жоқ, сондықтан да авторлар бұл түсініктер арасындағы ерекшеліктерді айқын айтпайды;

- мазасыздық әрбір адамға қандай да бір деңгейде болатын қасиет. Әлсіз мазасыздану мақсатына жетуде түрткі секілді болып, күшті мазасыздық сезімі торығуға алып келді. Мазасыздық адам үшін жойылуы тиіс мәселе болып табылады, сондықтан түрлі қорғаныс механизмдерін қолданады;

- мазасыздық пайда болуына отбасылық тәрбие, анасының рөлі, анасымен баласының өзара қарым-қатынасы жоғары мәнге ие. Балалық шақ тұлғаның болашақ өміріндегі дамуын анықтаушы кез болып табылады.

М.С. Каган бір жағынан мазасыздықты әрбір жеке тұлғаға тән, қауіптілікке туылғаннан болатын жауап реакциясы ретінде қарастырса, бір жағынан мазасыздық адамның қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасында ұшырайтын мәселесінің қарқындылық деңгейіне байланысты екенін алға тартты. Қорқыныш, тынымсыздық, мазасыздық жағдайын субъектінің әртүрлі жағдайға реакциясы ретінде қарастыруға болады. Бұл құбылыстың арасында өзгешеліктер жасалмайды. Қатты дауысты естіген нәрестеге тән мазасыздық, кенеттен орын ауыстыру немесе тірегін жоғалту, сондай-ақ кездейсоқ тітіркендіргіштер, осының бәріне ағза дайын болуы мүмкін [4].

Мазасыздықтың тұлғаның бір қасиеті ретінде қалыптасу механизмі Ж.М. Глозман мен В.В. Зоткин еңбектерде көрсетілген. Олар: «Тұлғаның құрылымдық өзгерісі бірден болмайды, бірте-бірте жағымсыз тұлғалық құрылымдардың бекітілуі мен қауіпті жағдайларды кең көлемде қабылдау, оларға мазасыздықпен жауап қайыру тенденцияларымен қалыптасады» деді.

А.М. Прихожан мазасыздық пен мазасыздануды қоғамдық өмір кезеңдерінің тарихымен байланысын көрсетеді. И.Захаров мазасыздық ерте балалық шақта туындайды және топқа ене алмау (алғашында бұл - анасы, содан соң басқа да ересектер), құбылыстарды қабылдай алмайды деген қауіпке негізделген мазасыздықты бейнелейді. Мазасыздық шығуын талдауды дамыта келе ол «дұрыс дамып келе жатқан балада 7 айдан 1 жас 2 айға дейінгі аралықтағы тынымсыздану мазасыздықтың алғышарттары болуы мүмкін», - деп жазады. Жағымсыз жағдайлардың түйісе беруінен мазасыздану тұрақты мінез бітісі – мазасыздыққа айналады. Бірақ бұл мектепке дейінгі кезеңнің соңғы жылдарына қарай жүзеге асады. 7-8 жасқа қарай мазасыздықтың дамуын тұлға қасиеті ретінде қарастыруға болады. А.Прихожан өз жұмысында «тұйық психологиялық шеңбер» механизмін ашып көрсетеді, онда жағымсыз эмоциялық тәжірибенің жиналуы мен тереңдеуіне әкеп соғатын мазасыздықтың күшеюі мен бекітілуі жүзеге асады. А.И. Захаров та осындай пікірді қолдайды, егер бала тәрбиесіне әкесі

араласпайтын болса, онда ол анасына жақын болады, егер анасының бойында жекелік мазасыздық болса, бала оны өзіне тез қабылдап алады, бұл көбінесе бала әкесінің дөрекілігінен қорқатын жағдайда көрінеді, - дейді. Сонымен қатар, 5-7 жаста бала өзінің жынысындағы ата-анасына ұқсауға ұмтылады. Осыған орай әкесі не анасы мектепке дейінгі кезеңдегі баланың мінез-құлқының қалыптасуына ерекше ықпал етеді.

Толық емес отбасында немесе «үйлесімсіз» қарым-қатынастағы отбасындағы тәрбиеде, мысалы, ер адам ролін анасы атқаратын болса, балада ата-ана бейнесі дұрыс қалыптаспайды, бұл өз кезегінде мазасыздықтың дамуына жағдай жасайды. Жоғары талаптарға негізделген тәрбие де мазасыздықтың пайда болуына әсер ететін негізгі себептердің бірі болып табылады [5].

Мазасыз адамдар әрдайым себепсіз бір қорқынышпен өмір сүреді. «Кенеттен бір нәрсе болып қалса ше?» деген сұрақ оларда жиі туындайды. Жоғары деңгейдегі мазасыздық кез – келген іс - әрекетті нашарлатады, бұл өз кезегінде өзіндік бағаның төмендеуіне, өзіне деген сенімсіздікке алып келеді. Осылайша, бұл эмоциялық жағдай невроздық даму механизмінің бірі ретінде қарастырылады, өйткені ол жеке тұлғалық қарама-қайшылықтардың тереңдеуіне ықпал етеді. Мазасыздығы басым ересектерге тән нәрсені мазасыз балаларға да тән екендігін айтуға болады. Әдетте бұлар өзі - өзіне сенімсіз, өзіндік бағалауы тұрақсыз балалар. Белгісіз нәрселердің алдындағы әрдайым сезілетін қорқыныштан олар анда – санда ғана инициатива білдіреді. Тіл алғыш болады, қоршаған адамдардың өзіне назар аударғанын қаламайды, үйде, балабақшада үлгілі тәртіпті болып, ата – анасының, тәрбиешінің талаптарын орындауға тырысады, тәртіп бұзбайды, өз ойыншықтарын жинап жүреді. Мұндай балаларды тәртіпті, ұяң балалар дейміз. Алайда олардың үлгілі болуы, ұқыптылығы мен тәртіптілігі қорғаныс сипатына ие бала сәтсіздіктен қашу үшін барлығын да істеуге дайын.

«Мазасыздық жағдайы, эмоциялық қысым, ол ең алдымен қоршаған ортаның ауысуы, жақын адамның жоқтығына байланысты болады». Балалық мазасыздану ол анасының жекелік мазасыздығының салдары болуы да мүмкін. Анасы өзін баласымен бір бүтінмін деп сезініп, оны қиыншылықтар мен өмірлік қолайсыздықтан қорғаймын деп, өзінің қиялындағы мазасыздық пен қауіп қатерден қорғап, өзіне шектен тыс жақындатады. Нәтижесінде бала анасынсыз қалғанда қорқады, тынышы кетіп, мазасызданады. Белсенділік пен тәуелсіздіктің орнына енжарлық, тәуелділік пайда болады.

Мазасыздықтың пайда болуының алғышарттары жоғары сезімталдық екені белгілі. Алайда сезімталдығы жоғары әрбір бала мазасыз бола бермейді. Көп нәрсе ата – ананың баламен қарым – қатынас тәсіліне байланысты болып келеді. Гиперпротекция (шектен тыс қамқор болу) типі бойынша тәрбиені жүзеге асырушы ата – ананың мазасыз баланы тәрбиелеп шығару мүмкіндігі жоғары (шектен тыс қамқорлық, ұсақ-түйекке бақылау жасау, шектеулер мен тыйым салудың көптігі, әрдайым түртпектеу). Шектен тыс қамқорлықтағы тәрбие беру, ата – ананың біріне, көбінесе анасына жақын қарым – қатынаста болатын симбиотикалық тәрбиелеумен үйлесімділікте бола алады. Ата – ана қорқынышы мен бала қорқынышы арасында тәуелділік бар екендігін Микляева А.В. атап көрсетті [6].

Қорыта айтар болсақ, мазасыздық мәселесі туралы теориялар қарастырылған психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдау мазасыздықтың бала өмірін күрделендіретін, эмоциялық кедергі келтіретінін анықтап берді. Осылайша біз мазасыздық түсінігінің мәні және баланың жеке басының дамуына тигізетін ықпалын анықтап алдық. Оның өрістеуіне ықпал ететін факторлардың бірі - ата – ананың балаға деген қарым – қатынасының ерекшелігі болып табылады: қатаң қарым – қатынас, қатыгездік, тәрбие стильдері, балаға деген қарым – қатынастағы ата – ана шектеулері, баланың жекелік және жас ерекшеліктеріне сай тәрбие стильдерін білмеу.

Әдебиеттер

1. Тревога и тревожность. Хрестоматия / Сост. В.М. Астапов. — СПб., 2003.
2. Божович Л.И. Проблемы формирования личности.- Москва-Воронеж: МОДЭК, 2009.- 352с.
3. Лютова Е.К., Моница Г.Б. Шпаргалка для взрослых: Психокоррекционная работа с гиперактивными, агрессивными, тревожными и аутичными детьми.- М.: Академия, 2010.-190 с.
4. Прихожан А.М. Причины, профилактика и преодоление тревожности// Психологическая наука и образование.2012.- №2.
5. Прихожан А.М. Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрастная динамика.- М.:МОДЭК, 2000.- 304с.
6. Микляева А.В., Румянцева П.В. Школьная тревожность: диагностика, коррекция, развитие.- СПб.: Речь, 2004.-247 с.

*Махашова П.М., Сатынбек А., Шайжанова Б.
(Тараз Мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)*

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС АРҚЫЛЫ ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Ел президенті Қ. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдағы диалог- Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуі» атты жолдауында "Бүгінгі күн - талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік - жігері бар адамдардың уақыты", - деп атап көрсеткен болатын.

Мұның өзі өскелең ұрпақты жаңа технологиялар негізінде білімді де жоғары мәдениетті азамат етіп тәрбиелей отырып, олардың жеке басының тұлғалық қалыптасуына аса үлкен мән беруді көздейді [1].

Қазіргі заманғы қоғамның талабына сай өмірден өз орнын таңдай алатын, дүниеге көзқарасы кең, саналы жастарды тәрбиелеу оңай іс емес. Адамзаттың бүкіл тарихында қызық та қиын шешімі түрлі жолдармен, әдістермен ізделген мәселенің бірі – адам проблемасы. Дүниедегі ең бағалы, асыл байлық – адам. Адам факторы өмірде шешуші роль атқарады. Адам туғанда тіршілік аталуыда ең әлсізі және ең баяу дамитын тіршілік иесі болып табылады. Адам саналы түрде өз еркімен іс-әрекет ұйымдастырып атқара алады және әлеуметтік қатынастар мен байланыстарға түсіп, әлеуметтік сипатқа ие болады. Сөйтіп, ортаның әсеріне өзінің дүниетанымдық көзқарасын, өз ойын білдіріп, жауап беріп, басқа адамдармен саналы қатынасқа түсе алады.

Жеке тұлға болу -үнемі «қозғалыста» болу керек. Жеке тұлғаның жетілуіне байланысты қоғамдағы ролі, әрекеті өзгереді. Жеке тұлға - таным, қарым-қатынас, творчество, еңбек пен қоғамдық мінез-құлықтың дамуы мен қызмет ету объектісі іспетті – деп көрсетеді Л.И. Анцыферова. «Жеке тұлғаның термині көп мағыналы – ол біріншіден, дара қасиеттері мен әлеуметтік қызметі бар, іс-әрекетінің субъектісі іспетті нақты индивид, екінші жағынан – жеке тұлға – индивидтің әлеуметтік қасиеттері сияқты сипатталады» - дейді И.С. Кон.

Сонымен қатар, М.В. Демин, П.Е. Кряжев, Л.П. Буюева, Б.Г. Ананьев, С.Л.Рубинштейн, В.И. Мясисев, И.М. Банщиков, А.Н. Леонтьев, т.б. психологтар еңбектерінде жеке тұлға проблемасы маңызды орын алған.

Адам – саясат субъектісі. Әр адам өзінің қабілетіне, іскелігіне сай өз деңгейінде саяси съектілігін көрсетеді. Саясаттың субъектісі болу – адамзаттың қасиеттердің жоғары дамуы деген ұғымды білдіреді. Аристотель айтқандай: мұндай қасиеттер жетік дамыған жоғары мәдениетті, терең білімді, адамгершілігі мол адамдарға тән.

Жеке адамға не адамдар тобына тән өзіндік қарым-қатынастар, мінез-құлық пен қимыл қозғалыстардың тәсілдері – кісінің танымы мен іс-әрекетінде, тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінде қалыптасады. Мінез адамға жеке өзі үшін ғана емес, өмір сүріп отырған қоғамы үшін де қажет. Кейде үйдегі, жұмыстағы, қонақтағы, сапардағы, мәжілістегі бір адамның көңіл-күйі көптеген замандастарына жақсы, жаман әсер етіп, моральдық-психологиялық ахуалды қатты өзгертеді. Адамның мінез-құлқы өзі өмір сүріп отырған ортамен де тығыз байланысты болады. Себебі, адамның мінезіне қоршаған орта болып жатқан құбылыстар әртүрлі әсер етуі мүмкін. Сондықтан әрбір адамның өзіндік мінез-құлқы қалыптасатын болады. Адамның мінезі өзі көрген оқиғаларды, болып жатқан жағдайларды қабылдауына байланысты да өзгеріп отыратындығы анықталды. Адамдардың азаматтық қасиетінің жоғары дамуының бір кепілі – адам санасының артуы, ой-өрісінің кеңеюі. Жоғары дамыған сана адамның өмірді жан-жақты біліуінің ең күшті құралы. Саяси субъектіліктің негізгі мазмұнын сипаттайтын әлеуметтік өрістеу сананың жоғары дамуымен тығыз. Бұл әр адамнан өте қажырлы еңбекті талап етеді. Соның негізінде адамда тәртіптілік, сыпайлық, кішіпейлік, ақылдылық, жауапкершілік, жігерлік, сол сияқты т.б. көптеген құнды қасиеттер қалыптасады.

Жеке тұлға – ерекше биологиялық және психологиялық сипаты бар көрініс, бұл оның мінез-құлқын анықтай алмайды, бірақ жеке дара сипатта көрсетеді [2].

«Жеке тұлғаның» әлеуметтік теориясының негізгі проблемасы – жеке тұлға мен қоғам, топтың байланыс заңдылықтарын зерттеумен байланысты»-дейді А.И. Изтлеуова. Биологиялық, қоршаған ортада өз бетінше әлеуметтік тәжірибе жинақтап, әлеуметтік қарым-қатынас жүйесіне қосыла отырып, әр адам қайталанбас өз ерекшеліктермен жеке тұлғаның бейнесін көрсетеді. Жеке тұлғаның қайталанбас өзіне ғана тән ерекшелігі-оның индивидуальдығы болып табылады. Скиннер мінез-құлыққа қатысты тұқым қуалаушылық пен орта арасындағы процестерді де қарастырады. Генетикалық тұрғыда

негізгі және тәжірибе арқылы өзгермейтін мінез-құлық респонденті және орта арқылы детерминантты мінез-құлық апирантты ретінде сипатталады. Яғни, респондент мінез-құлықтың қандай да бір стимулға жауап беру негізінде қалыптасады. Респондентті мінез-құлық Павловтың теориясына сүйене отырып қалыптастырады. Яғни шартты стимулға шартсыз реакция, ал шартты стимул шартты реакцияға алып келеді. Оперантты мінез-құлық сыртқы орта арқылы детерминацияланады және оны өзгертуге бағытталады. Тұлғаның мінез-құлықтық теориясына сәйкес, адам ырық бостандығынан мүлдем айырылған. Біздің мінез-құқымыз сыртқы жағдайлармен себептелген. Біз өзімізді көбінесе жанды қуыршақтар сияқты ұстаймыз және мінез-құқымыздың неге апарып соқтыратынын ұғынбаймыз, себебі үйренген әлеуметтік дағдылар мен рефлексстер ұзақ қолданудан автоматтанып кеткен. Адамның ішкі әлемі объективті. Ондағының бәрі де ортадан алынған. Тұлға толығымен мінез-құлықтың көрінуінде объективтелінеді.

XVI-XVIII ғасыр ақыны. Бұқар жырау адамзат моралының негізгі және қандылық туыстық қарым-қатынас проблемаларын қозғаған. Данышпандық, салмақтылық, саналылық – XVIII-XX ғасыр ақындары Шал ақын С. Аранұлы т.б. саяси көзқарастарының негізі болған. Қазақтың ойшыл, ақын, жыраушыларының туындыларында азамат ретінде адамның жоғарғы парызы – адасқандарды түзету, жетімдер мен қызығушылығы, қажеттілігі, қорғанышымен өмір сүру болып табылады. Тұлға мінез-құлықтың белгілерін рационализациялап, объективті өлшеуге болады. Егерде мінез-құлықтық теорияның рефлексорлы бағытындағылар тұлғаның арнайы бөліктері болатындығын мүлдем жоққа шығарса, әлеуметтік-үйретілетін бағыттың өкілдері осындай бөліктердің болуы әбден мүмкін деп есептейді. Бандураның пікірінше, адамның нені жасай алып, нені жасай алмайтынына байланысты сенімділігінің қалыптасуын анықтайтын төрт негізгі шарт бар:

1. Өткен тәжірибиесі: мәселен, егер бұрын жасай алса, қазір де жасай алады;
2. Өзіндік нұсқау: мысалы «Мен мұны жасай аламын!»;
3. Көтеріңкі эмоциялық көңіл-күй;
4. Ең басты шарт, басқа адамдардың мінез-құлықна електеу;

Дж. Роттер тұлғаның негізгі ішкі екі бөлігін айқындайды: субъективті маңыздылығы және қол жетерлік. Бұл бөліктер жеке-дара бөлек қызмет жасамайды, олар мінез-құлықтық әлеует немесе когнитивті мотивация бөлігі деп аталатын жалпы бөлікті құрайды. Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс; екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады. Жеке адамаралық қарым-қатынастың пайда болуы және табысты іске асырылуы, егер де қатысушылар арасында өзара түсініктік болғанда ғана мүмкін. Өзара түсініктіктің болуы, бір жағынан, басқаның мақсат-мүддесін, мотивтен, бағдарын түсіну, екіншіден түсіну ғана емес, сол мүдде, мотивтен, бағдарлы қабылдау, бөлісу түрінде көрінеді [3].

Осы екі жағдайда да қарым-қатынасқа түсушінің басқа адамды қабылдауының маңызы өте зор, яғни қарым-қатынастың үшінші құрамды бөлігі перцептивті жағы туралы айтылып отыр.

Перцептивтік қарым-қатынас — адамның парапар қабылдауы, оның ішкі дүниесіне бойлау, әрбір жеке сәтінде оның психикалық жағдайын сезіну дағдысы, оның тәртіп себебін түсіну дағдысы. Мұғалім өзінің перцептивтік қарым-қатынас қабілеттерін ұдайы дамытуы қажет. Қабылдаудың табыстылығын қамтамасыз етуге бағытталған әмбебап психологиялық механизмдер болады. Оған әлеуметтік перцепция механизмдері жатады. Адамды адамның қабылдауы мен түсінуінің механизмдерін: идентификация, эмпатия, рефлексия, аттракция, атрибуцияны жатқызуға болады.

Адамның өмір қалпына, ол өмір сүрген қоғамның саясаты әсер ететді. Сондықтан, әрбір адамның егер ол жеке тұлға болса, қоғам, мемлекет туралы өз ойы мен оны құруда өз әрекеті болуы қажет, ол үшін оның саясаттан хабары болуы шарт.

Егер қоғам, мемлекет мақсаты мен жеке тұлғадан жоғары тұрса, онда нағыз азамат деп, тек қоғам мақсатымен сол адамның мүдесі сай болса ғана саналады. Онда жеке тұлға тек белгілі бір топқа атып, сол топқа бағынатын болды. Бұндай индивидтің құндылықтарын мойындамайтын саясатқа Қазақстан Республикасының Конституциясының негізгі идеясы қарсы бағытталған.

Жеке тұлғаның сонымен қатар адамгершілік қасиеттерінің құрылымы 3 когнитивті (танымдық), эмоциялық (мотивациялық) және мінез-құлықтық сферадан тұрады. «Құндылық бағдардың психологиялық табиғаты өзін бағалау, қызығушылық-бағаттылық, белсенділіктің дағды арасында қатынас диапазонымен осы аспектіде қарастырылады, екінші жағынан өз санасымен эмоциялық еріктік сфера арасындағы байланыс аспектісінде қарастырылады», - дейді Г.К. Нургалиева

еңбегінде. Жеке тұлға қасиеттері ретінде белсенділік, қабілеттілік және құндылық бағдары – оның дамуында маңызы зор [4].

Адамдардың қарым-қатынас барысында көрсететін мінез-құлқын ұзақ уақыт ішінде бақылап, жиналған материалдарды талдау нәтижесінде автор келесі тұжырымдама жасаған: қарым-қатынас барысында адамдардың мінез-құлқы, бет-әлпеті, сөйлеу техникасы, дене қимылы өзгеріп тұрады. Олар бірде кішкентай бала сияқты бір күліп, бір жылайды, ал екінші жағдайда үлкендер сияқты байсалдылық пен сабырлылық көрсетеді, үшіншіде – ата-аналарының үлгісінің көшірмесі болады. Осындай ерекшеліктерді талдай отырып Э.Берн жеке тұлға негізгі үш құрамды бөліктің бірлігі екендігін көрсеткен. Адамдардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру тәжірибесінен алынған «Трансакция» терминін қазақшаға аударғанда «қарым-қатынас барысындағы әсер ету» деген мағынаны береді, ал трансакциялық талдау – осы әсерді талдау әдісі болып табылады. Басқа адамға әсер ету қарым-қатынас барысында жүреді. Осы қарым-қатынас жасау барысында басқаларға әсерлі болу үлгісін көрсету, келісімділік тәжірибесін ұйымдастыру әдісі ретінде трансакция ұсынылған. Адамның қарым-қатынас мәдениетін сақтауы жағдайға байланысты болғандықтан оның позициясы кішкентай бала, ата-ана немесе үлкен адамдар позициясына ұқсайды. Трансакциялық талдау барысында осы позициялар толық талданады. Адам қарым-қатынас арқылы айналадағы дүние жайлы ақпарат алады, еңбек пен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды меңгереді. Әрине, қарым-қатынас ақпарат алумен ғана шектелмейді, оның шеңбері аса кең, бұл көп қырлы ұғым. Адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу шеберлігі адамның ішкі мәдениетіне, біліміне байланысты. Олай болса, қарым-қатынас мәдениеті мен психологиялық денсаулықты қалыпты сақтау үшін қоршаған ортадағы адамдармен дұрыс ниетте болу абзал. Әрбір адам жеке тұлға ретінде дами келе, биологиялық индивид жағдайынан біртіндеп ажырай бастайтындығы белгілі Л.С. Выготский жеке тұлғаның қалыптасуының қозғаушы күші мәселесіне жаңаша көзқарас енгізді. Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері -оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы. Жеке тұлғаның маңыздылығы оның қасиеттері мен іс-әрекеттерінде қоғамдық тенденцияларының, әлеуметтік белгілер мен қасиеттердің айқын және өзіне тән ерекшелігінің көрініс табуы, оның іс-әрекетіндегі шығармашылық қасиетінің деңгейі арқылы анықталады.

Қорыта айтқанда, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу шеберлігі адамның ішкі мәдениетіне, біліміне байланысты. Олай болса, қарым-қатынас мәдениеті мен психологиялық денсаулықты қалыпты сақтау үшін қоршаған ортадағы адамдармен дұрыс ниетте болу абзал.

Әдебиеттер

1. Қ.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог- Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана 02 қыркүйек 2019 ж.
2. Ә.Алдамұратов «Жалпы психология». – 2011.
3. С.Қ.Бердібаева Таным субъектісі: танымдық процесстер : Оқу -әдістемелік құрал. – Алматы., 2004.
4. Н. Қ. Тоқсанбаева Психологияда қарым-қатынас мәселелері. // Білім беру жүйесінде адам ресурстарын басқарудың қазіргі тенденциялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2010.

Оралымбетова Г.У., Бексұлтанова А.Е., Ходжамуратова А.П.
(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)

ТҮЛҒАНЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ТЕОРИЯЛАРЫ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті [1]. Осы орайда Елбасымыздың өзі жастар мәселесіне елеулі көңіл бөліп, олардың дұрыс жолға түсіп, абыройлы да саналы азамат ретінде сапалы білім алуына мүмкіндік жасауда.

Тұлғаның дамуы эмоциялық жағдайының тұрақтылығы оның өмір сүретін ортасына, ғылыми техникалық жетістіктері мен экономикасына байланысты екені жайлы Елбасымыз Қазақстан халқына Жолдауында жасөспірімге салауатты өмір салтын үйретіп, «әр оқушының қабілеті мен білім деңгейінің тиімділігін» арттыру қажет екендігін көрсеткен. Қазіргі таңда «Тұлға» термині әртүрлі мағынада түсіндіріледі. Оны зерттеумен түрлі, тіпті кейде бір-біріне қарама-қарсы тұратын теориялық білімдердің кең ауқымды спектрін қамтитын, академиялық психология құрылымындағы ерекше бөлім айналысады.

Тұлға жайлы ғылым – «персонология» бұл түрлі зерттеу стратегияларын қолдану жолымен адамның даралығын жақсы түсінудің іргетасын қалауға ұмтылады. Тұлға деген сөздің өзі (ағылшын тіліндегі - personality) латын тіліндегі – «persona» деген сөзден шыққан. Бастапқыда бұл сөз ежелгі грек драмаларындағы театр көріністерінде әртістер киетін бет – пердені аңғартты. Осы кездің басында-ақ, «тұлға» түсінігіне адам арнайы өмірлік рөлдерді ойнаған сәттерде даралыққа қол жеткізетін сыртқы әлеуметтік бейнесі қосылған, ол айналасындағыларға бағытталған қоғамдық бет әлпет ретінде саналған. Тұлға психологиясының тағы бір өзіндік ерекшелігі қандай да болмасын даралық жағдайын зерттеуді түсіндіру және болжау мен негізделген шешімдерді бағалаудағы әдістерінің мәнділігінде. Мұндай әдістерге сұхбаттасу, тестілеу, мінез-құлықты бақылау және тіркеу, физиологиялық реакцияларды өлшеу, өмірбаяндық және жеке құжаттарды талдаулар жатады.

Заманауи тұлға психологиясын патопсихология және клиникалық психологиямен теңестіруге болмайды. Нақ анықтыққа қол жеткізу үшін персонологтар қалыптан ауытқыған индивид мінез-құлқынан гөрі, индивидтің қалыпты мінез-құлқына жүгінуді жөн көреді. Адамдар арасындағы даралық айырмашылықтарға үлкен мән беретіндіктен, тұлға психологиясының басқа психологиялық пәндерден алшақтау екені көрінеді. Тұлға дамуындағы эмоциялар, мотивация, ойлар, қайғырулар, қабылдау мен әрекеттер сияқты адамды сипаттайтын көптеген қырларды біріктіріп тұратын абстрактілі ұғымдар бар.

Психологиядағы тұлға ұғымының аса көп түрлілігін түсіну үшін осы саладағы кейбір көрнекті шетел теоретиктерінің көзқарастарына жүгінетін болсақ, Г. Оллпорт тұлғаны – адамның әлеммен өзара әрекетінің сипатын үстемдей түсетін, ішкі «таңғажайып» индивидуумның шынайы бет-пердесі ретінде анықтаған. Ал, Э. Эриксонның түсінігінше, индивидуум бүкіл өмір бойында психологиялық әлеуметтік дағдарыстардан өтеді және оның тұлғалылығы осы дағдарыстардың нәтижесі болып табылады. Джордж Келли тұлғаны – әрбір индивидумға тән өмірлік тәжірибені ұғынуының бірегей тәсілі деп қарастырған. Рэймонд Кеттел «тұлғаның ядросының құрылымы негізгі он алты бітістерінен құрылады», - деп мүлдем басқа тұжырымдаманы ұсынды. А.Г. Ковалев еңбектеріндегі тұлға психологиялық процесстер, психологиялық күйлер және психологиялық қасиеттердің интегралды құрылымы ретінде көрінеді. Психологиялық процесстер психикалық күйлерді қалыптастырыды. Күйлер баланың психикалық қасиеттері тұрақталғанға дейін (ерке бала, тыныш, аффектті, байсалды т.с.с.) оның дамуын толығымен сипаттайды[2]. Жаңа туған нәресте «адам» деп аталғанымен, «тұлға» деген атқа көпке дейін ие бола алмайды. Сондықтан да нәресте, сәби, бөбектерді тұлға деп айту қиын. Есейіп, ер жетіп, өз бетінше әрекет ете алатын адамды ғана тұлға дейміз. Мінез, қабілеті бір сыдырғы қалыптасып үлгерген, өзінің іс-әрекетін тізгіндей білетін, өз бойындағы жаман-жақсы қылықтары үшін жауап бере алатын адамды тұлға дейміз. Тұлғаның түрлері сан алуан болып келеді. Оның жақсы, озық, ерен, топжарған түрлерімен қатар жауыз, керітартпа, бұзық, қасқай, т.б. толып жатқан өкілдері де бар. Қандай да бір іспен айналысатын, азды-көпті өмір тәжірибиесі, білімі мен дағдысы, икемі, дүние танымы, сенімі мен мұраты, бағыт-бағдары бар адамды тұлға деуге болады. Тұлғаның бойындағы болмысты заңдылықтар мен қатынастар негізінде тануға мүмкіндік беретін, ойлау процесі болып табылады. Жалпы, ойлау дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуін айтамыз. Негізі адам ойы әрқашан сөз арқылы беріліп отырады. Ой толық сөз күйінде білдірілгенде ғана айқындалап, дәйектеліп, дәлелдене түседі. Бірақ ойлау мен сөйлеу бірдей нәрсе деп, олардың арасына теңдік қою дұрыс емес. Ой – сыртқы дүниені бейнелеудің жоғарғы формасы, сөз – ойды басқа адамдарға жеткізетін құрал ретінде [3]. Сондай-ақ, ойлау ерекше дәл, терең, толық жалпы және жанама түрде шындықты бейнелеуге, негізі біздің түйсінуіміз бен қабылдауымызға мүмкін емес заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты бейнелеуге бағытталған сананың қызметі болып табылады [4]. Ойымызды жинақтай келе, ойлау деп бізді қоршаған ортадағы дүниелер мен құбылыстарды жанама және сөздік түрінде бейнелеу, яғни санамыздағы ойды сөз арқылы жеткізу үрдісін айтамыз. Біздің қабылдауымыз бен түйсіктеріміз арқылы танып-білуге болмайтын заттар мен жағдайлардың ішкі мәні мен заңдылықтарын тек қана ойлау арқылы білуге болады. Сондықтан да, орта буын сыныптарды

оқыту барысында балалардың таным процестерін дамыту аса маңызды болып саналады. Осыған орай оқыту барысында балалардың ойлау қабілетін дамытуға арналған арнайы әдістерді қолдануға болады.

«Егер мен...» психологиялық тренингі

Мақсаты: жеткіншектердің ойлау процесін және логикалық ойлауын дамыту. Міндеті: жеткіншектердің логикалық ойлау деңгейін анықтау.

Барысы:

1-оқушы: Егер мен мексикаға ұшып барсам, музыка тыңдаймын.

2-оқушы: Егер мен музыка тыңдасам, көңілді боламын.

3-оқушы: Егер мен көңілді болсам, көп балмұздақ сатып аламын т.с.с.

«Атаулар туралы үш сұрақ» тренингі

Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тактаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

1. Қайда?Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?
2. Қалай?Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?
3. Қандай?Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.

Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді.

«Ашық және Жабық сұрақтар» тренингі

Жабық сұрақтар пайдалы болуы мүмкін, алайда олар абстрактілі ойлау, талқылау дағдыларын қолдануға септігін тигізбейді және аса түсінікті болмайды. Ашық сұрақтар керісінше әсер етеді, сол арқылы оқу үдерісін жақсартады. Мысалы, Сіз өткен кеште бір жаққа шықтыңыз ба? Сіз кеше мектептен кейін не істедіңіз?

Жұмыс үлгісі: Оқушыларға белгілі бір тапсырма берер алдында олардың сұрақтарды анағұрлым анық түсініп, бағалау критерийлерін қанағаттандыру үшін не істеу қажеттігін түсіну үшін мысалдар келтіріңіз. Оқушылар бағалау критерийлерін қолдана отырып, жұмыс үлгісіне баға қоя алады. Бұл не талап етілетінін және бұл үдеріспен қалай байланыста болатынын түсінуді модельдеуге көмектеседі.

«Аяқталмаған сөйлем»

«Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады.

Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:

- бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім,көзімді жеткіздім.
- бүгін сабақта қуантқаны.....
- мен өзімді.....үшін мақтар едім.
- маған ерекше ұнағаны.....
- сабақтан соң маған.....келді.
- бүгін маған.....сәті түсті.
- қызықты болғаны.....
-қиындық тудырды.
- менің түсінгенім.....
- енді мен.....аламын.

Қорыта айтқанда, тұлға жайлы зерттейтін ғылым саласын – «персонология» деп атайды. Бұл түрлі зерттеу әдістерімен адамның даралығын анықтайтын, оны жақсы түсінуге мүмкіндік беретін пән болып табылады. Негізі қандай да бір іспен айналысатын, азды-көпті өмір тәжірибиесі, білімі, икемі, сенімі мен мұраты, бағыт-бағдары бар адамды тұлға деуге болады. Ал, тұлға бойындағы болмысты тануға мүмкіндік беретін, ол ойлау процесі болып табылады. Біздің қабылдауымыз бен түйсіктеріміз арқылы танып-білуге болмайтын құбылыстарды ойлау арқылы білуге болады. Сондықтан да, балаларды оқыту барысында таным процестерін дамыту аса маңызды болып саналады.

Тұлға дамуын қалыптастыру, дамыту-тәрбиелеу жеке басының психологиялық сапаларының қалыптасып дамитынын білдіреді. Бұл үшін алдымен жалпы оқытып-тәрбиелеу жұмысының жоғары мәдениеттілігін ұстану қажет. Оның құрамына мұғалімдердің кәсіби даярлығы, кәсіби шеберлігі болса, ал оқушылардың танымдық қызығушылығының дамуы, оқытуда белсенді әдістердің қолданылуы, оқушыларда жауапкершілік сезімінің қалыптасуы, өзінің іс-әрекетіне баға беру, есеп бере білу, сабаққа

саналы қатынасы, білімнің қажеттілігін түсіну, білім алуының еркін тәрбиелеу және еңбекті жүйелі жоспарлауға дағдылану ерекшеліктерін жатқызуға болады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым - даму тетігі / Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2014.
2. Әбеуова И.А. Тұлға психологиясы. – Алматы, 2014.
3. Жарыкбаев Қ.Б. Жантану негіздері. – Алматы, 2015.
4. Жакыпов С.М. Жалпы психология негіздері. - Алматы, 2012.

*Оралымбетова Г.У., Смағанова Ә.Ф., Нурибаева У.Б., Қойшан Г.Е.
(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)*

ҚАРТТЫҚ ШАҚТА КЕЗДЕСЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Қарттарды әлеуметтік қолдау мен қорғауға, олардың экономикалық, саяси және басқа да құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мен Қазақстан Республикасының Конституциясында, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидалары мен нормаларында кепілдік берілген.

Біздің білім беруді, денсаулық сақтауды, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларымыз жалғаса береді. Бұл туралы Үкіметтің кеңейтілген отырысында нақты әңгіме қозғалған. «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясат - әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына бару жолындағы біздің ауқымды қадамымыз [1].

Қарттарды әлеуметтік қорғау шараларының бірі қарттық жасқа келіп немесе жоғалған қарекетін өзіне-өзі қызмет ету жалпы қызметтің әртүріне қабілетін қалпына келтіруге және орнын толтыруға бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық іс-шаралар кешенінен тұратын, сондай-ақ қарттардың толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік беретін әрі олардың құқықтары мен қабілет, мүмкіндіктерін іске асыруын қамтамасыз етуін оңалту болып табылады. Қазіргі кезеңде қарт адамдардың саны бүкіл әлемде өсуде. Бұл денсаулық сақтау орталықтарының жетіспеушіліктерімен, өмір жасының ұзаруымен және сонымен қатар бала туудың төмендеуі мен қарт адамдардың саны жалпы массалық түрде өсіп келеді. Сондықтан да қазіргі кезде мемлекеттен не жалпы қоғам тарапынан болсын бұл мәселеге көп көңіл бөлінуде. Қарт адамдармен жұмыс істеу үшін, бұрынғы және қазіргі әлеуметтік жағдайын, психикалық өзгешелігін, материалдық және рухани қажеттілігін біле отырып, әлеуметтік ғылыми зерттеулерге сүйенген жөн. Қарт адамдар қазіргі кезде әлеуметтік көмекті және мемлекеттік қолдауды қажет ететін топтардың бірі болып табылады. Бірақ бұл көмек пен қолдауды көрсетпес бұрын осы қарт адамдардың көкейкесті мәселелерін анықтап, оларды шешудің жолдарын қарастырған дұрыс болар еді.

Халықаралық классификация бойынша қарттық кезең 60 жастан басталады. Геронтологияда қарттық кезең – адамның өмірлік цикл жүйесіне ерекше рөл атқаратын кезең ретінде қарастырылады. Бұл кезең жеке тұлға дамуының нәтижесін қорытындылау кезеңі және ол ұрпақтармен уақыт байланысын қамтамасыз етеді. Тек қарттық позиция арқылы ғана өткен және келер ұрпаққа өмірді бір бүтін ретінде, оның мәні мен мағынасын толық түсіндіруге болады. Сонымен қатар, қазіргі таңда қарттық кезеңге, қарттарға деген түсінбеушілік, өшпенділік арқылы көрініс алатын жағымсыз қатынас қалыптасқан. Соңғы он жылдықта адам өмірінің ұзақтығының артуына байланысты бұл проблемаға назар көбірек аударылуда. Қарт кезде белсенді өмір сүруді сақтау қажеттілігі қазіргі замандағы ғылыми зерттеулердің өзекті мәселесі.

Қарттар психологиясы аясында М.Д. Александрова, Л.И. Анциферова, Л.В. Кирасимов, С.Г. Максимов, М.Н. Сачук, Н.П. Петрова және тағы басқа ғалымдардың еңбектері қарастырылған. Көптеген зерттеулер адамның психологиялық жас ерекшеліктері туралы әңгімелейді. Адамның жас ерекшелігін кезеңдерге бөлу мәселесіне ғалымдар қарт адамдардың психоэволюциясына зерттеу жүргізген. Осы зерттеу нәтижелері даму динамикасын бақылауға мүмкіндік берді, жеке жалпы

физиологиялық, психомоторлық және психологиялық функцияларының жоғарлауы, бір қалыпты болуы және төмендеуін көруге мүмкіндік алды.

Қарттық шақтың белгісі – денсаулық жас өткен сайын адамның денсаулығы төмендейтіндігі белгілі. Әсіресе, қалаларда өмір сүруші қарт адамдардың организмінде елеулі өзгерістер орын алады. Осы жаста олардың алдыңғы өмір салтының нәтижесі көрінеді. Балалық шақтан бастап, материалдық жағдайы сияқты жағдаяттар олардың денсаулығының нәтижесін береді. Қарт адамдардың денсаулығы туралы айтқанда, олардың ауруы және мүгедектігі ғана емес, толыққанды, гармониялық және адамгершілік тұрғысынан да қарау керек. Қарт адамдардың денсаулығы еңбек және қоғамдық қызметке қабілеттілігінен ғана емес, сондай-ақ еңбек ету қабілеті мен қоғамдық белсенділігін сақтауынан да көрінеді.

В.П. Казначеев және М.Г. Субботин атап өткендей, адам организмі қартайғанда тек қана жайлылықты ғана емес, сондай-ақ белгілі бір жайсыздықты, барлық функцияларының қысымға ұшырауы мен жаттықтыруын да сезінуі керек. Зейнеткерлікке шығуына байланысты қарттар көбіне жұмысынан айырылады, ал жұмыс оның өмірінің мәні болуы да мүмкін. Сонымен қарт адамдар қарттық шағында психикалық тұрғыдан қарусызданады. Олардың өмір салтының бірден өзгеруі психикалық денсаулығының өзгеруіне, өмір салтының ауысуына әкеледі. Мұның өзі оларға үлкен серпіліс тудыруы мүмкін [2].

Қарттық, әрине, бірден келіп бастамайды, бұл – ұзақ процесс. Қарттықты орта жастан бөліп тұратын әмбебеп шекараны анықтау қиын. Ж.Ы. Намазбаева зерттеулерінде адамдар мен жеке топтардың қартаюы бір уақытта жүрмейді: біреулерде ол ерте басталса, біреулерде кеш басталады. Сондай-ақ, өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы соңғы жылдары жас кезеңдеріне деген көзқарасы өзгеріп отырады [3]. Жас өскен сайын адам өзін-өзі бағалауы да өзгеріп отырады. Қарт адамдар өзінің сырқты бейнесіне аз назар аударады, бірақ ішкі және тән қалпына, өзін-өзі сезінуіне жете мән береді. Олар өздерінің зейін қабілетін жастарға қарағанда дұрыс бағалай біледі. Қарт адам басқалардың қылығына дұрыс баға береді. Кейбір қарт адамдар басқа біреулердің адамгершіліктен тыс қылықтарына жауапкершілік мінез танытады. Кейбір қарт адамдар кең дүниетанымға ие бола отырып, жасы келген сайын жұмсақ бола бастайды. Олар өздері бұрын өмір сүрген жағдайдан басқаша өмір сүру принципіне жол береді. Әсіресе, өздерінің немерелеріне жасына байланысты өзіне деген жалпы сенім де азая түседі, мұның өзі психо-физиологиялық (жадының, дене күшінің, сыртқы диапазонының тарылуы) өзгерістермен байланысты болады. Бұл адамдардың жеке ерекшеліктерімен қызмет саласына да байланысты. Қарт адамдар олардың қоғамдағы өмір жолын кезеңдестіру және соған байланысты жас ерекшелігі стереотиптерін есепке алады. Алайда, өздерін көбі «кәріміз» деп есептемейді, көпшілігі өздерін «орта жастағылармыз» деп есептейді. Өздерін кәрі деп санау көбінесе ауру адамдарда немесе соңғы жылдары жағдайы нашарлаған адамдарда кездеседі.

Барлық жалпы алғанда қарт адамдар қоғамдық санада қабылданған кәрілік стереотипін мойындайды. Адамның өзіндік «мені» қарттықтың стереотипті образының жағымсыз қасиеттерін ендірмейді. Қарт адамдардың уақытша перспективасы өзгеріп отырады. Қарт адамдар өзінің жеке, ішкі мәселелерімен қалып қоймайды. Әлем тағдыры оларды жастарға қарағанда көбірек ойландырады. Өткенге көз салу қарт адамдарға аса тән, басқалары болашақ туралы әңгімелейді және ойлайды. Жас ұлғаюына байланысты уақытша перспектива да қысқара түседі.

Балалар санасы сияқты қарт адамдарда да жақын болашақ алыс болашаққа үстем орын алады. Жеке өмір перспективалары да қысқара түседі. Қарт адамдар мен жастардың уақыт образын салыстыру, бір жағынан алғанда өмірдің тез өтуін көрсетсе, екінші жағынан алғанда, түрлі уақиғалардың аз болуымен сипатталады. Көп жағдайда олар өткен өмірлерін еске алады [4].

Психологиялық қызметте алғашқы әңгімлесу мақсаты қарттың әлеуметтік көмек алуға деген құқығын анықтау болып табылады. Мұнда көп нәрсе әңгіменің сапасына байланысты. Қарттармен әңгіме қарым-қатынас немесе өзара әрекеттесу ретінде дәл анықталады. Адамның мінез-құлқын, мінез-құлқының түрткісінің белгілі және құпия себептерін түсінуге қабілетті болу керек. Мұндай білім психологиялық жұмыстың тиімділігі мен адамдарға шыдамды болуды қамтамасыз етеді. Адамның қандай көмекті іздеп отырғанын зер салып тыңдау және бақылау арқылы объективті фактілер мен субъективті сезімдерді жеке тұлға аралық қатынасқа айналдыра алады.

Әңгіме жүргізудегі негізгі дағдыларға негізгі 10 қағида жатады. Басында қарттарға әңгіменің жалғасатыны туралы хабар беру; әңгімені қарттық жағдайда түсінгеннен кейін бастау; еркін атмосфераны құру үшін тілектес болуға тырысу; жағдайға клиенттің көзімен қарау; адамды сол күйінде қабылдамай, пікір айтудың қауіптілігін сезіну; әлеуметтік қарым-қатынастың дағдыларын дамыту;

мысалы, қарым-қатынасқа көмектесу үшін жалына, басына «ия» не «жоқ» деп жауап беруге болатын сұрақтардан қашу; қарттың орнына сөйлемей, оның орнына ойламау; қатты асықпау, әбігерленбеу және қарттың паузасы мен үндемей отыруына үйрену.

Әр әңгімелесу қандай да бір негізгі мәселені белгілейді, мысалы, қарттың қаражат жағдайын, оның ауруларын, ренжуін, өзіндік қарым-қатынасын және тағы басқа. Әр әңгіменің оның сызбасы болуы керек, басы, ортасы, аяғы. Әрбір келесі әңгіме – кездесу алдыңғы әңгіменің құрамын тіреу етіп алу керек, сонымен қатар жазбаша немесе видеозапись қолданылуы керек.

Әңгімелесу процесінде қайта-қайта қиындықты айнала беруі немесе оны теріске шығаруы қарттың қандай да бір шешім табуына көмектеседі. Қарттардың үндемей қалуы мен оның әңгімесінің бір-біріне сәйкес келмеуіне назар аудару керек. Мысалы, зорлыққа тап болған адам басқаның бұған араласқанын қаламайды. Бұл күтпеген өзгерістер немесе қарттың бір идеяны екіншісімен ойша байланыстыруы, сондықтан бұлардың екеуі де ешнәрсені білдірмейді.

Қарттың әңгіме-интервьюі күнделікті әңгімелерден мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді. Олардың әңгімесінің белгілі мақсатқа жетуге бағытталған тақырыбы болады, әңгіменің уақытша шеңбері анық болады. Өзара қатынастың жағымды және жағымсыз жақтары болады. Соңғы аспектіні толығырақ қарастырайық. Осыдан келіп, әлеуметтік психологтарға мынадай ұсыныстар беруге болады:

- адам мінез-құлқын айқын және құпия себептерін білу және түсінуі керек;
- тұлғааралық қатынастың дағдысы болуы керек;
- сұрақ қоюды өрбіте білуі керек;
- түсініксіздікке әкелетін қатынас бөгеттерін жоюға тырысу.

Қарттарға арнайы ұйымдастырылған әдістемелер арқылы сұрақ-сауалдар қою арқылы олардың жеке ойларын білуге болады. Сұхбат кезінде олар сұхбаттасуға қызығушылық білдіре бермейді, сондықтан олар теріс сезінуді қалыптастырады. Бейімделуі жоқ қарт адамдармен психологиялық жұмыс белсенді әлеуметтік рольді орындауға қоршаған адамдармен қатынас жасауға, өзіндік бағалауды және психологиялық байсалдылықты қолдауға бағытталуы керек. Қарт адамдардың туыстарымен жұмыс жасау консультативтік формада ұйымдастырылуы мүмкін. Қарт адамдардың туыстарына мына жайттерді түсіндіру қажет: әлеуметтік қолдау қарт адамдарға өздерін құзырлы сезінуге көмектеседі, оң сезімдер берілген соң қарт адамдар өздерін басқалардың құрметтейтінін, бағалайтынын және қамқорлық жасайтынын сезіне алады. Бұл қарт жастағы бейімделуге жағдай жасайтын басты фактор болып табылады. Сонымен, қарт жастағы бейімділікті профилактика жасау жұмыстары өзіне психологиялық денсаулықты нығайтуға, проблемаларға барынша тиімді қатынас жасауға бағытталған психологтар мен әлеуметтік педагогтар тарапынан жүргізілетін сабақтарды енгізумен, аталған проблемалар қарт жаста пайда болуымен сипатталады.

Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты – баланың тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдай (әлеуметтік, рухани-адамгершілік, зияткерлік) тудыру, кешенді әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету, сонымен қатар баланы оның өмірлік кеңістігінде қорғау. Әлеуметтік педагог бала мен ересек, бала мен оның ортасында дәнекер, сонымен қатар бала және оның ортасымен тікелей қарым-қатынас жасай отырып, кеңесші де болады. Әлеуметтік педагогтың отбасымен қызметіне әлеуметтік-педагогикалық көмекті құрайтын үш негізгі құрамдас бөлік кіреді: білім беру, оқуға көмектесу және тәрбиелеу.

Қолайсыз отбасы – бұл өмір сүрудің белгілі бір бағытында немесе олардың бірнешеуінде қатар әлеуметтік статусы төмен, оларға артылған қызметтерді атқара алмай отырған отбасылар. Олардың бейімделушілік қасиеттері біршама төмен, баланың отбасылық тәрбиесінде үлкен қиындықтар бар, нәтижесі аз. Бұл жұмыста қолайсыз отбасы ұғымында біз мынаны меңзейміз, бұл отбасында құрылым бұзылған, ішкі шекара байқалмайды, басты отбасылық қызметтер ескерілмейді және құнсызданады, тәрбиеде айқын немесе жасырын ақаулықтар бар, осыған сай ондағы психологиялық климат бұзылады және «қиын балалар» пайда болады. Қолайсыздығы айқын көрінетін отбасының ерекшелігі – отбасы өмірінің бірнеше саласында бірдей ашық көрінетін сипаты бар (мысалы, әлеуметтік және қаржылай деңгейде), немесе тек қана тұлғааралық қарым-қатынас деңгейіндегі сипаты айқын, бұл отбасылық топтағы қолайсыз психологиялық ахуалға әкеледі. Жайсыз отбасы мүшелеріне көрсетілетін әлеуметтік-педагогикалық көмектің түрлеріне тоқталатын болсақ. Әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмысының бір түрі – әлеуметтік патронаж, алдын-алу, бақылау, бейімдеу мақсаттарымен отбасының үйіне бару, бұл отбасымен ұзақ мерзімді байланыс ұстауға мүмкіндік береді. Оның проблемалық жағдайы дер кезінде анықталып, уақтылы көмек көрсетіледі.

Жалынды жастардың сапалы білім алуы үшін мемлекет өз тарапынан барынша көмек қолын созып жатқаны мәлім. Түрлі топ, ұйымдар құрылып жағдайы төмен отбасылардың жағдайын бақылауда ұстап, олардың балаларының алаңсыз білім алуына барлық жағдайды жасайды. Осы тұста «Қамқорлық» кешенді бағдарламасын ауыз толытырып айтуға болады [2]. Бұл бағдарламалар аясында жағдайы төмен отбасыларға көмек қолын созып, оларды аяққа тұрғызғанша жұмыс жасайды. Осы «Қамқорлық» жобасы бойынша көптеген отбасылар баспаналы болып және балалар мектепке қажетті заттар мен құралдарға ие болды.

Бала құқығын қорғау туралы заң бүкіл әлемдегі мемлекеттерде бар заңдардың бірі. Қазақстан сол заңға 1989 жылы мақұлдап қол қойды. Ол заң Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған «Бала құқығы туралы конвенция». Бұл конвенцияның негізгі төрт талабы болды. Ол талаптар: (1- кесте)



(1- сурет) Бала құқығы туралы конвенция

Елімізде дүниеге келген әр бір азамат пен азаматшаға денсаулығын мен тыныштығын күзету, білім алу мен еңбек ету шарттарын Қазақстан Республикасының Ата Заңы толыққанды қорғайды. Ата Заң бойынша Қазақстан Республикасы «Баланың құқықтары туралы» заңы 2002 жылы қабылданып, заңды күшіне енген болатын. Осы заңға сәйкес еліміздегі әрбір бала сапалы білім алуға құқылы. Балалардың білім алуына ең алғы шарт мектеп болып саналады. Мектеп табалдырығында баланың отбасылық жағдайын бақылауда ұстайтын әлеуметтік педагогтар болып есептеледі. Аз қамтылған отбасылар жағдайының бақылауда ұстап, сол отбасыдан шыққан балалардың жақсы білім алуын қадағалайды. Осы тұста әлеуметтік педагогтың негізгі мақсаты – балаларға әлеуметтік көмек ұйымдастырып, тек көмек қана беруші ғана емес, сонымен бірге мәселені шешуге көмек қолын созатын, өзінің өмір атты үлкен теңізде жолын табуға септігін тигізеді. Рухани жан дүниесін танып білу жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады. Қазіргі кезде елімізде аз қамтылған отбасылар қатарына табыс көзі 22 859 теңгеден төмен болған жағдайда енеді. Осы тұста жағдайы төмен

отбасыларға көп балалы отбасы мен жоғарыда көрсетілген суммадан аз табатын отбасылар кіретінін еске салып өткеніміз жөн болар. Аз қамтылған отбасылар мектеп басшылығының назарында болады. Оларға мемлекеттен бөлінген түрлі жәрдемдер, көмектер әлеуметтік педагогтар арқылы құлақдар болып, әлеуметтік педагогтармен тікелей тығыз байланысты.

Әлеуметтің педагогтың аз қамтылған отбасымен жұмыс жасауы үш тармақтан тұрады. Олар: балаларды тегін мектеп қабырғасында тамақтандыруды ұйымдастыру, жол ақысын төлеу және соңғысы әлеуметтік және мемлекеттік жәрдем алуына көмектесу. Енді әлеуметтік педагогтар аз қамтылған отбасымен байланысу алгоритмін жасап көрейік. (2- кесте)

Кезеңдер	Әдіс-тәсіл
Отбасы жайынмен мәлімет жинау	Қадағалау, әңгімелесу, тестілеу
Жанұяның жағдайын жақсарту мүмкіндіктерін анықтау.	Әңгімелесу
Жанұя мүшелерімен қарым-қатынас орнату	Кеңес беру, тренинг
Жанұя мүшелеріне жақсы болжамдар беру	Әңгімелесу
Отбасының тәрбиелік жағдайын қадағалау	Қадағалау, әңгімелесу
Жұмыстың дәрежесін жақсы жағына өскенін көрсету	Тестілеу
Жасөспірімдердің құқықтарын қолдау қызметімен жұмыс жүргізу	Хаттар және өтініштер

2-кесте. Әлеуметтің педагогтың жағдайы төмен отбасымен байланысу алгоритмі

Осы алгоритім бойынша еліміздің барлық мектептері жұмыс артқарады. Және жақында ғана Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі қоғамдық қабылдауы өзінің әлеуметтік желісінде жағдайы төмен отбасыдан шыққан балаларға мемлекет тарапынан жолда жүру билетін жеңілдік ұсынылады, азық-түліктен бөлек, мектеп қабырғасында тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету, балаларға киімдер мен қатар мектепке қажетті құрал-жабдықтар беріледі деп хабарлаған болатын. Соның ішінде, ұлдарға арналған мектеп киімдеріне төменде көрсетілген заттар кіреді. Олар: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік көйлек, күнделікті киюге көйлек, ал қыздарға, классикалық жейде, сарафан, жилет, пиджак, белдемше беріледі. Мектепке қажетті құрал-сайманда үш этапқа бөлініп беріледі. Бірінші, бастауыш сыныптар, екінші орта мектеп оқушылары, үшінші жоғарғы сынып деп [3]. Баланың қай сыныпта оқитынына қарай түрліше, жасына және сыныбына байланысты құралдар беріледі. Осы аталған көмектердің барлығы мектеп басшылығына беріліп ол әлеуметтік педагогтарға сеніп тапсырылады. Әлеуметтік педагогтар балаларға осы заттарды табыс ету мен олардың оқуға, ғылымға деген сүйіспеншілін арттырып, оларды психологиялық тұрғыда көмек беруі арқылы тұлғаны қалыптастырады. Бұл балалар үшін өте маңызды. Көп жағдайда балалар өзінің аз қамтылған отбасынан шыққанын намыс көріп, көптеген психологиялық соққылар алып жатады. Балалар арасында сыныпта өзара бөліну факторлары болып жатады. Бірақ, бала бұл туралы ата-анасын уайымға салмау үшін көп жағдайда жасырын ұстайды. Осы аталған жағдайларды болдырмау үшін балалаға психологтың көмегі керек болады. Баланың өзіне сенімсіздігі, жасқаншақтығы бала дамуына теріс әсерін тигізетіні анық. Жасөспірімдердің қоғамнан шетте қалмауы үшін әлеуметтік педагог болашағына сенімділік беретін ертегідегі құтқарушы болып көрінеті анық. Сондықтан, әлеуметтік педагогтарға деген жауапгершілік арта түседі. Балалармен заманауи бағытта жұмыс артқару тиіс.

Қорытындылай келе, өскелең бала болашағы бұл ел болашағы. Олардың сапалы білім алып, білікті маман болуына мемлекет барлық жағдайды жасары хақ. Қоғамыздағы жағдайы төмен отбасылар санын азайту қазіргі таңда мемлекеттің алдына қойған мақсаттардың бірі. Әлеуметтік педагогтар және де басқа да ұстаздар қауымының ойында қазіргі таңда «Балаларды қалай қорғасақ болады, дұрыс тәлім-тәрбие қалай берсек екен, еш қамсыз сабақ оқи алатындай жағдайын қалай

жақсартсақ екен» деген сұраққа жауап іздеп жүруі тиіс. Әлеуметтік педагогтың міндеті баланың жай-күйін зерттеп, зерделеп, мемлекет пен қоғам арасындағы, жанұя мен білім беру мекемесі мектеп арасындағы байланысты орнықтыру болып табылады. Және де қиын бала мен жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларға, қамқорлықтағы балаларға түрліше жұмыстар жүргізіп, қоғамнан алыстатпай, дұрыс тәрбиелеу басты жұмыстарының бірі болып қала береді. Ақын, халық көңілінен орын ала білген тұлға Музафар Әлімбаевтың мына сөзі еске оралады «Шәкіртке ұстаз болу – ізгілік, ұстазға ұстаз болу - даналық» деген. Әрбір әлеуметтік педагог өз жұмысын шебер атқарса, онда ол ұлтқа, елге жанашыр ұстаз болғаны.

Әдебиеттер

1. «Болашақ» газеті, 07(1035) санынан, 2020 жыл
2. «Оңтүстік Қазақстан» 18 санынан, 2020 жыл, 6 ақпан
3. Телеграм әлеуметтік желісінен ҚР Президенті Әкімшілігінің ресми парақшасынан, 2020 жыл
4. Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану журналы 5-6 санынан, 2016 жыл
5. Бөкешова А.Қ., Раимбаев М.М., Игілік Ж.А. Мектептегі әлеуметтік педагогтың қызметін ұйымдастыру және іс-қағаздарды жүргізу (әдістемелік нұсқаулық), 2016 жыл.

Умирзакова Г.К.

*(Қайназар №1 орта мектеп бастауыш мектебі,
Алматы облысы, Жамбыл ауданы)*

БІЛІМ МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЙЫНДАУ САПАСЫ

Қазіргі қоғамда кез келген ұйымның жетекші звеносы менеджерлер болып табылады. Білім беру ұйымдарының нарығы кәсіби деңгейі жоғары басқарушылар - менеджерлерді талап етеді [1]. Ал, оларды дайындаумен елімізде көптеген ЖОО мен салалық колледжер айналысады.

Қазіргі таңдағы білім менеджерлерінің кәсіби мәртебесі негізгі екі құрамнан тұрады: алған теориялық білімі мен соған сәйкес дипломы және ұйымдастырушылық мәселелерді шешу технологияларын, білік, дағдысының жиынтығын қамтитын кәсібилігі. Көптеген зерттеушілер білім берудегі менеджмент кәсібилікпен және ұлттық басқару қағидаларын қалыптастырумен байланысты деген пікірді ұстанады [2]. Өкінішке орай, білім менеджерлерін дайындау мен кәсіби сапасын арттыру жүйесі білім беру менеджменті саласынан жеткілікті деңгейде жеке құрылым ретінде әлі бөлініп қарастырылмаған. Сәйкесінше, оқытудың арнайы бағдарламалары мен әдістері анықталмаған, оқу жоспарлары мен менеджерлерді оқыту тәсілдері болашақ кәсіби іс-әрекеттің талаптары мен мамандық бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарына сай келмей жататын жағдайлар да орын алуда [3].

Кәсіби оқытудың шетелдік теориясы мен тәжірибесінде бизнес-білім беру бағдарламалары кең қолданысқа ие. Мұндай бағдарламалар бізде де бар, алайда олар арнайы тәжірибесі бар менеджерлерді дайындау мен қайта дайындауға бағытталған. Дегенмен де, білім берудегі менеджмент менеджерлерді кәсіби дайындаудың жүйесі болып қала беру керек, ал бизнес-білім берулер осы жүйенің белгілі бір дейгейіне айналуы керек.

Г.Х. Поповтың «Басқару теориясының мәселелері» (1977) кітабында басқарушыларға арналған мектептердің кең көлемді жүйесін құру ұсынылған болатын. Оның пікірінше, «басқарушы - бұл қызмет емес, ерекше білімдер жүйесін қамтитын мамандық» делінген [2]. Демек, біз бұл мамандық иелерін тек дайындап қана қоймай, оның сапасын арттырып, кәсіби тұрғыда үнемі дамып отыруын қамтамасыз етуіміз керек.

Қазіргі таңда еліміздегі көптеген зерттеушілер білім менеджерлерін дайындауда ұлттық басқару қағидасын ұстануды ұсынып отыр. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, басқаруда нарыққа көшу үрдісі білім менеджерлерін дайындаудың жаңа тұрғыларын анықтайды.

Кеңес одағы кезінде менеджерлердің кәсіби өсу динамикасы өз заңдылықтарына сәйкес белгілі бір жүйе бойынша жүзеге асып отырған (мәселен, 3 жылға дейін мұғалім, директордың орынбасары және ары қарай директор дегендей). Алайда, қазіргі нарық заманында ұйым менеджерлерінің бойыннан талдау, жоспарлау, басқару, бәсекеге қабілетті болу секілді сапалар талап етіледі. Яғни, осы

категориядағы мамандарды дайындау сапасын арттыруға деген қызығушылық басымдық танытып отыр. Бұл сұрақтар білім менеджерлерін дайындаудың ұлттық үлгісін құрумен шешімін табады.


Білім менеджерлерін дайындау саласында білім берудегі менеджменттің екі негізгі базалық үлгісі қолданылады: еуропалық (германиялық) және америкалық [4].

Еуропалық үлгі жоғары кәсіби білімді экономикалық, инженерлік, гуманитарлық бағыттар бойынша бөлуге бағытталған және менеджерлер білім алып, өз кәсіби біліктілігін үнемі дамытып отыруы тиіс. Яғни, менеджерлер қысқа мерзімді бағдарламалар арқылы басқаруға қатысты маңызды мәселелер төңірегінде өз білімі мен білігін ұдайы арттырып отырады. Бұл үлгі «тәжірибеден кейінгі білім беру» - post-experience деп аталады.

Ал, «кәсіби менеджерлер» деп аталатын америкалық үлгі білім менеджерлерін дайындауда негізгі орталық ретінде бизнес-мектептерді құруға бағытталған.

Отандық және шетелдік авторлардың экономикалық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттеріне талдау жасай отырып, білім менеджерлерінің кәсіби сапаларының қалыптасуы мен құрылуына бағытталған көптеген зерттеулердің жеткілікті екендігіне көзім жетті.

Шет елдердегі менеджерлерді дайындау ерекшеліктерін талдай отырып, менеджменттің 3 үлкен мектебін бөліп көрсетуге болады (1 сызба):



1 сызба - шетелдік тәжірибелердегі менеджерлерді оқыту тұрғылары

АҚШ-тағы менеджмент кәсіби біліктілік пен ұйымдастырушылық қабілеттерді қалыптастыруға негізделеді. Жапония білім менеджерлерін дайындауда «ұжымдық» теорияны қолданады. Жұмысқа қабілеттілік, үнемі өз-өзін дамытуды жүзеге асыру, тәртіп және ұжымдық жұмыс - білім менеджерлерінің кәсіби маңызды сапасы болып табылады. Еуропалық менеджмент көптеген елдердің теориясы мен тәжірибесінің бірлігін негізге алғанымен, америкалық жүйеге сүйенеді. Сәйкесінше, білім менеджерлерін дайындайтын атақты білім беру ұйымдарын төмендегідей сызбаға салып көрсетуге болады (2 сызба):




2 сызба - менеджерлерді дайындайтын атақты мектептер

Шет елдердегі менеджерлерді дайындау сапасына салыстырмалы талдау жасау арқылы біз елімізде бұл мәселе қалай шешімін табуда деген сұраққа жауап іздеп көрдік. Елімізде білім менеджерлерінің кәсіби сапаларына теориялық білімінің болуы және экономикалық, басқарушылық, зерттеушілік, жобалық сипаттағы кәсіби міндеттерді шеше алу қабілеті жатады (3 сызба).



3 сызба - Қазақстанда менеджерлерді дайындаудағы негізгі басты кәсіби сапалар.

Біздің елде «менеджер» ұғымы ең алдымен кәсіби басқарушылық базалық білімі бар, жаңа типтегі басшы ретінде түсіндіріледі. Бұл түсінік білім беру мекемесінің басқарушысына тікелей қатысты. Себебі, қазір білім беру мекемелерін басқару - кез келген адамның жинақтай алатын тәжірибесі ғана емес, ол терең меңгеруді қажет ететін ғылыми білімдер жүйесі және туа біткен қабілетті, ерекше дарындылықты, көшбасшылық қасиеттерді талап ететін өнер түрі. Осындай психологиялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік сияқты күрделі процестер мен қатынастарды саналы түрде реттеуді жүзеге асыратын білім менеджерлерін дайындауды елімізде төмендегідей білім ошақтары қамтамасыз етеді (4 сызба):



4 сызба - Қазақстанда менеджерлерді дайындаудың негізгі мектептері

Менеджменттің қазіргі құралдары мен технологияларын ескере отырып, білім менеджерлерін дайындау үш бағыт бойынша жобалануы керек [5]:

- деңгейлік және үздіксіз кәсіби дайындық және тәжірибені арттыру;
- ұйымдарда және сыртқы ортада әлеуметтік қатынастың технологияларын игеру;
- технологиялық және әлеуметтік басқару процесі ретінде білім беру менеджменті саласында білім алу;

Осы орайда, білім менеджерінің іс-әрекеті әлеуметтік құбылыс ретінде бірнеше талаптарды қажет ететіндігін айта кеткен жөн:

- білім менеджері көрсететін көмек пен қызметті бағалауды;
- білім беруді дамытуға бағытталған білім менеджері іс-әрекетінің әмбебаптылығын мойындауды;
- білім беру құрылымдарының ұйымдастырушылық-мәдени ортасын өзгертуді;
- білім беру мекемесінің мәдени құндылығы үшін білім менеджерінің тұлғалық маңыздылығын мойындауды және т.б.

Жоғарыдағы мәлеметтерге сүйене отырып, еліміздегі білім менеджерлерін дайындау сапасын жақсартуға бағытталған бірнеше іс-шараларды атап айтуға болады:

1. Қазіргі заманғы білім беру менеджерлерінің құзыреттілігін айқындау;
2. Білім беру менеджерлерін дайындау мен кәсіби дамыту концепциясын, жүйелік үлгісін ұсыну;
3. Түрлі салалардағы менеджерлерді дайындау нарығының қажеттіліктеріне үнемі мониторинг жасалуы керек. Осы қажеттіліктерге сәйкес білім берудегі менеджменттің ұлттық жүйесін құру;
4. Менеджердің тұлғалық және кәсіби сапаларының дамуы үшін білім маршрутын қалыптастыруға бағытталған кәсіби білім берудің үздіксіз үлгісін енгізу;
5. Менеджерлерді дайындаудың халықаралық бағдарламаларына қатысу [6];

Қорыта келгенде, менеджментте адам - құрал емес, мақсат. Ақылды жапондықтар автомобильден адамды - автомобиль жасаушыны жоғары қойып отыр. Табыстың сыры да осында. Менеджментке тән белгі, оның өзегі «адамға» бағытталғандығы, ал осы «адам капиталын» табысты басқарып, мақсатқа жетуде кәсіби құзыреттілігін тиімді пайдаланатын білім менеджерлерін сапалы даярлаудың маңыздылығы осында. Бұған ҚР тұңғыш президенті, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындағы: «Білімді дамыта білмейтін ел ХХІ ғасырда сәтсіздікке ұшырайды. Біз келешектің ғылыми өндірісі үшін жоғары технологиялы кадрлық қор қалыптастыруымыз керек. Біз заманауи білім беру жүйесі мен кең масштабты, жаңаша ойлайтын менеджерлерсіз инновациялық экономиканы құра алмаймыз» деген сөзі дәлел.

Әдебиеттер

1. Коротков Э. Итоги, приоритеты и перспективы работы УМО вузов России по образованию в области менеджмента в 2005 году // Вестник университета. - 2005. - №15. - С.5-19.
2. Попов Г.Х. Проблемы теории управления. - М.: Экономика, 1977.
3. Абрамов Р.Н. Российские менеджеры: социологический анализ становления профессии. - М.: Комкнига, 2005.
4. Бизнес-образование в России: аналит.справочник. М.: Консэко, 1998. С.240.
5. Бавина П.А. Структурирование содержания уровневых образовательных программ. // Высшее образование в России. - 2012. - №2. - С.3-8.
6. Шемятихина Л.Ю. Национальные модели формирования менеджеров // Бизнес: экономика, управление и право: Сб.материалов междунар.науч.-практ.конф./ Под ред. проф. И.В. Скопиной. - Киров: ООО «МЦНИП», 2006. - С.60-65.

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ
БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫНЫҢ 80-ЖЫЛДЫҚ
МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН
«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ТАЛАБЫ
ТҰРҒЫСЫНАН БІЛІМ САПАСЫ»
АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ**

**КРУГЛЫЙ СТОЛ
«КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ С ПОЗИЦИИ ТРЕБОВАНИЙ
МЕЖДУНАРОДНЫХ И ОТЕЧЕСТВЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ»,
ПОСВЯЩЕННЫЙ 80-ЛЕТИЮ КАФЕДРЫ ПЕДАГОГИКИ И
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО МЕНЕДЖМЕНТА
КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ**

Мынбаева А.К.

(Казахский национальный университет им.аль-Фараби г. Алматы)

**ИСТОРИЯ КАФЕДРЫ ПЕДАГОГИКИ
В КАЗАХСКОМ НАЦИОНАЛЬНОМ УНИВЕРСИТЕТЕ ИМ.АЛЬ-ФАРАБИ:
ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ И ОСОБАЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ СРЕДА**

Кафедра педагогики и образовательного менеджмента КазНУ им.аль-Фараби имеет богатейшую 80-летнюю историю становления. Она была основана как кабинет педагогики в 1937 году, хотя датой рождения кафедры педагогики в университете считается 1940 год (рис.1). Заведующим кабинетом был кандидат педагогических наук, доцент Султанбек Кожаметов (1912-1945). Личность дидакта С.Кожаметова поистине легендарная. Он первый ученый, который защитился в Ученом совете КазГУ по педагогике на казахском языке в 1938 г. Тема его кандидатской диссертации “Совет мектебінің негізгі дидактикалық принциптері”. В ней он систематизировал дидактические принципы казахской советской школы. В 1940 г. был призван в ряды Красной Армии, участвовал в Великой Отечественной войне. Был ранен, попал в плен (рис.2). В 2012 г. кафедра провела круглый стол в честь 100-летнего юбилея ученого – одного из первых дидактов Казахстана [1].

Наглядно на рисунках 1 и 3 систематизированы даты и представлена периодизация развития кафедры. Долгое время кафедра педагогики находилась в составе историко-филологического факультета, что сказалось на выборе и проведении научных исследований учеными кафедры. Большой вклад в исторические исследования о прошлом системы образования в XVIII-XIX веках начала XX века внесли Т.Тажибаев [2-3], А.И.Сембаев [4], К.Б. Бержанов [5], их школы и другие ученые кафедры. С 1980 года кафедра стала носить статус общеуниверситетской кафедры, в этот период на кафедре выполнялись различные исследования, больше образовательного характера: становления педагогики высшей школы, развития преподавательской и методической, воспитательной деятельности и др. С 2009 года кафедра вошла в состав факультета философии и политологии.




Рисунок 1 – Вехи развития кафедры в университете

Такая интеграция была закономерна и связана с расширением подготовки и выпуска специалистов – педагогов-психологов в бакалавриате и магистратуре. Таким образом, кафедра стала, с одной стороны, *старейшей кафедрой на факультете*, с другой стороны, *самой молодой* в организационной структуре факультета философии и политологии.

Интеграция кафедры в состав *факультета философии и политологии* помогла расширить специальности подготовки – открыть новую казахстанскую специальность «Социальная педагогика и самопознание» на уровне бакалавриата и магистратуры в университете, а также постепенно открыть докторантуры PhD по «Педагогике и психологии», «Социальной педагогике и самопознанию». Позитивным процесс интеграции помогли сделать руководители факультета – д.филос.н., проф. А.Т. Кульсариева и д.филос.н., проф. А.Р. Масалимова.



Рисунок 2 – История кафедры в лицах руководителей кафедры

В целом, развитие кафедры можно разделить на два периода и 4 этапа (рисунок 3). Это совестский период и период Независимого Казахстана, а также этапы:

- Советский период: 1 этап – открытие и становление кафедры педагогики КазНУ (1940-1970-е годы), 2 этап – развитие кафедры педагогики как общеуниверситетского и республиканского методического и научного центра (1980-1991 гг.);

- период Независимости Казахстана - 3 этап – становление кафедры как выпускающей кафедры в условиях построения национальной системы образования и начало международного сотрудничества (1991-2010 гг.); 4 этап – активная интеграция в мировое научно-образовательное пространство и стратегическое развития кафедры (с 2010 года). В развитие кафедры большую лепту внесли заведующие кафедрой советского периода времени и независимого Казахстана **к.п.н., доцент Ш. Кокымбаев, д.п.н., профессор Т. Тажибаев, к.п.н., доц. Г.А. Спешилова, д.п.н., профессора А.И. Сембаев, К.Б. Бержанов, Х.А. Аргынов, А. Омаров, Б.Ж. Садыков, Г.К. Ахметова, З.А. Исаева** и др.[6]

На кафедре долгое время более 10 лет работали доктора педагогических наук, профессора А.Т. Табылдиев, Ж.Р. Баширова, кандидаты наук, доценты З.У. Жантекеева, Т.М. Мурзабекова, М.М. Кудабая, Т.М. Мешитбаев, Е.Б. Дайрабаев, В.И. Копылов, Л.К. Туркпенова (Ибрашева), доцент КазНУ К.Ж. Жолтаева, ст.преподаватель Р. Хисматуллина, ст.преподаватель С.Д. Есенжолова, к.п.н., доц. В.Т. Тихомирова, В.В. Шахгулари, к.пед.н., доцент А.Б. Айтбаева и др.



Рисунок 2 – Периодизация развития кафедры педагогики в советское время и в период Независимости Казахстана

Выпускающей кафедрой педагогики за 10 лет в составе факультета философии и политологии дана путевка в жизненному поколению специалистов: более 700 педагогам-психологам, социальным педагогам, учителям «Самопознания», менеджерам образования. Отличительная особенность наших выпускников по сравнению с другими вузами – исследовательская и инновационная направленность психолого-педагогической и социально-педагогической деятельности. Образовательные программы за это время получили новое качественное развитие - была получена международная аккредитация обоих направлений специальностей международными агентствами AQA, AQIN, почти ежегодно специальности бакалавриата-магистратуры-докторантуры обоих специальностей получают первые места в республиканском рейтинге специальностей, студенты получили дипломы первой степени на международных олимпиадах и конкурсах, и др. Запоминающимися для студентов бакалаврита были учебно-деловые поездки в «Артек» (Украина), на Герценовские олимпиады (Санкт-Петербург, Россия), академическая мобильность в Польшу; научные стажировки магистрантов и докторантов в ведущие университеты мира: европейских стран – Германии, Польши, Венгрии, Болгарии, Литвы, а также Азии – Турции, Южной Кореи, Малайзии и др.

Обогащение академической среды факультета имело двусторонний характер. Инициативы преподавателей кафедры с 2010 годов в виде проведения зимних тренингов для ППС, сначала реализованные на факультете под эгидой методбюро, затем распространились на университет в целом.

Ежегодно факультет принимает в гости на тренинги, например, по воспитательной работе Школы кураторов-эдвайзеров, преподавателей всех факультетов университета. Такие тренинги не только наделяют преподавателей новыми знаниями, инновациями и компетенциями, но и позволяют обмениваться опытом, зарядиться энергией корпоративного общения¹, помогают развить общую организационную культуру, укрепить академический дух университета. По-сути, именно в составе факультета философии и политологии, в единой семье социально-гуманитарных наук – философии, культурологии, политологии, социологии, психологии, религиоведения – мы смогли достичь позитивных успехов, обогащая и подпитывая новыми идеями, энергией и делами друг друга. Другой пример, кафедра начинала первой на факультете проводить вебинары по различным вопросам научного сотрудничества и коллаборации. Например, 18 ноября 2019 г. состоялся вебинар с украинскими коллегами из Сумского областного института последипломного образования (зав.каф.социально-гуманитарного образования, к.филос.н., доц. Жук М.В., зав.каф.педагогика, специального образования и менеджмента к.п.н., доц. Зосименко О.В. и др.).

За период независимости кафедра выиграла и активно выполняла более 10 научно-исследовательских проектов как в области педагогики, так и на стыке педагогики, психологии, политологии и др. Это были проекты фундаментальных и прикладных исследований МОН РК, МИ РК, Фонда Первого Президента – Лидера Нации. Исследования были посвящены актуальным тематикам: переводу мирового педагогического наследия второй половины XX века; профилактике профессиональных деформаций педагогов; развитию интеллекта и творческих способностей студентов; исследованию образовательной политики; профилактике суицида среди молодежи; развитию компетенций по профессиональному самоопределению молодежи; исследованию децентрализации и автономии университетов в Казахстане и мире, разработке инновационных стратегий воспитания студентов, и др.

Формирование КазГУ им.С.Кирова – КазНУ им.аль-Фараби сначала как единственного университета в республике (до 70-х гг. XX века), а затем как исследовательского университета позволило углубить научную составляющую в развитии кафедры, поисково-педагогический, исследовательский подход в образовании и педагогической науке.

Расширялись и укреплялись научные школы кафедры, заложенные в XX веке еще академиком Т.Тажibaевым, профессорами А.И. Сембаевым, К.Б. Бержановым, Х.К. Аргыновым, А.Омаровым; в ХХI в. – профессорами Г.К. Ахметовой, З.А. Исаевой, Ж.Р. Башировой, А.Т. Табылдиевым и др. Их имена представлены в Летописи университета [7-8].

Новое поколение ученых закрепляют и продолжают их традиции. В состав кафедры влились с 2012 года профессора Ш.Т. Таубаева, К.Ж. Кожакметова, З.Б. Мадалиева, А.К. Кусаинов, Н.А. Асанов и др. Выросли доктора наук А.К. Мынбаева, А.А. Булатбаева, А.Б. Мукашева, к.п.н., и.о. проф. Н.С. Алгожаева, кандидаты наук У.Б. Толешова, Г.А. Мамырбекова, Г.А. Касен, З.М. Садвакасова, Н.Анарбек, М.Д. Шагырбаева, А.М. Кудайбергенова, А.Б. Отарбаева, Е.С. Оналбеков, доктора PhD З.У. Ельбаева, Д.Ертаргынкызы, Д.И. Мухатаева, П.Т. Абдуллаева и др. Сейчас трудятся доктора наук С.М. Пузикова, А.С. Магауова, кандидаты наук Б.А. Аринова, К.Ш. Молдасан, Ж.Ш. Бактыбаев, А.М. Сембаева и др.

На кафедре продолжают традиции, заложенные плеядой выдающихся ученых и педагогов XX века, а также крупными педагогами-учеными современности – начала ХХI века – лидерами образовательной деятельности Казахстан. Это традиции:

- **единства педагогических научных исследований и преподавания** в университете;
- **постоянное развитие профессионального мастерства и компетенций педагогов**, профессиональный и карьерный рост профессорско-преподавательского состава;
- **культивирование научных школ** и открытие **новых** научно-педагогических направлений исследований; **лидерство** в проведении психолого-педагогических **научных исследований**, функционирование постоянно действующего научного методологического семинара;
- **культивирование национальных традиций воспитания и образования и интеграция в мировое образовательное пространство**;
- **ориентация на сохранение отечественных традиций** и развитие **инноваций** в педагогическом образовании;
- **активное вовлечение студентов в науку**;

¹ Общение – от слова общий

- **единство** теоретической и **практической** подготовки студентов, **партнерское сотрудничество** со школами, центрами социальной поддержки, НИИ и расширение баз практик;
- **открытость** и развитие **устойчивых международных научных связей** с вузами и научными организациями стран СНГ, ведущих зарубежных стран мира;
- **лидерство** в совершенствовании **педагогической, методической, воспитательной подготовки** ППС университета, учителей школ, менеджеров образования (Институт повышения педагогического мастерства в 70-80 гг. XX в. ⇒ Школа кураторов-эдвайзеров – с 2010 г.);
- **- междисциплинарное сотрудничество** с ведущими учеными социально-гуманитарных наук и естественнонаучных направлений;
- и другие.

Важная задача преподавателей и университета, реализуя тренды цифровизации и глобализации общества, сохранить свою духовность, национальную идентичность, идя к новым научным открытиям человечества.

Литература

- 1 Ельбаева З., Мухангалиева Р.А. С. Қожахметов және оның педагогикалық мұраларындағы дидактиканың дамуы // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2012. - №.3. - С. 4-7.
2. Тажибаев Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. – Алматы, 1962.
3. Тажибаев Т. Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX в. - Алма-Ата: Казахстан, 1965.
- 4 Сембаев А.И. Очерки по истории казахской советской школы. – Алма-Ата: КазУчПедГИЗ, 1958. –327 с.
- 5 Бержанов К.Б., Мусин С.Т. Педагогика тарихы. – Алма-Ата: Мектеп, 1974.
- 6 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі педагогика ғылымы: тарих және қазіргі заман: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің педагогика кафедрасына 70-жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 64 б.
- 7 Летопись Казахского национального университета имени аль-Фараби. 1934-1960. - Т.1. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.
- 8 Летопись Казахского национального университета имени аль-Фараби. 1961-1990. - Т.2. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.

Әлқожаева Н.С.

(әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӘДІСНАМАСЫН ДАМУШЫ ҒАЛЫМ - ШӘРКҮЛ ТАУБАЙҚЫЗЫ

Биылғы 2020 жыл - мерейтойларға бай жыл. Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабиге 1150 жыл, философ-ақын Абай Құнанбаевқа - 175 жыл, Қазақстанда психология ғылымының негізін салушы Төлеген Тәжібаевқа - 110 жыл толып, республика көлемінде игі істер мен тәлімдік шаралар мәнді де мағыналы өтіп жатыр.

Осыларға тұспа-тұс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының 80 жылдығы да аталуда. Кафедрамызда мақтан тұтар ғалымдарымыз жеткілікті. Сол ұстаздар ішінен ширек ғасыр кафедрада педагогиканың әдіснамасын үйретіп келе жатқан Шәркүл Таубайқызы туралы айтып өткенді жөн көрдім.

Шәркүл Таубайқызыөзінің саналы өмірін ғылымға арнап еңбек етуде. Ұстаз үнемі өзін жетілдірумен келеді, әсіресе «Болашақ» бағдарламасымен Мәскеуге барып оқып келгенінің өзі ерлікке тән. Шәркүл Таубайқызының өзінің кәсібін жақсы көргені сонша еңбек еткеніне қуанады әрі содан ғылыми шабыт алады. Кім қай ғылыми бағытта жұмыс жасайтынын, тіпті қай жылы, қандай тақырыпта қорғағанын да біліп, айтып отырады. Бұл ол ғалымның есте сақтау қабілетінің ерекшелігі және ол зерттеулерге өзінің қатысының болғандығы деп білемін.

Педагогика саласындағы ғалымдардың арасында барынша танымал, біріне ғылыми жетекші, не кеңесші, не сабақ берген, бірінің оппоненті, бірімен әріптес болған. Менің «*XIX ғ. екінші жартысындағы ағартушы мұраларындағы имандылық идеялар*» тақырыбындағы ғылыми жұмысыма ғылым парадигмасы тұрғысынан өз пікірін білдіріп, талқылауға қатысып, әріптес ретінде өз көзқарасын білдірді, ол үнемі пікірлесе отырып, кеңес береді, ой жүйенді өзіне жасатқызады,

сондықтан да Шәркүл Таубайқызын ұстазым деп те айта аламын. Оның қолынан кітап түспейді, ылғи жаңа идеяларды тұжырымдап жүреді, еңбектермен, өз кітаптарымен барлық адамдармен бөліседі және сол тұрғыда келелі идеялар айта алады. Қай кезде болмасын үнемі ізденісте жүреді, сол ізденістерінің нәтижелері оның өзінің зерттеу бағытынан қисынды туындаған шығармашылығы мен ғылыми кеңістігіндегі шәкірттері.

Ғалым әлемдік озық жоғары оқу орындары білім алушылардың академиялық сауаттылығына, яғни *академиялық оқу, академиялық жазу және академиялық сөйлеу сауаттылығын* меңгеруіне басымдық беріп отырғанын өз тәжірибесінде басшылыққа алады. Шәркүл Таубайқызы докторантура ашылғалы 2011 жылдан бастап, «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» атты міндетті пәннен дәріс береді.

Ғалымның пікірінше, қазіргі докторанттар үшін маңыздысы ауызша баяндау қабілеті, себебі олардың докторлық диссертацияны жазып дайындау барысында зерттеу тақырыбының көкейкестілігін негіздеу, зерттеуінің нәтижелерін ғылыми тілде түсіндіру, ғылым әдіснамасы жайлы пікір сайыстарға қатысу, өз зерттеуі туралы форумдарда сөйлеу, диссертацияны қорғау сияқты қажетті жұмыс түрлері оның оқу, жазу сауаттылығынан бөлек академиялық сөйлеу құзыреттілігін талап етеді. Осы жайтты ескере отырып, докторантқа өз ойын жазбаша және ауызша жеткізуге үйрететін «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәніне үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр.

Докторантураға түскендердің деңгейі магистратурадағы әдіснамалық білімдерді, біліктерді, дағдыларды терең меңгергендігін аңғартпады, демек бұл тұста докторантурадағы әдіснамалық білім өткенді еске түсірумен шектелмей, білім алушыларға тұжырымдамалық деңгейде берілгені пайдалы. Сондықтан республикамызда 2011 жылы Білім және ғылым министрлігі аталмыш пәнді міндетті пән ретінде енгізді. Себебі XX ғ.соңы мен XXI ғ. басында ғалымдар тағы да педагогика ғылымы мен практикасының даму үдерісін талдауда білім беру мен педагогиканың философиясын және әдіснамасын жаңаша қарастыруда.

Ғалым-ұстаз Ш.Т. Таубаеваның ***«Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы» пәнін оқыту жүйесіне мыналарды енгізуге болады деп есептейміз: докторанттарды әдіснамалық ойлауға баулу, зерттеудің логикасын анықтау және оны жүргізуге үйрету, оларда ғылыми жұмысты ұйымдастыру мен басқару, білім беру саласында стратегия мен тактика жасай алу, сараптама бере алу құзыреттіліктерін қалыптастыру.***

Кафедрада осы жүйені қамтамасыз ететін білім алушылардың танымдық, кәсіби, өмірлік, менталдық тәжірибесіне сәйкес технологияларды ұстздар кеңінен қолдануда. Олардың ішінде *оқытудың базалық техникасына* баса назар аударылды, сол себепті докторанттарға берілетін білімдер жүйесін *академиялық сауаттылықтың құраушысы зерттеу нәтижелерін ауызша баяндау құзыреттілігін дамытуға бағытталған дидактикалық көрсетілімдерді пайдалану* таңдалынды.

Докторанттар магистратура бағдарламасы бойынша аталмыш құзыреттілікті дағдылар деңгейінде игеріп келеді. Дегенмен, ғылыми тілде ауызша баяндау барысында біршама қиындықтарға кезігетіні анық, өйткені жазбаша даярланған мәтін ауызша баяндағанда кейбір маңызды пайымдауларды түсіндіруге жеткіліксіз болатын тұстары байқалады.

Негізінен ауызша баяндауда дидактикалық көрсетілімдер айтылатын ойларды нақты жеткізуге көмектеседі. Бұл тұжырымдар дәлелді болу үшін Шәркүл Таубайқызы аталмыш пәннің мазмұнына сай дидактикалық көрсетілімдер жүйесін ұсынып, ғылыми жұмыс нәтижелерін баяндау құзыреттілігіне ерекше мән береді [1; 2]. Болашақ маманның педагогиканың философиясын және әдіснамасын меңгеруі оған педагогиканың философиялық негіздерін және оның әдіснамасын жақсы бағдарлай алуға, ғылыми-педагогикалық зерттеу ұйымдастыруға және жүргізуге мүмкіндік беретіні белгілі.

Ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйеніп ғалым, *«педагогиканың философиясы дегеніміз – педагогиканы зерттеуге қажет философиялық заңдардың, тұғырлардың, ұстанымдардың, категориялардың, әдістердің, философиялық білімдердің (логика, этика, эстетика және т.б.) инновациялық (қайта құрушылық) әлеуетін қолдану жүйесін құрайтын педагогикалық ғылымтану саласы»* - деп, тұжырымдайды [8]. Бүгінгі күні *педагогиканың әдіснамасы: педагогика ғылымындағы зерттеу әрекетінің бағыттарын, мақсатын және құрылымын, сондай-ақ жаңа білім алудың ұстанымдары мен әдістерін анықтайтын жалпы гносеологиялық нұсқаулар жүйесі; педагогикалық зерттеу үдерісі және оны қамтамасыз ететін әдістері зерттеу пәні болып табылатын педагогиканың әдіснамасы* аясындағы арнайы пән. Бұл педагогикалық білімдердің көрсетілу бағыттары базалық пәннен оқу пәнін құрылымдауға, күрделі ғылыми білімді қабылдауды жеңілдетуге, оны жылдам есте сақтауға және пайымдауға мүмкіндік жасайды.

Әдіснамалық білімді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің сипаттамасына негіздей отырып, «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнінің мазмұнын докторанттарға түсінікті болу үшін *дидактикалық көрсетілімдерді* былайша топтастырған:

1. Ғылым философиясының, педагогиканың философиялық және әдіснамалық негіздерін, дидактиканың, психологияның теориялық негіздерін, пәнаралық байланыстарды құрылымдаған сызбалар мен суреттер («Заманауи ғылымның сипаттамасы», «Ғылыми революцияның мәні, типтері және даму кезеңдері», «Педагогикалық парадигма және оның сипаттамасы», «Ғылымның даму кезеңдері және әдіснама типтері», «Ғылым дамуының тұжырымдамалары», «Педагогиканы ғылыми пән ретінде ғылымтанушылық талдау», «Педагогиканың философиялық негіздері», «Педагогиканың дидактикалық негіздері», «Педагогиканың психологиялық негіздері», «Ғылымның жалпыпәндік моделі») [1; 2; 3].

2. Педагогиканың философиясы мен әдіснамасының мәнін, құрылымын, мазмұнын ашып көрсететін сызбалар мен суреттер («Педагогиканың философиясы мен әдіснамасының оқу пәні ретіндегі құрылымы», «Диалектиканың заңдары, категориялары, ұстанымдары, тұғырлары, әдістері және олардың педагогика әдіснамасына трансформациялануы», «Педагогикалық теорияның құрылымы, қызметтері және матрицасы», «Педагогикалық танымның әдіснамасы мен әдістеріне арналған ғылыми семинарлар», «Педагогика әдіснамасының мағыналық алаңы», «Педагогика ғылымының әдіснамалық бағдарлары», «Педагогикалық инноватиканың мағыналық алаңы», «Дидактикалық теориялар мен тұжырымдамалар», «Педагогика әдіснамасының моделі») [1; 2; 3; 4].

3. Педагогикадағы әдіснамалық білімнің мазмұнын баяндайтын сызбалар мен суреттер («Педагогика әдіснамасы ұғымының оқулықтарда түсіндірілуі», «Педагогика әдіснамасының даму кезеңдері», «Педагогикадағы әдіснамалық білімнің мәні», «Педагогикалық және мәдениеттанымдық құбылыстар мен үдерістерді зерттеудің әдіснамалық тұғырларының қоры», «Педагогикадағы әдіснамалық тұғырлар», «Педагогикадағы әдіснамалық ұстанымдар») [1; 2; 3].

4. Ғылыми-педагогикалық таным әдіснамасын нақтылайтын сызбалар мен суреттер («Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздерінің құрамы», «Педагогикалық зерттеудегі әдіснамалық талдау деңгейлерінің қызметтері», «Педагогикалық зерттеу әдіснамасының моделі», «Әдіснамалық рефлексияның мазмұны», «Әдіснамалық мәселелер жіктемеесі», «Ғылыми-педагогикалық зерттеу нәтижелерінің жіктемесі» «Ғылыми-педагогикалық зерттеу нәтижелері сапасын бағалаудың өлшемдері мен көрсеткіштері») [1-6].

5. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістеріне арналған сызбалар мен суреттер («Әдіснамалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Тарихи-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Салыстырмалы-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Дидактикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Әлеуметтік-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Этнопедагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Тәрбие мәселесін зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Кәсіптік педагогика мәселесін зерттеудің әдіснамасы мен әдістері») [1; 2].

6. Педагогтің зерттеушілік мәдениетінің тұжырымдамалық және қолданбалы негіздерін сипаттайтын сызбалар мен суреттер («Педагогтің зерттеушілік мәдениетінің құрылымы», «Педагогтің зерттеушілік мәдениетінің моделі», «Педагогтің зерттеушілік мәдениеті типтерінің сипаттамасы», «Педагогтің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру үдерісінің теориялық моделі», «Педагогтің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру тұжырымдамалары», «Зерттеушінің ғылыми мектептегі әрекетінің құрылымы») [1; 6].

Дидактикалық көрсетілімдер оқулықтар мен оқу құралдарында берілген және бұл оқу басылымдарының көпшілігі авторлық құқыққа ие [1; 3; 8]. Сондай-ақ, «Педагогикалық инноватиканың мағыналық алаңы», «Дидактикалық теориялар мен тұжырымдамалар» атты көрсетілімдерге арнайы авторлық куәлік берілді.

Бұл жүйенің жетекші идеясы – *педагогиканың философиясы мен әдіснамасының докторанттардың ғылыми-зерттеушілік әлеуетінің іргетасы. Ауызша баяндау құзыреттілігі* – аталмыш әлеуеттің басты құраушысы. *Дидактикалық көрсетілімдер* - ауызша баяндау құзыреттілігін дамытудың тиімді құралы. Бұларға қойылатын талаптар ғылымда зерделенген. Сол талаптарды басшылыққа ала отырып, елуге жуық көрсетілімдер пайдаланылуда. Көрсетілімдер білім алушылардың педагогика философиясы мен әдіснамасы туралы білімдерін нақтылайды, зерттеу барысында оларды пайдалану тетіктерін оңайлатады, семинардағы жауаптарын толыққанды етуге ықпал жасайды, өзіндік жұмыстың мағынасын түсініп орындауына көмектеседі, пән емтиханына дайындалған кезде бағдарлық

қызмет атқарады. Осы дағдыларды меңгеру мақсатында жоғарыда көрсетілген дидактикалық, яғни үйретуші көрсетілімдер арқылы әр оқу жылында он бес дәріс, он бес семинар жүргізіледі, білім алушылар он бес өзіндік тапсырмалар орындады. Сонымен бірге осы көрсетілімдер арқылы докторанттарға ғылыми кеңестер беріледі.

Пәннен дәріс, семинар, өзіндік жұмыс барысында докторанттар ғылыми баяндама жасауға үйретіледі. *Ғылыми баяндама* – зерттеушінің өзінің ғылыми ізденісінің, жобалауының, тәжірибесінің нәтижелерін мазмұнын баяндайтын көпшілік алдында сөз сөйлеуі. Докторант сол баяндаманы жазып дайындау үшін педагогикалық зерттеудің әдіснамасынан алған білімін іске асыра алған деңгейін көрсетеді.

Докторанттар педагогиканың ғылыми жүйе ретіндегі құрылымын, педагогика әдіснамасының даму тарихы мен кезеңдерін, педагогика әдіснамасының ұғымдық-түсініктік жүйесін, педагогикадағы әдіснамалық бағдарлар, тұғырлар және ұстанымдарды теориялық деңгейде меңгереді. Сондай-ақ, олар зерттеудің бағытын, мәселесін және тақырыбын анықтай алу, педагогиканың әдіснамасы тұрғысынан зерттеу тақырыбының көкейкестілігін негіздей алу, әдіснамалық тұғырлардың мүмкіндіктерін өз зерттеуінің пәніне көшіре алуы, пайдалануы, өз зерттеуінің нәтижелерін рәсімдеу және жариялау, ғылым әдіснамасы туралы пікір сайыстарға қатысу, ғалымдардың ғылыми-зерттеушілік бағдарламаларына, авторлық білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізе білу, педагогикалық зерттеулер және білім беру ұйымдары жобаларына сараптамалық баға бере алу қабілетін дамытады.

Шәркүл Таубайқызының еңбектері өте көп, әсіресе мына екі еңбегі алдыңғы еңбектерінің маңызды түйіні десем де болады. Ол: «Педагогика әдіснамасы» атты оқу құралы [7]. және «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» оқулығы [8]. Бұл еңбектерінде Шәркүл Таубайқызы көптеген ғалымдардың атап айтқанда Әл-Фараби, Ж.М. Әбділдин, О. Ж. Әлиев, Ғ. Есім, О.С. Анисимов, П.Р. Атутов, С.И. Архангельский, Ю.К. Бабанский, Е.В., Бережнова, Б.С. Гершунский, В.И. Журавлев, В.И. Загвязинский, В.В. Краевский және отандық ғалымдардан Н.Д. Хмель, А.К. Құсайынов, К.Ж. Қожахметова, З.А. Исаева т.б. ғалымдардың педагогикалық зерттеулер және оның әдіснамасы туралы пікірлерін қарастырып, өзіндік тұжырымдар жасаған [6].

Ғалым педагогиканың әдіснамасын педагогикалық зерттеулердің әдістері, сол секілді тәрбиелік, білімдік тұжырымдамаларды жасау теориясы ретінде сипаттайды. Педагогика әдіснамасын білім, тәрбие, даму философиясы және педагогикалық үдерістер мен құбылыстардың теориясын жасау мүмкіндігін ашатын зерттеу әдістері немесе теориялық және практикалық қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен ұстанымдар жүйесі жөніндегі ілім деп қарастырған. Яғни, әдіснамалық зерттеудің міндеті педагогикалық зерттеулер сапасын арттырудың ұстанымдарын, түсініктің құрамы мен әдістерін талдау, педагогика ғылымының даму бағыттарымен, практикамен байланысын анықтау деген ой-пікірге тоқталған.

Философиялық зерттеулердегі адамның рухани, адамгершілік тұрғыда жетілу мақсатын, білімі мен тәрбиесін, оның өмір сүру жағдайын бастапқы мағынасына жеткізуді дағдарыстан шығудың жолы ретінде айқындалуы бізден адамның тіршілік тынысына жасалған философиялық ойларға қайта оралуды талап етеді, деген тұжырым жасайды. Ғалымның оқулықтарында ғылыми-педагогикалық зерттеулердің теориялық және эмпирикалық әдістері сипатталған. Сонымен қатар білім алушыларға ауқымды тапсырмалар тізбегі мен білімдерін тексеруге арналған сұрақтардың өзі күрделі, олар білім алушылардың меңгерген білімдерін толықтай жұмсауға негізделген.

«Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» оқулығы 6 тараудан тұрады. Бірінші тарауында *педагогиканың философиялық және әдіснамалық негіздері* қарастырылған. Антика дәуірінен қазірге дейінгі философтар, педагогтардың еңбектері талданып, өзіндік тұрғыдан ой қорытылған. *«Педагогиканың әдіснамалық қоры»* атты екінші тарауда педагогика ғылымының зерттеу мәселесіне байланысты жинақтаған тәжірибелер қоры терең баяндалған. Ал, үшінші тарау ғалымның үнемі зерделеп жүрген *педагогикадағы әдіснамалық тұғырларға* арналған. Мұнда құбылыстарды зерттеудің әдіснамалық тұғырлары, педагогикадағы жүйелілік, парадигмалық және көппарадигмалық тұғырлар, синергетикалық, инновациялық, құзыреттілік, квалиметриялық тұғыр деп қарастырған.

Менің «Қазіргі кездегі білім беру парадигмалары контекстінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы монографиям білім беру парадигмаларына арналған еді, сондықтан да парадигмалық және көппарадигмалық тұғырлар мен үшін аса қызықты және маңызды. Төртінші тарау *ғылыми-педагогикалық таным әдіснамасына* арналған. Бұл тарау нақты философия мен педагогиканың байланысын көрсетіп тұр. Бесінші тарау *педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесін* зерттеу типтеріне сай нақтылайды. Мұнда

«әдіснама», «әдістеме» ұғымдарының шекаралары, дәл айқындалған мәні, мазмұны ашылған. Соңғы тарау зерттеушілерге зерттеу мәдениетін меңгеру жолдарын көрсетуімен маңызды. Шындығында, әрбір тарау жеке еңбек, қарастырылған мәселелер өз кезегінде арнайы монография, жобалар ретінде көпшілікке жарияланып талқыланған сыннан өткен. Сонымен қатар, Шәркүл Таубайқызы өзінің жарық көрген еңбектері туралы ғалымдардың пікірін алып, оқулықтарын үнемі жетілдіріп жүреді.

Шәркүл Таубайқызы университетте 1997-1998 оқу жылынан бастап, педагогтің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру жүйесін эксперименттен өткізу мақсатында магистратурада дәрістер жүргізді. Содан бері ғалым кафедрада жоғары білікті мамндар даярлауға белсене ат салысып келеді. Бұл еңбегі университет басшылығы тарапынан да елеусіз қалған емес. Ол көптеген алғыс хаттардың, марапаттардың иесі, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының, Ресейдің Педагогикалық білім беру ғылымдарының халықаралық академиясының академигі. Университеттің білім беру үдерісінде сынақтан өтіп, қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде жарық көрген оқулықтары сол пікірлерді пайымдап, өзіндік ой жүйесі қорытылып жауапкершілікпен басылып шықты. Әсіресе *Ресей, Чехия, Гонконг, Сингапур, Болгария, Германия, Швейцария* сияқты елдердің білім беру тәжірибесі де оған жаңа ой салып, осы еңбектерді жазуға ұмтылыс тудырды. Шәркүл Таубайқызы кафедрада «Жас ғалымдар мектебін» басқарады, іргелі тақырыптардағы әдіснамалық, әдістемелік семинарларда өз идеяларымен кеңінен бөлісіп отырады. Сондай-ақ студенттерді, магистранттарды, докторанттарды ғылыми-зерттеу жұмыстарының логикасын құрастыруға бағыттайды. Ғалым өзінің ісіне аса жауапкершілікпен қарайды, тапсырылған жүктемелерді шын көңілімен жанашырлықпен орындап, басқаларға үлгі болып жүр. Таубаева Шәркүл Таубайқызының біздің кафедраға, факультетке, университетке сіңірген еңбегі зор деп айтуымызға әбден болады.

Шәркүл Таубайқызы республикада, шетелде педагогиканың майталманы ретінде танымал. Ғалым еңбектері зерттеушілердің ой-пікірлеріне негізделіп жазылған. Сонымен бірге бұл еңбектерді оның көптеген жылдар бойы республика деңгейінде сындарлы жұмыстарға қатысу арқылы жинақтаған тәжірибесінің нәтижесі деп толық айта аламыз. Болашақ ғалымдардың білімді, ақылды, парасатты болуын мақсат еткен оқулықтарын ұстаз ғылыми тілмен түсінікті етіп жазған, әрбір ұғымға нақты тоқталып мазмұнын ашып, мәнін түсіндірген, білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуды ойластырған.

Менің ойымша, зерттеу жұмысымен айналысатын әрбір адам бұл еңбектерді зерделеуі тиіс, өйткені зерттеу жұмысы философия мен әдіснама негізінде ғана жүзеге асатыны ақиқат. Профессор Шәркүл Таубайқызының еңбектерін заманауи жас ғалымдар мен келешекте ғылыми негізде еліміздің білім беру саясатын жасаушы ұрпаққа мұра әрі аманат деп тапсыруға болады.

Әдебиеттер

1. Грядовой Д.И. Философия. Структурный курс основ философии. Учебное пособие. – М.: Издательство «Щит-М», - 1999. – 266 с.
2. Кожаметова К.Ж., Таубаева Ш.Т., Джанзакова Ш.И. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах: учебно-методическое пособие для студентов высших педагогических учебных заведений, магистрантов, аспирантов и докторантов в области педагогики. – Алматы, 2005. - 174 с.
3. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: от теории к практике/ Монография. - Алматы: «Қазақ университеті», 2016. - 423 с
4. Таубаева Ш. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері. Оқулық. Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 360 бет.
5. Таубаева Ш. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. Редакциясын басқарған философия ғылымдарының докторы, профессор, А.Р. Масалимова. - Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 388 бет.
6. Таубаева Ш.Т. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы//Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2020. - № 1 (62). – 4-20 беттер.
7. Таубаева Ш. Педагогиканың әдіснамасы. Оқу құралы. - Алматы: Қарасай, 2016.- 340 бет.
8. Таубаева Ш. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 388 бет.

Булатбаева А.А.
(*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.*)

ОБЩЕУНИВЕРСИТЕТСКАЯ МАГИСТРАТУРА КАФЕДРЫ: ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ СПЕЦИАЛИСТА

В социально-психологическом аспекте школа отличается наиболее высоким образовательным уровнем, наиболее активным потреблением культуры и высоким уровнем познавательной мотивации. В подростковом возрасте происходит осознание части мотивов, укрепляются учебно-познавательные мотивы и мотив самообразования, социальный мотив учения обогащается представлениями о нравственной ценности знаний и умений. Для успешного проведения учебного процесса как в школе, так и в других образовательных учреждениях, очень важным является фактор мотивации учебной деятельности школьников.

Мотивация – это движущая сила учения. Успех в любой деятельности зависит не только от способностей и знаний, но и от мотивации (стремления работать и достигать результатов).

Изучение разных точек зрения и подходов отечественных педагогов позволили автору выделить некоторые виды мотивов, свойственные возрасту обучающихся и определить приемы формирования этих мотивов. Основные среди них:

- «Познавательный»(связан с интересом к познанию нового);
- «Саморазвитие»(желание как можно больше знать и уметь, развить свой ум, поднять культурный уровень);
- «Достижение»(он ориентирует на взятие высот, завоевание побед, получение лучших результатов);
- «Профессионально-жизненное самоопределение»(этот мотив устремлен к будущей профессии);
- «Коммуникативный»(он связан с возможностью общения, сотрудничества, взаимодействия);
- «Эмоциональный мотив»(порождается чувствами интереса, радости, удивления, азарта, восторга);
- «Внешний мотив»(связан с получением извне поощрений и признания педагогов, родителей, товарищей, директора, общественности);
- «Позиция»(его можно назвать мотивом долга, ответственности) и другие [2].

Формируя мотивы, нужно исходить из того, что в центре индивида находится «Я - концепция», т.е. представление человека о самом себе. Мотивы и установки не всегда подчиняются рациональной логике, но они играют исключительную роль в формировании человека, его учебных навыков, а так же успешности в учении.

Обеспечение мотивации – это стимулирование постоянной высокой мотивации обучаемых, подкрепляемой активными формами работы, высокой наглядностью, своевременной обратной связью. Мотивация учебной деятельности и активности школьников зависит не только от интенсивности внутренних личностных мотивов, но и от требований, установок, рекомендаций педагогов и других ситуативных факторов. Одним из важнейших направлений побуждения обучающегося к учебной деятельности в школе является стремление педагога сделать процесс учебного труда интересным и увлекательным через творческие уроки.

Возможность создания условий возникновения интереса к учителю, к учению (как эмоционального переживания удовлетворения познавательной потребности) и формирование самого интереса отмечалась многими исследователями. На основе системного анализа были сформулированы основные факторы, способствующие тому, чтобы учение было интересным для ученика [3]. Согласно данным этого анализа, важнейшей предпосылкой создания интереса к учению является воспитание широких социальных мотивов деятельности, понимания ее смысла, осознание важности изучаемых процессов для собственной деятельности.

Необходимо условие для создания у учащихся интереса к содержанию обучения и к самой учебной деятельности – возможность проявить в учении умственную самостоятельность и инициативность. Чем активнее методы обучения, тем легче заинтересовать ими учащихся. Основное средство воспитания устойчивого интереса к учению – использование таких вопросов и заданий, решение которых требует от учащихся активной поисковой деятельности.

Большую роль в формировании интереса к учению играет создание проблемной ситуации, столкновение учащихся с трудностью, которую они не могут разрешить при помощи имеющегося у них запаса знаний; сталкиваясь с трудностью, они убеждаются в необходимости получения новых знаний или применения старых в новой ситуации. Интересна только та работа, которая требует постоянного напряжения. Легкий материал, не требующий умственного напряжения, не вызывает интереса. Преодоление трудностей в учебной деятельности – важнейшее условие возникновения интереса к ней. Трудность учебного материала и учебной задачи приводит к повышению интереса только тогда, когда эта трудность сильна, преодолима, в противном случае интерес быстро падает.

Учебный материал и приемы учебной работы должны быть достаточно (но не чрезмерно) разнообразны. Разнообразие обеспечивается не только столкновением учащихся с различными объектами в ходе обучения, но и тем, что в одном и том же объекте можно открывать новые стороны. Один из приемов возбуждения у учащихся познавательного интереса – «отстранение», т.е. показ учащимся нового, неожиданного, важного в привычном и обыденном. Новизна материала – важнейшая предпосылка возникновения интереса к нему. Однако, познание нового должно опираться на уже

имеющиеся у школьника знания. Использование прежде усвоенных знаний – одно из основных условий появления интереса. Существенный фактор возникновения интереса к учебному материалу – его эмоциональная окраска, живое слово учителя.

Эти положения, сформулированные С.М. Бондаренко, могут служить определенной программой организации учебного процесса, специально направленной на формирование интереса.

Различные виды интереса, например результативный, познавательный, процессуальный, учебно-познавательный и др., могут быть соотнесены с мотивационными ориентациями (Е.И. Савонько, Н.М. Симонова).

Важным для анализа мотивационной сферы учения является характеристика их отношения к нему. Так А.К.Маркова, определяя три типа отношения: отрицательное, нейтральное, и положительное, приводит четкую дифференциацию последнего на основе включенности в учебный процесс. Очень важно для управления учебной деятельностью:

«а) положительное, неявное, активное... означающее готовность учащегося включиться в учение...

б) положительное, активное, познавательное,

в) ...положительное, активное, личностно-пристрастное, означающее включенность учащегося как субъект общения, как личности и члена общества» [4].

Другими словами, мотивационная сфера субъекта учебной деятельности или его мотивация не только многокомпонентна, но и разнородна и разноуровневна, что лишний раз убеждает в чрезвычайной сложности не только ее формирования, но и учета, и даже адекватного анализа.

Установлено также чрезвычайно важное для организации учебной деятельности положение о возможности и продуктивности формирования мотивации через целеполагание учебной деятельности. Личностно-значимый смыслообразующий мотив у подростков (юношей) может быть сформирован и что этот процесс реализуется в последовательности становления его характеристик.

Сначала учебно-познавательный мотив начинает действовать, затем становится доминирующим и приобретает самостоятельность и лишь после осознается, т.е. первым условием является организация, становление самой учебной деятельности. При этом сама действенность мотивации, лучше формируема при направлении на способы, чем на «результат» деятельности.

Учебная мотивация, представляя собой, особый вид мотивации, характеризуется сложной структурой, одной из форм которой является структура внутренней (на процесс и результат) и внешней (награда, избегание) мотивации. Существенны такие характеристики учебной мотивации. Как ее устойчивость, связь с уровнем интеллектуального развития и характером учебной деятельности.

Для повышения учебной активности и оптимизации мотивов учения мы можем сформулировать следующие рекомендации:

- совершенствовать навыки учебной деятельности, при этом уделять внимание развитию навыков самостоятельной работы;
- стимулировать и поощрять проявление личной инициативы на занятиях;
- использовать активные методы преподавания учебных дисциплин, способствующие развитию учебно-познавательного интереса;
- делегировать полномочия по организации и проведению отдельных форм учебных занятий (дискуссия, деловая игра, практикум и т.п.);
- привлекать к участию в исследовательской работе (конференции, семинары, конкурсы, олимпиады);
- оказывать психолого-педагогическую поддержку по укреплению и развитию внутренней мотивации учения.

Литература

1. Атkinson Дж.В. Теория о развитии мотивации. – Н., 1996.
2. Бодалев А.А. Психология о личности. – М.: МГУ, 1988. - С.63.
3. Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. СПб.: Питер, 2000. 512 с.
4. Ковалев В. И. Мотивы поведения и деятельности / Отв. ред. А. А. Бодалев; АН СССР, Инт психологии. – М., 1988. – 191 с.

Бактыбаев Ж.Ш., Сапарова С.С.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

БҮГІНГІ ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒЫТТАУ

Қанша ғасыр адамзат дамуының тарихы болса да адамзат үшін адами құндылық, рухани байлық маңызды рөл алып келеді. Сонау замандардан бері бұл құндылықтар өз күшін жоймады. Адамзат пайда болғаннан бері жалғасып келе жатқан бұл құндылықтар нормасы туралы әр заманның ойшылдары өзінше ережелер қалыптастырып, билеушілер сол ережеге бағына отырып елді биледі. Әр заманның ойшылдары рухани байлық туралы түрлі жолмен түсіндірсе де, түптің түбінде олардың идеялары бір жерден ұштасып жатыр. Ықылым заманнан бері ойшылдар адами және рухани құндылықтарды дүние мен адамның пайда болумен сәйкестендірді. Әлеуметтік нормаларды адамның өмір сүру ережесі мен қатар тәрбиеге қатысты екенін нақтылап айтты. Қазақ қоғамында бұл құндылық ерекше орын алады. Тарихтан белгілі Тәуке ханның «жеті жарғысы», Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, «қызды қырық үйден тыю» сынды заңдар жинағы әдеп пен рухани, әлеуметтік нормалары және адамгершілік құндылықтары туралы жазылған болатын. Бұл аталған ережелер тәрбиемен тікелей байланысты болды. Бұл заңнамалар өткен дәуірдің ережелері болатын. Қазіргі таңда рухани-әлеуметтік нормалары адамдар арасында қалай көрініс табады. Өткен замандармен салыстырмалы түрде қарағанда қазіргі нормалардың қандай айырмашылықтары бар. Қазіргі таңда, адами нормалар ережелері қалай аталады. Адамдардың арасында нақтылай айтсақ жасампаз елдің жалынды жастарының арасында бұл норма қаншалықты маңызды, осы және өзгеде қазіргі өзекті сұрақтардың жауабын іздеп, зерттеу жұмыстар жүргізейік. Жалпы алғанда адам бойындағы рухани байлығын қалай байқаймыз?

Қытайдың ұлы ойшылы, саяси қайраткері, осы уақытқа дейін өзінің ықпалын тигізіп келе жатқан философиялық ағымдардың негізін қалаушы Конфуций өзінің еңбегінде «Моральдық мәселелерді» бес топқа жіктейді. Ойшыл адамдарды екі топқа жіктеп көрсетеді. Оның алғашқы тобы ізгі адамдар болса, екіншісі ұсақ адамдар. Осы екі топтың адамдары да моральдық нормаларға бағыну керек деп көрсетеді [1]. Адам бойына адамгершілік пен әділеттілікті, әдептілік пен даналықты және татулықты сіңіру керек. Айта кетерлік бір жәйт, қытай ойшылы Конфуций барлық адамзатты сүюге шақырады [1]. Рухани-адамгершілік деген ол адамның ішіндегі «мені». Ар мен абыройы. Осы тұста шығыстың ұлы ғұламасы, әлемнің екінші ұстазы Әл-Фарабидің мына қанатты сөзі ойға оралады «ар-ұждан алдындағы адалдық – өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты», яғни адамгершілік қасиетіңе тікелей байланысты деген [2].

Адамның негізгі сипаты - адамгершілік. Адамның жан дүниесіне, болмысына терең үңіліп, олардың бейнесіндегі маңызды қасиеттері туралы психологиялық тұжырымдар, ой пікірлер айтқан қазақ халқының ірі тұлғаларының бірі - Жүсіпбек Аймауытов жастарға өзінің жан дүниесін түсіне білуге көп көмектескен. Ол адамның өзін танып білу өте қиын екенін айтады. Бұл қиындықтың басым бөлігі жастарға тиесілі. Олар тәжірбиесіз, олардың көңілі, ойы құбылмалы, толқымалы, сондықтан өзін сынай алмайды. Жастар тоқсан жолдың торабында тұрады, қай жолға түсерін білмей, дағдарады. Егер жазатайым теріс жолға түсіп кетсе, өмірі өкінішпен өтеді. Әр адам әлеуметтік тұлға болғандықтан, әлеуметтің істермен біте қайнасады, алға қарай жылжуына ықпал етеді, қабілетіне қарай әрекет жасайды, өнер таңдайды [4].

Адамның рухани-әлеуметтік құндылығы оның мінез-құлқына және тәрбиесіне тікелей байланысты болып келеді. Ең алдымен адам өзінің қадір-қасиетін жоғары ұстап, өзін құрметтей білуі, өзін тәрбиелей білуі тиіс. Өзін тәрбиелеу деген мінездің қалыптасуы, өз бойындағы адамгершілік қасиетті саналы түрде дамыту. Өзін-өзі тәрбиелеу жалпы ұжыммен де қоғаммен де жақсы араласуына себепші болады [4].

Адамның адамгершілік қасиеті өмірге көзқарасынан, дұрыс не нашар мінездің көрінісін беріп отырады, ал дұрыс мінез, өмірге деген таным мен түсінікті қалыптастыру тұлғаның ортасы мен тәрбиесіне тікелей қатысы болып есептеледі [4]. Қазақта «тәрбие тал бесіктен басталады» деген керемет нақыл сөз бар. Бала дүниеге келгеннен бастап анасы баланы жақсы қасиеттерге баулып өсіреді. Бесік жырын, түрлі ертегі қиса дастандарды, жыраулардың жырларын бала құлағына құйып, керемет өнегелі өсиеттерімен балаға тәлім берген. Бір әулеттің емес, бүтін бір елдің баласы болуға шақырады. Елдің елеулісі, халқының қалаулысы болып, ешкімнің ала жібін ақтамауды үйредеді. Балалар түрлі

ертегі, термелерге құрышы қанып өскеннен соң, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, тек қана тән құмарлығын қандырып қана қоймай сонымен бірге, жан қалауында орындап, оны тән қалауынан жоғары қойған. Кішкентай күнінде ертегі, хиса-дастандарды, жырлар мен термелерді жаттап өскен бала рухани бай, моральдық тұрғыда мықты болып келеді. Тарихтан белгілі Абай атамыздың Ұлжандай анасы, Зередей әжесінің тәрбиесін алып, бүтін бір халықтың бас ақыны атанған ірі тұлға. Абай жайлы естеліктерде анасы Ұлжан Абай атамызды дәретсіз емгізбегенін айтады. Міне, тектілік қайда жатыр. Дана халқымыз бекерден бекер «тегіне қара» деп айтпаған ғой. Бұл біздің өткен ғасырымыздың қайта келмес естеліктері. Қазіргі нақтырақ айтсақ ХХІ ғасыр жаһандану заманында жастарымыз адамгершілікті қалай түсінетіні бәрімізге белгілі. Қазіргі жастардың көпшілігі адамгершілік пен рухани жағынан сәл төменірек. Жаһандану заманы деп Батысқа еліктеп өзіміздің шынайы болмысымыздан айырылып бара жатқанымызды байқамаймыз. Өзім де жас болғандықтан, жастардың атынан сөйлеуді жөн көремін. Қазіргі таңда, жастар үшін терме немесе жыр, дастандар маңызды емес, оның орнын музыка, қазақша айтқанда ән басады. Ертегі мен қисалар атақты емес, қазір түрлі анимациялық жобалар бар, үлкендермен әңгіме дүкен құру қызық емес, қазір теледидар бар. Міне, қазіргі кезде осы айтылған заттардың барлығы рухани жағынан жастарды әлсіз етеді. Жоғарыда айтылып өтілді «ең алдымен өзіңді тану өте қиын» деп. Жастардың көпшілігі өздерінің кім екенін анықтай алмай жүр. Бұрынғы мен қазіргінің айырмасы өте көп. Бірақ көпке топырақ шашудан аулақпыз, әлі де рухани бай, адамгершілікті терең түсінетін жастар бар. Бірақ саны азырық. Бұл жағдай осы тұста заман кінәлі ме, әлде адамдардың өздері кінәлі ме деген сұрақ туындайды. Осы сұраққа барынша жауап беруге тырысайық. Менің ойымша адамдардың өздерін кінәлі. Қазір адамгершілік нормаларын бір ауыз сөзбен ата заң деп айтамыз, бірақ оны оқушылар мен түсінгендер саны аз, ертеректе де заңдар жинағы делінді, бірақ оны жатқа және түсінгендер саны едәуір көп болды. Екіншіден, ертеректе балалар үлкен кісілердің арасында отырып түрлі жаңалықтарға, құлақ құрыштырар қандырып, әңгімелермен өссе, қазіргі таңда балапандарымызды көк жәшік немесе әлеуметтік желі тәрбиелеп шығарады. Қазіргі уақытта, балапандарымыз шетелдің немесе өзіміздің отандық мәні мен мағынасы жоқ өлеңдерді тыңдап, оны жаттап жүріп өссе, ілгері заманда жыр мен дастан жаттап жарысқан болатын бұл үшіншісі болатын болса, төртіншісі, бір әулеттің баласасы болма, елдің баласы бол деп тәрбиеленген. Бесінші, уақыт талабы болар барлығы қазір өзім білемінге салады, әсіресе, жас буын өкілдері, ал ерте де жас өрендердің олай айтуға дәті мен ұяты жібермеген. Және соңғысы әрі ең бастысы, балапандарымыздың адамгершілік пен рухани азығының төменгі ол бесікте жатқанда анасының өз сүтімен емес, қолдан жасалған ана сүті тәріздес қосымша тағамдар да деп ойлаймын. Себебі, ана сүті ешқандай сүтке ұқсамайды, оны жасап шығару мүмкін емес нәрсе. Жастардың көпшілігі қазіргі кезде балаларын осы тағаммен тамақтандырады. Бірақ, ана сүті мен қосымша тағамның айырмашылығы өте көп. Олардың арасы жер мен көктей. Ана сүтін еміп өскен бала ол адамгершілігі мол, рухани және моральдық жағынан мықты, анасы мен әкесіне жақын, бауырларына қамқор, үлкеннің сөзін бөлмей, кішінің жолын кеспейтін нар тұлғалы болып өседі. Ал, қосымша тамақпен өскен жігіттің бойында да осы қасиеттер болады, бірақ ол анасына қарағанда сыртқы дүниеге жақын болады.

Қорытындылай келе, қазіргі уақытты ең өзекті мәселелердің бір болып табылатын адамгершілік мәселесі, әсіресе, жастар арасында өте ауқымды әрі күрделі мәселе. Қазіргі жастардың адамгершілігін ояту барысын мектеп бағдарламасында өзін-өзі тану пәні оқытылады. Адамгершілік бұл өзгелерді емес, ең әуелі өзіңді сыйлау болып есептеледі. Өзіңді-өзің танып білу арқылы рухани бай боласың, солай адамгершіліктің сатысына ақырындап-ақырындап келесің. Адамгершілік қасиеттің дамуы бұл тікелей тәрбиеге байланысты. Адами құндылықтарды, адамгершілікті сақтап қалатын осы тәрбие. Қазақ ертеден-ақ бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Ең бастысы осы дәстүр әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Әдебиеттер

1. Мырзалы С., «Философия». – Алматы, 2010.
2. Өзін-өзі тану, 6- сынып. – Алматы, 2018.
3. Мұсырманов А., «Тәрбие жұмысының модульдік технологиясының моделі». – Алматы, 2002.
4. Оразбеков К., «Иман және Инабат». – Алматы: Ана тілі, 1993.
5. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, «Қазақстан Республикасының рухани-адамгершілік құндылықтарын жаңғырту». Алматы: «Қазақ университеті», 2014.

*Жамирова У., Мырзамбетова Ә.
(М.Х.Дулати ат. Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.)*

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ПОТЕНЦИАЛЫН ДАМУ Мотивациясы

Мотивация (латын тілінен аударғанда) - қимылға серпін; адамның мінез-құлқын бақылайтын, оның бағытын, ұйымдастырылуын, белсенділігі мен тұрақтылығын анықтайтын психофизиологиялық жоспардың динамикалық процесі; адамның өзінің қажеттіліктерін белсенді қанағаттандыру қабілеті. Философия шығармашылықтың мәні туралы мәселені шешеді. Психологиялық аспектіде шығармашылық жеке тұлғаның субъективті әрекеті ретінде іс-әрекет барысын, іс-әрекеттің психологиялық «механизмін» зерттейді.

Тұлғаның мотивациялық саласы - бұл жеке тұлға мотивтерінің иерархиялық жүйесі. Жасөспірімдердің мотивациялық саласы туралы айтар болсақ, бұл мәселені ашып көрсету баланың мотивациялық сферасының даму динамикасын ерте кезеңдерден бастап көрсетіп, жасөспірімнің мотивациясындағы іргелі өзгерістердің бастауы болатын жаңа туындайтын нәрселерді бөліп көрсетуден басталуы керек. Жасөспірімнің мотивациясын талдауда биологиялық өзгерістерді (жыныстық жетілу), психологиялық өзгерістерді (ойлау формасындағы асқынулар, өзін-өзі танудың дамуы, ерікті белсенділік шеңберінің кеңеюі), жасөспірім өмірінің әлеуметтік жағдайын ескеру қажет. Мотивтер жүйесін ұйымдастыруға қатысты өзгерістерге, сондай-ақ олардың жасөспірімдердің хабардар болуының салдарына басты назар аудару керек. Жасөспірімде иерархиялық мотивтер жүйесі құрылады.

Жоғары мектеп жасы - бұл ерте жастық шақ, жеке тұлғаны қалыптастыру тұрғысынан ең қиын және маңызды да жауапты кезең. Бұл, шын мәнінде, балалық шақтан ересектердің тәуелсіз жұмыс өміріне өту туралы. Осы кезеңде мотивация реттеудің жетекші факторы ретінде үлкен рөл атқарады [1]. Жастық шағында әр ересек баланың жеке келбеті айқындала түседі, оның жеке басының қасиеттерін анықтайтын оның жеке ерекшеліктері айқындала түседі.

Жеке тұлғаның мотивациялық сферасының бағыттылығы, әсіресе, жастарда айқын көрінеді. В.И. Слободчиковтың айтуынша, дербестену кезеңінің соңғы сатысы. Жасөспірімнің негізгі белгілері - өзіндік рефлексия, өзіндік даралықты түсіну, өмірлік жоспарлардың пайда болуы, өзін-өзі анықтауға дайын болу, жеке өмірін саналы түрде құру, өмірдің әр түрлі салаларына біртіндеп өсу.

Психологиядағы «жас» ұғымы «индивидтің психикалық дамуы мен дамуының нақты, салыстырмалы түрде уақытпен шектелген кезеңі, жеке ерекшеліктердің айырмашылығымен байланысты емес тұрақты физиологиялық және психологиялық өзгерістердің жиынтығымен сипатталатын кезең» ретінде түсіндіріледі. Жасөспірімдік кезең - "teenagerperiod, adolescence"- балалық шақтан жасөспірімге дейінгі жас кезеңі». Психологтар жасөспірімдер ретінде 10-11-ден 15-ке дейін немесе 11-12-ден 16-17 жасқа дейінгі кезеңдерді бөлді. Бұл жас дағдарыс кезеңі деп саналады, өйткені дамудың және өмірдің барлық жақтарына әсер ететін тікелей сапалы өзгерістер бар. Жасөспірім кезіндегі дағдарыс дамудың және жетекші іс-әрекеттің әлеуметтік жағдайының өзгеруімен байланысты. Жасөспірімдер жасындағы психологиялық ерекшеліктер белгілі бір дәрежеде балалар мен ересектердің психикалық процестерімен ерекшеленетін психикалық процестердің ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, жасөспірім жасында балаларға тән нақты-бейнелі ойлау абстрактіге көбірек орын береді. Ойлау тәуелсіз, белсенді, шығармашыл болады. Кіші жастағы балалар мен жасөспірімдер үшін заттылық, сыртқы қызықтылық неғұрлым қызықты болып табылады, ал ересек жасөспірімдер үшін ойлау процесінің өзі әлдеқайда қызықты, өз бетінше ойлауды талап ететін нәрсе.

Мотивация бірнеше функцияларды орындайды: ол мінез-құлықты ынталандырады, оны бағыттады және ұйымдастырады, оған жеке мағына мен мән береді. Мотивацияның бірнеше функциясының болуы мотивация мінез-құлықтан бұрын ғана емес, сонымен бірге оның барлық сатыларында, барлық байланыстарында үнемі болатындығын көрсетеді. Осы үш функцияның бірлігі мінез-құлықтағы мотивацияның реттеуші рөлін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, үшінші - «мағынаны қалыптастырушы» функция (А.Н. Леонтьевтің пікірі бойынша) адамға және мотивация сферасының сипатына тән орталық мағынаға ие. Бала үшін оқу іс-әрекетінің қандай мәні бар екендігі, басқа да қозғаушы және бағыттаушы функцияларына байланысты. Ал бұл өз кезегінде оқу мотивтерінің қозғаушы күші (көрінісі, қарқындылығы, ұзақтығы, тұрақтылығы, эмоционалды бояуы) және олардың оқу әрекетін нақты ұйымдастырудағы рөлі, ең

алдымен, оқу мотивациясының семантикалық-қалыптастырушы функциясының қалыптасуына байланысты екенін білдіреді. Дәл осы функция (бала өміріндегі оқытудың рөлі) білім берудің негізгі объектісі болуы керек.

Аталған мотивация функциялары көптеген мотивтер арқылы жүзеге асырылады. Шын мәнінде, мотивациялық сала әрқашан бірқатар мотивтерден тұрады: идеалдар мен құндылық бағдарлары, қажеттіліктер, мотивтер, мақсаттар, мүдделер және т.б. олар мұғалімге оқушыларды оқытуда ынталандырудың жеке сәттерінде басқаша әрекет етуге көмектеседі. Жоғары сынып оқушыларының жасы баланың өмір сүру жағдайындағы объективті өзгерістермен сипатталады: пәндер саны артып, жаңа, таныс емес мұғалімдер пайда болады, мектеп бағдарламаларының материалы күрделене түседі.

Жоғары сынып оқушыларының оқуға деген ынтасын қалыптастыруға және оның алдын алуға мүмкіндік беретін ерекшеліктерін бөліп көрсетейік. Бұл жастағы мотивацияның жағымды белгілері:

- өзін бала сияқты сезінгісі келмеуі, әлемге, басқа адамға, өзіне деген жаңа өмірлік ұстанымын қабылдауға деген талпынысы;
- орта мектеп оқушысының жалпы белсенділігі, ересектермен және құрдастарымен әр түрлі іс-шараларға қатысуға дайындығы;
- орта мектеп оқушысының басқа адамның (құрдастарының, мұғалімдерінің) пікірі негізінде өзін тұлға ретінде сезінуі, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі растау қажеттілігі;
- жоғары сынып оқушыларының тәуелсіздікке ұмтылысы;
- олардың үлкен таңдауы мен дифференциалдылығының пайда болуымен үйлесетін қызығушылығының артуы (дүниетанымын кеңейтуі);
- қызығушылық сенімділігі мен тұрақтылығының артуы;
- жоғары сынып оқушыларының ерекше қабілеттерін осы қасиеттер негізінде дамыту [2].

Психологтар бұл жаста ақыл-ой белсенділігі өзін-өзі қамтамасыз етудің артуымен үйлеседі және бейімділіктің кеңдігінде айқын көрінетінін айтады. Кез келген жастағы мектеп оқушылары, әдетте, ерекше қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуда айтарлықтай ақыл-ой белсенділігіне ие. Жоғарғы сынып оқушыларының оқуға деген кері мотивациясының ерекшеліктері бірнеше себептерге байланысты:

- мектепте оқытылатын пәндер арасындағы қарым-қатынасты және болашақта оларды қолдану мүмкіндігін түсінбеу оқуға деген оң көзқарасты төмендетеді;
- бір пәнге таңдаулы қызығушылық басқа пәндерге деген қызығушылықты тежеуі мүмкін;
- қызығушылық кендігі олардың үстірт қарауға және шашыраңқы болуына әкелуі мүмкін;
- қызығушылық тұрақсыздығы олардың өзгеруіне, ауысуына әкеледі;
- позитивті мотивтер теріс көзқарас мотивтерімен салыстырғанда жақсы танылады.

Ең алдымен, жоғары сынып оқушыларында кең танымдық мотивтер, жаңа білімге деген қызығушылықтар нығайтылады. Осы жаста оқушылардың көпшілігінде фактілерге деген қызығушылық заңдылықтарға деген қызығушылыққа ауысады. Психологтар үлкен мектеп жасындағы оқушылар сензитивті, яғни ерекше қабілеті бар балаларда ғана емес, барлық балаларда қандай да бір дәрежеде пайда болатын танымдық қызығушылықты дамыту үшін өте қолайлы екенін атап көрсетеді. Кең танымдық мотивтердің дамуына осы жаста сыныптан тыс және мектептен тыс қызығушылықтардың (үйірмелер, секциялар және т.б.) көптеген түрлері ықпал етеді.

Бұл жаста өзін-өзі жетілдіру мотивтері де дами бастайды. Өз бетімен білім алу міндеттері неғұрлым нақты болады, бұл ретте емтихандар мен сынақтарды тапсыру, қалаған жоғары оқу орнына түсу немесе мамандық таңдау және жалпы жеке тұлғаны дамыту мақсаттарымен үйірме табуды бірінші болып жоспарға қояды. Бұл жерде өз білімін жүзеге асыру тәсілдері жаңа дереккөздерді іріктеп, жүйелі түрде оқу, жаңа ақпаратты меңгеру және сонымен қатар мектеп бағдарламасының материалдарын барынша пайдалану болып табылады. Өзін-өзі таныту процессі жоғары сынып жасындағы оқушыларға тән процесс және өзіндік мотивациясын қамтиды.

Жоғары сынып оқушысы өзінің мотивациясын түсінуге толықтай кіріседі. Оның үстіне өзінің мотивациясы мен мақсатын түсіну жолдастарының мотивтері мен мақсаттарын салыстыру арқылы жүзеге асырады. Сондықтан осы жаста ұжымдық және топтық жұмыс түрлері жемісті болады. Жоғары мектеп жасының соңына қарай болашаққа мақсаттар қою мүмкіндігі артады. Мұның бәрі баланың едәуір дәрежеде оның оқу іс-әрекеті мен ерікті процестерінің субъектісіне айналатынын көрсетеді.

Жоғары сынып жасындағы оқушыларда мотивацияның қалыптасу резервтері оқу пәніндегі жалпылама заңдылықтарды анықтауға және білім алу тәсілдеріне тұрақты қызығушылық, оқу жұмысының бірлескен ұжымдық формаларына қызығушылық және оқушылардың әлеуметтік маңызы

Әдебиеттер

1. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 286 бет.
2. Божович, Е.Д. Психология особенного развития личности подростка / Е.Д. Божович, 1969г.
3. Выготский, Л.С. О подростковом возрасте / Л.С. Выготский // Гуманитарный портал [Электронный ресурс]. - 2013. - Режим доступа: <http://psyera.ru/4604/l-s-vygotskiy-o-podrostkovom-krizise>.
4. Сатиева Ш. Даму психологиясы (теориялық және практикалық курс). Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 232 бет.

Сагиндикова Г.

(магистрант 2 курса КазНУ имени аль-Фараби, г.Алматы)

АНАЛИЗ МЕТОДИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ УЧЕБНИКОВ ПО «САМОПОЗНАНИЮ» ДЛЯ 9-10-11-12 КЛАССОВ

Проводя исследование, связанное с построением методической системы учебника «Самопознания», мы проанализировали понятие «методическая система» и «учебник». Понятие «методическая система» и «учебник» рассматривалась многими исследователями, которые предлагали свое видение этой категории педагогической науки. Так, например, С. В. Казакова [1] подчеркивает, что данное понятие трактуется в науке по-разному: как концепция, образовательная модель взаимосвязанных компонентов, совокупность взаимосвязанных компонентов, сложное динамическое образование, система обучения какому-либо предмету и т.д. Учебник – книга, в которой систематически излагаются основы знаний в определённой области на уровне современных достижений науки и культуры; основной и ведущий вид учебной литературы. Методическая система обучения – это упорядоченная совокупность взаимосвязанных и взаимообусловленных методов, форм и средств планирования и проведения, контроля, анализа направленных на повышение эффективности обучения. Учебник – книга, излагающая основы научных знаний по определенному учебному предмету. Учебник – книга, предназначенная для изучения какого-либо учебного предмета. Учебная книга – ведущее средство, призванное организовать учебный процесс, содержащее систематизированное изложение знаний по определенному курсу, способствующее воспитанию и развитию детей.

Методологической основой содержания предмета «Самопознания» является: духовность – вдохновенно – чувственная сторона жизни человека и человечества, это особый образ мышления и жизнедеятельности людей. нравственность – главный показатель общей развитости человека, показатель его гармонии и совершенства.

В соответствии с современной концепцией учебника, совершенный методический аппарат учебника по Самопознанию (аппарат организации усвоения) направляет деятельность обучающихся с учебником, развивает их интересы и способности, дает ключи к наиболее эффективному использованию его учебного содержания. Все его задания излагаются доступным, понятным языком без употребления абстрактных терминов.

Методический аппарат содержит:

- 1) навигатор темы: мотивационные установки в начале каждого параграфа;
- 2) четкое и однозначное определение терминов;
- 3) вопросы, задания, задачи и упражнения, имеющие различную конструкцию и сложность, мотивационный потенциал опережающего развития;
- 4) вопросы для актуализации знаний и использования их при изучении новой темы;
- 5) вопросы, задания, задачи, упражнения: творческие, практические, практико-ориентированные, проектные, экспериментальные, исследовательские, для моделирования, для профессиональной ориентации, на развитие критического мышления, для самостоятельного выполнения;
- 6) вопросы и задания к приложенным картам, схемам, фотографиям, рисункам, чертежам, графикам, диаграммам, таблицам и другим видам иллюстраций, со ссылками в тексте;
- 7) задания и вопросы, мотивирующие обучающихся на изучение учебного материала;
- 8) содержательную рубрикацию текста, выделение основных мыслей, идей и ключевых понятий, способствующих усвоению главной информации;
- 9) блок «Домашнее задание» в конце каждого параграфа с разъяснениями;
- 10) ссылки в учебном тексте на источники информации для обучающихся;
- 11) ссылки в учебном тексте на электронные приложения к учебнику с дополнительной информацией для учащихся;
- 12) ссылки в учебном тексте на терминологический словарь учебника;
- 13) справочный аппарат[2].

Методологическая система предмета «Самопознание» включает четыре основных раздела:

1. Познание человеком самого себя.

Тематика раздела направлена на изучение ценностей: самопознание, нравственность, человек, жизнь, духовность, красота, мудрость, истина, гармония, дружба, любовь, общение, здоровье, труд и на раскрытие целостного процесса развития гармоничной личности.

2. Человек и общество.

Тематика раздела направлена на изучение ценностей: человек, труд, мастерство, семья, дети, общество, родина, патриотизм, этика, раскрытие роли человека в обществе.

3. Человек и окружающий мир.

Тематика раздела направлена на изучение ценностей: включает знания об окружающем мире и месте человека в нём...

4. Духовный опыт человека.

Тематика раздела направлена на изучение ценностей: раскрытие ценностей в духовном опыте человечества.

В календарно-тематических планах 8 и 9 класса разделы обозначены следующим образом:

1. Радость познания

2. Быть человеком

3. Человек и мир

4. Духовный опыт человечества

В календарно-тематических планах 10-11-12 класса есть изменения в названиях разделов, но каждый из них направлен на изучение и выявление ценностей.

В календарно-тематическом плане 10-11 класса разделы обозначены следующим образом:

1. На пути познания

2. Становление личности

3. Жизнь в обществе

4. Мир человечества

Раздел III. Жизнь в обществе в 10-11 классах, в 12 классе имеет другое название Культура взаимоотношений в семье, так как в 12 классе учатся подростки 16-18 лет, которые в скором времени могут уже создавать семьи.

Итак, проанализировав методическую систему учебника «Самопознание» в старших классах (в первом приближении), можно сделать следующие выводы:

- понятие «методическая система» в основном трактуется как образовательная модель взаимосвязанных компонентов для обучения какому-либо предмету;
- разделы и темы учебника способствуют раскрытию ценностей учащихся, заложенных в каждом из них, ориентируют школьников на будущее развитие;
- содержание учебников выстроено с учетом возрастных и психологических особенностей учащихся;
- содержание учебников 8-12 классов развивают коммуникативные навыки и делают упор на творческое мышление;
- для практической реализации ценностно-смыслового потенциала личности учащихся в проектировании содержания старших классов использован проектный подход.

Отметим, что предмет «Самопознание» имеет высокий образовательный, воспитательный, нравственно-духовный потенциал, за ним будущее казахстанского общества. Важная современная практическая задача – грамотная подготовка педагогических кадров – будущих учителей «Самопознания».

Содержание курса «Самопознание» направленно на познание нравственно – духовных ценностей каждого народа и человечества в целом, которые помогут правильно и мудро построить свою жизнь, наполнить её светом добра, любви и справедливости, сделать ее полноценной и достойной, открыть им радость познания своего духовного мира и задуматься над вечными вопросами.

Основу содержания курса «Самопознание» составляют человеческие ценности, которые должны помочь каждому школьнику последовательно пройти путь духовного самопознания и прийти к пониманию высшей любви и смысла человеческого предназначения:

- познание истины жизни;
- нравственность поведения;
- познание жизни;

- любовь – высший смысл человеческой жизни;
- гармония личности;
- гражданственность;
- постижение высшего предназначения человека.

Дидактический комплекс учебника основывается на следующих основных принципах: научности, доступности и посильности, сознательности и активности, связи теории с практикой, систематичности, последовательности, преемственности и наглядности.

Учебник «Самопознания» для старших классов имеет совершенный дидактический аппарат, включающий:

- Основное содержание учебника, с необходимым объемом учебного материала и структурой, разработанных в соответствии с принципами дидактики и типовой учебной программы;
- Комплекс дополнительных, поясняющих, инструктирующих и ориентирующих учебных материалов;
- Систему рекомендаций и комментариев для обучающихся по работе с учеником;
- Систему заданий, задач, вопросов, упражнений;
- Систему иллюстративных материалов;
- Терминологический словарь;
- Приложения, справочные материалы;
- Ссылки на использованные источники информации и на учебные ресурсы для обучаемых.

Так, проанализировав методическую систему учебника «Самопознание» в старших классах, мы сделали выводы, о том, что понятие методическая система в основном трактуется как образовательная модель взаимосвязанных компонентов для обучения какому-либо предмету, что разделы и темы учебника выявляют ценности, заложенные в каждом ученике, делают упор на будущее школьника. Учебник должен обеспечивать полное освоение учащимися учебного материала. Идет постепенное увеличение содержания материала, учитывая возрастные и психологические особенности учеников, развивают коммуникационные навыки и делают упор на творческое мышление.

Список использованной литературы:

1. Казакова С.В. Методическая система формирования аудиальной культуры школьников// Дискуссия.2012.№1.
2. Министерство образования и науки Республики Казахстан об утверждении Требования к современному учебнику №4 от 05 июля 2017 года.

Бактыбаев Ж.Ш., Қаратаева А.О.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Еліміздегі білім беру саласындағы болып жатқан өзгерістер мемлекеттің ұзақ мерзімге жоспарланған, мақсаттарға жетуге бағытталған реформаларының заңдылықтарынан туындап отыр. Адамзаттың саналы өмірге аяқ басқаннан бергі дәуірінен бастап оқыту мен тәрбие ісінің адамзат дамуындағы ең көкейкесті мәселе болып келе жатқандығы баршамызға мәлім. Болашақ ұрпақты білім нәрімен қаруландырып, тәрбие ісін жетілдіруге аянбай қызмет ететін білім саласындағы қызметкерлерінің бірі әлеуметтік педагог мамандары болып табылады. Алғаш әлеуметтік педагог лауазымы 1990 жылы бекітілсе, әлеуметтік педагог қызметі елімізде 1991 жылы ресми түрде жария құжаттарда ресми тіркелген. Ал, 2000 жылдың соңына таман мамандық ретінде енгізілген болатын.

Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, педагог қызметкерлердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейту, білім беру саласының жоғары деңгейіне қол жеткізу, педагог мамандығының мәртебесін көтеру туралы баяндалған болатын[1].

Сонымен бірге, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру мақсатында мемлекет басшысының «Қазақстан 2050» Стратегиясы -, деп аталатын халқына жолдауында: - Білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, және жоғары білікті педагогтар санын көбейту қажеттілігін және жастардың оқуға, жаңа ғылыми білімді игеруге, білім мен технологияларды күнделікті өмірде тиімді пайдалануы үшін барлық қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалатындығын нақты атап өткен болатын [2].

Олай болса, әлеуметтік педагог кадрларының әлеуметтік-педагогикалық қызметін даярлау үдерісінде, олардың кәсіби білім, біліктілігін дамыту барысында, олардың жоғарғы оқу орындарында болашақ әлеуметтік педагог қызметін басқару және ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін зерттеу, озық педагогикалық тәжірибелерді жан-жақты қалыптастыру өзекті мәселеге айналуға.

Қазіргі таңда елімізде жасөспірімдер арасында әлеуметтік-педагогикалық қолдауға, көмекке мұқтаж жандар көбеюіне байланысты жоғарғы оқу орындарында болашақ педагогтардың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетін басқару және ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр.

Р.В.Овчарованың пікірі бойынша, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттер балалар мен жасөспірімдерді белгілі бір микро-социумда табысты бейімделуге, даралануға бағытталған әлеуметтік тәрбиелеуге бағытталған жүйелі жұмыс екендігін атап көрсеткен [3.1].

Отандық зерттеуші С.С.Досанова әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет тәрбиелік сипаттағы тәрбиелік шаралар жүйесі; социумдағы қатынастарды гуманитарландыруға бағытталған педагогикалық және әлеуметтік әрекеттер, жаһандық білім қағидалары негізінде қоршаған ортаны өзгерту мен сауықтыру; мектеп оқушысының адамгершілік, психикалық, интеллектуалдық, әлеуметтік тұрғыдан дамуына көмектесу; адамның өмірлік мәні бар қажеттіліктерін қанағаттандыру мен оның әлеуметтік мәселелерін шешу, - деп түйіндейді [3.2].

Әлеуметтік-педагогикалық идеялары мен бұл саладағы қызметкерлердің жұмыстары туралы С.Т.Шацкий, В.Н.Шульгин, М.В.Крупенин, А.Г.Калашникова, А.П.Пенкевич т.б. тарапынан қарастырылған.

Әлеуметтік педагогтарды оқытудың әдіснамалық, технологиялық, әдістемелік қырларын И.А.Липский, Ф.А.Мустаева, М.А.Галагузова және т.б. ғалымдардың тарапынан зерттелген.

Әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық қызметі профилактикалық және қалпына келтіру, түзету және дамытушылық іс-шаралар кешені түрінде, сондай-ақ оқушылармен жұмыс жүргізу барысында қолданылатын түзету әдіс-тәсілдерін әртүрлі педагогикалық мақсатқа сай ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.


Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттерге нақты мыналар жатады:

1. Бейімдеуші – адамның ортаға немесе ортаның адамға бейімделуін оның жеке қасиеттерін ескере отырып, ынталандыруға бағытталған қызметі;
2. Әлеуметтік дамытушы – адамның әлеуметтік даму мен ортаға, қоғамға оның әлеуметтік бейімделуі мен өзгешеліктерін, ортаның әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, ынталандыруға мақсатты бағытталған әлеуметтік қызмет;

3. Әлеуметтендіруші – белгілі бір себептерге байланысты қоғамда болып жатқан өзгерістерге бейімделе алмай, күйзеліске душар болған, қоғамнан, қатардан тыс қалған, оқшаулану секілді қоғамдық ортада өмір сүруіне кедергі келтіретін мінез-құлқын тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу, қалпына келтіру арқылы тұлғаны қоғамға, яғни ортаға қатарға қосу қызметі.

4. Түзетуші – қиындыққа ұшыраған адамды қиындықтан шығару мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер мен әдістемелерді қолдану арқылы түзету жұмыстарын жүргізу қызметі.

5. Құқықтарын қалпына келтіруші – адамның дамуына, тәрбиеленуіне, кәсіптік қызметіне индивидуалдық мүмкіндіктерін қалпына келтіру бойынша мамандардың бағытты қызметі (1– сурет).



1 – сурет. Әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық қызметтері.

М.А. Галагузова, Ю.Н. Галагузова, Б.П. Дьяконова, Е.Я. Тищенко және т.б. зерттеушілердің тұжырымында сүйене отырып, әлеуметтік педагогтардың қызметтеріне төмендегілерді жатқызады: (2 – сурет)

Әлеуметтік қорғау
Әлеуметтік бейімдеу
Мінез-құлық пен дамуды түзету
Балаларды реабилитациялау
(2 – сурет) Әлеуметтік педагогтардың қызметтері

Аталғандар әлеуметтік педагогтардың балалар мен жасөспірімдермен жұмыс жасауы барысында жүзеге асатын қызметтер болып табылады [4].

Сондай-ақ әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттер мазмұнды түрде мамандардың ерекше көңіл бөлуін талап ететін балалардың түрлі категорияларына бағыттарын, бұл мектептегі әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің бірнеше түрлерін бөліп көрсетуге негіз болады. Олардың әрқайсысы:

- дамуында кемістігі бар балалармен;
- педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған балалармен;
- ата-ана қамқорлығынан айырылған балалармен;
- мінез-құлқында кемістігі бар балалармен;
- дарынды балалармен;

- көп балалы отбасылармен;
- сәтсіз отбасылармен тағы басқаларымен арнайы амал-тәсілдерді, әдістер мен технологияларды жүзеге асыруды талап етеді.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің мәнін білу үшін оның құрылымын талдауға жүгінеміз:

Кең мағынада, әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мақсаты арнайы дайындалған жүйелі жүргізілген мамандар жүйесін енгізу нәтижесінде адамның (немесе адамдар тобының) күтілетін оң өзгерістер болып табылады. Тар мағынада әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетінің мақсаты - бөлімге қолайлы жағдай туғызып, жан-жақты әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық көмек көрсету тұлғаның өсуіне, оның өмір сүру аймағында қамқоршының құқығын қорғауға арналған жағдайлар.

Әлеуметтік-педагогикалық процесте мақсаттың өзі ғана емес, сонымен бірге оның қалай анықталатыны және орындалғаны маңызды. Бұл жағдайда біз мақсат қою процесі туралы айтуға болады.

Педагогика ғылымында мақсат қою үш компонентті білім ретінде сипатталады, оған мыналар кіреді:

- мақсаттарды алға жылжыту және негіздеу;
- оларға жетудің жолдарын анықтау;
- күтілетін нәтижені жобалау.

Мақсат қою сәтті болуы мүмкін, егер ол келесі талаптарды ескере отырып жүзеге асырылса;

- диагностика (әлеуметтік-педагогикалық процеске қатысушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін үнемі зерттеу негізінде алға қойылған мақсаттарды негіздеу және түзету);

- реализм (белгілі бір жағдайдың мүмкіндіктерін ескере отырып, мақсаттарды алға жылжыту және негіздеу);

- түйінсіздік (әлеуметтік-педагогикалық қызметтің әр кезеңінде өзара байланысты мақсаттарды алға жылжыту және негіздеу);

- өнімділік (мақсатқа жету нәтижелерін бақылау);

- белгілік (әлеуметтік-педагогикалық процестің барлық қатысушылары мақсаттарды эмоционалды және рационалды деңгейде қабылдау).

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет - бұл көп салалы және көп қырлы, бірақ қай бағытта болса да, қандай қиындық туындатса, әлеуметтік педагогтың атқаруы қажет жұмыс болып табылады. Кез келген педагогикалық жұмыстың өзіндік қиындықтары бар. Себебі, ол адамдармен, ең алдымен балалармен жұмыс істейді. Оның кәсіби күзінділігі тек ақылмен ғана емес, сонымен қатар жүйке жүйесінің ерекшеліктерімен де анықталады. Мысалы: эмоционалды тұрақтылық және қарым-қатынас процесінде жұмыс қабілеттілігінің жоғарылауы, бұл балалармен жұмыс кезінде эмоционалды шаршауға қарсы тұруға және «эмоционалды жану» синдромын дамытуға, әлеуметтік-тәрбиелік, психотерапиялық ауыр жүктемелерге төтеп беруге көмектеседі. Әлеуметтік педагог әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттері кезінде көп қиындықтарға ұшырауы сөзсіз. Сол себепті де, ЖОО-да әлеуметтік педагог кадрларын даярлауда, болашақ педагогтарды жан-жақты біліммен қаруландыру қажет. Осы тұста өз тарапымынан төмендегідей ұсыныс білдіргім келеді:

I. Болашақ педагогтар өз жұмысында қиындықтарға тап болмауы үшін, ең алдымен студенттерге білім беру жүйесіне практикалық сабақтарды көбейту қажет деп ойлаймын. Себебі болашақ мамандар тек лекция сабақтарын оқып қана қоймай практика жүзінде жұмыс атқарса, болашақта жұмысында болатын қиындықтар мен мәселелер аз болар еді.

II. ЖОО-да студенттерді көбінесе сабақтарын балалармен жұмыс жасайтын орталықтар мектеп, балалар үйі, приюттарға, реабилитациялық орталықтар мен арнайы коррекциялық мектеп-интернаттарына практикалық сабақтарға баруға, тіпті болмаған да кез-келген уақытта тәрбиелік іс-шараларын еркін түрде барып өткізуге жағдай жасалынса, болашақта әлеуметтік педагогтардың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетінде кездесетін қиындықтар айтарлықтай азаяр еді.

III. Әлеуметтік педагогтардың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеті немесе әлеуметтік-педагогикалық қызметі деп аталатын пән арнайы оқытылса. Және бұл пән барық бағытты қамту қажет деп ойлаймын. Атап айтқанда дефектология, сурдо, тифло, олигофренопедагогика, психология салалары қамтылса. Себебі қазіргі уақытта елімізде инклюзивті білім беру қолға алынып жатыр. Әлеуметтік педагогтарды жан-жақты заман талабына сай біліммен қаруландыру қажет.

Қорытындылай келе, әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық қызметі әлеуметтік тәрбие мен әлеуметтік-педагогикалық қорғау және әлеуметтік білім беру мәселелері болып табылады.

Әлеуметтік педагогтың жалпы білім беретін мектептердегі міндеті – өмірдің барлық кезеңдеріндегі адамдарға тәрбие, білім беру және әлеуметтік қолдау көрсету. ЖОО-да болашақ әлеуметтік педагог мамандарын даярлауда педагогтардың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетін ұйымдастыруды ерекше назарда ұстаған жөн. Себебі әлеуметтік педагог білім беру орындарында балалармен, жасөспірімдермен жұмыс атқарады. Оқушылармен жұмыс атқарудың қиын тұстары да жоқ емес. Сондықтан әлеуметтік педагогтар ЖОО-да жан-жақты біліммен сусындап, нағыз маман болып шығуы қажет. Оқу орындарында педагогтардың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетін ұйымдастыру барысында, оқушылар мен жасөспірімдермен жұмыс жасаудың жаңартылған әдіс-тәсілдерін, методикалары мен техникасын үйрету қажет. Өз жұмысын дұрыс бағытта, қызығушылықпен, түсіністікпен алып жүрген педагогтың ғана әлеуметтік-педагогикалық қызметі дұрыс қалыптасады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 –2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы, 2010 -52-54 б.
2. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты// Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2012.№ 106 (28143) -6-7 б.
3. Әлқожаева Н.С. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы. – Алматы: қазақ университеті, 2011. – 35 бет.
4. Әлеуметтік педагогика оқулық. / Мардахаев Л.В., Беркімбаева Ш.К., Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Тастемірова Л.Ө., Майғаранова Ш.М., Абаева Ф.А., Колумбаева Ш.Ж. – Алматы: « Полиграфия сервис К» 2012. – 32 б.

*Мағауова А.С., Махамбетова Ж.Т.
(КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы)*

ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ К ИНКЛЮЗИВНОЙ ПРАКТИКЕ: ПРОБЛЕМЫ И ОПЫТ

В принятых в последние десятилетия ЮНЕСКО и ООН ряда международных документов одним из решающих факторов построения гражданского общества является развитие системы инклюзивного(отангл.*inclusion*–включение)образования[1,2].

Одной из современных тенденций в государственной образовательной политике Республики Казахстан стала реализация идей инклюзивного образования, предполагающих обучение детей с учётом разнообразия особых образовательных потребностей.

Система инклюзивного(включенного)(образования)подразумеваетэтапность и преемственность всех уровней образования. Её первоочередными задачами являются устранение физических барьеров на пути социального, образовательного и профессионального включения людей с ограниченными возможностями здоровья в жизнь общества.

Анализируя состояние инклюзивного образования на настоящий момент, можно говорить не только как об инновационном процессе, позволяющем осуществлять обучение и воспитание детей сразными стартовыми возможностями на различных ступенях образовательной вертикали. Это направление оказывает мощное влияние и на развитие самого образовательного процесса,в значительной степени изменяя отношения между его участниками. Разрабатываемые стратегии психолого-педагогического сопровождения детей с особымиобразовательными потребностями и технологии сопровождения позволяют выстраивать отношения всех участников образовательногопроцесса на основе уважения их прав и особенностей. По мнению С.В. Алехиной инклюзия является «социальной концепцией, которая предполагает однозначность понимания цели – гуманизация общественных отношений и принятие права лиц с ограниченными возможностями на качественное совместное образование» [2, с. 65].

Все это обеспечивает, и дальнейшую гуманизацию образования, и формирование *профессионального педагогического сообщества новоготипа.*

Центральным подходом в профессиональной подготовке педагогов выступает компетентностный подход, при котором главным элементом содержания обучения будущих и работающих педагогов становится опыт решения разнообразных задач и выполнения социальных ролей и функций [34, с.102].

Проблеме профессиональной подготовки педагогов, разработке практико - ориентированных моделей обучения педагогов для реализации инклюзивного образования посвящены работы многих исследователей – Е.Н. Кутеповой, Е.Г. Самарцевой; О.С. Кузьминой; И.Н. Хафизуллиной; В.В. Хитрюк; Ю.В. Шумиловской и др. Исследователи отмечают важность формирования не только знаний, умений и навыков, образующих процессуальную сторону инклюзивной деятельности, но и развитие профессионально-личностных качеств инклюзивного педагога.

Тұлғаның дамуы мен қалыптасуы қызметінің сипаты туралы мәселені шешкенде, ең алдымен, баланың ақыл-ойының даму деңгейін ескеру маңызды орын алады. Оның жаңа материалды меңгеруі қандай білім мен іскерліктерді талап ететіндігіне талдау жасау қажет. Белгілі бір зат, оқиғалар, жағдайлар немесе іс-әрекет адамның белгілі бір ақыл-ой белсенділігінің түп негіздерімен байланысты болса, ол іс-әрекеттің себептеріне айналады.

«Творчестволық іс-әрекеттің этнопсихологиясы» деген еңбегінде профессор С.Қ.Бердібаева интеллектіні адамның творчестволық іс-әрекетінің шарты ретінде қарастырды [6, 49 б]. Ол «Интеллект» ұғымын көпжоспарлы, интеллектінің формалды сипаттамасы – қабілет, ал мазмұнды сипаттамасы – нақты танымдық іс-әрекет деген тұжырым жасады. Олай болса танымдық белсенділік тұлғаның творчестволық іс-әрекетінің көрінісі деуге болады.

Танымдық белсенділік адамдардың басқалармен қарым-қатынас процесінде айқын көрінеді. Қарым-қатынастың барлық жақтары, атап айтқанда қарым-қатынастық тұлғалар арасындағы пікір алмасу, бір-біріне ықпал ету ұжымы және бірін-бірі қарым-қатынас арқылы қабылдау мен тікелей осының негізінде түсінісушілікті қалыптастыру белгілі бір жүйеліліктің бар болуын талап етеді [7, 44 б].

Сондықтан белсенділік іс-әрекеттік тұрғысынан, С.М. Жақыпов көрсеткендей бұл – бірлескен іс-әрекетке деген қажеттіліктен туындайтын және ақпарат алмасуды, өзара әрекеттің, басқа адамды қабылдау мен түсінудің ортақ стратегиясын өндіруді қамтитын, адамдар арасында байланыс орнату мен дамытудың күрделі, көп жақты процесі болса, кез келген қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетке қатысушылардың өзара әрекеттесу, ынтымақтастық формасы. Осы процестегі байланыс және бірлескен іс-әрекетті орындау қарым-қатынастың пайда болу себептері мен қоғамдық ортадағы өмірдің қажеттілігі болып табылады. Ол тұлғаның танымдық белсенділігінің дамуына негіз болады. Олай болса кез келген әрекеттің белсенді орындауына, танымдық белсенділікке ойлау процесі негізгі рөлді атқарады. Ал ойлау процесінің жүзеге асу шартына адамның бұрынғы тәжірибесі мен бағыты, сонымен қатар ойлануға итермелейтін мотивтері жатады. Ал, С.Қ. Бердібаева: Ғылым мен өмірде кімді тұлға деп атаймыз? – деген сұрақ арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы мен қалыптасуына мынадай сипаттама жасады: «Өмірде әдетте тұлғаны өз істері бойынша басқа адамдардан айырмашылығы бар адамды айтады. Мұндай адам ақылды, өзбетілі шешімдерді қабылдай алады, сол жолда кездескен қиындықтарды жеңеді. Мұндай адамдар психологиялық тұрғыдан бір-біріне ұқсамайды және өте айқын көрінетін индивидуалдылығы болады».

Тұлғаның танымдық-көркемдік белсенділігін арттыру мақсатындағы қарым-қатынастың алатын орнын басқа адамдармен өзара бірлескен іс-әрекеттегі жағдайы арқылы білуге болады. Ол қарым-қатынасқа түсуші жақтармен ұйымдастырылатын жұмыстар негізінде жүзеге асырылады. Осындай дамыту іс-шараларына тренингтерді, топтық пікір таластарды, іскерлік ойындарды және т.б. жатқызамыз. Мысалы, топтық пікірталастар түрлі мақсаттарға қол жеткізуде қолданылады: мәселенің түпнұсқалы шешімін табу, оқыту мақсаттарында пікірлерді сәйкестендіру және бірыңғай шешім жасау. Ал белсенділік дегеніміз сол іс-әрекетті орындауға ынталандыру. Ынталандыру мадақтау, жарыстыру, айыптау, яғни ықпалды әрекеттер болып табылады.

Белгілі бір заттар, оқиғалар немесе қасиеттер сананың белсенділігін арттыра алады, мұның өзі адамның көңіл бөліп, зейінінің аударылғанынан көрінеді, өйткені ол адамның іс - әрекетінің ішкі негіздерімен – ақпаратты қажетсінуімен байланысты. Балалар мен ересек адамдардың әр алуан іс-қимылы нәтижесінде олардың автоматталған әрекеті – дағдылары, іс -әрекет түрлерін орындауға бейімділігі мен ептілігі, тіршілікке қажетті әдеттері қалыптасып, адамның анатомиялық, физиологиялық және психикалық жағынан дамып жетілуіне әсер етеді. Оның рухани өмірінің мазмұнын байытады.

Білім, іскерлік пен дағдылар түсініктер мен ұғымдар – адамның психикасындағы белгілі бір процестердің формалары мен нәтижелері. Олар ақыл-ой дамуының нәтижесінде көрінеді. Демек, олар адамның басында оның өз қызметінің нәтижесінде ғана пайда болады. Оларды біреуден жай ғана алуға болмайды, олар тұлғаның өзінің психикалық белсенділігінің нәтижесінде пайда болуы тиіс. Егер оның

өзінің белсенділігі болмаса, онда ешқандай білім, іскерлік, дағдылар саналы пайда болмайды. Тұлғаның өзінің психикалық белсенділігі болмау фактісін педагог – психологтар өз тәжірибесінен жақсы біледі, мұны жалқаулық, қабілетсіздік, көңіл қоймау деп атайды. Бірақ барлық жағдайда оны баладан көруге болмайды. Себебі оның психикасының, ойлауының, ынта – жігері мен қабілетінің жалпы айтқанда ақыл-ойының дамуына, оның белсенді жолдарын ашуына қоршаған орта үлкен ықпал етеді. Олар ата -аналары, мұғалім немесе педагог – психологтар.

Танымдық белсенділік пен тұлға дербестігі ажырағысыз процесс. Белсенді тұлға, көп ретте дербес болып келеді. Танымдық қызығушылықтың қалыптасуы тұлғаның таным объектісіне деген эмоциялық қатынасына байланысты. Шығармашылыққа деген ынта-ықылас танымдық белсенділіктің қозғаушысы екені белгілі. Тұлғаны қандай да бір іс-әрекетке жұмылдыру үшін оны ең әуелі қызықтыру керек, сонан соң оның осы әрекетке әзірлігін, дербестік деңгейін анықтау қажет.

Әдебиеттер

- 1 Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996 – 160 б.
- 2 Давыдов В.В., Радзиховский Л.А.. Теория Л.С.Выготского и деятельностный подход в психологии // Вопросы психологии, 1981. №1. - С. 67-79.
- 3 Якобсон П.М. Психологические проблемы мотивации поведения человек. М.: Просвещение. 2000. - 317 с.
- 4 Джакупов С.М. Управление деятельностью студентов в процессе обучения: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. -117 с.
- 5 Бердібаева С.Қ. Тұлға психологиясы. – Алматы: Алла прима ЖШС, 2008. - 155 б.
- 6 Бердібаева С.Қ. Творчестволық іс-әрекеттің этнопсихологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 216 б.
- 7 Леонтьев А.Н. Генез человеческой речи и мышления // Психологический журнал. 1988. Т. 9. №4. - С. 141-152

Тұрдалиева Ш.Т., Есенбек Қ.Д., Көлбай Н.

(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Таразқ.)

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУДЕ АРТ ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Балалар қоршаған ортаның сұлулығымен қауыштыруға, олардың әсемдік туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыруға, сан-алуан көркем бейнелеу іс-әрекеттер арқылы әсемдікті баланың өз қолымен жасауға деген ықыластылығын, шығармашылық ойлау қиялын дамытатын эстетикалық пәндердің бірі – «Бейнелеу өнері» болса, мінез-құлқын, қарым-қатынасын, осы жаста болатын өтпелі кезеңнің ерекшеліктері қандай психотерапия арқылы коррекцияланады деген сұрақ туындайды.

Қызығушылық пен шығармамен терапия жасаудың нақты тәсілдері (ойындық терапия, музыкатерапия, арттерапия және т.б.), адамға шығармашылық пен мәдениеттің тигізетін ықпалын клиникалық-терапиялық, емдік-психологиялық зертеуден пайда болған. Мәдениетпен терапиялаудың түрлі тәсілдерін, заманауи дәрігерлер эмоционалды-стресстік психотерапия шеңберінде қарастырады.

М.Бурноның пікірінше, қызығушылықпен терапия жасауды жалғастырушы, шығармада айқын өзін танытпайтын заманауи тәсілдер – бұл библиография, музыкотерапия, эстетотерапия, ландшафтотерапия және т.б. Оларға – арттерапия тәсілдерін қарсы қоюға болады. Терапевтік шығармашылықта өзін ашу механизмдері қызықты істерде көрініс береді, себебі адамға қызыға білу тән келеді, онда ол өзін танытады. Алайда шығармашылықта өзін ашу тәсілдерінде шығармашылық, тұлға мен оның уайымдарын ашатын негізгі ықпал ету құралы болып табылады, науқас осы өзіндік ашылуды азды-көпті ұғынады. Бұл жағдайларда нақ осы шығармашылық күйді жеңілдетіп, өзіндегіні басқалар және өзі үшін көруге, ұғынуға, сезінуге, көмек береді.

Арт-терапия табиғатына қарай, адамның ішкі күшін ашуға бағытталған. Адам бейнелеу өнерімен айналыса отырып, өздерінің шығармашылығын шыңдайды. Сондықтанда арт-терапияны альтернативті тәжірибеге жатқызуға болдады. Бейнелеу жұмысы барысында ішкі қақтығысты және уайымдарды жетік көруге болады.

Арт-терапия кезінде сапалы зерттеулер қазіргі кезде өте құнды деп саналады. Кез- келген арт-терапияның эмоционалды реттелуге көп жақты ықпалы бақылауға болады. Арттерапияның негізгі мақсаты тұлға дамуын, өзін таныту мен өзін тану қабілеттерін дамыту арқылы үндестіру (гармонизация) болып табылады. Классикалық психоанализ өкілдері көзқарасынан айтар болсақ,

арттерапиядағы коррекциялық жұмыс жүргізудің негізгі механизімі болып сублимация механизімі табылады. Бейнелеу өнері арқылы, бастауыш сынып балаларының, әр жастағы кезеңдердегі, эстетикалық тәрбиенің сапасын, олардың шығармашылық ой-өрістерінің даму сатыларының ерекшелік көптеген педагогтар мен психологтар зерттеп келеді. Зерттеушілердің тұжырымдауынша, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру, қысқа мерзімде жүзеге асырылмайтыны, ол балабақшадан бастау алып, бастауыш, орта мектеп бойына жалғаса дамып, одан әрі жеке тұлғаның бүкіл өмір бойы өтіп жататын, ұзақта күрделі құбылыс екенін дәлелдейді.

Балалармен жұмыста психотерапияның икемді формаларын қолдану өте маңызды. Арттерапия балаға қандайда бір қақтығыстық жағдайды оның психикасына ыңғайлы тәсілмен қайта сезінуге, саналы түрде түсіне білуге мүмкіндік береді. Арттерапиялық әдістер адамның мәселені қайта сезініп, басынан кешіруіне қаншалықты деңгейде даяр болса, соншалықты мүмкіндік береді. Баланың өзі бұл жағдайда не болып жатқанын түсіне алмайды.

Арттерапия - өнермен емдеу тәсілі деген мағына береді. Бұл терапиядағы жаңа әдіс болып табылады. «Арттерапия» ұғымын алғаш рет Адриан Хилл (1938) өзінің туберкулезді науқастармен жұмысын мазмұндағанда қолданды. Америка құрама штаттарында арттерапиямен ең алғаш Маргарет Наумбург айналысқан. Ол Фрейдтің ішкі «Мен» құрылымының сурет салу арқылы, илеу арқылы сыртқа шығаруға болатыны жайлы пікірін қолданды.

Алғаш арттерапияны оқу, талдау, қолдану XX ғасырдың 20-шы жылдарында Принцхорнның, Германия, Австрия, Швейцария, Жапония ауруханаларында жан ауруына ұшырағандардың творчестволық жұмыстарына анализ жасауға негізделген фундаментальды жұмыстарынан басталады (Prinzhorn, H., 1922). Кейін келе Крепелин, Блейлер, Бумке, Кречмер сияқты атақты психиатрлар психикалық ауруға ұшырағандардың творчестволық еңбектеріне талдау жасай бастады. 1926 жылы Ресейде осы тақырыпқа орай Карповтың кітабы, алғаш монографиясы шықты, ол «Жан ауруына ұшырағандардың шығармашылықтары және оның ғылым мен техника дамуына тигізер әсері», - деп аталды. Карпов сурет салудың емдік әсері бар екендігін көргендердің алғашқыларының бірі болды.

Бейнелеу өнерінің көмегімен терапия жүргізудің теоритикалық негізі – Зигмунд Фрейдтің психоаналитикалық көзқарасынан шығады, бірақ Фрейдтің өзі арттерапияның психотерапиялық мүмкіндіктеріне қызығып, айналыспаған; Юнгтың аналитикалық психологиясынан, ол өзінің суреттерін жеке және әмбебап символдардың идеясын нақтылауға қолданған. Сонымен қатар, Наумбургтың терапиялық көмек көрсетуде өзін-өзі графикалық бейнелеудің динамикалық теориясынан, оны АҚШ-та арттерапияның пионері деп санайды. Кейін келе арттерапияның дамуына гуманистік бағыттағы психотерапевтердің үлестері де тиді.

«Арттерапия» – термині (art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арттерапия – ауру адамның психоэмоционалды халіне творчество арқылы ем жүргізу және әсер етуді білдіреді [1].

Арттерапия өнерге негізделген, бірінші орында творчество мен өзіндік өнерін көрсететін психотерапияның мамандандырылған бөлімі, формасы.

Арттерапия бағытының топтамасы төмендегідей:

1. Изотерапия: сурет, кескіндеме (живопись);

2. Саз балшық (глина терапия) Юнгтік құм терапиясы.

3. Коллаж - өзіне ұнаған суреттерді журналдан іріктете отырып, «кеше, бүгін және ертең» деңгейінде жоспар жасату.

4. Видеоарт терапия - видеодан үзінді көрсете отырып, талдату қандай жолдарды көреді.

5. Би-қимыл терапиясы. Түрлі қимылдар арқылы өзіндік босаңсуға әкелу.

6. Драма терапия. Денедегі қысымды драматизация деңгейінде қайта сана мен бейсанадан өткізе отырып шығару.

7. Ертегі терапиясы: диагностикалық және психокоррекциялық және психотерапевтік жаттығуларды ертегі арқылы жүргізу. Метафралық ойындар арқылы талдату.

8. Әуен терапиясы. Музыка әуенін тыңдата, оған беріле алуға, босаңсу процесіне әкелу.

9. Түйме терапиясы: түрлі-түстер мен көлемдегі түймелердің көмегімен отбасы немесе топ қарым-қатынасын анықтау және өзіне талдата отырып, саналы шешімге келтіру тәсілдері.

10. Құм терапиясы. Адам санына қарай (3 кг) құм даярланып, жеке және топтық жұмыстар жүргіздіру. Адамның қазіргі қысымының бастауы мен түсіру жолдырын меңгерту.

Изотерпия: бейнелеу өнері арқылы терапиялаудың теориялық негіздері (З.Фрейдтің психоаналитикалық тұжырымдары мен Юнгтің аналитикалық психологиясынан шығады). Әрі қарай арттерапияның зор ықпалды гуманистік бағыттың психотерапевттері тигізді.

Изотерапия әдістерінің біріне ерекше назар аударғым келеді – ол проективті сурет болып табылады. Бұл әдіс екі жақты мағыналы болғандықтан, қызықты келеді. Бір жағынан бұл керемет диагностикалық әдістеме, ал екінші жағынан бұл психокоррекциялық жұмыс жасау үшін, барлық қажетті техникаларға ие болып табылады.

Сурет салу – бұл өзін сезініп, түсінуге, өз ойлары мен сезімдерін еркін түрде айта білуге, шиеленістер мен күшті уайымдардан босануға, армандары мен үміттерін білдіруге мүмкіндік беретін шығармашыл акт болып табылады. Бұл тек адам санасында қоршаған және әлеуметтік болмысты бейнелеу ғана емес, сонымен қатар оны модельдеу мен оған деген қатынасын көрсету болып табылады. Кейбір ғалымдар сурет салуды ағзаның кемелге жету бағдарламасын орындаудың бір жолы ғана деп қарастыруға бейім.

Сурет салу сезімдік-қимылдық координацияны (үйлестікті) дамытады. Оның артықшылығы, көптеген психикалық функциялардың сәйкестеніп қатысуын талап етуінде болып табылады.

Сурет сала отырып бала, өз сезімдерін, ниеттерін, армандарын шығарады, түрлі жағдайларда өз қатынастарын қайта құрады және кейбір өзіне қорқынышты, жағымсыз, зақым келтіруші бейнелерге жақындайды. Осылайша, сурет салу қоршаған орта мен өз мүмкіндіктерін түсіну құралы, өзара қатынастарды модельдеу тәсілі мен сан қилы эмоцияларды, соның ішінде жағымсызды да бақылап, оны шығару болып табылады. Сондықтан да сурет салуды психикалық қысымды, стресстік күйлерді шешу үшін, невроздар мен қорқынышты түзеу тұсында кең қолданады.

«Көркемдік өзін таныту» азды-көпті адамның, әсіресе балада психикалық денсаулығын бекітумен байланысты, сол себепті маңызды психологиялық және коррекционды фактор ретінде қарастырылады. Изотерапияны қолдану, балаға өз психологиялық мәселелерін шешуге және оның эмоционалды тепе-теңдігін орнатуға не оның бойындағы мінез-құлық бұзылыстарын анықтау мен жоюға көмек бере отырып, көп жағдайда психотерапевтикалық функцияны атқарады.

Алғаш бұл термин 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданылады. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында (музыкалық терапия, драмалық терапия, бимен терапия жүргізу т.б.) қолданыла бастайды. Бірақ көптеген мамандар мұндай анықтамаларды өте кең әрі нақты емес деп санайды. Отандық психотерапиялық әдебиеттерде кей кездерде “Изотерапия” және “Сурет терапиясы” термині қолданылады, бірақ олар, ағылшын тілді аналогқа келіңкіремейді және мән мағынасын тарылтады. Тарихқа сүйенсек арттерапевт мамандар психиатрлар мен психотерапевттердің көмекшісі болған, оларға пациенттің диагнозын анықтауға немесе ем жүргізуге, олардың суреттеріне қарап, әдіс таңдауға көмектескен. Біртіндеп арттерапевттер ешкімге тәуелсіз маман статусын иемденген. 1969 жылы арттерапевт-практиктерді біріктірген американдық арттерапиялық ассоциация құрылды. Осы сияқты ассоциациялар кейіннен Англия, Голландия, Жапония және Ресейде құрылған. Онда арттерапевттер қазіргі уақыттағы психотерапияның процестері мен жекеліктерін зерттеуге өз үлестерін қосуда. Қазіргі уақытта психотерапияда осындай күшті эмоционалды фактор, яғни өнер мен творчествоны қолдану қажеттілігі көрініп отыр. “Арттерапия – біздің ғасырымыздың жемісі”, – деген тұжырымдар өте дұрыс қабылданған қорытынды [2].

Арттерапияны жүргізу барысында клиенттерге бейнелеу өнері мен шығармашылық сипатынан әр түрлі жұмыстар (сурет, графика, кескіндеме, сәулет өнері, мүсін, дизайн, әрлендіру, пластика, ойма, күйдірме, бедер салу, батын, гоболен, эшекей т.б.) ұсынылады. Бұлар бірінші жағынан психотерапевтпен қарым-қатынас жасау белсенділігін және топта өзінің уайым-қайғысын толық әрі нақты бейнелеуін, проблема, ішкі қайшылықтарын шығаруын көрсетеді. Ал, екінші жағынан, өзін творчестволық адам ретінде бейнелейді. Дәл қазіргі уақытта арттерапияға – видео-арт, инсталляция, перформанс, компьютерлік творчество деген творчествоның түрлері қосылған. Мұндағы қарым-қатынаста визуальды канал негізгі роль атқарады.

Арттерапия фактілі материалдардың жеткіліктілігіне қарамастан, теориялық жағынан эмпирикалық қорытындылау сатысында тұр. Арттерапияның емдік қасиеті туралы жалпы қабылдаған теория әлі жоқ. Ол арттерапияға қатысты көпфакторлы қиындықтар мен оны салыстырмалы түрде ғылыми тұрғыда зерттеудің аз уақыттылығына және алғышарттарына байланысты.

Кратохвил арттерапияны – сублимационды, проективті және әрекетшіл деп бөледі.

Ал Дельфина – Бейли арттерапияны қолдануда 4 негізгі бағытты бөліп көрсетеді.

1. Пассивті (енжар) арттерапия. Дайын өнер туындыларын пациентпен анализ және интерпретация жасау арқылы емдік әсерге қолдану.

2. Актив (белсенді) арттерапия. Пациентте өзіндік шығармашылығын ояту, мұнда шығармашылықтың актісі емдік фактор болып саналады.

3. Бірінші және екінші қағидаларды бір мезгілде қолдану.

4. Психотерапевтің өзіндік ролін, оның пациентпен шығармашылық жұмысын оқудағы қарым-қатынасын акценттеуі.

Арттерапия әдісі – адамның ішкі өзіндік “Менің” сурет салуда, өлең жазғанда, скульптура жасағанда, ойланбай істесе де көрсетіп отырады деп сенімді тұжырымдайды [4]. Әлемдік әдебиеттерде арттерапияның емдік әсеріне әртүрлі көзқарастар бар. Олар креативті, сублимативті, проективті және арттерапиямен бос болмаушылық ретінде (арттерапия как занятость).

Креативті көрініс жағынан психикаға арттерапияның адаптациялық әсерін шығармашылықпен байланыстырып, түсінуге болады. Бірінші орында терапиялық әсері бар адамның өнерге деген сенімі қойылады және өзіндік терапиялық әсерді иемденген латентті творчестволық күштің мобилизациясы. Бұл көріністердің теориялық негізі – адамда алғаш кезден-ақ оның мінез-құлқын анықтайтын рухани және альтруистік қажеттілік болады деп жеке адамды психологиялық құрылым ретінде қарастырған гуманистік бағыт болып саналады.

Анастаси, Фоли, Конова өнердің интегративті-креативті мүмкіндіктерін психологиялық бейберекеттік дезинтеграцияға күрес жүргізу мүмкіндігі ретінде қолданады.

Арттерапияның емдік әсерінің басқа механизмі – сублимация және жауап берушілік болып табылады. Адамның инстинкті импульсі визуальды көркемөнер-образды бейнелеулерге ауысқанда, көркемөнер сублимациясы пайда болады. Бұл концепцияның өкілдерінің пайымдауынша, шығармашылық сублимацияның бір формасы ретінде ұғынуға, көрсетуге, шығармашылық арқылы айтып беруге және инстинкті импульстері арқылы жауап беруге (сексуальды, агрессивті) және эмоциялық жағдайын бейнелеуге (депрессия, уайым-қайғы, қорқыныш сезімі, қанағаттанбаушылық, ашу-ыза, тұнжыраушылық, т.б.) көмек береді. Әлеуметтік ортадағы іс-әрекеттерде жоғарыда айтылған сезімдердің көрініп қалуы мүмкін деген уайымдардың қауіптілігін төмендетеді.

Арттерапиямен кімдер айналысады?

Арттерапиямен психологиялық қиындықтарды (музыка, живопись, сурет салу, жабыстыру, театрлық драма) творчествоның көптеген түрлерімен жеңілдете, шеше білетін адамдар айналысады.

Арттерапевт қалай жұмыс жүргізеді?

- Арттерапевт топпен болсын немесе жеке дара болсын жұмыс жүргізгенде өзін-өзі силау, өзін-өзі түсіну сезімдерінің даму деңгейін зерттеу мақсатында ешқандай зиянсыз және мәжбүрлеусіз жағдай туғызады.

- Білім-дағдылары мен танымдық процестерді дамыту мақсатында сабақтар, жаттығулар ұйымдастырады.

- Өзіндік құндылықтарын сезіну үшін, қарым-қатынасқа түсіп әлеуметтендіру мақсатында өзін-өзі көрсете білуге жағдай жасайды.

- Ішкі және сыртқы қарама-қайшылықтарды жеңу үшін, өзіне немесе өзге адамдарға деген қатынасын өзгерту мақсатында ішкі творчестволық қабілеттіліктеріне үңілуге мүмкіндік береді.

- Жеке творчестволық диапазонын кеңейтуге септігін тигізетін, өзін-өзі зерттеу мен өзін-өзі танып білуге жағдай жасайды.

Арттерапияның мақсаты барлық адамды суретші немесе мүсіншіге айналдыру емес, оның мақсаты индивидтің творчестволық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ішкі көңіл-күйлерін ашып көрсетуге белсенділігін арттыру. Терапиядағы табандылық клиенттің өз қабілеттілігіне сай жеке творчестволық белсенділігін арттыруына көмектеседі, өзінің бір туынды жасап шығаруына бағыт-бағдар береді.

Жоғарыда айтылған көзқарастар бойынша шығармашылық тек әсер етуші процесс болып қаралмайды, олар оның эстетикалық жағын бөліп көрсетеді. Өнердің интегралдау ролінің қорытындысы творчестволық процесс неврозға әкелетін қысымды төмендетеді және ішкі қайшылықтарды объективтендіретінінен көрінеді.

Әдебиеттер

1. Копытин А.И. Арт-терапия (хрестоматия) С.Пeters.:Питер, 2007
2. Дж. Кори, М.Кори., Дж. М. Рассел., Техники групповой арт- терапий Питер: -2001
3. Крамер З.Ч., Мастерство психотерапии. Питер – 2004.
4. Рудестам К. Групповая психотерапия. СПб., 2000.

Әділбекова Ұ., Жамбылбаева Ш., Рәпілбек Ұ.

(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.)

ТҚҚ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОҚЫТУ-ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Арнайы психология мен педагогика ғылымының, сондай-ақ арнайы мектептің ең күрделі мәселелерінің бірі - кемістігі бар балаларды тәрбиелеу.

Тірек қимыл қозғалысы бұзылған (ТҚҚ) оқушылардың көбі, бейнелеу өнеріне қабілетті болады. Бұл әрекет – балада әлемді эстетикалық тұрғыдан ұғыну қажеттілігін тудырады, сол арқылы бала бойында эстетикалық тәрбие қалыптасады. Бейнелеу әрекетінде баланың бақылағыштық, қиял, көру арқылы аз болса да, есте сақтауы, қабылдауы қалыптасады.

Бұл категорияның жалпы контингенті – мидың сол ауруына ұшыраған балалар. ТҚҚ – жетілмеген мидың ауруы, ана құрсағында жатқанда, туылу кезінде және өмірдің алғашқы айларында көптеген жағымсыз факторлардың ықпалы арқылы пайда болады.

ТҚҚ – барысында ең бірінші бас миының қимыл аймақтары зақымдалады, сонымен қатар оның жалпы жетілмеуі, бұзылуы болады. Тірек қозғалыс аппараттарының балаларда бұзылуы басқада аурулармен байланысты. Бұл полиомилит, түрлі туа біткен және кейіннен пайда болған тірек қимыл қозғалыс аппаратының формасының өзгеруі (деформация) артрогрикоз (сүйектердің қисаюы, буын қимылдарының жоқ болуы), ахондроплазия немесе хондродистрофия (дененің мойының және бастың дұрыс өсу жағдайында сүйектер басының өспей қалуы), миопатия (бұлшық таньдарында зат алмасудың бұзылуына байланысты тұқым қуалайтын ауру бұлшық еттерінің әлсіздігімен тіпті семіп қалуымен көрінеді).

Балаларда түрлі қимыл қозғалыстың бұзылуы ауруға байланысты кейбір факторлардың әрекетімен шарттас болады. Солардың кейбіреулеріне тоқталайық – бұлшық еттерінің әлсіреуіне байланысты еркін қимылдардың шектелуі, бала жоғары қолын көтере алмайды, алға жан жағына соза алмайды, аяғын бүге немесе соза алмайды.

- Бұлшық ет тонысының бұзылуы. Бұлшық ет тонусы өзін өзі сезудің жауап беруін қамтамсыз ету, ал ТҚҚ кезінде бұлшық ет тонусы көтеріңкі болғандығы байқалады, тізе буынында аяқтар бүгілген, тірек саусақтарда, қолдар денеге жабысып, шынтак буындары да бүгілген, саусақтар жұдырыққа жұмылғын .

- Зорланған қимыл пайда болу, кез келген еркін қимылдарды орындау қиынға түседі, кейде тіпті мүмкін болмайды.

- Қимыл үйлесулігінің және тепе-теңдіктің бұзылуы, отыру, тұру, жүру барысындағы тұрақсыздық .

- Дене бөліктерінің қимыл сезбеу (кинестерия). Мұндай жағдайда қимылды сезу арнайы сезгіш сыныпеткалар арқылы жүзеге асады, олар бұлшық еттерде, сіңірлерде, буындарда болады және орталық нерв жүйесіне дене жағдайы туралы хабар беріп отырады .

ТҚҚ балардың сыртқы орта ықпалына тәуелділігі олардың эмоциялық жағдайы, дене және бастарын кеңістікте дұрыс ұстай білмеуі – дыбыс шығару ерекшеліктерінде өзгертеді, ауызша жауап беру қиынға соғады, сөйлеуге талпыну барысында артекуляциялық мускулатура да бұлшық ет тонусының көтерілуі пайда болады. Сөйлеу мускулатурасында гиперкинездің көрінуі тілді әбден бұзады, кейде тіпті түсініксіз қылады. Гиперкинез диафрагмада, қабырға арасындағы бұлшық еттерде пайда болып тыныс алуды, кейбір жағдайда зорланып айқайлап, жылап жіберулері мүмкін.

Сөйлеу бұзылуының көп тараған формасы псевдобульбарная дизартрия – артекуляция бұлшықеттер қимылының шектелуі, түкірік көп бөліеді, тыныс алу, дауыс өзгереді. Бас сүйек ми жүйкелерінің арттекуляциялық аппаратқа байланысты зақымдану көбінесе қимыл нервтерінң

функциясының бұзылуы мен сай келеді. Бұл қыли көзділіктен көрінеді, әсіресе мұндай балалар көру қозғалу үйлесімділігінің бұзылуымен сипатталады, бала өз қолдарының қимылына да көз қарасын сала алмайды.

Мінез-құлқы өзгерген (бұзылған) балалар. Олигофрения этимологиясында ақыл есі кемдік ұлғаятын ауру емес, дұрыс ұйымдастырылған тәрбие және оқу мекемесінің тіпті олардың психикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруларына, соңында кез келген әлеуметтік ортада (тұрмыс, еңбек ұжымы т.б) бейімделе білуіне көмектеседі [2].

Алайда, биологиялық (бас ми зақымдануы қосымша жұқпалы аурулар) факторлардың әсерінде мұндай балардың болашағын болжау қиын соғады. Жеткіншек шақ әсіресе организмнің жыныстық пісіп жетілуінің күрделі кезі биологиялық және әлеуметтік тұрғыда түрлі қолайсыз ықпалдың әсер ететін осал туысы.

К.С.Лебединская бойынша мұндай бұзылулар мынандай екі психологиялық вариантқа бөлінеді:

- 1) невротикалық типтегі психикалық декомпенсация;
- 2) психопатологиялық типтегі психологиялық декомпенсация;
- 3) эмоциялық ерік тұрақсыздығының басым болуы (аффектілік қозғыштықтың артық болуы, әдістік патологиясының басым болуы).

Жеткіншектер әдетте сыртқы пішіндегі кемшіліктерден ұялады, қыли көзділік, дөрекі іс-әрекет, энурез. Балардың көзінше жасалған ескертулер бөгелеулерге соқтырады, беркесі кетеді ал жеке сабақтардағы жұмыс сапасы жоғарылау болады мұндай сезімдер кейбір балалардан аутистикалық бейімделулердің пайда болуына әсер етеді – психиканың ауру жағдайы, тек өз қайғысын ойлау, шын мәніндегі әлемнен алыс болу. Олар өздерімен өздері болғанды жақсы көреді, көпшілік қатыспайтын әрекеттерді таңдайды сурет салу, балық аулау, коллекция жинау.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды кешенді түрде оқыту, тәрбиелеу және сауықтыру жұмыстары жүргізіледі. Әлеуметтік факторлардың ықпалымен, оның ішінде оқыту және тәрбиелеу факторлары ТҚҚ бұзылған балаларды өндірістік және ауыл шаруашылығына еңбек етуге, жоғарғы оқу орнында оқуға, қоғамдық істермен айналысуға, ғылымда, спортта жетістіктерге жетуге қолдау көрсетіледі. Мектептің оқу жоспарында еңбекке және кәсіби дайындықтарына көп уақыт бөлінеді. Мектеп шеберханаларында оларға тігінші, ағаш шебері және т.б. мамандықтарды үйретеді.

Әлеуметтік орта - тәрбие берудің маңызды және тиімді факторы. Аномальды балаларды және олардың мүмкіндіктерін есепке ала отырып, жалпы және профессионалды білім алуға, қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға конституциялық құқық ұсынылған. Арнайы оқу орындарын бітіргендер өз білімдерін, еңбектері мен өнерлерін ары қарай жүзеге асыруға болатын мүмкіндіктер қамтамасыз етілген. Біздің елімізде балалар аномалиясының алдын алу және профилактика жасау жұмыстары жүргізілуде. Аномальды балалық шақ мәселелерінің жағдайы материалды және мәдени деңгейге, тұрмыс жағдайына, медициналық көмек сапасына, профилактикалық шарттардың дамудың арнайы емдеу әдістерін қолдануға, жанұялық және қоғамдық тәрбие беру шарттарына байланысты болды.

ТҚҚ балалармен сабақ өту барысында баланың ұсақ моторикасы жақсы даму үшін 5-6 жаттығу орындалуы қажет. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту бойынша жаттығулардың барлық кешенін шартты түрде екі құрылымға бөлген:

- Саусақтарға арналған гимнастика – бұл саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сақиналау, қолмен орындау. Балалар көлеңкеленген ойындарды ойнағанды жақсы көреді. Саусақтармен ойнау барысында балалар ересектердің қозғалысын қайталай отырып, қолдарының моторикасын белсендіреді. Соның нәтижесінде өз қозғалыстарын басқара білу іскерліктерін дағдыландырып, іс-әрекеттің бір түріне зейінін шоғырландырады. Жаттығулар әртүрлі деңгейде жүргізілу мүмкін: еліктеуі, сөздік нұсқауы бойынша.

Ең бірінші сөздік нұсқауы көрсетіліммен жүргізіледі, яғни балалар көрсетілім бойынша жұмыс жасайды. Одан кейін олардың өзбетілік деңгейлері өсе түседі – көрсетілім шеттетіліп, тек сөздік нұсқауға ғана қалады. Мұндай жаттығу түрін күнделікті сабақта бірнеше рет пайдаланамын. Балалар бірге қайталамаса да, шама шарқынша қимыл көрсетуге тырысады. Саусақ жаттығуына арналған тақпақты айта бастағанда бала қандайда бір әрекет жасап, көңіл күйі көтеріліп өз ішкі дүниесін қимыл-қозғалысы, ым-ишарасы арқылы жеткізуге тырысады. Әрбір түзете-дамыту сабағын балаларға тек ойын арқылы жеткізе аламыз. Сондай ойын түрлері: «Саусақ театры», «Бала, бала, балақан», «Саусақ көлеңкелері», «Қуырмаш», т.б. атап өтуге болады.

2. Әртүрлі заттарды пайдалану арқылы қолдың бірізділіктері мен саусақтарына арналған жаттығулар ұсынылады:

- Пирамида, мозаика, матрешка құрастыру;
- Тоқымаға шеңбер өткізу;
- Қағазға түйме, жіп, замок әр түрлі ұзындықта жапсыру жұмысы;
- Тиындарды іріктеу;
- Жарманы жинау;
- Сіріңкемен жұмыс;
- Қағазбен жұмыс;
- Жапсыру (балшықтан, ермексазбен, қамырдан);
- Арнайы шеңберге, бәтенкеге бау байлау;
- Жуан жіппен түйіншек жасау;
- Құммен, сумен ойнау;
- Өзінің саусағына жіңішке сымды орау (жүзік немесе орам жасалады);
- Бұрандалы шегені немесе гайканы бұрау;
- Конструктор немесе кубиктер ойнау;
- Ауада сурет салу;
- Әр түрлі материалдармен суреттер салу (қарындаш, қалам, бор, көмір, және т.б.);
- Қолөнері [3].

Саусақтармен жаттығуларды және ырғақты қозғалыстарды орындау индуктивті бас миындағы сөйлеу орталықтарының қозуына және сөйлеу аймақтарының келісілген әрекетінің күрт күшеюіне алып келеді.

Саусаққа арналған ойындар жағымды эмоционалды көңіл-күй тудырады, үлкенге еліктеу білігін дамытады. Баланың жаттығуларды меңгеру нәтижесінде қолдың білектері мен саусақтары күш жинайды, қозғалғыштыққа және иілгіштікке ие болады.

ТҚҚ бұзылған бала дамуының әлеуметтік ситуация ерекшеліктері оған тән іс-әрекет түрлерінен, алдымен сюжеттік-рөлді ойындардан көрініп отырады. Үлкендер өмірімен араласу талабымен оған деген білім мен іскерліктердің болмауының ұштасып келуі баланың сол өмірді шамасы келетін ойын формасында игеруіне алып келеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы үшін айрықша қолайлы жағдайлар мектепке дейінгі қоғамдық тәрбие жүйесі арқылы жасалынады. Мектепке дейінгі мекемелерде балаларды оқыту бағдарламасы жүзеге асып, олардың бірлескен іс-әрекеттерінің алғашқы түрлері қалыптасып, қоғамдық пікір пайда болады.

Тәуелсіздік алған кезден бастап білім беру жүйесін дамыту еліміз үшін басты бағыт болып саналады. Оның нормативтік құқықтық базасы ретінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты мақсаты ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарға, ғылым мен практиканың жетістіктеріне негізделіп, жеке тұлғаның қадыптасуына, дамуына, кәсіби өсуіне бағытталған білім алуына мүмкіндік жасау деп көрсетілген».

Білім беру жүйесін жетілдіру білім беру мекемелерінің жұмыс тәжірибесіне әр баланы өз уақытысында қамтамасыз етуге, толық тұлға қалыптастыруға, білім алуға бағытталған шаралар кешенін енгізуді талап етеді.

Тәрбие принциптері - тәрбиеші басшылыққа алуы тиіс тәрбие процесінің жалпы заңдылықтарын бейнелейтін бастапқы ережелер.

Тәрбие принциптері бірнеше түрге бөлінеді:

1. Тәрбиенің идеялылығы, мақсаттылығы. Тәрбиенің алдына қоғам болашағына берік сенімі бар азаматтарды қалыптастыру міндеті қойылады.

2. Тәрбиенің өмірмен, еңбекпен қоғам құрылысының практикасымен байланыс принципі. Бұл принциптің мәні - қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани қатынастарын өмір шындығының моралі және әсемділікке көзқарасын тәрбие ісінде қолдау болып табылады. Осы принципті жүзеге асыру оқушыларды өмірге, еңбекке, мамандықты таңдауға, толық дайындауының шынайы алғышартын жасайды.

3. Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу.

4. Тәрбиеленушінің тұлғасына қойылатын талаптармен көрсетілетін құрметтің бірлігі.

5. Тәрбиелік ықпалдардың жүйелілігі, беріктігі, үздіксіздігі.

6. Тәрбиенің оқушының жас және дербес ерекшеліктеріне сәйкестігі.

Дамуында ауытқуы бар балаларға арналған тәрбиенің мазмұны ерекше. Мұнда тәрбиенің басты мақсаты - әлеуметтік сарыны кемтар балалардың кемістіктерін жою, оларды әр тарапты дамыған қоғамның толық мүшесі етіп дайындау.

Бұл жұмыстардың барлығы да тірек-қимыл қозғалысы бұзылған балалардың қалыпты балалар жағдайына жетуге талпынатынын көрсетеді. Арнайы ұйымдастырылған жұмыстардың арқасында олардың танымдық қабілеттерін қалыптастырамыз. Осы зерттеу жұмыстарының нәтижесі соған дәлел.

Бүгінгі таңда елімізде осындай балаларға арналған арнайы әдіс-тәсілдер аз болғандықтан, біз қалыпты балаларға арналған әдіс-тәсілдерді осы балалардың ауру деңгейіне, жас ерекшелігіне, кемістігінің пайда болу уақытына байланысты бейімделіп қолданылады.

Әдебиеттер

1. Тебенова Қ.С. Рычманова А.Р. Арнайы психология: Оқулық-Алматы: ЖШС РПБК "Дәуір", 2011-264 бет.
2. Спиваковская А. Психотерапия: игра, детство, семья. – М, 1999
3. Кушербаева Г.Ж. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарының ерекшелігі // Қызықты психология, 2015. <http://artpsy.kz/>
4. Назарова Н.М. Специальная педагогика. - М, 2001.

МАЗМУНЫ

1-СЕКЦИЯ

САНДЫҚ ДӘУІРДЕГІ ПЕДАГОГИКА МЕН ПСИХОЛОГИЯНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПЕДАГОГИКИ И ПСИХОЛОГИИ В ЭПОХУ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Найденова Н.Н. КУЛЬТУРА ОБУЧЕНИЯ В ЭПОХУ ЦИФРОВИЗАЦИИ: ВЗГЛЯД ИЗ СТРАН СЕВЕРНОЙ ЕВРОПЫ	3
Гарбер А.И., Бердибаева С.К., Сахиева Ф.А., Масимбаева А.А., Абикиева Н.К. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЦЕННОСТНОЙ СФЕРЫ КАЗАХСКОГО ЭТНОСА	8
Карпова Е.В., Невзорова А.В. УНИВЕРСАЛЬНЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ И НОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ	11
Ермаков Д.С., Соколова Л.И. ИННОВАЦИОННЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ОБРАЗОВАНИЯ ДЛЯ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ	15
Ермаков Д. С., Амантай Ж.А. ИЗУЧЕНИЕ И РАЗВИТИЕ «ГИБКИХ» НАВЫКОВ КАК ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА	17
Стенищева А.А. ОБРАЗОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ	20
Асқарқызы Б., Құдайбергенова А.Ж. СТРЕССТІ БАСҚАРУДАҒЫ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР	22
Жұбаназарова Н.С., Дүйсенбай Г. ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУДАҒЫ МЕНТАЛДЫ АРИФМЕТИКАНЫҢ РӨЛІ	24
Баянқұлова С.О., Кабакова М.П., Жеткіншек Д.Г. ОСОБЕННОСТИ СМЫСЛОЖИЗНЕННЫХ ОРИЕНТАЦИЙ В КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ ЦЕННОСТНО-СМЫСЛОВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ И ПСИХОЛОГОВ	27
Умурқұлова М.М., Сабирова Р.Ш., Карипжанова Ш.С. ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА КАК ПРЕДИКТОР АКАДЕМИЧЕСКОГО СТРЕССА	31
Садықбаева А.К., Рысбекова Ж.К. ВЛИЯНИЕ САМООЦЕНКИ НА СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ СТАТУС СОТРУДНИКА В ТРУДОВОМ КОЛЛЕКТИВЕ	34
Сәтекова Ж.Ж., Баймолдина Л.О. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГ-СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІСІНҢ ДАМУЫ	36
Ботабаев Ғ.Е., Тоқсанбаева Н.Қ., Байбекова М.М., Абрахманова А.Т. ҚАБІЛЕТІ ДАМУТҒА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫҢ ӘСЕРІН ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ	40
Бименов Қ.Т., Тоқсанбаева Н.Қ., Наубаева Х.Т., Тулебаева Б.Т. СТУДЕНТТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ӘСЕРІН ТАЛДАУ	43
Балтабаев Н.Қ., Тоқсанбаева Н.Қ., Унгарбаева Ш.У., Үсенова С.М. ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ТҮРЛІ ЭМОЦИАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТАРЫНА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ӘСЕРІ	47
Айтуова А. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУТҒА ҮДЕРІСІНДЕ МУЗЫКА ТЕРАПИЯСЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ	50
Болтаев А.Д., Омарова Р.Ж. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУТҒА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	53
Сейітнұр Ж.С., Жарқын А. ҚЫТАЙДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ	56
Сматова К.Б., Орынхан Ә.Ә., Асылбекқызы Г., Сейлханова А.Б. ТҰЛҒАНЫҢ КӨСІБІ ДАЯРЛЫҒЫН ДАМУТҒА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	60
Болтаев А.Д., Көшербек Т., Қалила Н., Әбдісәмет Д. ТҰЛҒАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАНЫМ ПРОЦЕСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	62

Болтаев А.Д., Артық А., Артықбай Г., Болуысбекова Д. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	64
Болтаев А.Д., Мейірбек А.Ә., Дадахан А. ЖАСӨПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	67
Болтаев А.Д., Сәрсенова А., Жаңабек А., Мустафаева Д. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН АРТ-ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	71
Бүйембаева Ш.Б., Қошан А., Аргынбаева А., Нусипова А. КӘСІБИ БАҒДАР – БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ БІР БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ	73
Тәжібаева А.Б. ЦИФРОВАЯ ЭПОХА И МЛАДШИЕ ШКОЛЬНИКИ: ОПЫТ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ШКОЛЕ НА ОСНОВЕ РОЛЕВЫХ ИГР	76
Жамирова У.Ш., Мадмарова С. САНДЫҚ ДӘУІРДЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ	81
Гумерова А., Бекмуратова Г. К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ Я- ОБРАЗА ЛИЧНОСТИ.....	84

2-СЕКЦИЯ ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МЕН ПЕДАГОГИКА ФИЛОСОФИЯСЫ ФИЛОСОФИЯ ОБРАЗОВАНИЯ И ПЕДАГОГИКИ В СТРУКТУРЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

Мардахаев Л.В. ОБУЧЕНИЕ В ВУЗЕ И СОЦИАЛЬНОЕ ЗДОРОВЬЕ ВЫПУСКНИКОВ	88
Таубаева Ш.Т. ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙДЕГІ ПЕДАГОГИКА ӘДІСНАМАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТЕР	91
Құсайынов А.Қ., Алимжанова Ж.О. ЗАМАНАУИ МЕКТЕП ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ПСИХОДИДАКТИКАСЫ	99
Әлқожаева Н.С., Сәулебек А.Н. ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖОБАЛАУДЫҢ ТАРИХЫ	102
Кереймағанбетова Ж.Н. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	105
Богачёва М.А., Кошанова Ш.К. МОДЕРНИЗАЦИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ: СОВРЕМЕННЫЙ ПЕДАГОГ	107
Ізгіттынова Р.О., Тоқтар Т.Н. ІЗГІЛІК ПЕДАГОГИКАСЫ – ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ.....	109
Сматова К.Б., Мұхаметқали Н.Б., Әблезқұл А., Ергараева Г.М. БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АКМЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	112
Мурзакулова А.Г. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ СТРУКТУРЫ ОБРАЗА «Я-МАТЬ» СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН	114

3-СЕКЦИЯ Т.Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ ИССЛЕДОВАНИЕ ТВОРЧЕСТВА АБАЯ В ТРУДАХ Т.Т. ТАЖИБАЕВА

Түрікпенұлы Ж. ТҰҒЫРЫ БИІК ТҮЛҒА (АКАДЕМИК Т.ТӘЖІБАЕВ ФЕНОМЕНІ).....	117
Жұмабекова Қ.Б. АБАЙДЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ БЕЙНЕСІ.....	119
Шағырбаева М.Д., Алдан А. ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ ЖӘНЕ АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК КӨЗҚАРАСТАРЫ	122
Изимова С.А., Бейсенбаева А.К. ПРОБЛЕМА НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ В ТРУДАХ АБАЯ КУНАНБАЕВА	125

4-СЕКЦИЯ
ҚР ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТЕР
НАУЧНЫЕ ШКОЛЫ В ОБЛАСТИ ПЕДАГОГИКИ И ПСИХОЛОГИИ В РК

Вишневский Ю.Р., Шайланов Е.С. КОНФЛИКТЫ В СТУДЕНЧЕСКОЙ ГРУППЕ: ПРИЧИНЫ И ПРОФИЛАКТИКА	128
Зиядинова А.Т. ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ НА ПРОЯВЛЕНИЕ КОНФЛИКТНОГО ПОВЕДЕНИЯ У ПОДРОСТКОВ	131
Бүйембаева Ш.Б., Нұрланқұл М., Азизова Д. БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ПСИХОЛОГ– ЖАТТЫҚТЫРУШЫ ҚЫЗМЕТІ	135
Бүйембаева Ш.Б., Тұрысбекова Ж., Әбдраш А. ТҮЛҒАНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ САУЛЫҒЫН САҚТАУДА АРТ-ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ	137
Карабекова А.Ж., Темиралиева Б.К., Сарсенбаева Д.Г. СТУДЕНТТЕРДІҢ ҮЙЛЕСІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МАҢЫЗЫ	141
Макашқұлова Г.Б., Әділова М.Ж., Әмірбек Ж.Б. МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	145
Махашова П.М., Орынбасар А.Ж., Жиенбаева Ж.Б. ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	148
Сабекова Д.А., Рақымбай Н., Дулат Ж. ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ДИАГНОСТИКАЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ	151
Бүйембаева Ш.Б., Баимбетов А., Балабек А. ТҮЛҒАНЫҢ АДДИКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН ДЕҢГЕЙЛЕРІ	156
Толымбекова Д.Р., Кабакова М.П. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МЕЖЛИЧНОСТНЫХ ОТНОШЕНИЙ В ПАРАХ, СОСТОЯЩИХ В ЗАРЕГИСТРИРОВАННОМ И НЕЗАРЕГИСТРИРОВАННОМ БРАКЕ	160
Арганчиева Д.Б., Қудайбергенова С.К. ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ ОБЗОР ИССЛЕДОВАНИЙ ВЗАИМОСВЯЗИ МОТИВАЦИИ И ЛИЧНОСТНЫХ ХАРАКТЕРИСТИК ЮНЫХ СПОРТСМЕНОВ	163
Лиясова А.А. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ДАМУЫ	166
Серикхан А., Рысбекова Ж.К. АКТУАЛЬНОСТЬ ИЗУЧЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ УДОВЛЕТВОРЕННОСТИ ЖИЗНЬЮ	169
Болтаева А.М., Бердалыева А.С. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕР ТҮЛҒАСЫНЫҢ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУЫ	171
Мамбеталиев С.А., Мадалиева З.Б. ПСИХОСОМАТИКА: ЖАН МЕН ТӘННІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ	174
Тленчиева Н.С., Муқушева К.М. ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕЛУ ДЕҢГЕЙЛЕРІН ЗЕРТТЕУ	176
Бейсенбаева А.К. ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ ВЫГОРАНИЕ ПЕДАГОГА	180
Төлешова Ұ.Б., Сандықбаева Ө.Д., Үсенбекова А.Е. ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ РЕФЛЕКЦИЯСЫН ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ	183
Әлқожаева Н.С., Сугурбаев М.С. БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ	186
Казалканова Г.Б. ИНТЕРНЕТ-АДДИКЦИЯҒА БЕЙІМДЕЛГЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ	190
Шағырбаева М.Д., Мұқтар Т.Т. ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ КОУЧИНГ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	193

Құдайбергенова Ә.М., Ермаханова Ж.Т. КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ЖАС АНАЛАРДЫ ӨЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ҚОЛДАУ	196
Толешова У.Б., Әбдіқадырқызы Ж. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕ ЕРЕКШЕ ҚАЗЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА АРТ-ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	198
Әрінова Б.А., Кабдолдина И.М. Ш.А. АМОНАШВИЛИ - МАХАББАТ ПЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ БЕТ-БЕЙНЕСІ ..	201
Шағырбаева М.Д., Темірова Г.А. ГЕНДЕРЛІК ӨЛЕУМЕТТЕНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ БАРЫСЫНДАҒЫ ОТБАСЫ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ РӨЛІ	205
Омарова Г.А., Сибилова Е.Ю. ВОСПРИЯТИЕ ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ЦЕННОСТИ «НЕНАСИЛИЕ» СОВРЕМЕННЫМИ ПОДРОСТКАМИ	209
Мурзагулова М.Д., Алмат А. Е.Б. ДАЙРАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ	211
Молдасан Қ.Ш., Сүлеймен Ұ.Қ. «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	215
Ертарғынқызы Д., Молдағали Н. БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҮДЕРІСІ	218
Жұмашева Н.С., Сардарова Ж.И. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	221
Абдигалиева А.Б., Жақсылық Т.Т. ЗИЯТЫНДА АУЫТҚУЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	225
Абдигалиева А.Б., Чинаилова А.И. ОРГАНИЗАЦИЯ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ В ЛОГОПЕДИЧЕСКОЙ РАБОТЕ С ДЕТЬМИ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ	229
Стыбаева А.Ш., Алдияр Ә. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	233
Аликулова С.А., Бутаева З., Бүркітова Г. СӨЙЛЕУ ТЕРАПИЯСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТІЛДІК МАССАЖ ТЕХНОЛОГИЯСЫ	236
Алимбаева С.К., Түлепберген Д.Т., Түстікбай А.Ж., Усманова Г.Б. МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ҚИЫН БАЛАЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ	239
Боранбаева С.Т., Исатай А.Қ., Жайлау А.А. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТЫ ДАМУ ЖАҒДАЙЛАРЫ	241
Досмаханова Л.Д., Сәбитова А.Х. ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖАҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	246
Досмаханова Л.Д., Нұрдаулетова Г.М. АҚЫЛ-ОЙЫ ДАМУЫНДА КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	248
Жамирова У.Ш., Әліпбекова Г. БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТАРДА КӘСІБИ-ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ	252
Жолдасбекова А.К. КӨШБАСШЫЛЫҚ - ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІНДІК ТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЫ	255
Стыбаева А.Ш., Кабиева Г. ҰЛТТЫҚ ОЙЫН - МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУІН ДАМУ ҚҰРАЛЫ	258
Көшімбетова З.Д., Досанова А.М. АУТИСТІК БҰЗЫЛЫСЫ БАР МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	261
Шевелева Н.И. ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА ПЕДАГОГОВ В СИТУАЦИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ	265

Макашкурова Г.Б., Усенбаева П.Ж. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ МАЗАСЫЗДЫҒЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	268
Махашова П.М., Сатынбек А., Шайжанова Б. ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС АРҚЫЛЫ ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ	271
Оралымбетова Г.У., Бексұлтанова А.Е., Ходжамуратова А.П. ТҮЛҒАНЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ТЕОРИЯЛАРЫ	273
Оралымбетова Г.У., Смағанова Ә.Ф., Нұршабаева У.Б., Қойшан Г.Е. ҚАРТТЫҚ ШАҚТА КЕЗДЕСЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ СИПАТЫ	276
Түлебаева Ш.А., Ормахан Б. ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫ - БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ ҚҰРАЛЫ	279
Сейдалиева Г.Ш., Абилова Ж.Р., Жұматаева А.Ә., Лесбек А. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛА ДАМУЫНДА ОЙЫН ӘРЕКЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	283
Сматова К.Б., Көпжасарова А.Б., Бауыржанқызы Н., Бейсенбек Ұ.Р. ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ	286
Стыбаева А.Ш., Жапарбай Т.Қ., Амангельды А. ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМУМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ	288
Тимербулатова С.Р. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ АДАПТАЦИИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ	292
Әбдеш Н.Б., Есмахай Е.С. СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК САНА-СЕЗІМІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ АРҚЫЛЫ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ	294
Батырбеков М.Н. Мейірқұл А.Р. ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	296
Досмаханова Л.Д., Ермекбаева А.Т. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ АУТИСТІК СПЕКТРІНІҢ БҰЗЫЛУЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМУЫ	300
Досмаханова Л.Д., Советхан М.Б. ПЕДАГОГ-ДЕФЕКТОЛОГТЫҢ ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖҮРГІЗЕТІН ЖҰМЫС ФОРМАЛАРЫ	303
Есбалта Н., Марат А., Нұрышева А. АТА-АНАЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯСЫН БАСҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	306
Батырбеков М.Н., Әлімқұл А. СЕНСОРЛЫҚ ҚАБЫЛДАУ – БАЛАНЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ	309
Әбілқасым Ж.Б., Жапар А., Есіркепбай С.Д. ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМУМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	313
Мадияр А., Рәпілбек Г., Оңласын Қ. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	317
Сматова К.Б., Әбдеш Н.Б., Есмахай Е.С. СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК САНА-СЕЗІМІ МЕН БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ДАМУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	321
Салменова Ғ.Т. СПОРТТАҒЫ СТРЕСС ЖӘНЕ ПСИХИКАЛЫҚ ШИЕЛЕНІС	323
Масатова Н.Б. СПОРТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ МОТИВАЦИЯСЫ	325
Даурамбекова А.А. ОТБАСЫНДАҒЫ ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАНҒАН БАЛА ПРОБЛЕМАСЫ	327
Ингайбекова Т.А. ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ	330
Аринова Н.А. МҰҒАЛІМНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНІҢ «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ОРНЫ	332
Нурканова Р. О., Сыдыкова Г. С. АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРМЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ	335

Есенова К.А., Мұқашова Ж. ОҚУШЫЛАРДЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЖҰМЫСЫ	338
Әлқожаева Н.С., Қойбекова Г.А. АУТИСТ БАЛАЛАРДЫ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ	341
Әрінова Б.А., Тасқын А. ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТТІК МАҢЫЗЫ	344
Әсілбек Н.Ә., Сакен А.А. МУЗЫКАНЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	347
Оңалбеков Е.С., Суннатова А.К. ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫДАН ШЫҚҚАН БАЛАЛАРМЕН ЗАМАНАУИ БАҒЫТТАҒЫ ЖҰМЫСЫ	350
Умирзакова Г.К. БІЛІМ МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЙЫНДАУ САПАСЫ	353

5-СЕКЦИЯ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫНЫҢ 80-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ТАЛАБЫ ТҮРҒЫСЫНАН БІЛІМ САПАСЫ» АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

КРУГЛЫЙ СТОЛ «КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ С ПОЗИЦИИ ТРЕБОВАНИЙ МЕЖДУНАРОДНЫХ И ОТЕЧЕСТВЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ», ПОСВЯЩЕННЫЙ 80-ЛЕТИЮ КАФЕДРЫ ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО МЕНЕДЖМЕНТА КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Мынбаева А.К. ИСТОРИЯ КАФЕДРЫ ПЕДАГОГИКИ В КАЗАХСКОМ НАЦИОНАЛЬНОМ УНИВЕРСИТЕТЕ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ: ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ И ОСОБАЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ СРЕДА	357
Әлқожаева Н.С. ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӘДІСНАМАСЫН ДАМУШЫ ҒАЛЫМ - ШӨРКҮЛ ТАУБАЙҚЫЗЫ	361
Булатбаева А.А. ОБЩЕУНИВЕРСИТЕТСКАЯ МАГИСТРАТУРА КАФЕДРЫ: ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ СПЕЦИАЛИСТА	366
Әлқожаева Н.С., Әбдіжәділ Е.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫ ДАМУШЫ	367
Карабекова А.Ж., Еркебаева Ж.А., Рымханова А.Ж. СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ САПАСЫН ИНТЕРБЕЛСЕНДІЛІК АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ	371
Қожанова А.Н. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	373
Карабекова А.Ж., Жупар А.М., Каналбай Г.А. СУЩНОСТЬ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ	376
Давлетова А.А., Сангилбаев О.С., Куандыкова Б.Ж. ПОДГОТОВКА ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ В СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЯХ	378
Оралымбетова Г.У., Арал Д., Жиембет А. ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	381
Қошімбетова З.Д., Шағатаева Н.Б. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ	383
Аликулова С.А., Қанат А., Дәулет Д. ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУДЫ МЕҢГЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	386
Жолдасбекова А.К. ФОРМИРОВАНИЕ МОТИВАЦИИ САМОПОЗНАНИЯ У ШКОЛЬНИКОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ	389
Бактыбаев Ж.Ш., Сапарова С.С. БҮГІНГІ ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒЫТТАУ	392

Жамирова У., Мырзамбетова Ә. ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ПОТЕНЦИАЛДЫ ДАМУ МОТИВАЦИЯСЫ	394
Сазиндыкова Г. АНАЛИЗ МЕТОДИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ УЧЕБНИКОВ ПО «САМОПОЗНАНИЮ» ДЛЯ 9-10-11-12 КЛАССОВ	397
Бактыбаев Ж.Ш., Қаратаева А.О. ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	401
Мағауова А.С., Махамбетова Ж.Т. ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ К ИНКЛЮЗИВНОЙ ПРАКТИКЕ: ПРОБЛЕМЫ И ОПЫТ	404
Досмаханова Л.Д., Теңізбаева Б.М. АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ДӘСТҮРЛІ ӘДІСТЕРМЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҰШТАСТЫРУ	407
Мукашева А.Б., Аслан Э.А. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ АРНАЙЫ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	410
Сарсенбаева Д.М., Тілеуғабылова А.С. ТҰЛҒАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	416
Тұрдалиева Ш.Т., Есенбек Қ.Д., Көлбай Н. АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУДЕ АРТ ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	419
Әділбекова Ұ., Жамбылбаева Ш., Рәпілбек Ұ. ТҚҚ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОҚЫТУ-ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	423

Ғылыми басылым

**Академик Т.Т. Тәжібаевтың 110 жылдығына арналған
«БІЛІМ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ:
ЖҮЙЕЛІЛІК, САБАҚТАСТЫҚ, ИННОВАЦИЯЛЫЛЫҚ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ**

ИБ № 13579

Басуға 30.04.2020 жылы қол қойылды. Пішімі 60×84 ¹/₈.
Көлемі 36,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 1635.

Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.